

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

АХМЕТОВА ЖАНАТ ҚУАНДЫКОВНА

АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМ ТАРИХЫ

Оқу құралы

Алматы, 2016 ж

УДК

ББК

Ұ

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесі (№4 хаттама, 2015 жыл, желтоқсан) бекіткен.

Пікір жазғандар: Қалыш А.Б – т.ғ.д., профессор.

Берлібаев Е.Т – т.ғ.к., доцент

Ахметова Ж.К.

Алғашқы қоғам тарихы. *Оқу құралы:* -Алматы, ҚазМемҚызПУ, 2016.-160 бет

Оқу құралы тарих ғылымының бір саласы «Алғашқы қоғам тарихы» кезеңін қамтиды. Бұл кезең тарихтың ең алғашқы сатысы. Алғашқы қауымды жер шарын мекендеген барлық халықтар өз дамуының бастау сатысында басынан кешкен. Сондықтан бұл оқу құралында адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шыққан кезеңінен бастап таптың, мемлекеттің пайда болған кезеңіне дейінгі аралықты қамтитын мәселелер қарастырылады.

Әр тақырып жоспар бойынша талданып, соңынан студенттердің білімін бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Оқу құралы 5В011400-Тарих, 5В020300-Тарих мамандықтарының студенттеріне арналып жазылған.

Студенттердің оқу құралында берілген материалдарды игеруін оңайлату үшін глоссарий, білімдерін тексеретін тест сұрақтары мен тапсырмалар енгізілген.

ISBN

УДК

ББК

«Қыздар университеті» баспасы, 2016

КІРІСПЕ

Алғашқы қоғам тарихы - дүниежүзілік тарихтың ажырамас бөлігі. Өйткені ол тарихтың ең алғашқы сатысы және адамзат тарихындағы алғашқы қоғамдық-экономикалық бірлестіктердің әлеуметтік ғылымдағы атауы. Жер шарын мекендеген барлық халықтар өз дамуының бастау сатысында «Алғашқы қауымдық құрылысты» басынан кешкен. Алғашқы қауымда еңбек қатынастары құрал-жабдықтарға, қоғамдық меншікке негізделді. Шаруашылық ұжымды түрде және қарапайым еңбек құралдарының көмегімен жүргізілді. Бұл кезең адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шыққан кезеңінен таптың, мемлекеттің пайда болу кезеңіне дейінгі аралықты қамтиды.

Алғашқы қауым даму кезеңінің *басты мақсаты* - қауымның және әрбір адамның өмір сүруінің негізгі шарты болып табылатын қажетті өнімді өндіру және тұтыну болды. Өндіргіш күштердің нашар дамуы жағдайында бұл мақсатқа жетудің жолы тек ұжымдық, яғни қауым шеңберіндегі жолмен ғана еңбек ету арқылы жүзеге асатын болды. Алғашқы қауымдық қоғам өндірістің материалдық жағдайларының теңдігімен, еңбектің жалпыға бірдей міндеттілігімен, қоғам және қауым мүшелері мүдделерінің бірлігімен және негізгі құрал-жабдықтарға қауымдық меншіктің болуымен сипатталады. Қауым барлық ұжым мүддесіне сәйкес оның мүшелерінің өнімді тұтынуын реттеп отырды. Өнімді қауым мүшелері арасында тең бөлу, теңдестіру бұл қоғамда алғашқы қауымдық адамның барынша қиын өмір сүруінің салдары болды.

Сонымен қатар алғашқы қауымдық қоғамның қалыптасуы тарихы және оның гүлденуі, рулық құрылыстың дамуына, алғашқы қауымдық қоғамның және оның алғашқы шарттарына сипаттама береді. Еңбектің жыныстық, жастық бөліністері, жеке меншіктің пайда болуы және басқару жүйесіндегі өзгерістер, тілдік топтардың құрылуы және алғашқы қауымдық қоғамның мәдениетінің маңызы туралы өзекті мәселелерді білу қарастырылады.

Адамзат өміріндегі көптеген құбылыстар мен оқиғалар сонау көне замандарда қалыптаса бастады. Осы барлығының даму жолын түсіну үшін біз олардың бастауларына көз жүгіртеміз:

1. *Танымдық маңызына:* материалдық мәдениетіне, әлеуметтік нормалары мен идеологиялық түйсініктердің эволюциясын түсіну үшін оның шығу көзіне (бастауына) мән беруіміз қажет;

2. *Дүние танымдық маңызына:* Мысалы, Жер қалай пайда болды?, Табиғи органикалық эволюцияның нәтижесі ме, әлде құдай жаратты ма?, Адам қалай пайда болды?, Нәсіл қалай пайда болды және не себептен нәсілдік жікшілдік орын алды?, Тобыр болып өмір сүру адамзаттың қалыптасуына бастау бола алды ма?, Жеке меншік қалай пайда болды және ол мәңгілік қажеттіліктен туындаған ба? деген сұрақтарға жауап іздейді;

3. *Тәжірибелік маңызына:* Қазіргі таңда Азия, Африка, Латын Америкасы және Мұхит елдерінің кей халықтары қазіргі уақытқа дейін алғашқы қауымдық құрылыста өмір кешуде. Олардың экономикалық және мәдени дамуын бағалау сияқты маңызды мәселелер қарастырылуы қажет.

Жоғары оқу орындары студенттеріне алғашқы қоғам тарихын оқытудың маңызы ерекше. Өйткені дүниежүзілік тарихи білім жүйесіне қосылу бұл пәндегі жекелеген мәселелерді қайта қарауды және оны кеңестік дәуірдегіден гөрі кеңірек талдап, түсіндіруді талап етеді. Мәселен, адамның пайда болуы, антропогенездің еңбек теориясы, ұжым-адамзат прогресінің негізгі шарты, еңбек құралдарын жасаудың, еңбек студің тарихты өзгертушілік рөлі, әскери демократия, діннің шығуы т.б.

Ғалымдардың біржақты баяндалып, түсіндірілуі бүгінгі таңдағы қоғамдық санада кереғар пікірлерді дүниеге келтіруі заңды. Сонымен қатар алғашқы қоғам тарихы адамзат тарихының барлық басқа кезеңдерін тұтастай біріктіре қарастырғандықтан да жүздеген есе көп уақыт аралығын алып жатыр. Бұл дәуір қызықты да, күрделі оқиғаларға толы.

Олардың ішінде жаңа көзқарастарды ғана емес, жаңа зерттеулерді, айқындауларды да талап ететіндері баршылық.

Алғашқы қауымдық қоғам тарихын оқытудың біздің еліміздегі маңызын арттыра түсетін тағы бір жағдай, ол Қазақстан мемлекетінің негізін құраушы, басты тірегі – қазақ халқы тарихының ру-тайпалық құрылысты ұзақ сақтап келуі және оның сарқыншақтарының әлі де орын алуы. Қазіргі кезеңде осы хронологиялық кезеңмен айналысып жүрген көрнекті ғалымдарымыз еліміздегі алғашқы қауымдық қоғам тарихы мәселелеріндегі пікір-таластарды білу үшін, осы ғылыммен қоса әдебиет, жағрафия, өнермен байланыстыру әдістерін қолдануда. Сол сияқты гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары мен де байланысады. Оларға: археология (материалдық қалдықтар, т.б.), этнология, антропология, морфология, физиология, геология, археозоология, ботаника, археоботаника, физика, химия, лингвистика, информатика жатады.

Сонымен қатар алғашқы қоғам тарихының дамуының ерекшеліктері мен өзіне тән белгілеріне терең ой жүгірту мен салыстыра талдау жасау арқылы оқып-үйрену жалпы тарих мәселелерін кеңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сол себепті де орта білім беру жүйесінде алғашқы қауымдық қоғам тарихына жеткілікті дәрежеде орын берілгенін құптай отырып, оны жоғары оқу орындарында барынша ескеру қажет. Орта мектептерге арналған жаңа буын оқулықтарының бұған дейінгі оқулықтардан ерекшелігі «Алғашқы қоғам тарихын» арнайы қарастырылуында. Бүгінгі студенттердің көпшілігі ертеңгі орта мектеп мұғалімдері болғандықтан, алғашқы қоғам тарихын оқытудың міндеті зор. Өйткені бұл кезең тарих ғылымының ажырамас бөлігі, барлық салалардың бастамасы.

I ТАРАУ. Алғашқы Алғашқы қауымдық қоғам тарихының ғылым ретінде зерттелуі

§ 1. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының кезеңдері мен мәні

- 1. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының мақсаты мен міндеттері*
- 2. Алғашқы қоғам тарихының шежіресі мен дәуірленуі*

Алғашқы қауымдық қоғам тарихының мақсаты мен міндеттері: Дүниенің жаратылуынан бастап қарасақ, жер планетасы шамамен 4,5-5 млрд. жылдай өмір сүруде екен. Ал оның бетінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі шамамен 2 млрд. жылға жуық тіршілік құруда. Адамзат баласы болса, жануарлар дүниесінен бұдан 2,6 млн. тіпті 2,5 млн. жыл бұрын бөлініп шықты деген пікірлер бар. Кей тарихшылар «до история», «пред история» яғни, «тарихтың алды» деген пікір білдірсе, ал енді бір кеңестік тарихшылар «первобытная история» деген тұжырымдар айтты. Тарихшылардың негізгі бөлігі алғашқы қауымдық құрылыс тарихының қай кезеңін алып қараса да алғашқы болып табылатындықтан осы атауды дұрыс деп тапты.

Адамзат тарихында бірін-бірі алмастырып отыратын бес қоғамдық-экономикалық формациялар бар. Олар: алғашқы қауымдық қоғам, құл және құл иеленушілік қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік және коммунистік қоғамдар. Осы формациялардың ең бірінші қоғамы туралы ілімді біз «Алғашқы қоғам тарихы» пәні арқылы біле аламыз. «Алғашқы қоғам тарихы» пәні жер бетінде адамның пайда болуынан таптық қоғамдар мен мемлекеттердің тууына дейінгі бүкіл орасан үлкен уақыт кезеңін қамтиды. Сонымен қатар алғашқы қоғам тарихы адамның шығуымен қатар, оның шаруашылық және қоғамдық қызметінің тууы мен бастапқы дамуын, оның рухани және материалдық мәдениетінің пайда болуы мен алғашқы қадамдарын зерттейді. Алғашқы қоғам тарихы пәнінің міндеті: алғашқы тұрмыстық қауым құрылысының негізгі ерекшеліктерін анықтап табу, оның қалыптасуының, дамуы мен ыдырауының жалпы заңдылықтарын ашып көрсет, оның таптық

қоғамға айналу жағдайлары мен формаларын зерттеу болып табылады.

Алғашқы тұрмыстық қауым құрылысында өндіргіш күштер дамуы өте төмен дәрежеде жүрді. Өйткені оның бүкіл дамуы бойында қарулармен еңбек құралдарын жасау үшін басты материал болып тас қала берді. Сондай-ақ алғашқы қоғам адамдарының еңбек дағдылары мен өдірістік тәжірибелері де мейілінше жетілдірілмеген еді. Техникалық жағынан нашар жабдықталған, өзінің жеке басының күшін нашар білетін алғашқы қауым адамы табиғат алдында бір өзі қорғаныссыз болды. Осыдан келіп алғашқы тұрмыс адамдары тіршілік ету жолында бірігіп күресуі үшін ұжымдық еңбек құралдарына және өнімдеріне ұжымдық меншіктіліктің бірігуі қажеттілігі туды.

Алғашқы қоғам тарихының шежіресі мен дәуірленуі: Алғашқы қоғам тарихын дәуірлеу күрделі де әлі де болса ақыр аяғына дейін шешілмеген ғылыми мәселе болып табылады. Еңбек құралдарын жасап шығарудың материалы мен техникасының айырымдарына негізделген археологиялық дәуірлеу кеңінен таралған. Бұл адамзат тарихын үш ғасырға: тас, қола және темір ғасырына бөлу. Тас ғасыры көне тас ғасырына немесе палеолитке, жаңа тас ғасыры немесе неолитке және палеолит пен неолит арасында ауыспалы дәуір – мезолитке бөлінеді. Палеолит ерте (төменгі, көне) палеолитке (бұдан 1000-40 мың жыл бұрын) және кейінгі (жоғарғы) палеолитке (бұдан 40-12 мың жыл бұрын) бөлінеді. Ерте палеолит археологиялық дәуірлерге немесе мәдениеттерге: шелль, ашелль және мустьер дәуірлеріне бөлінеді. Кейде мустьер дәуірін (бұдан 140-40 мың жыл бұрын) ерекше кезеңге: орта палеолитке бөледі. Кейінгі палеолитті, әдетте дәуірлерге, замандарға: ориньяк, солютрей және мадлен дәуірлері деп бөледі. Алайда бұл дәуірлер тек мұздақталған Еуропада ғана қадағаланған да жалпы ортақ маңызға ие бола алмайды. Мезолит шамамен б.э.д. 12-5 мың жылдықтар деп шамаланады. Сонымен қатар мыстан алғашқы қару пайда болған неолит дәуірінің ақырын энеолит немесе халколит деп те атайды. Қола ғасырының шамамен шежірелік

шама-шарқы - б.э.д. III мың жылдықтың ақыры – I мың жылдықтың басында темір ғасыры келіп жетеді.

Археологиялық дәуірлеудің алғашқы тұрмыс кезеңінің өндіргіш күштерін зерттеу үшін маңызы зор. Алғашқы тұрмыстық шаруашылық дамуының комплексті сипаттамасына негізделген неғұрлым жетілдірілген дәуірлеуді 1870-шы жылы көрнекті америкалық этнографы Люис Генри Морган жасады. Ол алғашқы тұрмыстық тарихты үш сатыға тарата отырып, шаруашылық пен материалдық мәдениет дамуының белгілі бір белгілерімен сипатталатын варварлық және тағылық дәуірлерге бөлді. Морган бойынша тағылық дәуірді – иемденуші жинап-терушілік және аң-балық аулау шаруашылығының уақыты; оның төменгі сатысы ең көне адамның пайда болуынан, ортаңғысы – балық шаруашылығы туып, отты қолданудан, жоғарғысы садақ пен жебені ойлап тапқан кезден басталады. Варварлық заманы – егіншілік-мал шаруашылығы өндіретін уақыт, оның төменгі сатысы қыш ісін ойлап табудан, ортаңғысы мал шаруашылығы мен суармалы егіншілік ісін жүргізуден, жоғарғысы – темірдің пайда болуынан басталады.

Алғашқы тұрмыс тарихы дамуының бірінші кезеңі деп, көбінесе алғашқы тұрмыс адамдар табының дәуірін атайды. Бұл еңбектің жасанды қаруларының пайда болуымен, демек, алғашқы, әзірге әлі де болса, нашар біріккен өндіріс коллективтерін құраған ең көне адамдардың шығуымен ашылады. Алғашқы тұрмыс тарихының екінші кезеңі де алғашқы тұрмыстық рулық қауым дәуірін немесе рулық құрылыс дәуірін атайды. Бұл дәуір ең алдымен өндіріс қарулары үшін арнаулы тас қаруларды кеңінен қолданумен және өз соңынан әлеуметтік ұйымның алғашқы берік формасы – рулық қауымның тууымен байланысты. Алғашқы тұрмыс тарихының үшінші кезеңі – формацияның ыдырау дәуірі ең алдымен тас орнына металдың пайда болуымен байланысты өндіргіш күштердің дамуында алға жаңа ірі қадам басуымен көрінеді. Бұл кезеңде шаруашылық қызметінің барлық салаларының тез дамуы, артық өнімнің пайда болуы, қоры бар байлық үшін тонаушылық соғыстар кеңінен таралады. Рулық

қауым семьялық қауымдарға бөлініп кетеді. Алғашқы тұрмыстық қоғам шеңберінде жеке меншіктік таптар мен мемлекет пісіліп жетіледі.

Алғашқы тұрмыстық-қауымдық формацияның ыдырау дәуірі кеңес ғылымында жалпы қабылданған атқа ие болған жоқ. Оның түрлі өзіне тән белгілеріне сүйене отырып, бір тарихшылар (С.П.Толстов, М.Г.Косвен) мұны соғыс демократия дәуірі, екіншілері (А.И.Першиц, Ю.В.Кнышенко) – алғашқы тұрмыстың іргелес қауым дәуірі деп атайды. Археологиялық жағынан бұл дәуірге энеолит, қола, немесе ерте темір дәуірі, Морган дәуірлеуінде варварлықтың жоғарғы сатысы сай келеді.

Алғашқы қауымдық қоғам тарихының бұл дәуірленуі кеңестік ғылымда ең көп таралды, бірақ жалпылай қабылданған емес. Мәселен, П.П.Ефименко алғашқы тұрмыстық табын заманын орта палеолиттік алғашқы тұрмыстық қауым және рулық қауым деп ажыратады. Ю.И.Семенов алғашқы тұрмыс тарихын алғашқы тұрмыстық адам қоғамының таптық қоғамға айналуы деп түсіндіреді, бірақ жартылай биологиялық, жартылай элеуметтік адам табыны әлі де болса алғашқы тұрмыстық қауым формациясынан тыс жатқан еді деп санайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының тарихи маңыздылығы неде?*
- 2. Алғашқы қоғам тарихының хронологиялық шеңбері қандай?*
- 3. Алғашқы қауымдық қоғам тарихы мәселелеріндегі пікір-таластар және оның зерттелуі.*
- 4. Алғашқы қауымдық қоғамның ғылым ретінде қалыптасуы.*

§ 2. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының тарихнамасы

- 1. Ежелгі замандағы және орта ғасырлардағы алғашқы тұрмыс туралы ұғымдар*
- 2. Этнографиялық білімдердің қорланып жиналуы*

Ежелгі замандағы және орта ғасырлардағы алғашқы тұрмыс туралы ұғымдар: Алғашқы тұрмыстық қоғамның тарихы-тарихи ғылымның бір шама жас саласы. Ол ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда болып, шамамен тек жүз елу жылдан астам уақыттан бері ғана өмір сүріп келеді. Алайда, бұл бұрын адамдар адамзат тарихының бастапқы кезі туралы ұғымды көз алдына келтіруге әрекет жасамады деген сөз емес. Өзінің өткен шағына деген ынта қою адамдарда өз дамуының өте ерте кезеңдерінде-ақ туған. Қалай болған күнде де этнографтар зерттеген ең артта қалған халықтар да өздерінің алыстағы өткен шағы туралы, ата-бабаларының іс-әрекеттері мен ерліктері туралы, рулар мен тайпалардың шығуы жайында ауызекі әңгіме-аңыздар табылған (генеалогиялық аңыздар).

Таптық қоғамның пайда болуымен адамдардың ең көне жағдайлары туралы алғашқы тұрмыстық аңыздар пайда болды. Мысалы, «өмірлері жартылай аң тәрізді өтті» немесе «алтын ғасыр», «адамдар еңбексіз және қамқорсыз өмір сүрген», «жауынгерлік пен соғыс дегендерді білмеген» және т.б. ұғымдар мифтерге айналды. Рас, мифологиядан түпкілікті қол үзбеген алғашқы тұрмыстық ғылыми тарихтың өркендері, тарихи деректерді жүйелі баяндауды жалпы біз тұңғыш кездестіретін, антик гректер мен римдіктерде бой көрсетеді. Антик тарихшылар үшін цивилизацияланған дүние Жерорта теңізімен шектелді, ал оның шегінен тыс жерде олар «варварлар» деп аталған халықтар мекендеген орасан үлкен кеңістік жатты. Бұл халықтардың көпшілігінде қоғамның алғашқы тұрмыстық құрылысы сақталды.

Варварлық дүние антик авторларға онша мәлім емес еді, саяхатшылар олардың арасында сирек болып, әрі бұлардың қысқа мерзімді де үстірт бақылауларында асырып айтулар мен қиялдаулар аз болған жоқ. Дегенмен де, нақ антик заманда алғашқы тұрмыс туралы ұғым жүйесі жасалынып, алғашқы тұрмыс халықтарының әуелгі сипаттамалары пайда болды. Мәселен, Геродот (б.э.д. 484-425 жж.) еңбектерінде скифтер, пигмейлер және көптеген басқа да тайпалар мен халықтар туралы жазып кетсе, Ксенофонт (б.э.д. шамамен 444-356 жж.)

еңбектерінде Кіші Азия халықтары туралы құнды деректер қалдырды, Страбон (б.э.д. 63 жыл шамасы мен б.э. 23 жылы) Европа мен Азия халықтары жайлы, Цезарь (б.э.д.100-44 жылдар) мен Тацит (б.э. 55-120 жж. шамасы) еңбектерінде германдықтар мен т.б. халықтар жайлы көптеген құнды деректер қалдырған. Геродот пен Страбон кейбір варвар халықтарда коллективтік меншік бар екендігін байқаған. Сонымен қатар Геродот ликийліктер ана жағынан үрім-бұтағын тарататындығын, бұларда әйелдер өзіне күйеу таңдап алатындығын, сармат әйелдері жауынгер екендігін және күйеуге жауды өлтіргеннен кейін ғана барып шығатындығын жазады.

Жиынтығына кейін матриархат деп ат тағылған осы әдет-ғұрыптарды және алғашқы тұрмыс туралы пайымдауға мүмкіндік беретін фактілерді сипаттап жазу, қалайда антик тарихшыларды тұрпайы халықтар туралы мәліметтердің көмегімен гректер мен римдіктердің өздерінің тарихқа дейінгі өткен шағын анықтау мүмкіндігі туралы қорытындыға әкелмеді. Ұзақ уақыт бойы бұл бақылаулар күлкілі оқиғаларды тіркеу ғана болып қала берді.

Дегенмен антик философтарының болжамдары дерексіз сипатта болып, кейде тамаша болжаулар айтқанымен, алғашқы тұрмыстың жалпы көрінісін көз алдыға келтіруге тырысты. Мәселен, ежелгі дәуірдің ұлы материалисі Демокрит (б.э.д. 470-380 жж.) жер бетіндегі алғашқы адамдар «жайылымға шығып және көшіп жүріп, олар жердің аса мол табиғи азықтарын және кездейсоқ ағаш жемістерін қорек етіп, тағылық және аңша өмір сүрді» деп есептеді. Өздеріне тамақ табу, жауын-шашын мен аңдардан тасалану қажеттігі адамдарды табиғатпен күресудің тәсілдерін іздеуге мәжбүр етті. Демокриттің жолын қуушы көне римдік философ және ақын Лукреций Кар (б.э.д. 99-55 жылдар шамасы) «Заттар табиғаты туралы» поэмасында тағылық күйден отты, киім-кешекті, баспананы т.с. ойлап тапқанға дейінгі ең көне адамзат дамуының көрінісін суреттеп жазды. Ол сол заманда пайда болған адамдарды құдай жаратты деп, жер бетіндегі адамдардың өмірі осыдан басталады дей келе, жоқшылық қуған адамдар аса маңызды өнер ойлап тапты деген

тұжырымдар айтып кетті. Сонымен қатар ол еңбек құралдары даярланып шығарылған материал бойынша алғашқы тұрмыстық қоғамды үш кезеңге (ғасырға): тас, мыс (қола) және темір ғасырына бөлуді ұсынды. Осы болжаумен ол он тоғыз ғасыр бұрын осы заманғы археологияның ең маңызды қағидаларын болжап білді.

Осы ғасырларда шіркеу мен схоластика ғылымды жаншып басып келді. Осы кезде ежелгі заманға қарағаннан гөрі адамдардың өткен шағы туралы және беймәлім елдердің халықтары жайында, барып тұрған қисынсыз ойдан шығарылған қауесеттер таратылды. Орта ғасырдағы географтар мен шежірешілер ит басты адамдар (киноцефалдар) туралы немесе көрпе сияқты өзінің орасан үлкен құлақтарына оранған фанезийліктер жайындағы аңыздарды шын деп білді. Адамзаттың шығуы және оның әуел бастапқы тарихи мәселелеріне келетін болсақ, бұл жөнінде бәрі де библия аңыздарында айтылып қойылған деп саналды.

Бірақ осы қиын жағдайлардың өзінде де жер және оны мекендеген халықтар жайындағы білім молайып кеңейе түсті. Осы білімдер кейініректе алғашқы тұрмыс тарихын зерттеудің көзі де болды. Араб географтары Шығыс Европа мен Азия халықтарының сипаттамасын құрастырды. XIII ғасырдағы орта Азия халықтары туралы тамаша деректер қытай географы Чан-Чуньннің сапар жазбаларында сақталған. Сауда байланыстарын орнату үшін, Шығысқа аттанған саяхатшылар (Плано Карпини, Рубрук, Марко Поло және басқалар) европалықтардың Шығыс халықтарымен таныстығын кеңейте түсті. Шығыс елдеріне ұзақ сапар шеккен (1466-1472 жж.), үш жыл Үндістанда тұрған және оның халықтарының тұрмысын сипаттап жазған тверь көпесі Афанасий Никитиннің «Үш теңіздің ар жағына сапарын» да атап көрсеткен жөн.

Этнографиялық білімдердің қорланып жиналуы:
Еуропада этнографиялық білімдердің қорланып жиналуындағы нағыз төңкеріс XV ғасырдың аяғында, ұлы географиялық жаңалықтар ашылған кездерден басталады. Христофор Колумб Америка жағалауларына (1492 ж.) жетті. 1497 жылы Васко да

Гама Еуропадан Үндістанға баратын теңіз жолын тапты. 1519-1521 жылдары Фернан Магеллан дүние жүзін аралап саяхат жасады. Осылардан кейін бірен-саран Еуропаға ондаған және жүздеген артта қалған халықтар туралы толып жатқан сан алуан мәліметтерді әкелген көпестер мен жаулап алушылар тасқыны теңіз сыртындағы елдерге лап қойды. Христиан миссионерлері көптеген бағалы этнографиялық байқаулар жасады.

Жаңа Дүние халықтарын сипаттап жазу алғашқы тұрмыс өмірінің айқын бейнесін ашты, бұл бүкіл адамзаттың алғашқы тұрмыстық өткен шағы туралы пікірге итермеледі. Француз миссионері Жозеф Франсуа Лафито (1670-1740 жж.) Америка жергілікті халықтарының этнографиялық мағлұматтарына қарап осы пікірді дәлелдеуге тырысқандардың бірі болды. Ол ирокездер мен гурондардың тұрмысын ұзақ уақыт бойы тікелей бақылады. «Алғашқы тұрмыс заманының әдет-ғұрыптарымен салыстырғандағы америкадағы адамдарының әдет-ғұрыптары» (1724 ж.) деген кітабында үндістердің өмірі туралы көптеген бағалы деректерді келтірген. Сондай-ақ бұл еңбек ғылымда алғашқы тұрмыстық қоғам туралы үлкен роль атқарып, онда зерттеудің жаңа, салыстырмалы әдістерін қолданғандықтан зор маңызға ие болды. Лафито, ирокездер мен гурондардың қоғамдық құрылысына көне халықтардың қоғамдық құрылыстары ұқсас болғандықтан көптеген дүниелерді оңай ұғып, түсіндіруге мүмкіндік береді, деген пікір айтты.

Ғылымда XVIII ғасырдың аяғына қарай алғашқы тұрмыстық халықтармен таныстық барған сайын үсті-үстіне кеңейе түсіп, жаңа жерлерді ашу көбейе берді. Кейбір саяхатшылар (Жан Франсуа де Лаперуз, Пьер Луи Мопертюи, Луи Антуан де Бугенвиль және басқалар) өздерінің ашқандары жәйлі тамаша сипаттамаларын қалдырды. Джеймс Куктың (1728-1779 жж.) әйгілі жорықтары (соңғысы 1776-1779 жылдарға қатысты) еуропалықтар үшін Океания халықтарын ашты.

XVIII ғасырдың басталуымен этнография орбитасына Шығыс Еуропалық және Азиялық Солтүстіктің байтақ саласы енеді. Мұны зерттеуде орыс ғалымдары аса маңызды роль

атқарды. 1715 жылы Ресейде тұңғыш рет «Остяц халқы туралы қысқаша сипаттама» деген Григорий Новицкийдің ғылыми этнографиялық еңбегі жарыққа шықты.

Этнографиялық материал жинау мақсатында 1733-1743 жж. Ресей ғылым Академиясы жабдықтаған Ұлы Солтүстік немесе Бірінші Академиялық экспедиция құрылды. Бұл экспедицияға қатынасқан Г.Ф.Миллер (1705-1783 жж.) мен И.Г. Гмелин (1709-1755 жж.) Сібір халықтары туралы толып жатқан жаңа мәліметтер берді. Осы экспедиция отрядтарының біріне қатысып, Камчатканы зерттеуге өз үлесін қосқан С.П.Крашенинниковтың (1713-1755 жж.) «Камчатка жерінің сипаттамасы» деген еңбегіне ерекше назар аударуға болады. Бұл еңбегінде ол, әлі металл дегенді мүлде дерлік білмейтін рулық құрылыста өмір сүретін ительмендер (камчаттықтар) туралы құнды материалдар береді. Камчатканы зерттеп шыққан осы отрядқа екінші бір қатысушы Г.В.Стеллердің (1709-1746 жж.) еңбегінде де көптеген қызықты байқаулар бар.

Екінші Академиялық экспедиция (1768-1774 жж.) Сібір халықтары туралы бірқатар бағалы мәліметтер жинады. Оған қатынасқандар П.С.Паллас (1741-1811жж.), И.Г.Георги (1729-1802 жж.), В.Ф.Зуев (1754-1784 жж.) тунгустардың (эвенктердің), хантылардың, ненцілердің және басқа да халықтардың тұрмысын әдет-ғұрпын, дінін, фольклорын толық сипаттап жазып берді, олардың рулық қатынастарының кейбір жақтарын атап көрсетті. Сол сияқты И.И.Лепехин (1740-1802 жж.) Повольже, Урал және Ресейдің солтүстік Еуропалық бөлігі халықтарының этнографиясы жөнінде материал жинады.

Кейініректе орыс саяхатшылары мен зерттеушілері жаңа және бертінгі жаңа дүниенің артта қалған халықтарын зерттеуге елеулі үлес қосты. Америкадағы ағылшын отарларымен тұрақты байланыс орнату үшін, ХІХ ғасырдың басында қолға алынған дүние жүзілік орыс саяхатына қатысушылар (И.Ф.Крузенштерн мен Ю.Ф.Лисянский, О.Е.Коцебу, Ф.П.Литке, А.П.Лазерев және басқалар), Океания және Солтүстік Американың батыс жағалауындағы көптеген халықтарды сипаттап жазды. Ресей-Американ компаниясының қызметкері, эскимос және үндістер

тайпаларында болған Л.Я.Загоскин, олардың әдет-ғұрыптарына «Америкадағы орыс иеліктері бөлігінде жаяу жүріп жазылған сипаттамасы» деген кітабын арнады (1847 ж.) және материалдық мәдениет заттарының құнды коллекцияларын жинады. Миссионер И.Б.Вениаминов өзінің «Уналашкинск бөлімінің аралдары туралы жазбаларында» (1840 ж.) және басқа шығармаларында алеуттер мен тлинкиттердің әдет-ғұрыптарын егжей-тегжейлі сипаттап жазды. Тамаша ғалым-гуманист Н.Н.Миклухо-Маклай (1846-1888 жж.) ұзақ уақыт бойы Жаңа Гвинея папуастарының арасында тұрып орасан зор ғылыми құнды материалдар жинады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Алғашқы тұрмыстық қоғам жайлы антик ғалымдарының тұжырымдары*
- 2. Ұлы географиялық жаңалықтар ашу кезеңіндегі саяхатшылардың ғылыми бағыттары мен еңбектері*
- 3. Этнографиялық материал жинау мақсатында құрылған экспедициялардың тарихи маңызы*
- 4. Орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің жаңа және бертінгі жаңа дүниенің артта қалған халықтарын зерттеулеріне қосқан үлестері*

§ 3. Алғашқы тұрмыс тарихы ғылымының зерттелуі

- 1. Алғашқы қоғам тарихының ХУІІІ-ХІХ ғғ. зерттелуі*
- 2. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырлардағы алғашқы тұрмыс тарихының дамуы*
- 3. Алғашқы тұрмыс тарихы ғылымына берілген маңыз*

1. Алғашқы қоғам тарихының ХУІІІ-ХІХ ғғ. зерттелуі мен дамуы: Ұлы географиялық жаңалықтар, ашылулар дәуірінде және кейінгі ғасырларда жинақталған этнографиялық материалдар алғашқы тұрмыс қоғамының қалыптасуының түрлі теорияларының тууына жол ашты. ХУІІІ- ғасырдың өзінде

шотланд философы Адам Фергюсон (1723-1816 жж.) өзінің «Азаматтық қоғам тарихының очеркінде» (1767 ж.) белгілі дәрежеде этнографиялық материалдар құрып, адам мәдениеті дамуының жалпы концепциясын жасауға тырысты. Ол тарихты үш дәуірге: тағылық, варварлық және цивилизация дәуіріне бөлді.

Осындай көзқарастарды адамзат үш сатыдан: балалық, яғни тағылық күйден, жастық, яғни варварлық күйден және кәмелеттік, яғни «мәдени», «игі ниетті» күйден өтті деген қағиданы ұсынған неміс ғалымдары Иоганн Форстер (1729-1798 жж.) мен оның ұлы Георг (1754-1794 жж.) дамытты. Форстерлер барлық өздері зерттеген тайпалар мен халықтарды өздері белгілеген схеманың сатылары бойынша орналастырып, осы арқылы артта қалған тайпалар мен халықтарды тарихи дамудың жалпы тізбегіне енгізді.

Адамзаттың ең көне өткен шағының нақтылы фактілерін алғашқы тұрмыс археологиясының дамуы берді. XIX ғасырға қарай Европаның музейлерінде қазу кезінде табылған еңбек құралдары мен алғашқы тұрмыс адамдарының үй-мүлік заттарының көп коллекциясы жиналған болатын. Олар тарихи зерттеулердің объектісіне айналуы үшін бұларды классификациялау керек болды. Мұны алғашқылардың бірі болып, дат археологы К.Ю.Томсен (1778-1865 жж.) жасауға тырысты. XIX ғасырдың 30-ншы жылдарында басылып шыққан еңбектерде, ол алғашқы тұрмыс ескерткіштері жинағын, олардан жасалған материал бойынша үш топқа: тас ғасыры, қола және темір ғасыры тобына бөлді. Кең көлемдегі археологиялық материал негізінде Томсен сонау Лукреций Кар заманынан бері жасап келе жатқан үш ғасыр теориясының дұрыстығын ғылыми жағынан дәлелдеді. Ол ешқандай шежірелік уақыттарды белгілемеді, қарулар өндірісінде дамудың түрлі сатыларының дәйекті алмасуын ғана көрсетті. Екінші бір дат археологы И.Я.Ворсо (1821-1885 жж.). Ол қола ғасырындағы кісілерді жерлеу салтына қарай бірінен-бірі ажыратылатындығына, мұнда мәйіттермен бірге салынған заттар тиісінше әр түрлі екендігіне көңіл аударды. Сонымен ол

жерлеу салтына қарай жерленген жерде табылған заттардың біршама шежіресін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу тәсілін ашты.

Классификация системасын жасау тарихи концепцияларды құру мүмкіндігін берді, сонымен көп кешікпей мұндай концепция да пайда болды. Швед ғалымы Свен Нильсон 1838-1843 жылдары Томсен мен Ворсоның үш ғасырлық технологиялық системасына сүйеніп, салыстыру әдісін пайдалана отырып, археологиялық және этнографиялық деректерді, өзінің мәдени-тарихи дәуірге бөлуін ұсынды. Нильсон адамзат дамуының төрт стадиясын: тағылық стадиясын, номадизм (көшпелі мал шаруашылығы) стадиясын, егіншілік стадиясы мен цивилизация стадиясын ажыратты.

Адамның шығу тегі мәселесіне ынта қою жоғарыда айтып кеткендей, сонау антик заманында туды, бірақ бұлар орта ғасырда да қайта өрлеу заманында да таза ой тұрғысынан шешілді. XVII-XVIII ғасырларда адам тәрізді маймылдар мен адамның ішкі органдарының құрылысын салыстыруға арналған бірнеше салыстырма-анатомиялық еңбектер пайда болды, бірақ бұл еңбектер антропогенез туралы ұғымның тұжырымдалуына жалпы сезінерліктей ықпал жасамады. Адамның шығуы проблемасы XIX ғасырда ғана, органикалық эволюцияның заңдылықтары туралы Чарльз Дарвиннің (1809-1882 жж.) тамаша еңбектері жарық көргеннен кейін ғана іс жүзіндегі және теориялық берік негізге қойылды. «Табиғи сұрыптау жолымен түрлердің шығуы» деген (1859 ж.) өзінің негізгі еңбегінде Дарвин адам эволюциясының мәселелерін арнайы қарастырмады. Бірақ табиғи сұрыпталу ықпалымен өзгеріп отыратын орта жағдайларына бейімделу процесінде органикалық дүниенің заңды да прогрессивті дамуының өзі жасаған сындарлы теориясы мұның да тууы XIX ғасырдың орта шеніне қатысты антропология саласындағы зерттеуге орасан зор ықпал етпей қала алмады.

1863 жылы Дарвиннің ең жақын достары мен жолын қуушылардың бірі Томас Гексли (1825-1895 жж.) «Табиғаттағы адамның орны» деген кітабын шығарды. Мұнда эволюциялық

теория тұрғысынан алып салыстырмалы анатомиялық фактілерді мұқият қарастыру негізінде адамның адам тәрізді маймылдармен ең жақын туыстығы туралы, әрі адамның төменгі формадан шыққандығы жайында тезис жарияланды.

1871 жылы Дарвиннің «Адамның шығуы және жыныстық сұрыпталу» деген еңбегі шықты. Мұнда Дарвин салыстырмалы анатомияның, зоогеографияның, алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының іс жүзіндегі деректерін өте кеңінен пайдалана отырып, негіздеп, біріншіден адамның хайуаннан шыққандығын, мұны Т.Гексли жасағаннан гөрі анағұрлым көп, егжей-тегжейлі негіздеп берді. Екіншіден осы заманғы адам тәрізді маймылдар эволюцияның бүйір бұтақтары екендігін және адам өзінің шығуын қайсыбір өліп құрып кеткен неғұрлым бейтарап формалардан бастайтынын көрсетті. Бұл кітап жарыққа шыққан тегі туралы материалистік қағида антропогенез теориясының негізгі арқауына айналды. Бірақ ғылымға орасан үлкен жаңа материал енгізіп, әрі өз еңбегінің негізгі қағидасын дәлелдеу үшін оны шеберлікпен жинақтай отырып, Дарвин адамға эволюциясының басты қозғаушы күші ретінде жыныстық жағынан сұрыпталуды атады. Жыныстық сұрыптау гипотезасы бүкіл эволюция бойында адамның өзгеруі белгілі бір бағытта жүргенін, мәселен адамның миы мен қолы неге осыншама қатты өзгерістерге ұшырағанын түсіндіре алмады. Бұл жағдай жыныстық сұрыптау гипотезасына байланысты бүтіндей бірқатар сын пайымдаулары мен көптеген жаңа гипотезалардың пайда болуын тудырды, оның үстіне Фридрих Энгельс «Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі» деген мақаласында баяндаған антропогенездің еңбек теориясы ол кезде әлі жарияланбаған болатын.

Дегенмен археологияның табыстары мен палеонтологияның тууына қарамастан алғашқы тұрмыстық қоғам мен оның дамуы туралы ұғымның негізгі дерек-төркіні бұрынғыша этнография болып қала берді. Этнография жаратылыс-ғылыми эволюционизмнен жалпы адам қоғамының, атап айтқанда, алғашқы тұрмыстық қоғамның прогрессивті даму идеясын иемденді. Этнографияда бұл идеяы дамытқан бағытқа

«эволюциялық мектеп» деген ат тағылды. Бұл мектепке жататын ғалымдарды тарихи дамудың бір ыңғайлығы мен оның қарапайымнан күрделіге қарайғы бір бағыттылық идеясы біріктірді. Толып жатқан фактілер шығу тегінің ортақтығымен де, одан арғы аралас-құраластығымен де байланыспаған жер шарының түрлі аймақтарындағы халықтарды материалдық мәдениет, әдет-ғұрып, діни т.б. салалардай ұқсас құбылыстардың туғанын көрсетті. Эволюциялық мектеп бұл фактілердің түсінігін бір жолмен дамып отырған әрі сол себептен де әр түрлі халықтарда материалдық және рухани мәдениеттің біркелкі элементтерінің тууына әкеп тіреген адам психикасының бірлігінде деп білді. Неғұрлым айқын психологиялық дүниеге көзқарас неміс этнографы Адольф Бастианның (1826-1905 жж.) көптеген еңбектерінен, ең алдымен, оның 1860 жылы басылып шыққан «Тарихтағы адам» деген үш томдық еңбегінен табылды. Бастиан «стихиялық» немесе «элементарлық» ой-пікір өздерінің дамуының белгілі бір кезеңінде барлық халықтарға тән және барлық халықтар мәдениетінің тұтастығына жағдай жасайды, деп есептеді. Тарихты психологиялық жағынан алып түсіндіру әрекеті Бастиан еңбегінің әлсіз жағы болды, бірақ адамзат пен оның мәдениетінің тұтастығын мойындау сол кездегі ғылымды дамытуда зор роль атқарды.

Эволюциялық мектептің көрнекті өкілі (мұны тіпті оның негізін қалаушы деп те санайды) ағылшын этнографы Эдуард Тэйлор (1832-1917 жж.) болды; оның басты еңбектері - «Алғашқы тұрмыс мәдениеті» (1871 ж.) мен «Антропология» (1881 ж.). Тэйлордың негізгі идеясы мынада: қоғам мен оның мәдениеті органикалық дүниенің дамуы сияқты бірте-бірте төменгі формалардан жоғарыға қарай дамиды. Табиғаттың даму заңдарын адам қоғамына қатеден көшіре отырып, Тэйлор бүкіл мәдениет бірінен-бірі азды-көпті тәуелсіз дамитын және қатарлар құрайтын жеке құбылыстардан тұрады, қатарларда өмір сүру жолындағы күрес заңы негізінде, неғұрлым жетілген элементтер аз жетілгендерін ығыстырады, еңбектің үздік жақсы қарулары тұрпайы ағаш балталарды ығыстырады, жокка

сенушілік ағарту ісіне жол береді т. т. деп жобалады. Дегенмен Тэйлордың теориясы осы түрінде сол заманғы артта қалған халықтардан бүкіл адамзат дамуының бұрынғы сатыларын көруге, бұл халықтар алдыңғы қатарлы халықтардың мәдениет дәрежесіне әлі жетпегендігін, сол кезде көптеген ғалымдар ойлағандай қалжырап, құлдырап кеткен халықтар емес екендігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Тэйлор адамзаттың әуел бастапқы күйін зерттеудің кілті алғашқы тұрмыс археологиясының қолында деп санады, сөйтіп оның даусыз еңбегі қорытылған тарихи құрылыстар үшін археологиялық және этнографиялық материалды жақындастыру болды. Ол алғашқы тұрмыстық қоғамның тарихын зерттеудің маңызды дерек-төркіні ретінде сол заманғы халықтардың тұрмысы мен ұғымдарында сақталған сарқыншақтардың маңызын атап көрсетті.

Сондай-ақ ағылшын Герберт Спенсер (1820-1903 жж.), шотланд Джон Фергюсон Мак-Леннан (1827-1881 жж.), австриялық Юлиус Липперт (1839-1909 жж.) ағылшын Джон Леббок (1834-1913 жж.) эволюциялық мектептің көрнекті өкілдері болды. 1865 ж. Джон Леббок тас дәуірінің екі кезеңі туралы түсінікті енгізді — палеолит және неолит. 1892 ж. А. Браунның «мезолит» (орта тас ғасыры) терминін енгізуімен күні бүгінге дейін қолданылып жүрген тас ғасырының үштік классификациясы қалыптасқан болатын.

XIX ғ. бірінші жартысында Евразияның бірқатар елдеріндегі ежелгі үңгірлерде қазба жұмыстары жүргізіліп, оларда жануарлардың сүйектері, тас құралдар, сол сияқты кейде адам қаңқалары да табылды. Ю.Липперт едәуір дәрежеде мәдениет тарихына материалистік көзқарасқа жақындай түсті. Ол өзінің «Мәдениет тарихы» (1881-1887 жж.) кітабын жазып шығарды. Ол «Мәдениет тарихы дегеніміз- адамзатты төменгі де қайыршылық күйден, оның қазіргі алып отырған биігіне көтеріп шығарған сол еңбектің тарихы» деген сөздермен бастайды.

Жаратылыс ғылыми эволюционизм археологияның дамуына да үлкен ықпалын тигізді. Эволюционизмнің кәдімгі өкілі Габриэль де Мортилье (1821-1898 жж.) болып табылады,

оны палеолит туралы кәсіби ғылымның атасы деп те атауға болады. Тас құралдарының пішіндері мен оларды дайындау әдістерінің сипатты белгілеріне қарап, ол ежелгі тас ғасырын бірнеше дәуірлерге бөлді; олардың әрқайсысына тас бұйымдар табылған жерлердің аттары берілді. Мортилье жүйесі өзінің соңғы нұсқасында мынадай кезең атауларына ие болды: ашель, мустье, солютре, мадлен. Уақыт өте келе палеолитті төменгі (ерте) және жоғары (кейінгі) деп екі кезеңге бөлетін түсінік қалыптасты. Осындай көзқарастарды неолиттің, Еуропаның қола және темір ғасырының шежірелік классификациясын жасаушы көрнекті швед археологы Оскар Монтелиуста (1843-1921 жж.) ұстады. Өзінің адамзаттың бірыңғай прогрессивті даму идеясымен қоса алғанда эволюционизм алғашқы тұрмыс тарихының негізгі кезеңдерінің схемасын, оның қоғамдық системасын қайта құрып, зерттелетін мәселелердің аумағын кеңейтуге әрекет жасауға мүмкіндік берді.

Семья тарихын зерттеудің бастамасын жасаған швейцар тарихшысы және юристі Иоган Якоб Бахофен (1815-1887 жж.) болды. «Аналық право» деген өзінің негізгі еңбегінде (1861 ж.) және басқа жұмыстарында көбіне антик материалды, бірақ археологиялық және этнографиялық деректерді қамти отырып, Бахофен алғашқы тұрмыс адамзаты әуел бастапқы ретсіз жыныс қатынастарынан («гетеризм») аналық («гинекократия»), ал содан соң әкелік правоға («патернитет» немесе «партиархат») қарай дамығандығын көрсетті. Бахофен сол кезде үстемдік еткен алғашқы адамдар семья болып өмір сүрген, ал олардың басы ерлер болды деген патриархалдық теорияға өзінің идеяларын карама-қарсы қойды. Ол алғашқы тұрмыс дәуіріндегі әйелдердің қоғамдық бас болуы тек кейбір халықтардың тарихына ғана тән кездейсоқтық немесе жеке құбылыс болып табылмайды, тарихи процестің бүкіл адамзат үшін универсалды кезеңі болып табылады деп санады.

Бахофеннің кітабын әуел баста ғалымдар елемей қала берді, ал «Аналық право» шыққаннан соң төрт жылдан кейін, шотланд юрисі Джон Фергюсон Мак-Леннан (1827-1881 жж.) «Алғашқы тұрмыс некесі» деген еңбегін шығарды, мұнда

Бахофеннің идеяларына үйлесетін кейбір қорытындыларға дербес келеді. Мак-Ланнанның еңбегі оның алғашқы тұрмыс қоғамдарында әр түрлі топтың мүшелері арасында неке қиысу әдеттерінің жаппай тарап, бұларды бір таптың мүшелері арасында тыйым салғандығын көрсету болды. Бұл құбылысты Мак-Леннан экзогамия, ал неке топ ішінде қиылысатын кері тәртіпті эндогамия деп атады. Алайда ол барлық тайпалар экзогамды және эндогамды болып бөлінеді және экзогамия себептері жаңа туған қыз балаларды өлтіріп тастау әдетінен туған әйелдердің жеткіліксіз болуы деп қатеден санады. Бұл ешқандай елеулі фактілерге сүйенбеген ғалымның ойдан қосқаны еді.

Алғашқы тұрмыс қоғамын зерттеуде бұрын аталып та өткен көрнекті американдық ғалымы Льюис Генри Морганның (1818-1881 жж.) аса маңызды еңбегі бар. Ол өзінің ілімін «Көне қоғам» деген еңбекте (1877 ж.) неғұрлым толық баяндаған; сондай-ақ Морганның «Туысқандық және қасиет системасы» (1870 ж.) және «Американдық жергілікті халықтарының үйлері және үй іші тіршілігі» (1881 ж.) деген еңбектерінің маңызы зор болды. Оның қорытындылары этнографиядан, археологиядан әрі жер шарының барлық бөліктерінің тарихынан көптеген фактілерге негізделді, бірақ солтүстік америка үндістер-ирокездеріндегі қоғамдық қатынастарды Морганның зерттеуі мен ирокез руының реконструкциясы ерекше маңызға ие болды.

Морган ілімінің негізіне адамзат пен оның мәдениетінің прогрессивті дамуының тұтастық принципі алынған, бірақ басқа эволюционистерден айырмашылығы, Морган әрқашанда дәйекті болмағанымен бұл прогрестің себептерін қоғам дамуының материалдық жағдайларында деп білді. Морган алғашқы тұрмыстық-қауымдық құрылыстың негізгі ұясы, ең арғы аналық формадан ең кейінгі әкелік формаға қарай дамыған ру екендігін көрсетті. Ол алғашқы тұрмыстық қоғамның экономикасы қауымдық меншікке негізделгенін және коллективизмнің бұл принципі алғашқы тұрмыс халықтарының қоғамдық өмірінің басқа жақтарын да, соның ішінде олардың семьялық-некелік ұйымдарының бастапқы формаларын да анықтағанын тапты.

Бахофен мен Мак Леннаннан кейін іле-шала Морган неке және семья тарихын қалпына келтіруге тырысты. Морганның бірқатар жеке болжамдары, соның ішінде кейбір өзі реконструкциялаған семьяның ең ескі формалары, өзі ұсынған дәуірлеу, тағы сондайлардың ғылымның бұдан әрі дамуы мен ескіргендігіне қарамастан, бүтіндей алғанда, оның ілімі қазірде де өз күшінен айрылған жоқ.

Морган көзқарастарына жақын көзқарастарды ұстаған ғалымдардың арасында көрнекті орыс тарихшысы және этнографы Максим Максимович-Ковалевскийді (1851-1916 жж.) атауға болады. Алғашқы тұрмыс қауымындағы семья, ру және қауым туралы өзінің еңбектерінде Ковалевский славян және кавказ материалын кеңінен пайдаланды. Матриархаттан патриархатқа көшудің проблемасын қарастыра келіп, ол қауымның әр түрлі формаларының мұрагерлігі туралы мәселені тұжырымдады және бұл формалардың универсалды таралуын дәлелдеді.

Ғылымның дамуы К.Маркс пен Ф.Энгельстің еңбектерінде алғашқы тұрмыс тарихының пайда болуын әзірледі. Максизмнің негізін қалаушылар алғашқы тұрмыстық қоғам тарихына талай назар аударды. 1880 жылы Маркс алғашқы тұрмыстық қауымдық формацияның тарихы жөніндегі арнаулы зерттеуді бастап, ол қайтыс болғаннан кейін Энгельс жалғастырып аяқтады. Бұл 1884 жылы шыққан Энгельстің «Семьяның, жеке меншік пен мемлекеттің шығуы» деген еңбегі еді. Зерттеудің негізіне Л.Г.Морганның «Көне қоғамы» алынған еді, бірақ Энгельс Морган қорытқан материалды қайта өңдеді, оны жаңа фактілермен және қорытындылармен толықтырды және алғашқы тұрмыс тарихи процесін дәйекті-материалистік тұрғыдан түсіндіріп шықты.

Ф.Энгельс «Семьяның, жеке меншік пен мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде алғашқы тұрмыстық қауымдық формацияның бастапқы және ақырғы межесін белгілеп берді және оның дамуының негізгі заңдылықтарын ашты. Энгельс бойынша алғашқы тұрмыстықтың, сондай-ақ кейінгі әлеуметтік-экономикалық формациялардың да тарихи процесінің негізі

өндiргiш күштердiң прогрессивтi дамуы болды, әрi бұл процесс оның варианттарының барлық нақтылы-тарихи өзгешелiктерi бола тұра алғашқы тұрмыс адамзатының барлық топтары үшiн негiзiнен универсалды болды. Алғашқы тұрмыс экономикасы жеке меншiктiктiң тарихи алғы саласы болған коллективтiк қауымдық-рулық меншiкке негiзделдi; аналық ру және оған тән топтық және қосақ семья формалары әкелiк рудың және патриархалдықтың, ал одан кейiн моногамды семьяның тарихи жағынан алдынан келедi. Мұнымен бiрге Энгельстiң еңбегi өз дамуында озат және артта қалған халықтардың арасындағы тарихи өзара қатынастарды түсiну үшiн методологиялық нұсқау бердi.

Алғашқы тұрмыстық қоғам туралы жаңа iлiм сол заманғы көптеген iрi тарихшылар мен этнографтардың көзқарастарының дамуына айтарлықтай ықпал еттi. Мәселен, Бастиан, Тэйлор, Ковалевский өздерiнiң кейiнгi еңбектерiнде матриархатты алғашқы тұрмыстық қоғам дамуының универсалды-тарихи стадиясы ретiнде қарастырды. Орыстың белгiлi экономисi Н.И.Зибер (1844-1888 жж.) «Алғашқы тұрмыстық мәдениет очерктерiнде» (1883 ж.) Маркс пен Энгельстiң қорытындыларына сүйенiп, олардың көзқарастарын Ресейде таратуда көп еңбек сiңiрдi.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырлардағы алғашқы тұрмыс тарихының дамуы: Буржуазиялық ғылымда ең ықпалды антиэволюциялық бағыттардың бiрi тарихи прогрестiң эволюциясы ұғымына мәдени диффузия, яғни мәдени құбылыстардың кеңiстiктiң орын алмасуы ұғымын қарсы қойған диффузионизм болды.

Диффузионизмнiң пайда болуына немиc географы және этнографы Фридрих Ратцель (1844-1904 жж.) жасаған антропогеографиялық iлiм жағдай жасады. Ратцельдiң еңбектерiндегi жаңа да маңызды дүние, ең алдымен географиялық жағдайлар мәдени құбылыстарды зерттеуге ұмтылу болды. Өзiнiң «Антропогеография» (1882-1891 жж.), «Халықтану» (1885-1888 жж.), «Жер және тiршiлiк» (1901-1902 жж.) деген еңбектерiнде ол табиғат жағдайлары туғызған

халықтар мәдениеті арасындағы айырмашылықтар мен халықтар арасындағы өзара әрекеттік формалары: тым көбейіп кету, жаулап алу, айырбас, сауда, тағы басқаларды зерттеді. Егерде эволюционистер мәдени құбылыстарды қайдағы бір өз дамуындағы дүние деп ұқса, Ратцель үшін мәдениетті халық жасайтындығы және оның дамуы жеке халықтардың тарихымен байланысты екені анық еді. Бірақ, мұнымен бірге Ратцельдің антропогеографиясында көп кешіпей реакцияшыл ғалымдар эволюционизмге қарсы шығу үшін пайдаланған тұжырымдар да болды. Ратцельдің бақылауларынан, олар қоғамның дамуы бүтіндей географиялық ортамен анықталады, табиғат жағдайларының сан алуандығынан адамзат бірыңғай заң бойынша дами алмады, әр түрлі халықтарда мәдениеттің жеке құбылыстардың ұқсастығы – ұқсас жағдайлардың және дамуының ұқсас дәрежесінің нәтижесі емес, оларды бір халықтардың екіншілермен алмасуы ғана деген қорытынды жасады.

Адамзаттың даму жолдарының жалғыздығы туралы эволюционистік теорияға оның көптігін, тіпті тарихи даму варианттарының кездейсоқтығын қарама-қарсы қойды. Дат социологы Конрад Старке адамзат дамуының екі түрлі жолдарының теориясын: егіншілік – аналық бағыттағы және малшылық – әкелік бағыттағы жолдарын ұсынды. Неміс социологы Эрнст Гроссе (1862-1924 жж.) семья типтерін шаруашылық формаларымен қалай болса солай салыстыра салып, аналық тек «төменгі сатыдағы егіншілік» шаруашылығымен ғана байланысты деген қорытындыға келді.

XX ғасырда алғашқы тұрмыс саласында әр түрлі концепциялар жасаған бүтіндей этнографиялық мектептер туды.

Осындай алғашқы мектеп, аса ірі неміс этнографы – африканисі Лео Фробениус (1873-1928 жж.) тікелей алғы атасы болған Германиядағы «мәдени топтар» мектебі еді. Мәдени құбылыстарды картографиялай отырып, белгілі бір географиялық ауданда бүтіндей бірқатар белгілерді (негізінен алғанда материалдық мәдениет саласынан) ұштастыру жеке мәдени провинцияларды («топтарды») бөлуге мүмкіндік береді

деген қорытындыға келеді. Алайда осы этнография мен археология үшін өзінен-өзі маңызды да жемісті ашылған жаңалық Фробениус еңбектерінде мүлде теріс пайымдалып түсіндірілді. Ол «мәдениетті» жанды тіршілік иелеріне ұқсас адамдарға тәуелсіз дербес дамиды ерекше организмдер ретінде алып түсінді. Ол мәдениетті халық жасамайды, табиғат жағдайлары тудырады деп санады. Ол табиғаттың басқа жағдайларына көшірілуі мүмкін, әрі сонда оның дамуы басқа басқа жолмен кетеді де ескі мәдениеттердің өзара әрекеттесуінен жаңалары тууы мүмкін деді.

Ратцельдің антропогеографиялық ілімі сияқты бұл идеялары «мәдени топтар» мектептерінің негізін қалаушы Фриц Гребнер (1877-1934 жж.) де іліп әкетті. Гребнер бойынша мәдениеттің әрбір элементі (материалдық тұрмыс заттары, әдет-ғұрыптар, діни ұғымдар т.б.) әйтеуір бір орында тарихта бірақ рет пайда болған, бір «мәдени топқа» жатады және сонымен бірге түрлі елдерге таралады. Мұндай еркінше іріктеліп алынған элементтер бойынша жасалған ұғым болып келетін «мәдени топ» уақыт шеңберінде дамымайды, географиялық кеңістікте тек басқа «топтармен» өзара әрекеттеседі. Бір «топтың» элементтері диффузия жолымен таралып басқа мәдени «топтың» элементтері үстіне қосылып кете алады. Мәдениеттің бүкіл тарихы дегеніміз – бірнеше «мәдени топтардың» және олардың өзінен өзі қоспаларының жер шары бойынша бір-бірімен араласуының («қат-қабаттасуының») тарихы. «Мәдени топтар» теориясы тарихқа күрт қарсы теория: дамудың дәйекті сатыларында Гребнер әр түрлі «топтарға» қатысты құбылыстарды ғана көреді. Ол адамзат тарихы мен оның мәдениетінде ешқандай қайталаушылық, демек ешқандай заңдылық та жоқ деп есептеді.

«Мәдени топтар» теориясы археологтарға да ықпалын тигізді. Австрия археологы және этнографы Освальд Менгин (1888 жылы туған) өзінің «Тас ғасырының бүкіл дүние жүзілік тарихында» (1930 ж.) археологиялық материалда алғашқы тұрмыс қоғамының тарихы – түрлі «мәдени топтарға» жататын жеке тайпалардың небары тек мекен ауыстыруының –

(миграциясының) нәтижесі ғана екендігін дәлелдеуге тырысты. Неміс археологы Г.Коссинна (1858-1931 жж.) оған жақын реакциялық идеяларды өрбітті, ол археологиялық мәдениеттің этникалық анықтамасының методикасын жасаумен шұғылданды, бірақ бұлардан ол нәсілдер мен халықтардың әуелгі қасиеттерінің ғана, ал тарихи процестен – жаулап алулар, миграциялар және өз ара алмасулар жолымен осы қасиеттердің таралуын ғана көрді. Өзінің зерттеулерінде Европаның мәдени дамуын, Германия жаулап алуларының нәтижесі ретінде көрсетуге тырысқан, шегіне жеткен ұлтшыл Коссинна фашистік Германия археологиясының атасы болды.

Диффузионизм кейбір ағылшын диффузионистері германдықтарға қарағанда өздерінің көзқарастарында азырақ дейекті болғанына қарамастан Англияда этнография мен археологияға ықпал етті. Ағылшын этнографиясындағы бұл бағыттың көрнекті өкілі Уильям Риверс (1864-1922жж) өзі 1914 жылы басып шығарған екі томдық «Мелания қоғамының тарихында» эволюционистік және диффузионистік көзқарасты біріктіріп қосуға тырысты. Адамзаттың прогрессивті дамуын мойындай отырып, Риверс, сонымен бірге мұның аса маңызды стимулы халықтардың қоян-қолтық байланысы мен мәдениеттердің ұласуы деп санады. Диффузионизм идеясын Эллиот Смит (1871-1937жж.) пен Уильям Джемс Перри (1949 жылы өлді) қисынсыздыққа дейін жеткізді, олар осы жерден ол бүкіл жер шарына таралды-мыс деген цивилизацияның тек бір ғана дүние жүзілік орталығы –Египетті мойындады. Аса көрнекті ағылшын археологы Гордон Чайлд (1892-1957жж.) диффузионистік көзқарастарды марксизммен біріктіруге тырысты. Ол алғашқы тұрмыстық қоғам туралы маркстік ілімнің негізгі қағидаларын мойындады және сонымен бірге халықтардың қоныс ауыстыруының маңызы мен бір мәдениеттің екіншіге ықпалын көрсетті.

Бүгіндей алғанда этнография мен археологиядағы ерекше ағым ретінде диффузионизмге кейбір ортақ сипаттар тән болып келеді. Диффузионистер әр түрлі халықтардың мәдениеттеріндегі ұсақ дүниенің бәрі өз ара алмасулардың,

миграцияның немесе мәдениет элементтерінің, немесе бүтін мәдениеттің диффузиясының нәтижесі болып табылады, деп санайды. Олардың пікірі бойынша барлық ашылған жаңалықтар мен өнер табыстары бір-ақ рет жасалғанда бір тұтас орталықтардан таралған. Мәдениет тарихында алмасулар мен қоныс ауыстырулардың рөлін тым асыра бағалай отырып, диффузионистер жеке халықтар мәдениеті ішкі дамуының маңызын жоққа шығарады, бұл аса маңызды тарихи рольді бір халыққа таңып, екінші халықтың осындай ролін жоққа шығаратын ұлтшылдық және нәсілшілдік теорияларды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, барлық диффузионистерге нәсілшілдік көзқарастарды тану қате болған болар еді, нәсілшілдік көзқарастар диффузионизмнен шығатын тура да міндетті қорытынды болып табылмайды.

Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін көп кешікпей Англияда этнографиядағы «функционалдық мектеп» пайда болды, мұның негізін қалаушы Бронислав Малиновский (1884-1942жж.) еді. Мәдени-тарихи мектептен айырмашылығы, бұл мәдениеттен түрлі элементтердің өзінен-өзі қосылысын емес, мәдениеттің әрбір элементі өзінің әлеуметтік функциясын атқаратын бүтін тұтастығын көрді. Алайда осы дұрыс тезиц функционалистерді жалған түсіндіріп кетті. Малиновский мәдениет құбылыстарын түсіндіруге тарихи тұрғыдан қараудан бас тартуға шақырды, өйткені оның басы мен аяғын танып білу оңай дүние емес екендігін түсінді..

Алғашқы тұрмыс тарихы ғылымына берілген маңыз:

Алғашқы тұрмыс тарихының марксистік концепциясын дамытуда осы мәселелерге байланысты ХХ ғ. 20-шы жылдарында-ақ зерттеу жасай бастаған ғалымдар жетекші рөл атқарды. Олар алғашқы тұрмыс қоғамының тарихын материалистік тұрғыдан түсінудің пайдасына жаңа тұжырымдар берген көп антропологиялық, этнографиялық, археологиялық материалдарды зерттеді.

Антропологтар В.В.Бунактың, Г.А.Бонч-Осмоловскийдің, Г.Ф.Дебецтің, М.М.Герасимовтың, М.Ф.Неструхтың, Я.Я.Рогинскийдің еңбектері адамның

калытасу кезеңдері, сонымен бірге адам қоғамының шығу жолдары туралы ұғымдардың жинақталуына жол ашты. Археологтар П.И.Борисовскийдің, А.Я.Брюсовтың, П.П.Ефименконың, А.П.Окладниковтың, В.И.Равдоникастың, С.П.Толстовтың, П.Н.Третьяковтың, А.А.Формозовтың және т.б. еңбектерінде алғашқы тұрмыс экономикасы мен мәдениетінің реконструкциясына арналған аса маңызды заттай деректер болды. Этнографтар А.М.Золотаревтің, Е.Ю.Кричевскийдің, А.С.Токаревтің, С.П.Толстовтың және т.б. зерттеулері рудың, жанұяның, алғашқы тұрмыстың басқа да институттарының даму процесіне ден қойды. Кеңес тарихшылары алғашқы тұрмыс адам табыны туралы біздің білімімізді көп жағынан нақтылап, бір жүйеге келтірді. Мысалы матриархат пен оның патриархатқа айналу механизмі жайында М.О.Косвен көптеген зерттеулер жүргізсе, ал рулық қоғамның ыдырап, ертедегі таптық қатынастардың қалыптасуы жөнінде Ю.П.Аверкиева, С.А.Токарев және т.б. құнды тұжырымдар қалдырды. Сонымен қатар алғашқы тұрмыс қоғамы туралы кеңес ғылымының дамуына көрнекті тіл маманы және археолог Н.Я.Маррдың (1864-1934 жж.)көзқарастары айтарлықтай. Ол өз зерттеулерін тұжырымдай келе, «Тіл туралы жаңа ілім» деген құнды еңбегін жазған болатын.

Алғашқы тұрмыстық қоғамның марксистік түсінігі капиталистік елдер ғалымдарының арасында да таралып отырды. Олардың біреулері, мәселен, көрнекті ағылшын археологы Г.Чайлд өзін марксистің деп ашық мойындады, екіншілері алғашқы тұрмыстық тарихы материалистік тұрғыдан түсінуге жаңадан ғана жақындап келеді, кейбіреулері марксизмді жоққа шығарды. Бірақ фактілерді объективті түрде түсіндіре отырып, өздерінің еңбектерінде тарихи-материалистік қорытындыларға еріксіз келеді. Дегенмен де көптеген ғалымдар кеңестік кезеңде идеологиялық көзқарастарға қайшы материалистік көзқарастарды ұстанды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Адамзаттың ең көне өткен шағының нақтылы фактілерін беретін алғашқы тұрмыс археологиясының тарихи маңызы неде?*
2. *Дат археологы К.Ю.Томсеннің алғашқы қоғам тарихын кезеңдерге бөлудегі тұжырымдары.*
3. *Алғашқы тұрмыс археологиясының ашылған жаңалықтары мен қорытындылары.*
4. *Эволюциялық мектептің көрнекті өкілдерін атаңыз және олардың еңбектеріне тоқталыңыз.*

§ 4. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының деректері.

1. *Алғашқы қауымдық қоғам тарихының деректерінің ұғымы мен түрлері*
2. *Алғашқы қауымдық қоғам тарихы деректерінің ерекшеліктері және оларды зерттеу тәсілдері*

Алғашқы қауымдық қоғам тарихының деректерінің ұғымы мен түрлері: Алғашқы тұрмыс қоғамы тарихының дерек-төркіндері мейлінше сан алуан. Адамзаттың өткен шағы туралы көргендердің, адамдардың жасағандарының, оның ықпал еткендірінің, адам іс-әрекеттеріне ықпал етіп әсерін тигізгендердің барлығы – тарихи ғылым үшін дерек болып табылады. Алғашқы тұрмыс тарихының ерекшелігі сол, ол түгелдей, жазу-сазуы жоқ дәуірге қатысты болып келеді, тарихи ғылымдар үшін аса маңызды жазба дерек-төркіндер оның ақырғы дәуірін қоспағанда, алғашқы тұрмыс тарихы үшін негізгі көздердің басқа түрлерімен салыстырғанда өлшеусіз аз роль атқарады.

Археология деректері: Көне замандардан сақталған заттық дерек-төркіндердің немесе оларды басқаша атап жүргендей археологиялық ескерткіштердің зор маңызы бар. Заттық дерек-төркіндер, яғни еңбек құралдары, көне құрылыстардың қалдықтары, сәндік бұйымдар, ыдыс-аяқтар т.б. – бұл оны жасаған қоғамның материалдық мәдениетінің қалдықтары

болып табылады. Заттар - аса бағалы тарихи деректер. Өйткені бұлардың бәрі өз дәуірінің өнімі болып саналады, тек сол дәуірге ғана тән болып келеді, әрі олардың өздері өндірілген сол кездің тіршілік жағдайын бейнелеп көрсетеді.

Алғашқы тұрмыстық қоғамның кеңестік тарихшылары өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар дамуының белгілі заңдылықтары туралы марксистік тезистерге сүйене отырып, оның дамуының кез-келген сатысында қоғамның материалдық мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық өмірінің арасында белгілі бір заңды байланыс бар деп санайды. Сондықтан да қоғамның өмір сүру заңдылықтарын біле отырып, осы қоғамға қандай материалдық мәдениет сай келетінін және керісінше, материалдық мәдениетке қарап әлеуметтік-экономикалық құрылысты, ал кейде осы материалдық мәдениетті жасаған қоғамның тарихын да көз алдыға келтіруге болады.

Тек заттар ғана емес, сондай-ақ мекенжайлар мен тұрақтардың, қабірлердің, шеберханалардың, кен орындары мен әулие қорықтың, үнгірлердің, ертедегі суару жүйелерінің, каналдардың, плотиналардың, жолдардың т.б. қалдықтары да археологиялық деректер болып табылады. Тұрғын үйлердің немесе мекенжайлардың эволюциясын зерттеу белгілі бір дәрежеде семья мен қоғамдық өмір эволюциясы туралы пайымдауға мүмкіндік береді. Археологиялық ескерткіштердің көпшілігі қазбалар процесінде табылып зерттеледі.

Археологиялық мәдениет көбіне ежелгі тайпалар мен халықтардың окшауланып, тіршілік етуін көрсетеді. Археологиялық мәдениет туралы ұғым мен оның пайда болып, таралуы жазба деректер пайда болудың алдындағы кезеңдердегі тайпалар мен халықтардың тарихын реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Этнография деректері: Тарих ғылымы салаларының бірі – жер шары халықтарының мәдениеті мен тұрмысын зерттейтін этнография осы тайпалар мен халық топтарын, сондай-ақ неғұрлым дамыған халықтардың тұрмысында сақталған алғашқы тұрмыс сарқыншақтарын ақтарып, тексерумен шұғылданады. Этнография саласы арқасында өткен шақтағы

қоғамдық дамудың әртүрлі сатылары туралы анағұрлым толық ұғым алуға қол жетті.

Осы алыстағы өткен шақты реконструкциялау үшін, жоғарыда айтылып өткендей, сарқыншақтарды, яғни ең кейінгі қоғамдардағы сақталған өткеннің іздері мен қалдықтарын зерттеудің зор маңызы бар. Мұндай сарқыншақтар салт-саналарда ерекше айқын байқалады (құда түсу, той-думан, жерлеу салттарында), кейде бұлар киім-кешекте, әшекейлерде, үй құрылысында т.б. сақтала береді. Алғашқы тұрмыстық табыну және алғашқы тұрмыстық тіршіліктің басқа да көріністері фольклорда-әңгімелерде, өлең-жыр, толғау, жұмбақ, аяттарда т.б. бейнеленіп қалған.

Лингвистикалық деректер: Халықтардың өткен шағы туралы ұғымның маңызды дерек төркіні – лингвистикалық деректер болып табылады. Осы заманғы барлық тілдер қоғамның дамуына қарай қалыптасқанда өз бойында өте ертедегі өткен шақтың іздері жиі сақталып қалған. Басқа лингвистикалық деректердің арасында топонимика деректері, яғни қайсыбір территориядағы географиялық атаулар жиынтығы (елді мекендер, өзендер, көлдер, таулар т.б.) зор маңызға ие болды. Өте тұрақты топонимдік атаулар халықтардың көне тайпалық құрамы туралы, оның алмасуы жөнінде сонау алыстағы өткен шақтағы жергілікті мекендердің немесе өсімдіктердің сипаты жайында, халықтың әуел басқы іс-әрекеті туралы т.б. пайымдауға мүмкіндік береді.

Антропология және басқа да жаратылыс ғылымдарының деректері: Алғашқы қоғам тарихын зерттегенде антропологиялық деректердің, яғни алғашқы тұрмыс адамдарының сүйек қалдықтарының да маңызы өте зор. Бұл қалдықтардың тиісті заманы неғұрлым көне болған сайын соғырлұм олардан толық құнды дерек алуға болады. Қандай да болсын қазылып алынған форманың физикалық типі туралы ұғым қаңқа сүйектерінің, толық сақталмаған бас және жақ сүйектердің фрагменттеріне жиі негізделеді. Тек мұқият салыстырмалы-анатомиялық зерттеу ғана жетіспеген бөлімдерді реконструкциялап, оның бөліктері бойынша тұтас бейнесі

туралы ұғым құрастыруға мүмкіндік береді. Бұған антропологияда мұқият жасалған қаңқалардың өлшем системасы көмектеседі. Адам қаңқасының пайдалануы тек тікелей зерттеу үшін ғана емес: еттердің бекінген жерлерінің бедеріне қарай, мәселен, ертедегі адамдардың бұлшық еттерінің дамуы туралы ұғым құрауға болады: бас сүйек қораптарының ішкі беттерін жапсырып құрау, басқаша айтқанда, эндокрондар дейтіндер мидың көлемі мен сыртқы құрылысын қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Сол сияқты еңбек іс-әрекетіне байланысты ми өсіп, ұлғайып, прогрессивті қайта құрастырылғанда адамзат дамуының ертедегі дәуіріне қатысты ерекше маңызды мәліметтер алуға болады.

Алғашқы тұрмыстық қоғамның антропология мен тарихшысының карамағына приматология-маймылдарды зерттеумен арнайы шұғылданатын зоология саласы маңызы үлкен материалдарды бере алады. Сонымен қатар алғашқы тұрмыс адамдарының тіршілік еткен табиғат ортасын реконструкциялау үшін деректерді тарихшыға геология, палеозоология, палеоботаника сияқты ғылымдар да бере алады.

Алғашқы қауымдық қоғам тарихы деректерінің ерекшеліктері және оларды зерттеу тәсілдері: Алғашқы қоғам тарихын зерттеу барысында зерттеуші ғалымдарға тарихи реконструкциялар үшін этнографиялық материалдарды пайдалану оңайға түспеді. Ең алдымен этнографтарға, ең болмаса, мәдениеті кейінгі палеолиттік заманға түгелдей сай келетін берде-бір артта қалған тайпаны зерттеп шығу оңайға түспеді. Мысалы, тасмандықтардың пайда болуы өте нашар зерттелінген. Олар жер жағынан Австралияға жақын жатқанымен, этникалық құрамы бойынша олардың көп өзгешелігі бар. Антропологиялық жағынан тасмандықтар меланезиялықтарға ұқсас. Австралиялықтардың шаруашылығы-күн көріп, тіршілік етуге бейімделінген. Олар аң аулап, құрт-құмырсқа, өсімдіктердің дәндерін жинап және теңіз жағалаулары мен көлдерден балық ұстаған. Аңшылық аборигендердің өміріндегі басты кәсібі болып табылады. Негізгі құралдары: найза, найзаны лақтыруға қолданылатын темірдер

істелінген атқы тақта, бумерангтар. Осы құралдардың жәрдемімен австралиялықтар жердегі жүретін аңдарды ғана емес, ұшқан құстарды да ұстай берген. Кенгурудан кейінгі үлкен аңдардың бірі- эму түйеқұсы. Ол- өте жүйрік құс. Бірақ эмоны аборигендер алдап ұстайды. Австралиялықтар жоғарыда көрсетілген ірі аңдармен қоса інді мекендеуші, бауырымен жорғалаушыларды да аулаған. Олады көбінесе әйелдер мен балалар ұстаған.

Дүниенің ең артта қалған тайпалары мыңдаған жылдар өмір сүрді, осы кезде олардың мәдениеті сірә классикалық алғашқы тұрмыстар жолынан көп жағынан айырмашылығы бар ерекше жолдармен баяу дамыды. Бұлардың кейбіреулері, европалық отарлаудың алдындағы кездің өзінде-ақ белгілі бір дәрежеде неғұрлым дамыған тайпалар мен халықтардың ықпалына ұшырады. Сондықтан да этнографтар зерттейтін артта қалған тайпалардың күрделі тірі организмі адамзаттың өткен шағын дәл қалпында түсіретін сирек дүние болып табылмайды.

Түп-төркіндердің барлық түрлерін түгелдей алып зерттеу ғана алғашқы тұрмыстық қоғамның өмірін көз алдыға келтіруге мүмкіндік береді. Археологиялық, этнографиялық және т.б. деректердің барлық жиынтығын салыстыру арқылы, бүкіл дүние жүзілік тарихи процестердің жалпы бағыттары мен заңдылықтарын есепке алудың аса зор маңызы бар. Өндіргіш күштердің дамуы мен қоғам құрылысындағы аса маңызды өзгерістер арқылы тайпа аралық қатынастар мен байланыстардың жалпы көрінісін ғана анықтауға қол жетеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Алғашқы қоғам тарихын зерттеуде деректердің маңызы мен рөлі*
- 2. Археологиялық мәдениет деген ұғымға анықтама беру*
- 3. Салыстырмалы түрде этнографиялық деректерге анықтама беру*

4. *Лингвистикалық деректердің алғашқы қоғам тарихына қосқан үлесі*
5. *Этнографиялық деректерге не жатады және оның тарихи маңыздылығы неде*

II ТАРАУ: АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫС ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

§ 5. *Адамның пайда болуы туралы ұғымдар мен тұжырымдар*

1. *Жануарлар дүниесіндегі адам орны*
2. *Антропогенез процесінің қозғаушы күштері*
3. *Адамның ең таяу ата-тектері мен олардың адамзат қоғамында алатын орны*

Жануарлар дүниесіндегі адам орны: Адамның пайда болуының мәні ғылым философиясында маңызды орынға ие. Оның өзге тіршілік көздерінен ерекшелігі не деген сұраққа антика дәуірінің ойшылдарынан бастап, қазіргі таңға дейін ғалымдарды толғандыратын маңызды сұрақтардың бірі. Діни насихаттамаларда адамды құдай жаратады, олардың жаны мәңгілікпен байланысты деген көзқарастар ұсынылса, антикалық ғалымдар оның ойлау қабілетінбарлық тіршілік атаулыдан бөліп қарастыруды ұсынады. Орта ғасырлық кезең адам санасының дінмен шырмалған кезі болса, гуманист ғалымдар табиғаттағы адам рөліне жоғары баға берді.

Адамдардың пайда болуы туралы екі теория белгілі: Ч.Дарвиннің биологиялық теориясы және Ф.Энгельстің еңбек теориясы. Адамдардың жануарлар дүниесінен шыққандығын алғашқылардың бірі болып Ч. Дарвин дәлелдеген болатын. Ч. Дарвиннің теориясын симиальдық теория деп атайды (Симиамаймыл). Ол адамдар ертеде тіршілік еткен жоғары сатылы маймылдардан келіп шыққан деп ойлаған. Шынында да, адамдардың анатомиялық құрылысы және дамуы, биохимиялық және физиологиялық көрсеткіштері қазіргі кездегі адам тәрізді

маймылдарға (шимпанзе, горилла) өте ұқсас. Адамның шығу процесіне биологиялық заңдылықтарды тарата отырып, Ч.Дарвин жыныстық сұрыптарға барынша үлкен маңыз берді. Оның 1871 жылы шыққан «Адамның пайда болуы және жыныстық сұрыпталуы» атты еңбегі осы уақытқа дейінгі көзқарастарға ұқсамайтын жаңа ілімнің негізін қалады. Оның еңбегінде адамның жануарлық шыққан тегі анықталған. Шәкірттері: Карл Фогт, Томас Гексли, Иоганн Якоб Бахофен, Льюс Генри Морган, Герберт Спенсер, Джон Леббок, Эдуард Тайлор, Адольф Бастиан, Джон Фергюсон Мак-Леннан, Юлиус Липперт сынды ғалымдар эволюциялық ілімнің жан-жақты қалыптасуына жағдай жасады. Антропогенездің қозғаушы күштеріне байланысты қазіргі таңда бірнеше көзқарастар бар. Олардың негізгілеріне: еңбектің рөлі, ой мен сөздің пайда болуы, тік жүретін адамның тобының қалыптасуы, тобыр болып өмір кешудің маңызы, жыныстық сұрыпталу мен бес саусақ жүйесінің әсері жатқызылады.

XIX ғасырдың 70 жылдары Ф.Энгельс антропогенездің еңбек теориясын қалыптастырды. Оның негізгі мәні антропогенез процесінде адамның прогрессивтік эволюциясының және тарихи дамуының негізгі факторы болып — еңбек, қоғамдық өмір, сөйлеу, яғни әлеуметтік факторлар саналады. Еңбек құралдарын жасау және пайдалану, бұл қызметтің мәнін түсініп ұғу адамдардың табиғатқа тигізетін әсерінің еселеп өсуіне алып келіп, бірте-бірте эволюцияның биологиялық факторларын ығыстырып шығарған. Антропогенез құбылысының органикалық дүниенің дамуынан бірден-бір сапалық ерекшелігі де осында болып саналады. К. Маркс, Ф.Энгельс адамды адам еткен, адам қоғамын қалыптастырған еңбек деп санаған. 1873-1876 жылдары Ф.Энгельстің аяқталмай қалған «Табиғат диалектикасы» еңбегінің бір тарауы болып саналатын «Маймылдардың адамға айналу процесінде еңбектің рөлі» деген еңбегінде антропогенездің еңбек теориясында шешуші маңызы бар тұжырымдар айтылған.

Ф.Энгельстің тұжырымдарына сүйене отырып, еңбек адамның өзін жасады деп тұжырымдауға да болады. Өйткені

еңбек, ең алдымен тамақ тауып, жаулардан қорғануда, олардың қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың тұр-тұрпатын өзгерткен және қоғамды жасаған қуатты стимул болды. Адамның тікелей ата-тектері үштік дәуірдің аяғындағы антропоморфты маймылдар осы заманғы приматтардың көпшілігіне ұқсас қоғамдық хайуанаттар болды. Олар бірігіп азық жинады және жыртқыш хайуанаттардан қорғанды. Бірақ олардың айналадағы табиғатқа ықпал етуінің басқа сүт қоректілердің ықпал етуінен айырмашылығы бар еді. Ұсақ жануарларды аулап, ағаштардан жеміс-жидектер мен жеке жидектерді қағып түсіру және құрт-құмырсқалардан қорғану үшін, олардың кездейсоқ іріктеліп алынған тастарды, таяқтар мен ағаш бұтақтарын пайдалануы –міне осының барлығы еңбектің арқасы. Бірақ нағыз қаруларды пайдалану, көбіне осы тастардың, сондай-ақ дене мүшелерінің алдыңғы сирақтар мен тістердің көмегімен жүзеге асырылған тасты, сүйекті және ағашты өңдеу жолымен алынған алғашқы жасанды қаруларды жасап шығарған кезден басталады.

Қаруларды тұрақты қолдану алғашқы адам алдында өз қажеттерін өтеуде, атап айтқанда, өзінің тамақтық қорын орасан үлкен дәрежеде ұлғайтуда табиғат ресурстарын анағұрлым едәуір белсенді пайдалану мүмкіндігін ашты. Сондай-ақ жыртқыштарға қарсы күрестен алғашқы тұрмыс коллективтерінің күшін едәуір арттырды. Мұнда үнемі бірігіп тамақ іздеу, коллективтік аң аулау мен жаулардан коллектив болып қорғану, бірігіп өндіру және тұтыну басқаша айтқанда, біріккен еңбек қызметі алғашқы тұрмыс коллективін топтастырды, оның жеке мүшелерінің арасында өндірістік байланыстардың құрылуын тудырады. Ақыр аяғында қоғамдық тіршіліктің күрделенуі мен өндірістік дағдылар өндірістік тәжірбиелерді алмастыру және оны кейінгі ұрпаққа беру қажеттігіне әкеп соқты. Бір-біріне бірдемені айту қажеттігі пайда болды. Сонымен тілдің пайда болуы еңбек процесінде шықты және еңбек қызметінің салдары болды.

Адамдардың алғашқы пайда болған жері ретінде әр түрлі материктер айтылып жүр, мысалы, Африка, Еуразия, Жерорта

теңізінің айналасы т.б. Дегенмен, бұл проблема әлі күнге дейін өзінің шешімін таппай отыр.

Алғашқы тұрмыс қоғамының заңдылықтарын түсіну адам эволюциясының өн бойында, адамның физикалық типінің өзгерістерімен, қозғаушы күштерімен, антропогенездің осы заманғы теориясымен таныспайынша мүмкін емес. Табиғаттағы адамның орны туралы мәселені Карл Линней жануар патшалығының жүйесіне енгізген, яғни адамды сол кездегі маймылдармен бірге қосып, сүт қоректенушілердің құрамына жатқызды. ХҮІІІ ғ. екінші жартысы мен ХІХ ғ. І жартысында Томас Гексли адамның жүйелік жағдайын анықтауда адамның адам тәрізді маймылдардың ең жақын туыс екендігін көрсетеді.

Адам тектес маймылдар тобына көпшілік ғалымдар дриопитек, рамапитек және австролопитектер топтарын жатқызады. Олар негізінен қорек ретінде әр түрлі жәндіктер мен өсімдіктерді, кішкентай құстар мен аңдарды пайдаланды. Олардың өрмелеу, ағаштан-ағашқа секіру сынды қабілеттері жоғары дамыған. Жабайы табиғаттың тікелей құрамдас бөлшегі секілді көріністе болды. Жекелеген ғалымдар адамның адам ретінде қалыптасуының алғашқы сатысына епті адамды жатқызса, қарсы көзқарастағылар тік жүретін адамды қалыптасқан алғашқы топтағы адам деп есептеді. Олар тұру, жүру, ұстау, сөйлеу ептіліктерінің қалыптасуымен ерекшеленді. Тернифин, Омо, Чесованджа, Нармада, Юаньшоу, Лук Йен, Хэцзян, Триниль аймақтарындағы сүйек қалдықтарының қоныстанған жергілікті жерге байланысты ерекшеліктердің басым екендігін дәлелдеп отыр.

Жалпы приматтардың қабылданған классификациясы жоқ. Бірақ барлық классификацияда бір ортақ мәселе бар ол адам тәрізді немесе антропоморфты маймылдардың дербес семьялары ретінде бөлінуі болып табылады. Дарвиннің өзі бұларды адамның ең жақын туыстары деп көрсетеді.

Антропоморфты семьялармен қатар приматтар отрядының барлық классификацияларында осы заманғы адам мен оның ең жақын ата-тектерін біріктерін *гоминид* семьялары бөлініп шығады. Бұлардың ерекшеліктері: милары

приматтардың миынан әлдеқайда үлкен, денелері түзулене түскен, екі аяқпен тік жүреді, өте қозғалғыш, саусақтары қимыл жасауға икемді болып келген.

Адам планетаның геологиялық тарихына дамудың жаңа факторларын-енбек пен ойды, табиғатқа белсенді өзара әрекеттесу мен оны қайта құру факторларын енгізді. Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша, бұл құбылыс тіпті терминологияда көрсетілуге тиіс болды. Мәселен, белгілі орыс геологы А.П.Павлов төрттік дәуір үшін «антропоген» атауын ұсынды, ал көрнекті кеңес натуралист-геологы, геохимиг және биолог В.И.Вернадский тіпті жер тарихында адам тегінің тіршілік еткен уақытын ерекше эраға бөлу қажет деп санады, ол мұны «психозойск эрасы» деп атады.

Адам қоғамының пайда болуынан бастап биологиялық заңдылықтар қандай да болсын маңызғы ие болудан қалды деп ойлаудың қажеті жоқ. Керісінше, еңбек қаруларын игеру, тіпті, антропогенездің ертедегі кезеңдерінде табиғи сұрыптау әрекетін біраз күшейтті деп ойлауға негіз бар. Қалай болған күнде де, табиғи сұрыптаудың алынуы өте баяу да, бірте-бірте болады да, сірә, адамның осы заманғы түрінің пайда болуымен аяқталса керек. Бұл жөнінде атап айтқанда, техника мен мәдениетте прогресс аз болғанына және өндіріс пен техникадағы орасан зор өзгерістерге қарамастан, осы заманғы адамның типі тұрақты келген төменгі полеолиттің өн бойында адамның физикалық типінің едәуір өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Кейінгі полеолит заманында ғана табиғи сұрыпталудың әлеуметтік заңдылықтармен ауысуы болды да, осы заманнан бастап, өндіріс саласында адамның физикалық типі қандай да болсын морфологиялық өзгерістерге тәуелді болмады.

Сонымен, алғашқы тұрмыс қоғамы тарихының алғашқы жартысын қамтитын ерте полеолит дәуірі дегеніміз табиғи: сұрыптаудың да, әлеуметтік тарихи заңдылықтардың да дәуірі болды. Осы дәуір бойы табиғи сұрыптау рөлі бірте-бірте азайды, олар ақыр аяғында жетекші жағдайды жеңіп алғанша, әлеуметтік рөлі бірте-бірте арта берді.

Антропогенез процесінің қозғаушы күштері:

Антропогенез деп саналы адам түрінің пайда болуы мен оның қоғамдық өмірінің қалыптасу процестері жиынтығын атайды. Бұл процестің қозғаушы факторларын, бағыттарын, заңдылықтарын зерттейтін ғылымды антропология деп атайды. Антропология-адамдар туралы ғылым. Ол адамдардың шығу тегін, тарихи дамуын және тұрпатын (конституциясын), өсуін және жеке, жастық, жыныстық өзгергіштігін, нәсілдерге бөлінуін т.б. зерттейді.

Адамның өзінің табиғаты жағынан биологиялық және әлеуметтік мәні бар. Адамдардың құрылысы, тіршілігі жануарларға ұқсас және биологиялық заңдылықтарға бағынады. Адамдар — нағыз саналы адам (*Homo sapiens*) деп аталатын түрге, адам (*Homo*) туысына, гоминидтер тұқымдасына, приматтар отрядына, сүтқоректілер класына, хордалылар типіне жатады. Сонымен қатар, адамдар тек қоғамдық өмірдің нәтижесінде, қоғамдық ортада ғана адам болып қалыптасқан. Адамды адам еткен — еңбек пен қоғамдық өмір.

Антропология ғылымы бірнеше бөлімдерге бөлінеді:

1) антропогенез — адамдардың пайда болған жерін, уақытын, нақтылы ата-тегін, адамның пайда болуының негізгі кезеңдерін, қозғаушы күштерін, адамдардың алғашқы қоғамының және сөйлеуінің дамуын т.б. зерттейді;

2) адам морфологиясы — адамдардың қалыпты сыртқы құрылысын зерттейді;

3) адам физиологиясы — адамдардың қалыпты физиологиялық және биохимиялық процестерін және олардың көптүрлілігін зерттейді. Мысалы, популяция қан тобының, гемоглобиннің көптүрлілігін, адам тұрпатымен сыртқы орта факторларының өзара байланысын, ағзаның әр түрлі ауруларға бейімділігін т.б. зерттейді;

4) этникалық антропология — адам нәсілдерін, олардың таралу ерекшеліктерін зерттейді.

Антропология ғылымының негізгі зерттеу әдістері: 1) антропометрия — өлшеу; 2) деректерді вариациялық статистика

әдісімен өңдеу (биометрия) болып табылады. Антропология ғылымының медицина үшін теориялық және практикалық маңызы зор: 1) адамдардың шығу тегін, эволюциясын түсіндіреді. Атавистік және рудименттік мүшелерді зерттеп кейбір ауруларды анықтауға көмектеседі; 2) кейбір этникалық варианттардың, адамның физикалық дене құрылысының ерекшеліктерін түсіндіреді.

Адамның дене тұрпаты немесе конституциясы, туралы түсінік ерте кезден-ақ қалыптасқан. Мысалы, Гиппократ адамдарды дене құрылысына қарай бірнеше топқа бөлген: 1) күшті тип; 2) тығыз тип; 3) құрғақ тип; 4) ылғал тип; 5) майлы тип. Бұл типтердің әрқайсысы түрліше аурулармен ауруға бейімді болып келген.

Гален адамдар конституциясын 4 топқа бөлген және оларды белгілі бір сұйықтықпен байланыстырған: 1) қан; 2) сұйық сіле мей; 3) өт; 4) қара өт. Осы сұйықтықтардың болуы әр түрлі тұрпаттағы типтің қалыптасуына алып келеді: 1) холерик — жеңілтек, қызба адамдар; 2) сангвиник — көңілді, тез қимылдайтын адамдар; 3) флегматик — тұрақты, сабырлы адамдар; 4) меланхолик — өте сылбыр, баяу қимылдайтын адамдар.

Адам конституциясы тек морфологиялық-физиологиялық ерекшеліктермен шектеліп қоймай, ол адамдардың мінез-құлқын, оның ауруларға бейімділігін, зат алмасу процестерінің ерекшеліктерін де қалыптастырады.

Адамның бойы, салмағы және көкірек қуысы көлемінің ара-қатынасына негізделінетін физикалық даму индексіне сүйеніп М.В. Черноруцкий адамдарды 3 конституциялық типке бөлді: астениктер — жіңішке, ұзын бойлы; нормостениктер — орта бойлы, мығым денелі; гиперстениктер — аласа бойлы, өте мығым, кең иықты, қысқа мойынды.

Француз ғалымы Д. Сиго адамдарды 4 конституциялық топқа бөлді: 1) тынысалушы; 2) асқорытушы; 3) бұлшық етті; 4) церебральді типтер. Неміс ғалымы К. Кречмер адамдарды астеникалық, пикникалық, атлеттер типі деп бөлді.

Антропогенез адамның пайда болуы және адам қоғамының тарихи қалыптасуын зерттейді. Ол негізінен палеантологиялық деректерге сүйенеді. Қазіргі таңда антропогенез мәселелері толық шешілмеген, дегенмен, көптеген болжамдар баршылық.

Адам (*Homo sapiens*) сүтқоректілер класының приматтар отрядына жатады. Приматтардың алғашқы қарапайым түрлері плиоцен дәуірінің басында (55-60 млн. жыл бұрын) пайда болған. Ал, жоғары сатылы маймылдар (*Anthropoidea*) үшінші дәуірдің басында (эоцен) жартылай маймылдардан (*Prosimii*) келіп шыққандығы палеонтологиялық деректерден белгілі. Антропоидтар отряд тармағы 3 тұқымдасқа бөлінеді: 1) кең танаулы маймылдар (*Cebioidea*); 2) тар танаулы маймылдар (*Cercopithecoidea*); 3) гоминидтер — «адам тектес маймылдар». Соңғы тұқымдасқа қазіргі кездегі адам тәрізді маймылдар және адам туысы жатқызылады.

Алғашқы екі тұқымдастың адамның пайда болуына ешқандай қатынасы жоқ, ал үшінші тұқымдастың эволюциясы саналы адам — *Homo sapiens* пайда болуына алып келген.

Палеонтологиялық деректер негізінде XX ғасырдың 70 жылдарына дейін адамдардың ең ертедегі ататектері ретінде плиоцен дәуірінде тіршілік еткен рамипитектер саналып келген. Оның қазба қалдықтары 1934 жылы Үндістанда табылған. Олар бұдан 14 млн. жыл бұрын өмір сүрген. Бойлары аласа — 110 см, екі аяғымен тік жүрген, ашық не бұталы орманды жерлерді мекендеген.

1970-1980 жылдарда жүргізілген цитогенетикалық, генетикалық және биохимиялық зерттеулер нәтижесінде рамипитектер адамдарға қарағанда орангутангтарға жақын екендігі белгілі болды, сондықтан да қазіргі кезде олар адамдардың емес орангутангтардың ата-тегі болуы мүмкін деген болжамдар айтылуда. Осы зерттеулер адам мен шимпанзенің ұқсас екендігін көрсетті, мысалы адамдар мен шимпанзелердің 99% белоктары бірдей.

1925 жылы Оңтүстік Африкада (Кения) адамдарға ұқсас жәндіктің бас сүйегі табылған. Оны оңтүстік маймылы —

австралопитек деп атаған. Қазіргі кезде австралопитектердің бірнеше түрлерінің қазба қалдықтары табылған. Олардың ішінен ең қарапайым түрі — афар австралопитегі— *Australopithecus afarensis*.

Австралопитектер осыдан 2-3 млн. жыл бұрын өмір сүрген. Олардың бойлары — 120-150 см, ми көлемі 380-550 см³, екі аяқтарымен тік жүрген. Олар ашық жерлерді, орманды далаларды мекендеген. Олардың адамдарға ең ұқсас белгілерінің бірі — жақтарының құрылысы: күрек тістері, ит тістері салыстырмалы түрде ұсақтау, ал азу тістері ірі болған. Австралопитектердің жақтары адамдардыкінен әлдеқайда үлкен және алға қарай шығыңқы болған, ми көлемі адамдардан 3 есе кем, ал қазіргі адам тәрізді маймылдардан (шимпанзе, горилла) екі есе үлкен. Сондықтан да оларды адамдардың ата-тегі ретінде қарастырады. Австралопитектердің ішінде афар австралопитегі адамдардың ата-тегі болуы мүмкін деп болжамдануда. Австралопитектер өз ішінде төрт топқа: афра, африканус, куатты австралопитек және бойса адамы. Олар Кромдрай, Сварткранс, Омо, Кооби Форa, Олдувай шатқалынан, Чесованджа аймақтарынан табылған.

1960 жылы Танзания елінің Олдувай шатқалынан австралопитектердің сүйектерімен бірге адамға өте ұқсас қазба сүйектер табылған. Олардың бойлары шамамен 120 см, салмағы 40-50 килограмм ми көлемі 650-750 см³, жақтарының құрылысы және тістері австралопитектермен салыстырғанда нәзіктеу болып келген. Сонымен қатар, қазба сүйектермен бірге қолдан жасалынған қарапайым еңбек құралдары — пышақтар, сойыддар т.б. табылған. Оларды Олдувай мәдениеті деп атайды. Осы қарапайым еңбек құралдарын жасаған қазба сүйектердің иесі деп есептелініп оларды адам туысының алғашқы өкілі — **іскер адам** — **Homo habilis** деп атаған. Епті адамдардың бас сүйегінің ішкі бетінде бірнеше прогрессивтік нейроморфологиялық өзгерістердің пайда болғаны анықталды: 1) ми сыңарларының асинхронды болуы; 2) екі сөйлеу орталығының бастамасының дамуы. Сонымен қатар, аяқтарының бас бармағы табанға көлденең орналаспай тура

орналасқан. Бұл епті адамдарда тік жүруге байланысты морфологиялық өзгерістердің толық аяқталғанын көрсетеді. Епті адамдардың өмір сүрген уақыты 2-1,7 млн. жыл. Сонымен адам туысы осыдан 2 млн жыл бұрын пайда болған.

Адам пайда болғаннан кейінгі эволюцияны 3 кезеңге бөледі: ежелгі адамдар- архантроптар; ертедегі адамдар-палеоантроптар; қазіргі типті адамдар -неоантроптар.

Архантроптар осыдан 2 млн жыл бұрын пайда болып 200-100 мың жылға дейін тіршілік еткен. Оларға, **тік жүретін** адамдар деп аталатын құрама түр *Homo erectus* — питекантроп, синантроп, Гейдельберг адамы т.б. жатқызылады. Питекантроптардың сүйектері Шығыс және Солтүстік Африкадан, синантроптар Азиядан табылған. Бұлардың тіршілік еткен уақыты 1 млн жылдан 600-400 мың жыл аралықтарында. Олардың ми сауытының көлемі үлкен болған — 850-1100 см³. Антропологтардың жорамалдауынша ең қарапайым сөйлеу ми көлемі 750-800 см³ жеткен кезде пайда болған, демек питекантроптар, синантроптар өте қарапайым сөйлей білген. Олар отты пайдаланған, оны ұзақ уақыт сақтай білген, бірақ өздері отты ала алмаған, Олардың шағын топтары үңгірлерді мекендеген.

Тік жүретін адамдар қазіргі Қазақстан, Өзбекстан мемлекеттері аймағын мекендеген. Мысалы, Тешікташтан (Өзбекстан) питекантроптың баласының қазба сүйегі, Қаратау, Ұлытау өңірлерінен (Қазақстан) тік жүретін адамның мекен орыны, еңбек құралдары, тасқа салған суреттері көптеп табылған. Олар осыдан 500 мың жыл бұрын өмір сүрген.

Палеоантроптар — ертедегі адамдар 100 мың жылдан 25-35 мың жылға дейін өмір сүрген. Оларға **неандерталь адамы** — *Homo sapiens* жатады. Бұлардың ми көлемі 1500 см³ дейін болып, күрделі қауымдық тіршілік еткен. Олар өздері отты ала білген, сөздері күрделірек, былдырлап сөйлейтін болған. Палеоантроптар өздерінің жақындарына, жас балаларға, қарияларға қамқорлық жасаған, өлген адамдарды жерлеп отырған. Палеоантроптардың эволюциясында әлі де болса табиғи факторлар — сұрыптау елеулі рөл атқарған. Дегенмен,

бірте-бірте палеоантроптардың элеуметтік құрылымы, еңбек қызметтері күрделеніп антропогенездің ең ақырғы 3 кезеңіне неоантроптарға көшкен. Бұл процесте адамдардың бір-бірімен сөйлесу арқылы байланыстарының күшеюі, жинақталған тәжірибені, білімді ұрпақтарға жалғастыруда сөздің күрделенуі шешуші рөл атқарған. Адамдардың сыртқы орта факторларына тәуелсіздігінің күшеюі, жасанды тіршілік ортасының пайда болуы, қоғамның қалыптасуы табиғи сұрыптаудың творчестволық (түртүзілу) мәнінің жойылуына алып келіп, адамдардың биологиялық эволюциясын біржолата тоқтатты.

Неоантроптар (грек. neos – жаңа, anthropos– адам)– археологиялық қазбалардан табылған және бүгінгі саналы адамдардың (*Homo sapiens*) жиынтық атауы. Неандерталь адамын кейінгі палеолитте кроманьондықтар, яғни Неоантроптар алмастырды. Олардың палеоантроптар мен архантроптардан негізгі антропологиялық айырмашылықтары – бас сүйегінің ми сауыты сопақ, маңдайы тік, иегі жақсы жетілген, шығыңқы, қабақ сүйектері орташа жетілген.

Археологиялық қазба барысында аршып алынған Неоантроптардың сүйектері қазіргі адамдардың сүйектерінен біршама ірілеу. Сүйек қалдықтары Еуропада Франция (Гримальди, Комб-Капелль, Ла-Мадлен, Ложери Ба, Солитре, т.б.), Англия (Павиленд, Галлей-Хилл т.б.), Германия (Оберкассель, т.б.), Чехия мен Словакия (Брно, Пржедмост, Младеч, т.б.), Ресей (Сунгирь, т.б.), т.б. елдердің жерінен табылған Неоантроптар ескерткіштері мерзімі жағынан бұдан бұрынғы 40 мыңжылдықтардан әрі аспайды. Африка саналы адамдары Эфиопия (Ома, б.з.б. 130 мыңжылдық), Оңтүстік Африка (Ривер Маус, б.з.б. 120 мыңжылдық; Бордер, б.з.б. 70 мыңжылдық), Кения (200-100 мыңжылдықтарды қамтитын бірқатар ескерткіштер), Танзания (Мумба, бұдан 130 мың жыл бұрын) жерлерінен табылған Неоантроптар Еуропадағы Неоантроптарға қарағанда ертеректе өмір сүрген. Ал Азияны мекендеген Неоантроптардың да сүйектері Еуропа Неоантроптарына қарағанда ертеректе өмір кешкендігін дәлелдеген. Мысалы, Қытай (Дали, Цзиньншань – бұдан 200

мың жыл бұрын), Израиль (Кафзех, Схул-4 – бұдан бұрынғы 90 мың жылдың шебі) Калимантан (Ниа, 40 мың жыл бұрынғы), т.б. Осы мәліметтерге қарап антропологтар мен археологтардың көпшілігі Неоантроптардың байырғы отаны Африка болған деп жорамал жасайды. Неміс антропологі Г.Бройер Homo sapiens бұдан 150 мың жыл бұрын Сахара шөлінің оңтүстігінде қалыптасып, 100 мыңжылдықтар шебінде Алдыңғы Азияға, 40 – 35 мыңжылдықтар бұрын Еуропа мен Азияға қоныс аударып, жергілікті неандерталь замандастарымен араласып кіріккен деген пікір айтады. Неоантроптардың пайда болуы жөнінде ғалымдар пікірі екіге бөлініп, бірі моноцентристік (Я.Я. Рогинский, В.П. Якимов, М.Г. Левин, т.б.), келесілері полицентристік (Ф.Вейденрейх, К.Кун, Г.Ф. Дебец, В.П. Алексеев, тағы басқа) бағытты ұстанады.

Неоантроптар – Орталық және Батыс Азияда және Солтүстік-Батыс Африкада өмір сүрген палеоантроптардың прогрестік түрлерінен өрбіген деген моноцентристік теорияны қолдаушылар саны көп. Қазіргі эволюция көзқарастарға қарағанда гоминдтер ежелгі адамдардың әр келкі түрлері мен түршелерінің бір-бірімен гендік алмасуының нәтижесінде қалыптасқан. Қазақстанда Неоантроптардың сүйек қалдықтары әзірге табылған жоқ. Бірақ олардың тастан жасаған қарулары Қаратау, Сарыарқа, Балқаш көлі төңірегі, Ертіс алабы, Маңғыстау мен Мұғалжар тауларынан көптеп табылып отыр.

Қазіргі адамдар бірнеше нәсілдерге бөлінеді. Нәсілдер дегеніміз адамдардың үлкен популяциялары болып табылады. Нәсілдердің физиологиялық, психологиялық ұқсастығы олардың айырмашылықтарынан әлдеқайда жоғары болады, олардың көптеген гендері де бірдей, ортақ болып келеді. Адамдардың 3 үлкен нәсілдері белгілі: негроидтық, еуропаидтық және монголоидтық нәсілдер. **Негроидтық (австралонегроидтық)** нәсілдердің шаштары бұйра, қара түсті, көздері қара, мұрындары қысқа және кең, қалың ерінді, терісі қоңырқара болып келеді. **Еуропаидтардың** шаштары жұмсақ, толқынды, әр түрлі ренді, терісі ашық түсті, сақал-мұрттары жақсы дамыған, мұрындары қысыңқы, үлкен, жұқа ерінді болып

келеді. **Монголоидтар** шаштары қатты, қара түсті, сақал-мұрты нашар дамыған, терісі сары ренді, мұрындары жуан, орташа, қабақтары (эпикант) жақсы дамыған (Кесте -1).

Кесте -1.

Негроидтық нәсіл	Еуропоидтық нәсіл	Монголоидтық нәсіл
шаштары бұйра, қара түсті, көздері қара, мұрындары қысқа және кең, қалың ерінді, терісі қоңырқара	шаштары жұмсақ, толқынды, әр түрлі ренді, терісі ашық түсті, сақал-мұрттары жақсы дамыған, мұрындары қысыңқы, үлкен, жұқа ерінді	шаштары қатты, қара түсті, сақал-мұрты нашар дамыған, терісі сары ренді, мұрындары жуан, орташа, қабақтары (эпикант) жақсы дамыған

Нәсілдер бір-бірінен негізінен терілерінің түстері арқылы ажырасады, ол адамдардың эволюциясының бастапқы кезеңдерінде табиғи сұрыптау нәтижесінде ортаға бейімделушілік ретінде қалыптасқан. Ежелгі адамдар — архантроптар 2 үлкен популяцияға — нәсілдерге бөлінген: монголоидтар және еуропоидты-негроидтар. Кейінірек еуропоидты-негроидты популяция тағы да — евразиялық (еуропоидтық) және австралонегроидтық нәсілдер болып, 2-ге бөлінген.

XV ғасырға дейін, яғни жаңа құрлықтар, жаңа елдер ашылғанға дейін әрбір нәсілдер бір-бірімен араласпай белгілі бір жерлерді мекендеген; мысалы, монголоидтар — Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, австралонегроидтар — экваторлық тропика аудандарда; еуропоид — Еуропа, Солтүстік Африкада, Солтүстік Үндістанда т.б. Ал, кейінірек, әр түрлі көліктердің дамуына байланысты олар миграцияланып бір-бірімен араласып кеткен.

Адамның ең таяу ата-тектері мен олардың адамзат қоғамында алатын орны: Қазіргі кезде Ескі Дүниенің әр түрлі салаларында үштік дәуірдің аяғындағы қазылып табылған адам тәрізді маймылдардың қазындылары өте көптеп белгілі болып

отыр. Табылған олжалардың көпшілігі нашар сақталған, сондықтан да пайымдау қаңқаның тек жеке бөліктерін зерттеуге ғана жиі негізделеді. Палеонтология мен салыстырмалы морфология жасаған зерттеудің барлық әдістерін алсақ, қаңқаның фрагменттері бойынша, бүтіндей алғанда хайуанаттың морфологиясы туралы және тіпті оның тіршілік ету түрі туралы ұғымды құрауға мүмкіндікті жиі береді.

Адамға ең жақыны дриопиктекті маймылдар тобы болып шықты. Батыс Еуропаның, Африка мен Азияның әр түрлі облыстарының кейінгі үштік жіктерінде дриопитектердің қалдығы табылды. Бұлардың арасында, олардың неғұрлым жоғары реттегі систематикалық категорияға-шағын семья тобы мен семья тобына біріктіруге мүмкіндік беретін, қалайда, морфологиялық ерекшелікті айқын көрсететін бірнеше түрлерді алуға болады. Дриопитектер орташа көлемі жағынан осы заманғы повиандар мен шимпанзені еске түсіретін приматтар болып келеді. Оның систематикалық жағдайын анықтау үшін, бүкіл топтың өзіне тән морфологиялық белгілерінен сойдақ тістері мен диастемалардың-сойдақ тіс пен тіс аралары аралықтарының біраз кішіреюін маңыздырақ деп санауға болады. Сонымен бірге диастема да, күшті дамыған сойдақ тісте, адамда болмайды. Сөйтіп дриопитектер морфологиясында адам типіне жақындау жағында елеулі алға басуды атап көрсетуге болады. Сондай-ақ антропоморфты приматтардың ұқсас формалары Батыс Үндістан мен Грузияның палеонтологтік қабаттарынан табылады. Дриопитектер сияқты бұлар үшін де, адам ерекшеліктерінің жасалу жолымен прогрессивті даму жолын көрсететін кейбір сипаттар тән болып келеді.

Гоминид семьялығының тікелей арғы тектері туралы нақтылы ұғымды жасау үшін оңтүстік Африкадағы толып жатқан және жақсы сақталған олжалардың мейлінше зор маңызы бар, мұның алғашқы ұғымы 1924 жылы жасалған еді. Осы уақытқа қарай оңтүстік Африкада антроморфты маймылдардың бес қазбалық түрі ашылды, бұлар үш текті-австралопитектердің, парантроптарды және

австролопитектердің семья тармағына немесе семьялығына бөлінеді. Олар, бойы жағынан, дриопитектік маймылдардан айнамады, бірақ миының біршама ірілігімен (500-600 см³) және артық аяқтары мен жүру арқылы сипатталған. Соңғы ерекшелігі ашық жерде тіршілікке бейімделушілігі болып табылады. Австролопитектік маймылдармен бірге табылған фаунаны зерттеу олар жыртқыштық өмір сүргенін және хайуанаттарды аулағанын көрсетеді. Сонымен австролопитектерді зерттеу адамның қалыптасуында етті тамақтардың үлкен рөлі туралы. Ф.Энгельстің пікірін растайды және хайуанаттарды аулау гоминидтердің ата-бабаларында да болсын басым орын алғанын көрсетеді.

Австролопитектік маймылдардың қаруларды пайдалануы туралы мәселе ерекше қойылады. Олармен бірге шөп қоректі хайуанаттардың бас сүйектері, мүйіздері мен сынған түтік сүйектері, сондай-ақ павиандардың сынған бас сүйектері көптеп табылған. Австролопитектер павиандарды аулаған және олардың бас сүйектерін өткір тастардың көмегімен жарған деп болжамдалады. Бұлардың кейбіреулерінде тесіктер бар, оларды кейбір мамандар қолдан өндеудің іздері ретінде алып түсіндіреді. Тастармен бірге қарулар ретінде ағаш таяқтар мен таяқшалар, сондай-ақ шөп қоректі ірі хайуанаттардың мүйіздері мен түтікше сүйектері пайдалана алатын еді. Бірақ бүтіндей алғанда австролопитекті маймылдардың қаруларды үнемі қолдануы туралы және оларды әдейлеп жасап шығарғандығы жайлы мәселе, сондай-ақ кейбір оңтүстік Африкалық және ағылшын мамандары талап ететіндей олардың отпен таныстығы да мейлінші даулы болып табылады.

Олдувей тауларының ерте төрттік қабаттарында (Танганьика) 1959 жылы төтенше маңызды олжа табылды. Приматтың «Зинджантроп» деп ат тағылған осында табылған бас сүйегі, зинджантроп туралы жеткілікті белгілі бір ұғым құрауға мүмкіндік береді. Ол горилланың құрылысындағы ұқсастықты өзіне тән кейбір ұқсастықтары бар белгілермен өзгеше етеді, бірақ екінші жағынан екі аяғымен жүретін үлкен миы және тіс системасының морфологиясында адамдық

ерекшеліктері болған. Зинджантроптың жасы шамамен бір жарым миллион болып анықталады. Алайда қаруларды пайдаланудың ежелгі замандық проблемасы осы олжамен де шешім таба алмады. Зинджантропен бірге табылып отырған тас индустрия белгісіз формадағы дөрекі өңделген қарулардан тұрады. Бірақ бұлардың зинджантропқа тиісті екендігі мейлінше даулы болып қалып отыр.

1960 жылдың аяғында зинджантроп қалдықтарының геологиялық қабаттарында басқа тіршілік иесінің қалдықтары табылды. Бұдан бізге келіп жеткені бас сүйектері, төменгі жақ сүйек, бұғана, табан мен қол басының сүйектері болатын. Табан сүйегінің морфологиясын талдау, бұл тіршілік иесі тік жағдайда жүріп-тұрғанын, яғни австралопитектер сияқты екі аяқты тіршілік иесі болғанын көрсетеді. Оның қол басының сүйектері мен бұғаналары осы заманғы адамның бұғанасы мен қол басына ұқсас болған. Бірақ бас сүйек қорабының сыйымдылығын анықтау нәтижелері ерекше қызықты еді. Бұл шамамен 670-680 см тең, яғни австралопитектерге және сол заманғы адам тәрізді маймылдардікінен үлкен болып шықты. Ал, қалайда мидың көлемі қандай да болсын басқа белгілерге қарағанда едәуір үлкен мөлшерде қазба формасының жағдайын сипаттайды. Сонымен бұл тіршілік иесін адамзат пайда болуының тікелей бастауында тұрған деп қарауға болады. Бұл тіршілік иесінің қалдықтарын сипаттап жазған зерттеуші Ф.Тобайас мұны *Homo habilis* шебер адам деп атауды ұсынды. *Homo habilis* табылған қабаттардан тұрпайы қашалып жасалған малта тастар-сөзсіз алғашқы қарулар табылған. *Homo habilis* өмір сүрген уақыт клийргонов әдісінің көмегімен 1750000 жыл деп анықталады. Бұл осы уақытқа дейін өмір сүріп келген шежірені өлшеусіз көнелендіреді де, адамзаттың өмір сүрген дәуірін екі есеге дерлік ұзартады.

Сонымен кейінгі үштік және ерте төрттік дәуірлердің анроморфты приматтардың палеонтологиялық олжаларын, тіпті үстірт санап өтудің өзі-ақ адамзаттын арғы отаны проблемаларының күрделілігін айқын көрсетеді. Гоминидтермен жақындастыруға болатын қазба приматтардың

қалдықтары Ескі дүниенің түрі материктерінде табылған. Бұлардың бәрі геологиялық замандар шегінде өзара шамамен синхронды келеді, сондықтан да палеонтологиялық деректер хайуанаттар дүниесінен адамның бөлініп шыққан территориясын таңдауға мүмкіндік бермейді. Геологиялық, палеозоологиялық, палеоботаникалық, палеоклиматологиялық деректер Орталық және Оңтүстік Африка мен Орталық Азияның байтақ кеңістік жерінде жоғары приматтардың тұрған мекені үшін жеткілікті қолайлы көріністі суреттейді. Евразия мен Африка материктерінің арасын таңдап алу адамзаттың арғы отаны аймағын анықтау үшін қалыптасқан алғы шарттардың жоқтығы да оны қиындата түседі. Бір оқымыстылар адамның хайуанаттар дүниесінен бөлінуі қайсыбір тау етектерінің жартасты, көкорай шалғынды жағдайларында болған, екіншілері гоминид семьялығының тікелей ата-бабалары дала тұрғындары болған, деп санайды.

Ескі дүниеден олар үшін өте алмайтын су кедергілерімен бөлініп қала отырып, жоғарғы приматтардың мекендеу аймағына жалпы кірмеген Австралия мен Америкада адамзаттың пайда болуы жайындағы нақтылы көзқарас тұрғысын тұрлаусыз гипотезаларды шығарып тастай отырып, біз қазіргі кезде тиісті нақтылықпен адамзаттың арғы отаны проблемасын шешуге ие болатындай мүмкіндігіміз жоқ. Ч.Дарвин азиялықтармен салыстырғанда африкалық антропоидтардың адаммен үлкен морфологиялық ұқсастығына сүйене отырып, адамзаттың арғы отаны Африка материгі болғаны, неғұрлым ықтимал деп санады. Біздің ғасырымыздың бас кезінде жасалған Үндістанда жоғары приматтардың табылған қазбалары оны Азия материгі жағына аударды. Алайда австролопитектік маймылдар мен зинджантроптың қазба қалдықтарының табылуы адамзаттың бесігі ретінде африка материгіне тағы да зерттеушілердің назарын аударып отыр. Қалай болған күнде де, қазіргі кезде бұл көзқарас басымырақ болып отыр.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Жануарлар дүниесіндегі адамның рөлі қандай және ғылыми философияда адамның пайда болуының мәні неде?*
2. *Чарльз Дарвиннің «Адамның пайда болуы және жыныстық сұрыпталуы» деген еңбегінің тарихи маңыздылығына тоқталыңыз.*
3. *Ғалымдар адам пайда болғаннан кейінгі эволюцияны қанша кезеңге бөлді, сипаттап беріңіз.*
4. *Нәсіл дегеніміз не және монголоидтық нәсілді сипаттап беріңіз*

§ 6. Ең көне заманғы гоминидтер мен олардың еңбек қызметтері

1. *Питекантроп пен синантроп: ерекшеліктері, айырмашылықтары*
2. *Көне заманғы гоминидтер және олардың еңбек қызметтері*

Питекантроп пен синантроп: ерекшеліктері, айырмашылықтары: 1891 жылы голланд ғалымы Эжен Дюбуа Ява аралынан тасқа айналған ежелгі адамның қазба қалдықтарын тапты. Бұл қаңқа қалдықтарының бұдан бұрынғы 1,9 млн — 650 мың жыл аралығында өмір сүрген адамның сүйектері екендігі анықталды. Оны Эжен Дюбуа питекантроп деп атады. Ол гректің "*Pithekos*" — маймыл және "*anthropos*" — адам сөзінен — алынып, **маймыл адам** деген ұғымды білдіреді. Оның бас сүйегіндегі қас үсті доғасы ерекше алға қарай шығыңқы, маңдайы артқа қарай жазық тайқы болып келген. Ал шүйде сүйегі артқа қарай шығыңқы. Бұл адамтекес маймылдарға ғана тән белгілер. Оның миының салмағы 900 г, яғни адамтекес маймылдардың миынан біршама үлкен. Бұл көне адамдар түрі шамамен бұдан 1,2-1,6 млн жыл бұрын пайда болды. Питекантроптар Африка шегінен шығып, адамдардың

таралу аймағын кеңейтіп, Еуропа және Азияға орналасты. Олар біртіндеп өзгере және әбден жетіліп, миллиондаған жылдардан астам өмір сүрді. Бұдан түр бәсекелестікте төтеп бере алмай, тіршілік үшін күресте жеңіліс тапты деуге болмайды. Ол көне адамдардың едәуір алға басқан түрлері неандерталдықтарға бастама болды.

Кәдімгідей тік жүруге байланысты питекантроптардың қаңқасында маңызды өзгерістер болды. Аяқ басында күмбез пайда болды. Жамбас пішіні табаққа көбірек ұқсас бола бастады. Питекантроптар шапшаң жүріп, алыстау қашықтыққа жете алды. Осыған орай питекантроптар *homo erectus* немесе тік жүретін адам деп аталды. Питекантроптар ұзақ, орын ауыстыру кезінде уақытша үй-жай, қоныс жасады. Бірақ әрқашан үңгірлерде тұрақты өмір сүрді. Олар аң аулап, өздеріне қорек тапты. Атап айтқанда питекантроптар отты ең алғаш пайдалана бастады. Бастапқыда олар табиғи отты пайдаланды. Сөйтіп бір жерден екінші жерге көшкенде тастан қашалған ыдыстарға салып алып жүрді. Кейінірек, шамамен бұдан 300-400 мың жыл бұрын, отты өздері жағуды үйренді.

Кейбір ғалымдар питекантроптар өз құралдарын мүмкіндігінше тартымды етіп жасауға тырысқан деп есептейді. Соған орай олар өнерлі болды деуге болмайды. Оның есесіне питекантроптар топтасып аң аулауды білді. Олар өмір сүрген үңгірлерден өлтірілген бұғы, жылқы және өзге жануарлардың сүйектері табылды. Оны тек найза және таяқты пайдалану арқылы жалғыз ұстап алу, әрине, мүмкін емес еді. Демек бұл тайпа қажетті жабайы аңдарды аулау үшін үңгірге айдап енгізуді немесе бағытты өрт қоюды пайдаланған.

Алайда питекантроптардың өмір сүру құралдарының мәдениетін көрсететін ешқандай дерексіз ойлау белгілері қалмаған. Оларда өлген тумаларын қадірлеу ұғымы болған жоқ. Тайпаластар қалдығын жерлеместен, сол орнында жай қалпында қалдыра салды. Көбінесе өлген адамдардың сүйектерін қолайлы құрал немесе үйге қажетті аспап ретінде пайдаланды. Питекантроптардың ең кейінгі және ең алға басқандары синантроптар (қытайлық адам) деп аталады. Олар Шығыс Азия

аймағында тіршілік еткен. Синантроптардың қаңқа қалдығы 1937 жылы Пекин маңындағы үңгірден табылды. Олар аң терілерін киім ретінде пайдаланып, үңгірлерде тұрған және тас құралдарды әрі отты пайдаланған. Синантроптардың көп белгілері питекантроптармен салыстырғанда қазіргі адамдарға көбірек ұқсайды.

Ерте плейстоцен дәуірі адамы қалдықтарының екінші тамаша олжасы Солтүстік Африкада 1954-1965 жылдары табылған. Бұл Явадағы олжаға қарағанда анағұрлым фрагментарлы болып келеді. Тек толық сақталмаған төменгі жақ сүйектері ғана табылды. Алайда бұлар ауыспаған күйде және қарулармен бірге жатқан, бұл олжалардың бағалылығын едәуір арттыра түседі. Бұл қарулар тиісті тіршілік иесі *Atlanthropus mauritanicus* деген атқа ие болды.

Қосалқы деректер – олармен бірге табылған еңбек қарулары оның тік жүретін тіршілік иесі болғандығын көрсетеді. Табылған жақ сүйектерде тістері ірі аумақтылы, иек шығындысы түгелдей жоқ болып келетіні қарапайым құрылысымен сипатталады. Питекантроп жақ сүйектерінің және тістерінің фрагменттерімен салыстырғанда, атлантроп шамамен Ява олжаларынікіндей морфологиялық даму дәрежесінде болған деуге болады.

Австралопитектік маймылдармен бірге Оңтүстік Африка қабаттарынан 1949 жылы табылған төменгі жақ сүйек сол бір геологиялық заманға жатады. Жақ сүйектер мен тістердің морфологиялық ерекшеліктері тіршілік иесін бұлар тиісті болған гоминид семьялығына кіргізуге мүмкіндік берді.

Атлантроппен бірге табылған тас қарулар үлкен көлемді, өңделуі тұрпайы және формалары тұрақсыз болып келеді.

Бұл арада бүтіндей алғанда ең көне дүние гоминидтерінде еңбек қаруларының эволюция жолдары туралы мәселені қарастыру орынды болады. Қазіргі кезде ескі дүниенің әртүрлі материктерінде ерте плейстоцен қаруларының көптеген мөлшерде олжалары белгілі болып отыр. Жоғарыда кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, жүйесіз өңдеу іздері бар мейлінше едәуір мөлшердегі тастар өте көне дәуірде

гоминидтердің қарулары болғандығын айтады. Бұл тастарға зоолиттер деген ат тағылды.

Ең көне қолайлы ыңғайланып жасалған тас қарулар бірнеше ірі бір ұштарында ойындылары бар тесілген малта тастар; әрі осындай малта тастардан опырылған сынықтар болды. Осындай қарулар болып келетін археологиялық мәдениет мүжілген малта тастар мәдениеті деген ат алды; бұл шелльге дейінгі заманға жатады. Мұндай қарулар Батыс Пенжабта, Қытайда, Африка материгінің түрлі аудандарында табылған. Ең көбірек мәлім болған мекен-жай Шығыс Африкадағы Олдовей сайында (Танганьика), мұнда шеттері мүжілген малта тастар палеолиттің түрлі кездерінің тас қару қалдықтары бар қат-қабатты ескерткіштің ең төменгі қабаты болып келеді.

Малта тастар мәдениеті Европада толығымен жоқ. Мұнда малта тас мәдениетіне жақын, бірақ қалайда неғұрлым жетілдіріле түскен біраз кейінгі қарулар белгілі болып отыр.

Палеолит заманының келесі археологиялық мәдениеті шелль (осы мәдениетке тән тас қарулар шет аймағында алғаш рет табылған Франциядағы Шелль қаласы бойынша) немесе аббефиль (қала бойынша ең көбірек типі табылған қаруларды жасаған) деп аталған. Қолмен соққан деп аталатын – сол заманның бірден-бір формасы айқын көрінетін ірі қарулар өзінің атқаратын қызметі жағынан универсалды еді. Шелль қарулары соққылайтын техникамен жасап шығарылған. Шақпақ тастың табиғи кесегіне басқа таспен соққыларды бере отырып (соққы таспен) тиісті форма берілді. Соққыш жұмыс кезінде алақанға тірек болу үшін жоғарғы жалпақ ұшында өкшесі және өткір жұмыс істейтін ұшы бар миндаль тәрізді, сопақша немесе найза іспетті формалы үлкен аумақты (ұзындығы 10-20см) қару болып келеді.

Шелль заманының адамы шағын топ болып өмір сүрген, өзендердің, көлдердің жағаларында және субтропиктік ормандардың ішінде жүретін болған. Тіршілік етудің негізгі көзі, сірә, хайуанаттарды аулау, жеуге жарайтын жабайы өскен

өсімдіктерді, сондай-ақ құрт-құмырсқалар мен кесірткелерді жинау болды.

Өте көне гоминидтің морфологиялық типінің эволюциясын түсіну үшін, 1927 жылдан бастап Солтүстік Қытайда Пекинге таяу Чжоукоудянь үңгірінде аса маңызды жаңалықтар ашылды. Мұнда табылған ең көне аңшылар лагерінің қазбасы орасан үлкен археологиялық материалға қол жеткізді. Бұл 40-тан астам ер адамдардың, әйелдер мен балалардың сүйек қалдықтары еді. Мәдениет даму жағынан да, сондай-ақ өзінің морфологиялық тұрпаты жағынан да питекантропқа қарағанда бұл адамдар осы заманғы адамға жақын келуі жолында біраз жоғары алға басқан болып шықты. Олар питекантропқа қарағанда неғұрлым кейінгі заманға – орта плейстоценге жатады және пекин маймыл адамы дербес туыс пен түрге *Sinanthropus pekinensis* бөлінген болады. Сүйек материалының сақталғандығы синантроп қаңқасының құрылысын түгелдей дерлік зерттеуге және осы арқылы питекантроп олжаларының фрагментарлығымен шарттас болып келетін, біздің білімдеріміздегі олқылықтарды толтыруға мүмкіндік берді.

Питекантроп сияқты синантроп орта бойлы және денесі мығым болып келген тіршілік иесі еді. Алайда оның жүрісі неғұрлым орнықты болатын, бұл оның аса қозғалғыштығына жол ашты. Миының көлемі питекантроп миының көлемінен асып түсетін және түрлі индивидуумдарда 900 см-ден 1200 см арасында ауытқып, орташа 1050 см болды. Дегенмен бас сүйек құрылысында синантропты адам тәрізді маймылдарға жақындата түсетін көптеген тұрпайы белгілер: бас сүйек қорабының шағын биіктігі, қабақ үстіндегі көбесінің айқын көрінуі, иық шығындысының жоқ болуы, тістерінің үлкендігі мен құрылысы әлі байқалатын синантроп бас сүйек қорабының ішкі самай жарнағының артқы бөлігі мен самай-төбе-желке саласында дөңес байқалған еді. Бұл салалардың ұлғая түсуі мидің құрылысы туралы пайымдауға мүмкіндік береді және синантропта айырым сөздің болуы пайдасына дәлелдер ретінде түсіндіруге болады.

Бұл қорытындыны қорғауда синантроптардың еңбек қызметінің біршама жоғары дәрежесі жанама дәлел бола алады. Мәселен, айталық, құралдары сан алуан және шелль тұрғын жерлерінен табылған саймандарының пішіндері тұрақсыз бір типті. Соққыштар аз, әрі бұлар да типологиялық бірыңғайлығымен айрықша болып келеді. Синантроп, енді бұғы, киік, жабайы жылқы және тіпті миіз тұмсық сияқты ірі жануарларды да өлтіретін. Оның үңгірлерде тұрақты мекені болған. Қазындылар отты кеңінен пайдаланғандығының даусыз дәлелдерін көрсетті, үңгір ішіндегі күлдің қабаты бірнеше метрге жетеді.

Алғашқы тұрмыс адамының өмірінде от өте үлкен рөл атқарды. Мұны пайдалану адам мүмкіндігін бірнеше еселеп ұлғайта түскен төтенше қуатты табиғат күшін игеру деген сөз еді. От жылу берді, тамақ даярлауға пайдаланылды, осындай өндеуден кейін тамақтың көптеген түрі организмге едәуір жақсы сіңетін болды. Жыртқыштарды үркіту үшін ағаш құралдың жұмыстық бөлігін күйдіру т.б. үшін амалдап аң аулағанда кеңінен қолданылды. Алғашқы тұрмыс адамы отты табуды бірден үйренбегені түсінікті. Ең ықтималырағы, оны әуелі орман өрттерінен ұқыптап алып, үңгірге келгенде, оны тұрақтандырып сақтаған. Ұзақ көшіп-қону кезінде бықсыған оттықтарды, мұны қазіргі кезде кейбір артта қалған тайпалар жасап жүргендей, бір орыннан екінші орынға алып баратын болған. Оттарды қолдан тауып алу, сірә, қаруларды жасау жөніндегі ең қарапайым операциялармен байланысты болса керек. Мәселен бір тасты екіншісіне шақпақты пиритке соққанда ұшқын шыққан, бұлардан құрғақ мұк, шөп немесе жапырақ тұтана алатын-ды. Ағаш қаруларды жасап шығарғанда ағаш үйкеле келіп өзінен-өзі тұтана алатын. От табудың нақ осы тәсілдері-шақпақтау мен үйкелу ең артта қалған этнографиялық қоғамдарда кеңінен тараған.

Төменгі палеолиттің тас индустриясының дамуында шелль кезеңінен кейін Франциядағы алғашқы табылу орнына қарай (Сен-Ашель Амьен қаласының маңы) ашелль кезеңі келген.

Кейінгі ашелль индустриясы неандерталь типті адамның сүйек қалдықтарымен бірге табылған. Сонымен бүкіл ықтималдығына карағанда шелль кезеңінің ұзақтығынан кем түспейтін байтақ уақыт кезеңін қамтиды. Бұл жөнінде типологиялық жағынан алғанда ашелль саймандарының шелльдікінен онша-мұнша айырмашылығының жоқтығы дәлел болады. Қарулар шағын, әсемірек бола түсті, бірақ неғұрлым дұрыс геометриялық формаға ие болған қол соққышы бұрынғыша басымдық ететін форма болып қала берді. Ашелль дәуірі қару формаларының өзгерістерімен ғана емес, сондай-ақ өңдеу тәсілдерінің жетілдірілуімен де сипатталады. Шелль соққышын даярлау процесі аяқталатын тұрпайы қайталаудан кейін, қарулардың жұмыс істейтін бөлігінің сыртқы бетін тегістей түсетін тас көптеген ұсақ, жеңіл де жиі соққылармен өңделеді. Сондықтан да ашелль соққыштарының жүзі тура және өткір болды. Сынықтардан алынған қарулардың өткір ұштыларының қырнауыштар мен тескіштердің формалары жақсартылды.

Синантроптар қол соққышты формалы қаруларды аз пайдаланған. Африкада бұл дәуірде қол соққыштарының басымырақ жасалып шығарылуы солтүстік аймақтарда ғана тежелді. Оңтүстік аудандарда еуропалықтан да азиялықтан да айырмашылығы бар тас қарулардың ерекше формалары басым болды. Ашелль мәдениетінің кейінгі кезеңіне Леваллуа типті қарулар жатады (Париж түбіндегі Леваллуа-Перре олжаларына қарай аталған). Бұл-негізінен білік өзегі алдын-ала әзірленіп мұқият өңделген қашау тасымен жасалған ірі шақпақты пластиналар. Сонымен тасты өңдеудегі жергілікті айырмашылықтар ашелль дәуірінде де өмір сүріп қала береді, ал тіпті шелль кезеңімен салыстырғанда күшейе түсуі де ықтимал.

1907 жылы ашелль кезеңінің ертедегі дәуірлеріне қатысты Германияда Гейдельберг маңынан жақ сүйек қаңқасы табылды. Жақ сүйектерінің өте үлкен көлемі және аумақтылығы оның өте күшті субъектіге тиісті болғандығын көрсетеді. Тістері өте ірі, бірақ адамға көптеген тән белгілері болған. Прогрессивті және тұрпайы сипаттардың ұштасуы өзінің

морфологиялық дамуының дәрежесі жағынан гейдельберг адамы, синантропка жақын, бір жерде орын алған деуге мүмкіндік береді.

Маймыл тәріздес адамдар питекантроп, синантроп, атлантроп, гейдельберг адамы –өзінің әуел бастапқы пайда болған аймағынан тыс алыс жерлерге ірге теппей және жылу сүйетін хайуандардың қоршауында жылы климат жағдайларында өмір сүрген; қазылып табылған олжаларға карағанда Африканың үлкен бөлігі мен Европаның оңтүстігі және Азияның Оңтүстігінде мекендеген.

Көне заманғы гоминидтер және олардың еңбек қызметі: 1856 жылы Германиядағы Дюссельдорф маңынан алғаш табылған олжалардың аты неандертальдық адам деп аталып, олардың бәрі *Homo primigenius* түріне жатқызылды. Бұнда табылған питекантроптың олжасы көптеген күдіктер туғызған болатын. Бас сүйегіне қатысты пікірлер айтылды. Кейінірек ересек неандертальдықтар мен неандертальдық балалардың қаңқа қалдықтары Англияда, Белгияда, Германияда, Францияда, Испанияда, Италияда,Швецарияда, Югославияда, Чехославияда, Венгрияда, Қырымда, Африка материгінің түрлі аймақтарында, Орта Азияда, Палестинада, Иранда, Иракта, Қытайда, Явада табылып отыр. Бұл аймақтарда осы уақытқа дейін жаңа ашылулар табылып жатыр және жыл сайын жаңа олжалар табыла түсуде. Бұл қаңқалардың көпшілік бөлігі үңгір және басқа де жер қазу жұмыстарында кездейсоқ табылып отыр.

Неандертальдықтардың морфологиялық типі ең көне гоминидтердің физикалық ерекшеліктеріне карағанда әлдеқайда көп жақсы жағынан мәлім. Сүйек тұрпаттарын зерттеу барысында неандертальдықтар орта бойлы және де бұлшық еттерінің күшті дамығандығын көрсетеді. Неандертальдың өте оңтайлы да тез жүретін жануарларды аулағандықтарына карағанда, оның күші жылдамдығымен қосарланғаны көрінеді. Бірақ жылдамдығы барлық мүшелеріне таралмаған болса керек. Мәселен қол басының пропорциясы осы замандағылардікінен өзгеше, қол басының өзі дөрекілеу де ауырлау болғандықтан нәзік қозғалыстарға оның икемділігі мен қабілеті шектеулі болса

керек. Неандертальдықтар миының дамуы қазіргі заман адамдарының миына жақындап келеді. Оның көлемі түрлі формаларда 1200см- тен 600см – ке дейін аралықта ауытқыды.

Неандерталь формалардың бас сүйек құрылысында да көптеген маймылдың белгілері сақталған. Бас сүйек қорабының биігінде нашар дамығандығымен көре түсетін қас-қабак үсті көбесі кейбір жағдайларда тіпті ең көне гоминид бас сүйектеріндегі осындай түзілістерден аса түсіп, орасан үлкен көлемге жететін, иек шығындысы жоқ болатын немесе өте нашар білінетін. Аң аулау неандертальдықтарға сүйек оймыштары үшін мол материал берді. Өндіріс мақсаттары үшін ұсақ үшкірленген қарулар жасап шығару үшін сүйектерді қолданса, жасанды жолмен от табу әдістерін игерген неандерталь адамы отты кеңінен пайдаланды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Табылған олжаларға байланысты питекантроптың пайда болып, мекендеген жерін атаңыз.*
- 2. Питекантроптың физиологиялық ерекшеліктеріне тоқталыңыз.*
- 3. Синантроптың мекендеген жерлері мен айналысқан кәсіптері қандай?*
- 4. Гоминид семьялылығының тарихында неандертальдық типтің орны қандай?*
- 5. Адамға ең жақын маймылдар тобы?*
- 6. “Епті адамның” питекантроптың (синантроптың) неандертальдықтың сыртқы пішінінің бір-бірінен айырмашылығы қандай?*

§ 7. Алғашқы тұрмыстық адамдар табыны

- 1. Алғашқы тұрмыстық адам табынының дамуындағы аң аулаудың рөлі*
- 2. Алғашқы тұрмыстық ұжымның қалыптасуы*

3. *Алғашқы тұрмыстық табындағы жыныстық қатынастар мен қандас-туыстық семья туралы мәселелер*

Алғашқы тұрмыстық адам табының дамуындағы аң аулаудың ролі: Ең көне және көне заман адамдары шаруашылықтардың екі саласы – жинап тершілік пе, немесе аң аулау ма, қайсысы олардың өмірінің негізі болғанын айта қою қиын. Түрлі тарихи дәуірде, түрлі маусымдарда, түрлі географиялық жағдайларда олардың ара қатынасы бірдей болмаса керек. Алайда, нақ аңшылық алғашқы тұрмыстық адам ұжымының дамуын көп жағынан анықтаған шаруашылықтың неғ ұрлым прогрессивті саласы болғаны даусыз.

Қандай да болсын аймақтың фаунасына қарай аулау объектілері түрлі хайуанаттар болған. Тропиктік аймақтарда бұл гиппопотамдар, тапирлер, бөкендер, жабайы бұқалар т.б. болды. Шелль және Ашелль тұрақтарында табылған хайуанат сүйектерінің арасында кейде, тіпті, піл сияқты ірі жануарлардың сүйектері де кездеседі. Солтүстік аудандарда жылқыларды, бұғыларды, қабандарды, зубрларды аулады, кейде жыртқыштарды өлтіріп, олардың еттерін де қорек етті. Таулы аудандарда неандертальдықтардың аң аулау ісінде: мәселен, тау ешкілерін аулау басым роль атқарды, бұл Тешик-Таш үңгіріндегі олжалардан-ақ көрінеді. Ауланған аңның мөлшері жайында тұрақтарда табылған сүйектерді негізінде белгілі бір дәрежеде есептеу арқылы айтуға болады. Бұлардың көпшілігіндегі мәдени қабатта жүздеген, кейде тіпті мыңдаған хайуанаттардың қалдықтары табылған. Мысалы, Чжоу-Коудяньдағы мекен-жайлармен қатар ашелль заманының үлкен тұрақтары Испаниядағы Терральба тұрағында және Италиядағы Обсерватория үңгірінде ашылды. Бұлардың біріншісінен, мәселен, басқа жануарларды есептемегенде, 30-дан астам пілдің сүйек қалдықтары табылған. Бұл тұрақтар ұзақ уақыт бойына мекенделіп келген, бірақ осыған қарамастан, аң аулау олардың тұрғындарының өмірінде маңызды роль атқармаған.

Табын болып жүретін ірі аңдарды аулауды иіру әдісіңіз көз алдыға келтіру қиын. Ірі хайуандарды тікелей өлтіру үшін ашелль аңшыларының қаруы тым әлсіз болды. Әрине, бұндай жағдайларда көбінесе аң аулау кезінде табыннан қалып қойған ауру немесе әлсіз жануарларды өлтіріп, азық еткен. Өте ежелгі заман адамдары ірі сүт қоректілерді өлтіру үшін батылы барып иіру әдісін кеңінен қолданған. Мысалы, оларды шулау, от шашу, тас лақтырып үркіту арқылы терең сайға немесе үлкен жар қабаққа айдап тығатын болған. Жануарлар жарға немесе сайға құлап мертiгкеннен кейiн, адамдарға тек оларды соғып алып, өлтіру ғана қалатын. Міне, сондықтан да аң аулау, ең алдымен, ірі жануарларды аулау алғашқы тұрмыстық адам табынының ұйымшылдығын, әрі бәрінен көп ынталандырған еңбек қызметінің формасы болғанын көрсетеді. Сондай-ақ еңбек процесінде оның мүшелерін бұрынғыдан да тығызырақ топтасуға мәжбүр етіп, олар ұжым күшін көрсетті.

Алғашқы тұрмыстық адамдар жануар тектi тамақты тек сүт қоректiлердi аулаудан ғана алмағандығы белгiлi. Бұл кейiнiректе анағұрлым едәуiр дамыған адам қоғамдарында тәжiрибиеленген. Олар құрт-құмырсқаларды ұстап, қос мекендiлердi, бауырымен жорғалаушыларды, ұсақ кемiргiштердi өлтiрдi. Бiрақ iрi жануарларды аулау бiр жағынан қарағанда едәуiр үлкен мүмкiндiктер бердi, әрi пайдасын тигiздi. Өйткенi жануарлардың еттерi адам организми үшін аса маңызды заттарды – белоктар, майлар мен углеводтары бердi. Әсiресе, оны отта қақтаудан кейiн тек құнарлы тамақ қана болып қойған жоқ, сондай-ақ алғашқы тұрмыс адамының бойының өсуiн тездетiп, тiршiлiк қызметiн арттырды. Бұл жағдайды адам эволюциясының ертедегi сатыларында еттi тағамды биологиялық прогрестiң аса маңызды стимулы деп бiлген Энгельс те атап көрсеткен болатын.

Алғашқы тұрмыстық ұжымның қалыптасуы: Адамның арғы тектері табынды хайуанаттар болғанымен, олардың мінез-құлқы табындық жағдаймен ғана анықталып қойған жоқ, сондай-ақ барлық жануарлардың мінез-құлқы сияқты таза индивидуалистік рефлексстермен де анықталды. Бұл

жағдай ертедегі адам табынында сақталмай қала алмады. Оның үстіне адам қару алуды үйренісімен-ақ, табындағы соқтығысулар жиілей түсіп, анағұрлым кескілескен түрге айналған деген пікірлер де бар. Егер табында жаппай соқтығысулар болса, онда бұл тіршілік ете алмаған және әлеуметтік ұйымның неғұрлым жоғары формасына дейін дами алмаған болар еді. Бірақ қалай болған күнде де алғашқы тұрмыстық адам табынында мінез-құлықтың индивидуалистік және табынды коллективтік формалары арасында күрес болғандығы даусыз. Өйткені бұндай болмаған жағдайда табындық ұйым рулық ұйымға ешқашан да өсіп ұласпаған болар еді.

Шынына келгенде, хайуанат дүниесінен адамның бөлініп шығуы тек еңбектің арқасында ғана мүмкін болды. Бұл адамның табиғатқа ықпал етуінің ұжымдық формасы болып табылады. Тіпті, ең қарапайым еңбек операцияларына көшу тек ұжымда мінез-құлықтың табындық формалары жағдайларында болған. Бұл жағдай антропогенез бен алғашқы тұрмыстық қоғам тарихының ең ертедегі кезеңдерінде-ақ тамақ тауып бөлісуде, жыныстық тіршілікте т.б. байқалған. Бұл процесс табиғи сұрыптаудың әсерімен күшейе түсті, бұл нақ әлеуметтік байланыстары мен өзара көмегі күштірек білінетін, біртұтас бірлестік ретінде жаулар мен стихиялық сұрапылдарға қарсы тұра алған коллективтердің сақталып қалуына жол ашты.

Иіріп аң аулаудың дамуы, жыртқыш аңдардан бірігіп қорғану, отты сақтау – осының бәрі алғашқы тұрмыстық адам табынының қалыптасуына әуелі инстинктік, содан кейін өзара көмектің ойланып, толғанған формаларының дамуына себеп болды. Тіпті коллективті топтастырудың осы бағытында тілдің жетілуіне де әрекеттер жасалынды. Бірақ хайуандық индивидуализмді ығыстыру, әсіресе, алғашқы тұрмыстық адам табыны тіршілік етуінің қорытынды кезеңіне, яғни мустьер уақытына сай келеді. Осы уақытқа коллектив мүшелері туралы алғашқы жанама дәлелдер – неандертальдық жерлеу және басқа да көрнекі археологиялық олжалар жатқызылады. Петерсхеле (Швейцария) мен Драхенлох (Германия) мустьер үңгірлерінде

үңгір аюларының бас сүйегі мен қол-аяқ сүйектері табылған. Бір оқымыстылар, бұларды аң аулау табысының үлкен коллективтік қорларының іздері деп санайды, екіншілері, бас сүйектер мен басқа сүйектер белгілі бір тәртіпте жайғастырылғанына сүйеніп, бұдан діни ұғымдардың, яғни сол кездің адамдары хайуанаттарға табынғандығының белгісін көреді.

Дегенмен мінез-құлықтың индивидуалистік формасынан коллективтік формаларына өтуде алғашқы тұрмыстық адам табынының табыстарын асыра бағаламау керек. Көптеген неандертальдықтардың бас сүйектерінде тірі кезінде түскен ойықтар кездескен, бұлардан антропологтар табын мүшелері арасындағы қатаң ұрыстардың нәтижесін көреді. Сонымен қатар тұрақтан күйдірілген және ішінен сүйек майын алу үшін, көлденеңінен жарылған ертедегі адамның көптеген сүйектері табылған.

Алғашқы тұрмыстық табындағы жыныстық қатынастар мен қандас-туыстық семья туралы мәселелер: Алғашқы тұрмыстық адам табынында биологиялық және әлеуметтік бастау күрестерінің негізгі бағыттарының бірі бала тудыру жөніндегі қатынастар, немесе жыныстық қатынастар болып табылады.

Ең алдымен мынадай сұрақ туады: алғашқы тұрмыстық адам табынының алдындағы адамның ата-тектерінің зоологиялық бірлестіктерінде жыныстық қатынастар қалай ұйымдастырылған еді? Зерттеулерде едәуір көңіл бөлініп отырған приматтардың өзара қарым-қатынастарынан белгілі, әрине, анағұрлым толық емес, ұқсастықты көруге болады. Мысалы, бір түрге жатқызылатын шимпанзе мен горилла типтестер қосақ семья болып, яғни он-жиырма особьтардан тұратын гаремдік семьялар болып өмір сүрген деген болжам бар. Басшыдан басқа гаремдік семьяға жас еркектер де кірген, әдетте, бұлардың басшымен бәсекелестікте төтеп беру мүмкіншілігі болмағандықтан, өсіп көбею ісіне қатыспаған.

Осыған ұқсас тәртіптер адам ата-бабаларының табындарында да болған деп жобалауға болады. Қалай болған жағдайда да, бұл арада гаремдік немесе қандай да болсын басқа

зоологиялық семья табындық ынтымақтастыққа қарама-қайшы болды. Сондықтан да көптеген кеңес ғалымдары қоғамдық ұйымның алғашқы формасы ретінде алғашқы тұрмыстық адам табынында зоологиялық семьялардың ыдырауымен қатар реттелмеген, тәртіптелмеген жыныстық қатынастардың болғандығы жөнінде болжамдар айтады. Бұл гипотезаны жақтаушылар тек логикалық пайымдауларға ғана емес, сондай-ақ кейбір этнографиялық деректерге, нақтылай айтқанда жыныс қатынастарының әуел басқы еркіндік сарқыншағы көрінетін көптеген артта қалған тайпаларда кездесетін мәліметтерге де сүйенеді. Алайда, басқа да көзқарастар бар, бұл көзқарас бойынша, алғашқы тұрмыстық адам табыны өзінің алдында болған жануар бірлестіктерінен оған тән болып келетін жыныстық тіршіліктің зоологиялық, гаремдік семьяны мұраланған. Онда табын ішіндегі еркектер әйелдерге таласып, өздерінің бастығы өлуінің салдарынан оқтын-оқтын қайта топтасып отырған.

Адам табынында өзара жыныстық қатынастар туралы, әлі де болса жеткілікті деректер жоқ, бірақ соңғысы қалай да биологиялық-әлеуметтік бірлестік болғандықтан, шындық бірінші – таза әлеуметтік және екінші – таза биологиялық көзқарастар арасында болуы ықтимал. Адам табыны дамуының қажеті неғұрлым ары болған сайын соғұрлым көбірек жыныс сферасында хайуандық индивидуализмді тежеуді талап етті, алайда, бұл процесс қандай формаларда өткендігі туралы мәселе әлі де болса адамзаттың ең көне тарихи жұмбақтарының бірін құрап отыр.

Л. Г. Морган өзінің “Көне қоғамы” деген еңбегінде некелік жыныстық қатынастардың алғашқы (ең көне) формасы қандас-туыстық семья деген жобаны ұсынды. Морган қандас-туыстық семьяда некелік ортақтық тек бір ғана ұрпақтың барлық туыстарын, екі-үш аталық, бауырларды және қарындасарды, олардың аталары мен әжелерінің бүкіл ұрпағын қамтыды деп санайды. Түрлі ұрпақтардың арасындағы некелік қатынасқа жол берілмеді. Морган бұл гипотезаны ұсына отырып, этнографтардың Полинезиядағы Гавай аралдары

халықтарынан тапқан малайя, немесе гавай туыстық жүйесінің анализіне сүйенді. Туысқандықтың бұл системасында анасы мен әкесі тек өзінің балаларын ғана емес, сондай-ақ өзінің барлық бауыры мен қарындастарының балаларын өз балам деп есептеген, ал балалар өз кезегінде тек өзінің туған ата-аналарын ғана емес, сондай-ақ барлық өздерінің қарындастары мен бауырларын ата-аналарымыз деп атайтын фактілеріне сүйеніп, ол некелерді реттеп отырудың ең көне формасын ойлап тапқан.

Алайда, XX ғасырда ең алдымен сол гавайлықтар туралы жаңа этнографиялық деректер жиналуымен Морганның мәліметтері қате екендігі анықталды. Морган сүйенген миссионерлер жиналған материалдар гавайлықтарды өте тұрпайы халық деп сипаттады, ал шынына келгенде, гавайлықтар таптық қоғамға өту шегінде тұрған болып шықты. Туыстықтың гавай жүйесінің бағасы да дұрыс болмай шықты: бірқатар шетел және кеңес этнографтарының зерттеулері (У. Риверс, Л. Я. Штернберг, А. М. Золотарев, Д. А. Ольдерогге) бұл жүйе өте кейінгі тарихи форма екенін анықтады. Сонымен қандас-туыстық семьяның болғандығы туралы гипотеза қандай да болсын іс жүзіндегі негіздерден ада болды да, қазіргі кезде оны алғашқы тұрмыстық қоғамның барлық тарихшылары дерлік тастап кетті.

Дегенмен, өзіне тән некелік ұйым формалары бар рулық құрылыс бірден туған жоқ, оның алдында адам табыны келесі заманғы некелік институттарды жасауға таяп қана келген ұзақ дәуір болып өткендігі даусыз.

Ойлау мен сөздің шығуы және идеологиялық ұғымдардың өркендеуі: Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихында ойлау мен сөздің шығуы аса күрделі проблема болып табылады. Мұны шешудің қиындығы осы процестің негізгі кезендерін көрсетіп беретін біздің қолымызда тура емес, тек жанама деректердің болуы қиындата түседі.

Ойлау мен сөздің дамуының ең көне сатыларының шығуы мен реконструкциясын анықтау үшін, негізгі төркіндер бірнешеу. Ең алдымен бұл – салыстырмалы психология, салыстырмалы физиология мен тіл білімі, сондай-ақ этнография

мен археология. Бірақ бұл мәселелерді шешу үшін антропогенез процесіндегі сөзбен ойлаудың материалдық аппараты төменгі жақ сүйектің, мидың т.б. дамуы туралы деректері бар антропология аса маңызды материалдар береді. Антропогенездің еңбек теориясы тұрғысынан алып, осы материалдардың барлығын комплексті қарастыру ғана адамның ойлауы мен сөз функциясының дамуы тарихында негізгі кезеңдерді белгілеп алуға көмектеседі.

Ойлау мен сөз адамның қалыптасуында, еңбек қызметінің шығуы мен дамуында және өндірістік даму процестерінде басты роль атқарады. Сондықтан да көне адамзат тарихында ой бұрын шыққан ба, немесе оны білдіретін сөз бе, деген сұрақ туындаған болатын. Ойлау мен сөз бір уақытта пайда болды. Ең қарапайым саналы түрде жасалып шығарылған еңбек құралдарының пайда болуының өзі-ақ ең қарапайым ұғымдардың пайда болуына әкелді, ал бұлар өзінің ретіне қарай коллективтің бір мүшесінен екіншісіне берілуге тиіс болды, олай болмаған күнде құрылған тәжірибе жиынығы ретінде келесі ұрпаққа өтуге тиіс еді. Сонымен ең қарапайым формасы да туды.

Ф. Энгельс сананың қалыптасуында сөздің қаншалықты үлкен маңызды роль атқарғанын атап керсеткен болатын. Сірә, адамның ең бергідегі ата-бабалары психофизикалық жағынан өте жоғары дәрежеде дамығандықтан, басқа жануарларға қарағанда дыбыстық белгілерге көбірек жүгінсе керек. Адам мен питекантроп, неандертальдық және кроманьондық миларының гипстен жасалған үлгілерін салыстырғанда, сөйлеу іс-әрекетпен байланысты екені анықталған. Олай болуы түсінікті де: қоғамдық сипат алған еңбек адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара көмегін талап етті, дыбыстық белгілер ендігі жерде еңбекке бастап қана қоймай, еңбекті жүзеге асырушы дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп, ол белгі беру құралынан біртіндеп еңбекті ұйымдастыру құралына айналды. Дыбыс комплекстері ендігі жерде заттарды, әрекеттерді және еңбектің тұтас ситуацияларын белгілей

бастайды. Сөйлеудің қалыптасуы адамның психикалық дамуындағы революция болды.

Сөйлеу белгілері жоғары нерв қызметін жетілдіреді, соның нәтижесінде жануарларда болмайтын екінші сигналдық жүйе қалыптасады. Сөйлеу таным деңгейін жаңа сатыға көтереді. Себебі, сөз нақтылы бір атаудың алуан қырын танымның жалпы шеңберінде қорытып, жинақтап береді. Демек, ойлаудың жаңа түрі дамиды. Ол жоғары сатыдағы жануарлардың пәрменді және нақтылы-бейнелі ойлауынан — өзгеше дерексіз ойлау жетіледі, ал дерексіз ойлау дегеніміз — сананың өзегі.

Марксизм-ленинизм классиктері сөйлеу мен сананы бір-бірінен бөліп қарауға болмайтындығын атап көрсеткен болатын. Сөйлеу, сөз — біздің саналық болмысымыздың формасы — қарым-қатынас шеңберін кеңейте түседі. Қарым-қатынас процесінде адамдар сыртқы ортаны да, өзін де терең әрі жан-жақты тани түседі. Демек, еңбекпен қатар сөйлесу де сана мен адамдардың өзіндік сана-сезімінің дамуының маңызды факторы болып табылады. Қарым-қатынас жасау — қоғамдық өмір факторы. Қарым-қатынас процесінде психологиялық қауымдастықтар қалыптасады, яғни өз заңдары бар қоғамдық психология пайда болады.

Дыбыс сигналдарының тууы үшін адамның тікелей арғы аталары – маймылдардың сигналдары негіз болды. Осы заманғы адам тәрізді маймылдарда мұндай сигналдар қоры мейлінше көп, мәселен, шимпанзеде эмоция мен организм күйін білдіретін түрлі дыбыстар жиырмадан асады. Алайда, маймылдардың осындай эффективті сигналдарымен қатар, атап айтқанда, эмоциональды бейтарап тыныш күйдегі дыбыстарды, «өмірлік шулар» деген ат таңылған дыбыстарды жоғары да, өте жиі шығарады. Кейбір ғалымдар, мәселен, кеңес антропологи В.В.Бунак, нақ осы өмірлік шуылдар, дыбысты сөздің дамыған базасы болды, деп санайды. Бірақ бүтіндей алғанда сөздік функцияның қалыптасу негізі эффективті сигнал ма, немесе өмірлік шу ма, оны әзірге нақтылы айту әлі қиынға түседі. Тек бұл ең қарапайым ұғым ретінде еңбек қызметінің басталуымен

бірге алғашқы тұрмыс табыны дамуының таң сәрісінде туғаны айқын. Ойлау мен сөздің бұдан арғы дамуы еңбек құралдарының дамуымен бірге жүрді.

Мүшелі сөздердің толық дамуы, тек адамның осы заманғы түрінің пайда болуымен ғана байланысты деуге кәміл негіздер бар. Көне заман гоминидтерін сипаттап жазғанда, миының аумағы жағынан неандертальдықтардың кейбір тобы осы заманғы адамдардан кем түспегені, тіпті одан асып түскені айтылады. Бірақ оларда ми құрылымы анағұрлым тұрпайы, атап айтқанда, маңдай жағы айтарлықтай жалпақ келген. Адамның ойлануы ерте палеолиттен кейінгі палеолитке көшу кезінде елеулі секіріс жасады, ал сонымен бірге дыбыстық сөз де прогрессивті өзгерістерге ұшырады деп жеткілікті айқын етіп айтуға болады. Нақ осы кейінгі палеолит дәуірінен бастап, біз қазіргі қоғамдағы білетін эволюциялық жағынан айырмашылығы жоқ тіл системасы туралы айтуымызға болады.

Алғашқы тұрмыстық адам табыны мүшелерінің идеологиялық ұғымдарын реконструкциялау маңызды орындарға ие. Мұны шешуде неандертальдық жерлеу дәстүрі үлкен роль атқарады.

Осы заманғы ғылымға мәлім ең көне адамдардың сүйек қалдықтары ауысқан күйінде табылып отыр. Бізге дейін қозғалмаған күйде жеткен алғашқы сүйек қалдықтары ашелль және мустьер уақыттарымен шамаланады да, неандертальдықтарға тиісті болады. Қазір мұндай олжалардың жиырмаға жуығы мәлім, археологтар мен антропологтардың мұқият зерттегендерінен олардың орналасу жағдайлары, бұлар алдын ала ойластырылған жерлеу екендігі туралы сеніммен айтуға мүмкіндік береді.

Бұлардың барлығы дерлік үңгір тұрғындарының шет-шеттерінде, қазылған мәдени қабатта немесе өңірдің тас еденінде ойылып табылған. Жерленгендер ұйықтағндай болып қырынан жатыр.

Неандертальдықтар өз өліктерін неге жерлеген? Бұл мәселе зерттеушілердің үлкен назарын аударып, көптеген талас тудырды. Кеңес ғалымдарының тұжырымдауы бойынша

көпшілігі неандертальдықтардың жерленуін өлімді әлі де болса толық түсіне қоймаған және уақытша құбылыс ретінде қабылдаған, өлгендер туралы қамқорлық деп білген. Бұл жөнінде жерленгендердің жату ыңғайы жанама түрде көрсетілген. Басқа ғалымдар неандертальдықтардың жерленуін жануарлардың кейбір түрінде бұрыннан-ақ белгілі инстинктік пиғылдардан: бір жағынан ұқыптылықтан, демек өліктің денесінен құтылу іс-әрекеттерінен, екінші жағынан, особьқа осы топтың байланғандығынан, демек олардың денесін қасында ұстауға ұмтылғандығынан деп білген. Бұл екі көзқарас та біріне-бірі қайшы келмейді: біз жоғарыда көріп өткендей алғашқы тұрмыстық табынның дамуымен инстинктивті пиғылдар мінез-құлықтың қоғамдық сана ережелеріне барған сайын көптеп жол бергені байқалады.

Әлеуметтік байланыстар мен нормалардың тууы – неандертальдықтарды жерлеудің мотивтерінің жеткілікті, бірақ бірден-бір мүмкін боларлық түсінігі емес. Жерленгендердің сүйектері, әдетте, шығыс-батыс бағыты бойынша бағдарланған, яғни оларды жатқызу жағдайы қалайда күннің қозғалысымен байланысты фактісіне баяғыдан бері көңіл аударған. Кеңес археологы А.П.Окладников Өзбекстанда Тешик-Таш үңгірінде неандертальдық еркек баланың қалдықтарын қазып алғанда, оның айналасына белгілі тәртіпте үңгірді мекендеушілердің аулаған негізгі объектісі тау ешкі – киіктердің мүйіздерін салып қойғанын тапқан. Мұны сүйектердің күнмен бағытталуын салыстыра отырып, А.П.Окладников бұл арада енді біз күнге табынудың төркінімен істес болып отырмыз, деген жобаны ұсынады. Сондай-ақ көптеген басқа кеңес ғалымдары кейінгі неандертальдық, атап айтқанда, жерлеп табынудың тууы бейнеленгендігі мүмкін деп санайды. Бұл гипотеза шындық нұсқадан құралақан емес. Алайда, неандертальдықтарда әлі де болса, қандай да болсын қалыптасқан аулақталған ұғым бола алмайтын. Демек, тіпті ең қарапайым діни ұғымдар ең тәуір деген жағдайда кейінгі мустьер уақытында туа алатын еді. Сондықтан да бұл гипотезаға жол бере отырып, кеңес зерттеушілері неандертальдық жерлеулерден күрделі жерлеу

салтын, жан, құдай және о замандағы өмір туралы ұғымды, әрі сайып келгенде, діннің мәңгі-бақилығына дәлелді қарастыруға жасалған әрекетерді жоққа шығарды.

III – ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ГҮЛДЕНУІ: РУЛЫҚ ҚАУЫМ

§8. Антропогенез процесінің аяқталуы және рулық құрылыстың тууы

- 1. Антропогенез процесінің аяқталуы және адамның осы заманғы түрінің шығуы*
- 2. Өндіргіш күштердің дамуы*
- 3. Рулық құрылыстың дамуы*

Антропогенез процесінің аяқталуы және адамның осы заманғы түрінің шығуы: Гоминид семьялығының эволюциясы адамның осы заманғы түрінің пайда болуы үшін қолайлы алғы шарттар жасады. Шынында да *Ното* тегінің көне заманғы өкілі – неандертальдық адамның интенсивті еңбек қызметі үшін барлық қажетті органдарды – үлкен миы, тік жағдайда жүргендігі, орнықты жүріс-тұрысы, оңтайлы қолы болған. Бірақ жоғарыда атап өткендей, оның ми құрылысы көптеген тұрпайы белгілерінің болуымен сипатталатын, ал қолының оңтайлығы шекті болатын, бұл ойлау мен сөзді дамытып, тасты өңдеу техникасын жетілдірудегі мүмкіндіктерін тежейтін болған. Неандертальдық адамның морфологиялық ерекшеліктері, атап айтқанда, оның ми құрылысы, өзінің агрессивтігі мен тежеуді басқаратын ми орталықтарының шамалы дамуы арқасында, коллективтің қоғамдық тіршілік жағдайларына, оның жеткіліксіз бейімделген тіршілік иесі екендігін дәлелдейді. Неандертальдық адамның бас ми қабаты қызметіндегі қозу тежеуден айтарлықтай басым болатын. Сондықтан көбінесе неандертальдық адамдар табында қатты ашу туғызатын жағдайлар да кездесіп, кейде, өлім-жітіммен тынатын соқтығысуларға жиі әкеп соғатын.

Кеңес антропологы Я. Я. Рогинский жасаған адамның қазіргі түрінің пайда болуының ең нанымды теориясы осы

элеуметтік тіршілік иесі ретінде, осы заманғы адамның неандертальдыктан артықшылығына сүйенеді. Оның пікірі бойынша, осы кездегі адамның миының алдыңғы бөліктерінің интенсивті дамуы неандертальдықтармен салыстырғанда өндіргіш күштері күрт өрлеген және рулық ұйымының бастапқы формалары қалыптасқан дәуірде, яғни кейінгі палеолит дәуірінде элеуметтік сапалар үлкен рөл атқарады дейді. Сонымен пайда болған морфологиялық ерекшелік табиғи сұрыптаудың ықпалымен ұрпақтан-ұрпаққа іріктеліп сақталды. Бас сүйек қобыры биіктігінің ұлғаюы және мидың алдыңғы бөлігі құрылысының өзгерістері салдарынан маңдай сүйектерінің тік түсуі, сайып келгенде, маңдай сүйегі рельефінің кішіреюіне, яғни қабақ білігінің жоғарылауына әкеп соқты. Ақырында, сөздің одан әрі жетіле түсуі және өндіргіш күштер мен элеуметтік ұйымдардың дамуымен байланысты болған сөз аппаратының қайта құрылысы иек шығыңқылығының түзелуімен аяқталды.

Адамның осы заманғы түрінің пайда болуы кейінгі палеолиттің басталуымен тұстасады. Неандертальдық адамның сүйек қалдықтары табылған кейінгі палеолиттік тұрақтар белгісіз. *Homo sapiens*-тің өте ежелгі концепциясының үстемдік етуіне байланысты археологиялық және геологиялық қабаттарында осы заманғы адамның сүйек қалдықтары табылған көптеген жағдайлар талай рет сипатталып жазылды. Алайда, осы сипаттамалардың барлығы геологиялық шамалаудың қатаң талаптарына қисынбайтын бақылауларға негізделеді. Теориялық жағынан неғұрлым ықтимал мұстаерлік индустриялы осы заманғы адамның қалдықтарының табылуына келетін болсақ, мұндай олжаларды 1953 жылы Қырымда А. А. Формозов жасады. Мұнда нашар білінетін тұрпайы белгілерінің болуымен сипатталатын, осы заманғы баланың қаңқасы кейінгі мұстаер қабатынан табылды.

Осы заманғы адамның түрінің қалыптасқан орны туралы мәселе жөнінде үлкен дискуссия өріс алды. Бір жағынан, осы заманғы адамның түрлі нәсілдерді неандертальдықтардың әр түрлі нәсілдерінен шыққан және сонымен бүкіл ескі дүниені

«Homo sapiens-тің арғы отаны деп атауға болады» деп жобаланды. Антропологиялық еңбектерде полицентризм гипотезасы деген термин пайда болып, осы гипотезаға сәйкес европоидтік нәсіл, европалық неандерталдықтар негізінде, негроидтық – неандерталдық типтің оңтүстік, көбіне африкалық формалары негізінде қалыптасқан, монголоидтық синантроп ұрпақтарынан шыққан. Бұл гипотеза барлық жерде төменгі полеолиттік мәдениеттің жоғарғы палеолиттікке үздіксіз көшуі туралы көрсететін археологиялық деректер келтіре алады. Моноцентристік, деп ат тағылған басқа гипотеза осы заманғы нәсілдер мен неандертальдық нәсілдер арасында айтарлықтай монографиялық ұқсастықтың жоғына сүйенеді. Бұл гипотеза бойынша осы заманғы адам типіне эйкуменнің орталығында күштірек болған неандертальдық типінің түрлі өкілдерінің интенсивті араласу салдарынан эйкум орталығында, Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізінде қалыптасса керек. Сол сияқты бұл гипотезаның тұжырымдарына дәлел ретінде Homo sapiens-тің арғы Отаны деп жобаланған аймақта табылған прогрессивті палестиндік неандертальдықтарға және морфологиялық типтің күрт араласуы туралы айтатын олардың типологиялық әр тектілігін көрсетуге болады.

Homo sapiens- тің ерте кейінгі палеолиттік формалардың өзіне тән морфологиялық ерекшеліктері екі гипотеза тұрғысынан да, нанымды етіп түсіндіріледі және бұлардың арасында таңдау жасауда көмектеспейді. Мәселен, мұрынның қаттырақ қоқыраюы Батыс және Шығыс Еуропаның жоғарғы палеолиттік адамдардың европоидтік нәсілдің осы заманғы өкілдеріне жақындайды; жалпақ мұрын, бет сүйегінің алға шығыңқылығы негроидтық нәсілдің, ежелгі де, осы заманғы да өкілдеріне бір дәрежеде тән; ақырында осы заманғы монголоидтарға соншама тән бет жалпақтығы Қытай территориясынан табылған кейінгі палеолиттік бас сүйектерден де байқалады. Бұл фактіні осы заманғы адам мен олардың нәсілдерінің полицентристік шыққан тегінің дәлелдері ретінде қарастыруға болатын сияқты. Екінші жағынан, олар Ескі Дүниенің қай материгінен табылса да барлық жоғарғы

полеолиттік адамзаттың типологиялық әр тектілігі, осы заманғыдан аз болды деп айтуға мүмкіндік беретін белгілер комплексінің тәндігі – моноцентристік гипотезаның пайдасына айқын дәлел. Мұдай белгілердің қатарына жалпақ төменгі бет, төменгі орбиталар, бас сүйек қорабының өзара түскен формасы жатады. Осының бәрі антропологиялық әдебиеттеде, әдетте бас сүйек қаңқасы мен бас сүйек қорабы көлемдерінің арасындағы «дисгармониялық» арақатынастың мысалы ретінде аталатын кейінгі палеолиттік бас сүйектерге өзіне тән морфологиялық тұрпат береді. Бұл оның тарихының қалыптасу процесінің толық аяқталмағандығын көрсетуі мүмкін.

Өндіргіш күштердің дамуы: Адамның осы заманғы түрлерінің пайда болуы ерте палеолиттен кейінгі палеолитке көшу кезіндегі өндіргіш күштердің дамуындағы қуатты секіріспен тығыз байланысты. Бұл секіріс сонымен бір мезетте биологиялық эволюцияның аяқталу процесінің салдары да, сондай-ақ оның аса маңызды шарты, оның өзінше қажетті қоректік ортасы да болып табылады.

Өндіргіш күштердің дамуы, ең алдымен, тасты өңдеудің жаңа техникасының тууынан көрінеді. Ойып тесу техникасы жетілдірілді: диск тәрізді мустьер нуклеустері бар дөрекі пластиналарды қырғыштау орнына, енді дұрыстау қырылған, кейінірек призмалық нуклеустерден ойылып-тесіліп, әрі жұқа ретушь жасалып екінші рет өңдеуге ұшыраған ұзын, жұқа, әрі тиісінше жеңіл пластиналар опырылып алынды. Жаңа тәсіл қаруларды даярлап жасау үшін шақпақ тасты аз мөлшерінде керек етті, бұл қоры шағын болып келетін шақпақ тас аңшыларға қаруларды жасап шығару үшін тастардың табиғи қоры жоқ болған жерге қоныс аударуына мүмкіндік берді. Өндіріс қаруларын дифференциялау процесі тездетілген қарқынмен алға басты.

Кейінгі палеолит тас қаруларының көпшілігі ағаш және сүйек сапты немесе қапталған күйінде қолданыла бастады. Құранды қарулар кеңінен тарала бастады, бұл да алғашқы тұрмыстық өндірісті дамытуда аса маңызды кезең болды.

Таспен қатар көздері бар біз, ине, кетпен, жарқыратқыштар, найза мен қысқа сапты найза ұштамалары, найза лақтырғыштар (найзаның ұшу ұзақтығын екі есе дерлік артырра түсетін тіректі тақтайшалар) жасалып шығарылған сүйектер мен мүйіздер қолданылатын болды. Тасқа қарағанда неғұрлым пластикалық материал аң және балық аулау үшін қолданылатын гарпундардың, лақтыру қаруларының ұштамаларын жасауға мүмкіндік берді.

Неғұрлым жетілдірілген аңшылық қаруларының пайда болуымен, аң аулау кәсібі дамудың жоғарғы дәрежесіне жетті. Бұл жөнінде жекеленген кейінгі палеолиттік мекендерде орасан көп жиналып қалған жануарлардың, көбіне ірі табындық: маманттардың, жылқылардың, солтүстік бұғылардың сүйектері дәлел болады. Мәселен, Пржедмостте (Чехословакия) 40000-нан астам қарулар, жануарлардың сүйектерімен бірге шамамен 800-1000 мамонт қалдықтары, Салютреде (Франция) 10 000-дай жылқы сүйектері, Амвросиевкада (Украина) – 1000-ға жуық бизондардың сүйектері т.б табылған. Сірә, осы уақытта үйіріліп, коллективтік аң аулау ең жоғарғы даму дәрежесінде болса керек.

Адамдар тұрақ-мекен ретінде үнгірлерді пайдаланды, сонымен қатар үлкен жасанды тұрақтар, жер бетіне салынған үйлер мен жеркепелер де кеңінен таралды. Қазылып табылған кейбір жеркепелердің көлемі үлкен болды (200 м-ге дейін) олардың қабырғалары тастармен нығайтылған, ал төбесі конус формалы және бұтақтар мен аң терілері жабылған сырғауылдардан тұрғызылған болу керек. Кейінгі палеолитте хайуанат сүйектерінен каркасты тұрақ-мекендері кеңінен таралған. Костенки мекен-жайында (Воронеж түбі) аршылған тұрақ-мекенінің ұзындығы 35 м және ені 15-16 м; оның орталық өсінде 9 ошақ орналасқан. Осындай бүтін қауымның үлкен тұрақ-мекендерімен қатар, бүтін поселкелерді топтастырған көлемі кіші басқа типті тұрақ-мекендері де болған.

Кейінгі палеолиттің аяғына қарай тұрақ-мекендердің кеңінен таралуы Рисс – вюрмдік мұздық аралық дәуірдің біршама жұмсақ климаты орнына вюрмдік суынудың келуімен

шарттасады. Осыған киім-кешек эволюциясы да байланысты болды. Сүйектің, иненің табылуына қарағанда адам осы кезде киім тігуді үйренген. Аң терілерінен тігілген киім-кешек болып, үйді жабуға қолданылса керек. Кейінгі палеолит дәуірінің аяғына қарай тұрақ-мекендердің жылытқан және оған жарық берген берген ошақтармен қатар, сірә, эскимостар, чукчілер мен коряктардың қолданып жүргендеріне ұқсас жарық беретін арнаулы аспаптар да пайда болды: бұл май мен пілтесі ортасындағы ойығына салынған тастан жасалған шамдар еді.

Рулық құрылыстың тууы: Өндіргіш күштердің дамуы қоғамды ұйымдастыруда алға ірі қадам жасауға итермеледі. Табиғат пен өзінің күресіндегі адамның өсе түскен техникалық қарулануы біршама тұрақты шаруашылық коллективтерінің өмір сүруіне мүмкіндік жасады. Бірақ сонымен бірге, бұл күрделене түскен қаруларды және еңбек дағдыларын тиімдірек пайдалануды, мұрагерлікпен одан әрі жетілдіре беруді талап етті. Оның біршама аморфты тұрақсыз құрылымымен алғашқы тұрмыстық табының бұл міндетке шамасы жетпейтін еді, сондықтан да табын қоғамының неғұрлым берік формасына сөзсіз орын беруге тиіс болды.

Бұл ұйымның сипатын бірқатар жағдайлар анықтап берді. Біріншіден жаңа ұйым қалыптаса бастаған жағдайларда ерте палеолиттік қоғам дамуының өте төменгі дәрежесінде элеуметтік байланыстарды нығайту үшін, өзінен-өзі туған табиғи, қандас туыстық, бірден-бір нақтылы негіз болды десе болғандай еді. Екіншіден, жыныстық қатынастардың ретке келтірілмегендігінде, демек, әкелік ұғымының жоқтығын да туыстық қатынастар тек жалғыз ана ұрпақтары арасында қалыптасуға, яғни аналық, әйелдік бағыт бойынша құрылуға тиіс болды. Ақырында, үшіншіден сол кездегі коллективтердің ең тұрақты бөлігі шаруашылық тіршіліктің барлық салаларында ірі рөл атқаратын әйелдер болды. Барлық осы жағдайлардың арқасында алғашқы тұрмыстық адам табының алмастыруға тиісті қоғам ұйымының формасы аналық ру немесе аналық рулық қауым болуға тиіс еді.

Ертедегіден кейінгі палеолитке көшу сатысында аналық рулық қауымның тууын жанама, бірақ пайымды археологиялық деректер дәлелдеп берді. Ориньяк тұрақтарында орасан үлкен, бірнеше ондаған, кейде тіпті жүздеген шаршы метр қауымдық тұрақтардың қалдықтары ашылды. Бұларды салып, пайдалану тек мықты біріккен өндірістік коллективтердің қызметімен ғана байланысты болды. Бұл тұрақтардың кейбіреулері (Костенки I, Костенки IV) егжей-тегжейлі қарағанда, этнографияға мәлім, атап айтқанда ирокездердің ұзынша үйлері деп аталатын аналық рулық қауымның мекендеген жерін еске түсіреді. Осы уақытқа жыныстық белгілері, баса көрсетілген ориньяк және солютре әйел мүсіндердің көптеген олжалары да жатады. П. П. Ефименкодан кейін көптеген археологтар осы ориньяк «Шолпандары» дейтінді ана-арғы әжелердің басына сиыну ретінде алып қарастырады. Бұларды арғы-әжелер емес, үй иесі де, үй ошағының сақшысы, рулық топ өмірінің шоғырын билеуші деп танып, оларға жуырда С. А. Токарев басқа тұжырым берді. Толып жатқан этнографиялық параллельдермен растала түскен екінші көзқарас, сірә, шындыққа жанасатын шығар. Бірақ қайсысынікі дұрыс болса да кейінгі палеолиттік тұлғашалар қоғамның өмірімен дүниеге көзқарастағы әйелдердің ерекше орнын атап, аналық иемденушіліктің туғанын көрсетеді.

Алғашқы тұрмыстық адам табының айырмашылығы аналық рулық қауым, енді қалыптасқан «дайын» адам қоғамы болды. Бұларда алғашқы тұрмыстық коллективизмнің бастамасы ең жоғары даму шегіне жетті, мұнда көптеген кеңес зерттеушілері айтып отырғандай, жаңа өндіріс қатынастарының өзіне тән ерекшелігі, олардың қандас-туыстық байланыстарының үйлескендігі болды. Туыскандық қатынастар табиғи туыстық қатынастар ретінде ұғылып түсіндірілді. Осы арқылы туыскандық қатынастарды мойындау қоғамдық маңызға ие болды, өндірістік коллективтің негізгі шоғырланушы белгісі болып алған еді. Өз кезегінде туыстық топтардың анықтаушы белгісі экзогамия, яғни ру ішінде жыныстық қатынастарға тиым салу әдеттері болды.

Егер алғашқы тұрмыстық адам табынының аналық рулық қауымға айналуының жалпы негіздері мен уақыты қазір ғылыми жұмбақ болып табылмаса, енді бұл айнарудың механизімі мен ең алдымен экзогамдік тиым салу тууының себептері әлі де болса жеткілікті зерттелмей қалып келеді.

Экзогамияның шығуы туралы мәселе жөнінде көптеген әр түрлі теориялар бар, бірақ бұлардың бірде-бірін жұртшылық қабылдамаған. Бұлардың біріншісін ХІХ ғасырдың 60-жылдарында ғылымға экзогамия терминін енгізген шотланд ғалымы Мак-Леннан ұсынды. Бірақ осы тұжырымдардан кейін ғалымдар барлық алғашқы тұрмыс тайпаларын экзогамды және эндогамды деп бөліп, шатастырды. Мак-Леннанның пікірінше экзогамияның түп негізгі -пайдасыз қыз балаларды соғыста өлтіріп, өздеріне әйелдерді басқа жақтан іздеуге мәжбүр болған «жабайы жауынгерлердің» әдет-ғұрпында болды.

Ч. Дарвин жақын, күнделікті өзара араласып, қатысып жүрген туыстардың арасында тууға тиіс болған жыныстық қатынасқа деген жиіркеніш, экзогамияны тудырды деп түсіндіреді. Осы теорияға қан аралас жыныстық байланысқа деген «инстинктивті» жиіркенудің едәуір тараған теориясы жақын келеді. «Патриархалдық теорияны» кейбір жақтаушылар экзогамияның, рудың кіші мүшелерін басқа жақтан әйел іздеуге мәжбүр еткен патриархтың қызғанышты деспотизмінің нәтижесі деп біледі. Экзогамияның шығуына тағы бір көзқарас неғұрлым көп жүріп-тұратын аңшы ерлері әйелдерінен үнемі оқшау кетіп, өз кезегінде өздерінің ерлерінен қалып қойған басқа табындардың әйелдерімен жолығысқандығы, осындай алғашқы тұрмыс адам табынына тән болған деген пікірлер болды.

Экзогамдік тиым салулардың тууын, қан араласудың биологиялық зиянды салдарын болдырмау ұмтылуымен байланыстырған бұл мәселелердің тарихында Морган елеулі із қалдырған. Бұл түсінік алайда тек стихиялы түрде жүзеге асты. Кейінгі ғылым деректері экзогамияның шығуында Морганның көзқарастарын растамады. Біріншіден туыстық некелердің зиянды биологиялық салдары, мустьер адамы жыныс әктісі мен бала туу арасындағы байланысты әліде толық түсініп

жетпегендіктен де, сірә, қалыптасқан рулық қоғам шынында да назарға іліктіре алмайтын еді, мұны австрологиялықтардың кейбір нанымдарының қалдықтары көрсетеді. Екіншіден, көптеген жағдайларда рулық қоғам, жақын туыстардың, белгілі бір категориялырының арасындағы некеге жол беріп қана қойған жоқ, сондай-ақ міндетті деп санайды. Осы жағдайларды ескере отырып ғалымдардың басым көпшілігі қазіргі кезде экзогамдік салалардың «биологиялық» теориясынан бас тартты.

Экзогамия шығуының күрделі проблемаларын жасай отырып, кеңес ғалымдары жыныстық қатынастарды реттеудің осы формасы мен алғашқы тұрмыстық адам табыны өндірістік қызметінің дамуының бүкіл барысы арасындағы ішкі өзара байланысты табуға тырысты. Осы жолмен жүре отырып А.М. Золотарев экзогамияның тууын мустьер табындарының көршілес табындар мен шаруашылық байланыс жасауға ұмтылғанын көрсетеді. Алайда, бұл гипотеза да тұрлаусыз болды. Шаруашылық байланыстарын ұлғайтуға деген тенденция өзінің дамуында көптеген өзара байланысты топтардың пайда болуына әкеп соғатын еді, алайда, біз бұдан арғы жерде көретініміздей рулық қоғамның әуел басқы құрылымына тек екі экзогамдік өзара некелі коллективтің болуы тән еді. Экзогамияның тууын алғашқы коллективтің ішінде шаруашылық өмірін тәртіпке келтіру қажеттігімен түсіндіреді. С.П.Толстовтың гипотезасы мейлінше кеңінен мойындалып отырды. Қоғамдық тұрғыда реттелмеген жыныстық қатынастар, қызғаныш негізінде үздіксіз соқтығыстармен қосарланып отыруға тиіс болды, сөйтіп шаруашылық және қоғамдық ұя ретінде адам табынының іргесі шайқалды. Осымен күресе отырып, қоғам барған сайын көптеп тежей түскен және ақыр аяғында сол топтың ішінде жыныстық қатынасты мүмкін емес еткен жыныстық тиым салуларды бірте-бірте енгізді. Бірақ жыныстық тіршілікті коллективтен сырт шығару оны нығайта отырып, басқа коллективтер мен жанжалдардың жиілеуіне әкеп соғуға тиіс еді, мұнда өзара некелік топтар неғұрлым көп болса, жанжалдар аумағы соғұрлым кең болатындығы түсінікті

болатын. Сондықтан да қалыптасқан қайшылықтарды жоюдың ең қарапайым табиғи жолы дуальдық ұйымның экзогемдік тайпаның ұрығы болған тек екі экзогемдік тайпа бір тұрақты өзара некелік бірлестікке ұштастырудың бірте-бірте тууына әкеп соқты.

Рулық құрылыстың дамуы рулық-тайпалық ұйымдардың одан әрі жетіле түсуімен қосарланды, мұның кәдуілгі үлгісін Морган зерттеген сенек ирокездерінің ұйымынан көруге болады. Мұнда сегіз ру бірігіп бір тайпа құрайтын екі фратрияға топтасты.

Ру, фратрия және тайпа төмендегідей негізгі белгілермен сипатталады. Ру ең алдымен жоғарыда атап көрсетілген ортақ меншіктік қатынастармен, өз ара мұрагерлікпен және өз ара көмекпен біріккен әйел бағытындағы қандас туыстардың ұжымы болды. Ру мүшелері біріне-бірі қандай да болсын көмек көрсетуге, бірін-бірі қорғауға атап айтқанда; қандық кек қайтаруға немесе төгілген қан үшін материалдық құн төлеуге қатысуға тиіс болды. Рудың белгілі бір әдетте тотемдік, өз аты болды. Мұнымен, әлбетте, туған-туыстардың жеке өз бастарының есімдері байланысты еді. Ру өмірінің ең елеулі шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық мәселелерін кеңес шешті, бұған оның барлық ересек мүшелері енетін еді. Рудың өзінің ақсақалы— «сахемы» және соғыс кезінде көсемдік ететін, бастайтын бір немесе бірнеше кесемдері болды. Әрбір руда басқа рулардан жеке өз зират қорықтары болды. Ақырында, рудың ең маңызды белгісі туыстық, экзогамия салты болып қала берді.

Фратрия айтылып өткендей, әуел басқы ру болды, бұл ұлғайып өсу процесінде бірнеше қыз жағының руларына бөлініп кетті. Алайда, бұл әуел басқы ру ыдырай отырып, бұрынғы бірлігінің қалдықтарын жоғалтпады. Сенектерде тек кейініректе жеке рулардың экзогамиясы ауыстырған фратриялық экзогамия туралы естеліктер сақталған. Өз фратриясының руларын «туыстық», қарама-қарсы фратрия руларын «немерелік» деп санады. Ішкі тайпалық өмірде бір фратрияның мүшелері бірін-бірі қолдап, егер бұл қажет болса, басқа фратрияның

мүшелеріне қарсы дайым ынтымақтасып шығатын болды. Бір фратрия руларының сахемдері мен көсемдері жеке өздерінің кеңестеріне жинала алатын, ал тайпа кеңесінде бірге отырып әрекет етті. Фратриялардың арнаулы ерекше салт-саналық және ерекше табынатын ғұрыпты өздерінің діни-бақсы туыстығы болды. Фратриялар қайсыбір дәрежеде ерекше бірлік ретінде де бой көрсеткен болар.

Бірақ фратрия туысқан руларының өзін-өзі басқаруының қандай да болсын тұрақты ұйымы болмады. Мұндай ұйым тайпа болатын. Австралиялықтардың немесе отты жерліктердің рухтық тайпаларына қарама-қарсы ирокез тайпасының тек өз аты, территориясы, диалекті, әрі атап айтқанда діни ұғымдарында көрінген белгілі бір мәдени-тұрмыстық ортақтығы ғана болып қойған жоқ, сондай-ақ тайпаға кірген барлық рулардың сахемдері мен әскери көсемдерінен тұратын тайпалық кеңесі де болды. Кеңестің міндеттері тайпаның ортақ мүдделерін қорғау болды. Оның рулық ақсақалдар мен көсемдердің сайлануын бекіту құқығы болды, қажет болғанда тіпті рудың тілегіне қарсы алмастыра алды. Ол ру аралық жанжалдарды жарастырып және басқа тайпалармен қатынастырды ретке салып отырды. Елшіліктерді қабылдап, жөнелтті, соғыс жариялап, бітім жасады, одақтар құрды және ірі әскери жорықтары кезінде жеке отрядтардың қимылдарын үйлестіріп отырды. Кеңес аса маңызды істерді ғана шешіп отырды, әрі жиі жинала бермейтін болған. Оның мәжілістері арасындағы аралықта тайпа жалпы басшылықтан айрылып қала берді. Сондықтан да кейбір ирокез тайпаларында сахемдердің бірі кеңестің тұрақты өкілі іспеттес саналып, басшы етіліп сайланды, Алайда бұл жоғарғы басшының өкілдігі шамалы еді, оның шешімдері кейінде тайпа кеңесінде бекітілуге жататын.

Өкіметтік барлық ұйым алғашқы тұрмыстық демократия негіздерінде болатын. Тайпаның әрбір ересек мүшесінің рулық кеңесте де, сондай-ақ тайпалық кеңесте де өз пікірін еркін айтуға мүмкіндігі болды. Ақсақалдар мен әскери көсемдері өз қызметін тек сайлану құқығы бойынша және өздерінің әрекеті тайпаластарының мүдделеріне сай келіп тұрғанша ғана атқара

берді. Жұрттың барлығымен қатар олар қоғамдық өндіріске қатынасты, басқалардан қандай да болсын сыйлықтарды талап ете алмады, немесе өзіне жұмыс істеткізе алмады. Егер ақсақал немесе көсем лайықсыз қылық жасаса, туған-туыстары оған ақыл, кеңес айтатын, егер бұл көмектесе алмаса, оны орнынан алатын.

Осы демократиялық рулық-тайпалық өзін-өзі басқару әйелдерге тиісті болатын. Олар тек аналық үйлік қауымды билеп төстеуші болып қана қойған жоқ, сондай-ақ бұдан ертедегі уақытта — рулардың билеп-төстеушісі болды. Гурондардың әрбір руын төрт әйел және бір ер адам басқарғаны мәлім, сондай-ақ мұнда тайпа кеңесінің бестен төрті әйелдерден тұрды. Ру басшылары — әйелдер ирокездердің оңтүстік көршілері натчаларда да байқалады. Ирокездердің өздерінде бұл тәртіп сақталмады, бірақ әйелдер басқару істерінде орасан зор ықпалмен пайдалана берді. Көсемді әуел басқы сайлау да дәл осындай дайым солардың қолында болды.

Тайпа дамыған рулық қауым кезінің ең кең әлеуметтік ұясы болды. Рас, XVI ғасырдағы ирокездер тайпа одақтарына біріккен де болатын, бірақ бұл жағдайлар олардың қоғамдық ұйымдарының кейбір басқа сипаттары сияқты, алғашқы тұрмыстық қауымдық құрылыстың ыдырай бастауының нышаны еді. Алғашқы тұрмыстық қауым құрылысы ыдырауының кемеліне келген шағында экономикалық және қоғамдық өмірде басты рөл руға тиісті болды, ал рудың шегінен шыққандары тайпаларда шешілді. Рулар және оларды біріктірген тайпалар алғашқы тұрмыстық адамзатқа табиғатпен қатал күресте өзінің тіршілік етуін сақтауға мүмкіндік берген, тығыз топтасқан демократиялық жолмен өзін-өзі билейтін ұжымдар болды. Рулық құрылыстың күші де осында еді, бірақ оның тарихи шектелгендігі де осында болды. Ұжымды топтастыра отырып, рулық-тайпалық ұйым осы ұжымнан сыртқары тұрғандардың бәрін заңнан тыс қойды.

Дегенмен де рудың, экзогемдік және дуальдық ұйымы шығуының нақтылы механизімі әзірге көп жағынан айқын емес, әрі ғылыми дауларға орын қалдырып отырғанын айтып өтейік.

Бұл түсінікті де, өйткені бұны зерттеуде тура этнографиялық деректер жоқ болғандықтан сарқыншақ құбылыстарды, жанама деректердің анализіне бой ұруға, ал кейде жалпы логикалық пайымдаулар мен шектеліп, болжамдар, гипотезалар құруға тура келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Антропогенез процесінің аяқталуы мен адамның осы заманғы түрінің қалыптасуының алғы шарттарын айқындаңыз*
2. *Рулық құрылыстың тууы себебін анықтаңыз және мысал келтіріңіз*
3. *Экзогамия термині нені білдіреді және оның шығу тархына тоқталыңыз*
4. *«Фратрия» деген термин не мағына білдіреді?*

§9. Аңшылар мен балық аулаушылардың ертедегі рулық қауымы

1. *Қарапайым садақ пайда болуына дейінгі аңшылар өмірі*
2. *Садақ пен жебенің пайда болуы*
3. *Балық пен аң аулаушылардың шаруашылығы*

Қарапайым садақ пайда болуына дейінгі аңшылар өмірі: Алғашқы тұрмыстық қауымдық құрылыстың дамуында тұтас дәуір бола отырып, аналық рулық қауым тарихи дамудың ұзақ жолынан өтті. Осы дәуірде алғашқы тұрмыстық адамзат жеңіп шыққан ең маңызды меже, табиғаттың дайын өнімдерін иемденуден, оларды өндіруге, яғни иемденетін шаруашылықтан өндіретін шаруашылыққа көшу болды. Бұл аңшылар мен балық аулаушылардың ертедегі аналық-рулық қауымы мен диқаншы-малшылардың дамыған аналық-рулық қауымын ажыратуға негіз береді.

Ертедегі аналық-рулық қауымдық шектерде иемденуші іс-әрекеттің екі дәйекті кезеңге: архайлық кезеңге және бірқатар

аудандарда балық шаруашылығымен де ұштасып келетін неғұрлым дамыған аңшылық шаруашылық кезеңге бөлінді. Әдетте, аңшылықтың жаңа өте тиімді қаруы - жебелер мен садақты қолдану бұлардың арасындағы шек деп санайды. Бұл ескерте кетуді керек етеді. Этнография саласында садақты пайдаланбаған, бірақ аулаудың басқа түрін, мәселен үрмелі, жебе лақтыратын түтікті пайдаланған аңшылар тайпасын, атап айтқанда, Амазонка бассейнінің көптеген тайпалары белгілі. Дегенмен, археологиялық және этнографиялық материалдарға қарап пайымдау бойынша, жетілдірілген аңшылық қаруы ретінде садақ неғұрлым кеңірек тараған. Өйткені аңшылық шаруашылығына көшудің белгілі бір дәрежеде шартты болса да, өзіне тән белгісі болғаны байқалады.

Ерте аналық-рулық қауым өмір сүруінің алғашқы кезеңі кейінгі палеолиттің археологиялық ескерткіштерінен көрінеді. Мұздық кезіндегі Еуропада бұл ең алдымен ориньяк, солютрей және мадлен мәдениеті еді, бұлар кейінгі палеолит дамуының кезеңдері үшін тән мәдениет ретінде алынып қаралады. Алайда, Германияда, мәселен, солютрей ескерткіштері жоқтығын, ал мадлендіктер Швейцарияның шығысында мәлім еместігін ескерген жөн. Оның есесіне перигорди, гримальди, селет және костенки мәдениеті бөлінеді. Перигорди (Франциядағы Перигор үстіртіндегі үңгірлерден табылған олжаларға қарай аталған. Дордонь департаменті) және Гримальди (итальян ривьересіндегі Гримальдин үңгіріндегі олжалар бойынша) мәдениеті ориньяк мәдениетімен бір мезетте өмір сүрді. Костенки мәдениетінің ескерткіштері де (Воронеж маңындағы Костенок селосындағы ең көне ескерткіштер) осы уақытқа жататын болса керек. Бұл мәдениеттер ориньяк, солютрей және мадлен мәдениеті локальды құбылыс саналады және бұлардағы айырмашылық техника мен қоғамдық қатынастардың даму кезеңдерін емес, тек халықтың түрлі топтарындағы әр түрлі дәстүрдің болуын ғана бейнелейді.

«Ориньяк» термині Францияның оңтүстік Батысындағы Ориньяк үңгірі атауынан шыққан. Бұл дәуірдегі ең маңызды жаңалық сүйектен көптеген мөлшерде еңбек құралдарын жасап

шығару мен тұрақты қыстық қауымдық тұрақтар болды. Бұл дәуірде шақпақ тас өңдеуде (призмалық нуклеус) кейінгі палеолиттік ерекшеліктер алғашқы рет көрінеді, атап айтқанда, солютрей дәуірінде мейлінше дамыған қыспа ретушь тәсілі туды. Шақпақ тасты өңдеудің бұл тәсілі мынадай еді, сүйек қысқыштың көмегімен құралдың сыртқы бетінен жұқа қабыршақтар ойылып алынды.

Солютрей мәдениеті Франциядағы Сена және Уаза департаменті Солютр үңгірі бойынша аталған. Бұл мәдениеттің ерекшелігі екі жағынан қыспа ретушьпен шақпақты өңдеу жолымен өте жетілдіріліп жасалған найза ұштықтары мен пышақ кездіктердің таралуы болып табылады. Көшетті және бүйір ойындылы лавр жапырақты және көк тал жапырақты ұштықтар басым келеді, көзі бар сүйек инелер пайда болды.

Аң аулаудың жаңа құралдары ойланып табылғанына карамастан, бұл ориньяк және солютрей дәуірлерінде үйіріп аң аулау басым болып қала берді; аңшылар тобы аңды жарға, жартас шатқалына, батпаққа сол сияқты, жерлерге қуып тығатын. Тұрақтағы қатып қалған жерде қойма-шұңқыр қазатын, осында етті ұзақ уақыт бойына сақтауға болатын.

Мадлен мәдениеті Францияның Дордониіндегі Ла Мадлен үңгірі бойынша аталған және Испанияның солтүстігінде, Францияда, Швейцарияда, Германияның оңтүстігінде таралған. Бұл б.з.-ға дейінгі 20000—12000 жылдар деп шамаланады. Сөздің кең мағынасында алғанда мадлен мәдениеті немесе дәлірегі мадлен дәуірі кейінгі палеолиттік мәдениет дамуының барлық европалық мұздық кезіндегі салаларында көрінеді. Бұл кезде солютрей мәдениетіне тән болып келетін қыспа ретушь және соның көмегімен жасалған лавр жапырағы тәрізді ұштықтар жойылады. Шақпақ тас индустриясының жалпы тұрпаты біраз құлдырағандықтың әсерін тудырады: ұсақ қиындылар, теспелер, қырмалар, шеттері мұқалған жүздер т.б. таралады, бұлар негізінен алғанда сүйектерді өңдеуге арналады. Сүйек және мүйіз индустриясының гүлденуі келіп жетеді. Шақпақ тастар орнына сүйек немесе солтүстік

бұғысының мүйізінен жасалған найза ұштықтары мен қысқа сапты найзалар, біздер, кырнауыштар қолданыла бастайды, ең тамаша мадлен құралы — сүңгілер болады.

Мадлен дәуірінде адамның бұлшық етінің күшін механикалық құралмен — найза лақтырғышпен тұңғыш толықтырыла түскен өнер жаңалығы ашылды. Мадленнің аяқ кезінде-ақ басқа «механикалық» қару - садақтың ойланып табылуы да ықтимал.

Мадлен кезеңінің аяғында мүйіз тұмсық пен мамонттың қырылып қалуына байланысты, аулаудың негізгі объектісі, солтүстік бұғысы мен жабайы жылқы болды. Мадлендіктер неғұрлым кіші жануарларды да, тіпті құстарды да аулады. Аң аулаумен қатар балық аулау да біраз маңызға ие болды. Бұл жөнінде Мадленде пайда болған өте тұрпайы типті, балық аулау қармағы керсетеді.

Мадлен мәдениетінің адамына тіршілік етудің негізгі заттарын солтүстік бұғысы берді: ет, жарық үшін май, киім үшін терісі, жіп үшін тарамысы, қаруларды жасау үшін мүйізі мен сүйегі қажет еді. Солтүстік бұғысы — көшіп жүретін жануар. Қыста ол Оңтүстікте, ормандардың шеткері алқабында жүреді, жазда солтүстікке тундра жайылымына ауып барады. Мадлен аңшысы, бұғы табынының соңынан жүре отырып, кейінгі эйкуменнің солтүстік шеткергі аймағын бірте-бірте игерді.

Сібір тұрақтары сібір-қытай облысына жатады. Ертедегі ескерткіштер Ангара өзеніндегі Буреть, Ақ өзендегі Мальта уақытына қарай батыс еуропалық солютрейге сай келеді де, тас индустриясының тұрпаты жағынан соған ұқсас болады. Бұл мамонттарды, мүйіз тұмсықтарды жабайы бұқалар мен жылқыларды аулайтын аңшылардың кәдімгі тұрақты лагерлері еді. Кейінгі Афонтов тауы типті ескерткіштер үшін Красноярскі түбіндегі Енисей өзенінде (уақытына қарағанда) Мадленге сай келеді. Мустьерлікті еске түсіретін және ағаш өңдеуге бейімделген аумақты тас қарулардың болуы тән болып келеді. Сібірдің кейінгі палеолиттік мәдениеті жануарлардың арктикалық түрлері бірте-бірте жойылған және осы кездегі

тайгалық климат пен ландшафт орныққан кезде онша өзгермеген түрінде өмір сүре берді.

Қырым, Кавказ және Орта Азия тұрақтары Африка, Жерорта теңізі аймақтарына жатады. Бұларға сүйек өңдеудің азырақ дамуы тән болып келеді. Аң аулаумен қатар мұнда жинап-теру ісі үлкен роль атқарған.

Қытай мен Оңтүстік Шығыс Азияда бұлардың батыс еуропалық ұғымында кейінгі палеолиттік мәдениет болған жоқ. Неолитке дейін бұл аймақтың мәдениеті ертедегі палеолиттік тұрпатта болып келді. Сонымен қатар Солтүстік Қытайдың мәдениеті сібірлік палеолитке жақындайды да оңтүстік қытай мәдениетінен шұғыл айырымдалады.

Африканың кейінгі палеолиті нашар зерттелген. Тас қарулардың жекелеген олжалары Нигерия мен Конгода жасалған. Сахарада Тассили үстіртінде мадлендік ұқсас сүңгілер табылған. Неғұрлым кейінгі тас бетіндегі суреттер бұл жерде баяғы замандарда, сірә, кейінгі палеолиттік, аң объектісі ретінде бай фаунасы болғандығын көрсетеді.

Садақ пен жебенің пайда болуы: Ерте аналық-рулық қауым дамуындағы келесі кезең мезолиттің археологиялық ескерткіштері бойынша қадағаланады. Мезолиттің бас кезі мұздықтың түпкілікті еріп, жер бетінде жалпы осы заманғы климаттың орнығуымен сай келеді. Оңтүстік және Орталық Европада мұздық дәуірінің аяғынан бастап солтүстік бұғысы жойылды. Аңшылардың негізгі табысы бұлан, кер марал, зубр, қабан, қара құйрық, сондай-ақ ұсақ жануарлар мен суда жүзетін құстар болды.

Мезолиттік техникаға микролиттердің кішкентай, ұзындығы 1-2 см, ені 2-3 см, қалыңдығы 0,1 см аспайтын үш бұрыш, ромбы, трапеция, сегмент формалы шақпақ қарулардың таралуы тән болып келеді. Микролиттер сүйек немесе ағаш жақтаулардың ұзынша ойындыларын да, ішпек ретінде пайдаланды. Микролиттерден шақпақты тілетін шеті бар ағаш немесе сүйек қару осылай келіп шықты. Бұл техникалық әдіс әлі күнге шейін қолданылып келеді. Қазіргі кездегі кейбір кескіштер мен бұрғылағыштардың ішпектері бар. Бұл

техниканың маңызды жері тұтас шақпақ тастан жасалған еңбек құралы жөндеуге келмейтін, ал ішпек мұқалған кезде оны жаңа ішпекпен ауыстыру арқылы қайта қолданатын.

Мезолит техникасының аса маңызды жетістігі садақ пен жебені ойлап табу болды. Садақтың сонау мадлен дәуірінде табылуы ықтимал, бірақ оның таралуы сөзсіз мезолит дәуіріне ғана жатады. Садақ микролитке қарағанда әлде-қайда күрделі механизм, оны жасау үшін өсімдіктер қасиеті мен қозғалыс механизмі туралы білімдерді талап етті. Адам тұтас ағаш бөлігінен қарапайым садақты немесе күрделі ағаш, сүйек және мүйіз үш бөліктен тұратын садақ жасай алатын еді. Бұл алыстан соғатын жаңа қару аңшылықтың дамуына жаңа түрткі салды. Садақты қолданумен қатар садақ принципі де қолданысқа енді, ол түрлі қақпандар жасауда да қолданылды.

Сондай-ақ кейінгі палеолитке саятын, бірақ тек мезолитте ғана таралған мәдениет тарихындағы басқа аса маңызды оқиға мал шаруашылығындағы алғашқы қадам — иттерді қолға үйрету, мүмкін шошқаны үйрету болған шығар. Үйсіндірудің алғашқы кезеңдерінде жабайы және үй жануарларының қаңқа құрылысында морфологиялық айырымдардың әлі де болса шамалы екені сондай, остеологиялық материалдар қандай да болсын жануарлардың үйсіндірілгенін сеніммен айта қоюға мүмкіндік бермейді.

Солтүстік аймақтарда, ал мезолиттің аяғында, жалпы әр түрлі аудандарда тұрпайы орамдалған соққылайтын құралдар (макролиттер), балғалар, қайдалар, шот балғалар пайда болады, сүңгінің кеңінен таралуы жұрттардан көптеген мөлшерде балық сүйектерінің табылуы, балық шаруашылығының интенсивті дамығанын көрсетеді.

Мезолиттік адамдар ары қарай Солтүстікке ірге жайды, Шотландияны, Скандинавияны, Прибалтиканы, тіпті Солтүстік мұзды Мұхит жағалауының бір бөлігін игерді. Америкаға кең жайыла мекендеді.

Мезолиттік аңшылар мен балықшылардың тұрмысы Еуропаның территориясындағы көптеген тұрақтар бойынша барынша жақсы зерттелген. Кәдімгі мезолиттік

мәдениетке: азиль, тарденуаз, свидер, лингби мәдениеттері жатады.

Азиль мәдениеті Францияның Оңтүстік Батысындағы Мас д'Азиль үңгірінің атын алған. Оның шақпақ тас және сүйек қарулары негізінен алғанда, сонау кейінгі палеолиттік тұрпатын сақтаған, микролиттер мен жебенің тас ұштықтары да кездесетін. Кер маралдың мүйізінен жасалған шағын жадағай сүңгі де, үстіне қызыл сырмен жұмсақ белгілер салынған малта тас қарулар да тән болып келеді. Үйретілген иттердің де сүйегі табылған. Азильдіктер, көбінесе, үңгірлерде тұрды, мұнда олар өздерінің еліктерін де жерлейтін еді. Азиль мәдениеті Батыс Еуропаға таралған. Бұларға ұқсас ескерткіштер Қырымда, Кавказда, ішінара Орта Азияда табылды.

Тарденуаз мәдениеті өзінің атын Солтүстік Франциядағы Феран-Тарденуа тұрағынан алған. Тарденуаз жұртының мәдениеті, әдетте өзендер мен көлдердің жағалауларында, құм төбелердің баурайларында кейде шағын аңғарларда жайғасады. Бұған стандартталған геометриялық формалы микролиттер мен жеуге жарамды моллюскалар қауашақтарының көптеп жиналуы тән болып келеді. Тарденуаз мәдениетінің ескерткіштері бүкіл Еуропаға, ал оған ұқсастары Ескі Дүниенің барлық материктеріне кеңінен таралған, бірақ олардың территориялық топтары өзара елеулі түрде жеткілікті айырмаланады.

Свидер мәдениеті атын Свидер — Вельки түбіндегі (Польша, Варшава маңы) мекен жайдан алған. Бұл мәдениеттің тұрақтары, әдетте өзендердің жағаларында жиі табандарда жайғасқан қыдырма аңшылардың рулық топтарының уақытша мекен-жайлары болып келеді. Бұлардың ең ертедегілерінде әлі де шақпақ қарулардың мадлен формалары ұшырайды, бірақ мұнымен бірге олардың жаңа микролиттік формалары да кездеседі. Әсіресе, бұған тал сағағындағы жапырақ тәрізді жебе ұштықтары тән болып келеді. Свидер мәдениеті Орталық және Солтүстік Польша территориясы мен Литвада таралған.

Свидер мәдениетіне Даниядағы мезолит тұрағы бойынша аталған *лингби мәдениеті* жақын және Прибалтикада кеңінен таралған. Лингби мәдениетінің тайпалары солтүстікке қарай жылжи отырып, мұздықтан кейінгі уақытта осы уақытқа дейін бос жатқан Прибалтика аймақтарын мекендейді. Бұл мәдениеттің тұрақтарында қысқа сапты найзаның шақпақ ұштықтары мен жебелер, микролиттік қарулар, сондай-ақ тұрпайы макролиттік қарулар, мадлен типті сүйек сүңгілер мен солтүстік бұғы немесе кер марал мүйіздерінен жасалған ерекше тән болып келетін кетпен тәрізді қарулар кездеседі.

Мезолит дәуіріне тән болып келетін микролиттік техника мен геометриялық формалардың ықшамды қарулардың таралуы Еуропамен шектеліп қалмайды. Бұл қарулар Африкада белгілі, сондай-ақ Орта Азияда, Үндістанда, тіпті Австралияда да таралған. Микролиттердің барлық жерде таралуы аң аулаудың дамуымен және оның шаруашылық маңызының арта түсуімен байланысты болды. Жебелердің ұштықтары мен пышақтардың жүздері болған микролиттерді және оларды пайдалану техникасын бір тайпалардан екіншілері жиі алмасып отырды және қару-жарақтардың жаңа түрлерін жасаудың негізі болды.

Бүкіл мезолит заманы бойында алғашқы тұрмыс адамы ең жақсы дегенде жартылай отырықшылық өмір сүруге мәжбүр болды. Келесі археологиялық дәуір - неолиттің ескерткіштеріне қарап қадағаланған жаңа техникалық жетістіктер ғана өз кезіндегі алғашқы тұрмыс экономикасын дамытуда өзгеріс туғызған берік отырықшылыққа көшуге оған мүмкіндік берді.

Балық пен аң аулаушылардың шаруашылығы: Мезолиттің аяғы мен ерте неолитте солтүстікте аңшылық пен жинап-терушілік ұштасқан шаруашылықтың жаңа формалары — балық шаруашылығы немесе теңіздік кәсіпшілік пайда болды. Бұлар, негізінен алғанда, Данияда, сондай-ақ Балтық теңізінің жағалауларында, Солтүстік және Шығыс Германия мен Польшада, Оңтүстік Швейцария мен Англияда таралған *маглемозе* (Даниядағы Муллеруп қаласына жақын тұрақ бойынша аталған) *мәдениеті* ескерткіштерінде айқын

көрінеді. Маглемозе мәдениеті б. з.-ға дейінгі 6800-5000 жылдар деп шамаланады. Бұл мәдениеттің мекен-жайлары ойпаң жерлерде, батпақты немесе шымтезекті орындарда немесе көлдер мен өзендердегі шағын аралдар мен түбектерде жайғасады, әрі жазғы және күзгі уақытта ғана мекендеуге болатын еді.

Маглемозе мәдениетінің шақпақ тас қарулары дегеніміз қарапайым формалы микролиттер, трапеция және ромба тәрізді формалы ішпекті қарулар еді. Тұрпайы жасалған макролиттер: мүйізден жасалған арнаулы муфталарға бекітілген балталар немесе шаппалар типті соққыш қарулар кездеседі. Әсіресе сүйек пен мүйізден жасалған қарулар: сүңгілер, балталар, балта саптары, пышақтар, немесе қашаулар, жебе ұштықтары, инелер т.б. Бұдан басқа маглемозе мәдениеті жұртында балық аулайтын қармақтар, тоқыма тұйықтар (верши) мен аулар (қабығының талшықтарынан жасалған), келте ағаш ескектер мен шырша дінінен ойылған ұршықтар табылды. Күс аулау үшін лақтырғыш тақтайшаның мүмкін тұзақтың көмегімен нысанаға тигізілетін қысқа сапты найза қолданылды. Шаруашылықта жабайы өсетін жеуге жарамды өсімдіктерді, тамырларды және шөптерді жинаудың үлкен маңызы болды. Маглемоза мәдениетінің барлық аса маңызды жұрттарында түріне қарағанда өлі бөріні еске түсіретін, үйретілген иттердің сүйегі табылды.

Солтүстік Африканың мезолиті мен ертедегі неолитін, негізінен алғанда, осы территорияларда табылған оран ескерткіштерінің одан біраз өзгеше Алжир, Тунис және Марокко территорияларында таралған каспий мәдениетінен көрінеді. Әдетте, бұл мәдениеттің ескерткіштері сонымен бірге, кыбеккенмеддингтер (дат термині) немесе қауашақ үйінділері деп те аталатын асханалық қалдықтардың үйінділері болып келеді. Бұл күлмен және ағаш сүрегінің көмірімен араласып кеткен моллюска қауашақтарының толып жатқан қалдықтарының жадағай жалпақ төбелері еді. Бұлардан еңбек құралдары мен жануарлардың сүйектері табылған.

Егер маглемоза мәдениеті үшін аңшылықтан гөрі балық аулау шаруашылығының басымдылығы тән болса, ал бізге

кьеккенмеддингті гиблерді қалдырған адамдар аңшылық табыстың жетімісіз жерін тамақта теңіз және өзен моллюскаларын қолданумен толтырды.

Ертедегі неолиттік балық-аң аулау шаруашылығының сарқыншақ формалары андамандықтардың тарихи өткен шағынан жақсы көрінеді. Мұнда да алғашқы тұрмыс экономикасы дәстүрінің ұзақ сақталуы оқшаулану жағдайларынан: Бенгаль бұғазы мен Андаман теңізінің арасындағы Үнді мұхитындағы Андаман аралдарының ерекше жағдайларынан туған болатын.

Андамандықтар шаруашылығының негізі балық шаруашылығы, оның басты қарулары S әрпі тәрізді өзгеше формалы садақ, сүйек ұштықтары бар ұзын бамбук жебелер мен аутригерлі (балансирлі) шағын жалғыз ағаш қайық болды. Андамандықтар өз қайықтарымен теңізге еркін шыға беретін және мұнда ірі балықты таңдап алып, аулайтын, әдетте мұны соншама көп ұстайтындығы сондай, аулағандарының бір бөлігі шіріп те кететін жағдайлар болатын. Тасбақаларды, құстарды, жабайы шошқаларды теңізден және құрылықтан аулау шаруашылықта қосалқы рөл атқарды. Бұлардың бәрі ерлердің ісі еді, әйелдер жеуге жарайтын өсімдіктерді жинап-теріп, үй шаруашылығын жүргізді.

Аң аулаумен және жинап-терушілікпен ұштасып, дамыған балық шаруашылығы көлемі 300 шаршы метрге дейін мықты дiңгектi үйлерi бар тұрақты мекендерге андаманықтардың отырықшылануына мүмкіндік берген, тіршілік етудің біршама сенімді көзін жасады. Кейде тасбақа мен құс жұмыртқаларын жинаған маусымда бұл селолар біраз уақытқа босап қалатын, кейде тамақ қалдықтарының жиналуынан, төзгісіз сасып-орсудан бұлар жаңа орынға көшірілетін, бірақ бүтіндей алғанда біздің көз алдымызда жетіле түскен және күрделіленген шаруашылығы бар әбден дерлік қалыптасқан отырықшы мәдениет келеді. Түрлі ағаш, тоқыма және тері ыдыс-аяқпен қанағаттанып қалмай андаман әйелдері, енді нағыз қыштарды — қыштың жарты шар тәрізді іші қауашақпен қырып жасалған тұрпайы құмғандар әзірлеп

шығарды. Қыштардың ойлап табылуымен тамақ пісіру кең өріс алды, әрі бұның отырықшы тұрмысты нығайту үшін ерекше үлкен маңызы болды. Оны жеткілікті қор етіп жинау оңайға түсті. Өнімдерді консервілеудің андамандар қолданған тәсілдерінің принципін де біздікінен айырмашылығы жоқ еді: пісірілген немесе қақталған еті бар бамбук ыдыстар саз балшықпен мықтап тығыздалып майланды да, шірітетін бактерияны құртатындай етіліп ұзақ қайнатылатын болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Ертедегі аналық рулық қауымның шектерде иемденуші іс әрекетті неше дәйекті кезеңге бөлді?*
2. *Ориньяк, солжотрей мәдениеттерінің шығу тарихы*
3. *Садақ пен жебенің пайда болуы және оның тарихи маңыздылығы*
4. *Кәдімгі мезолиттік мәдениеттің қандай түрлерін білесіз, мысал келтіріңіз*
5. *Маглемозе мәдениетінің шақпақ тас қарулары дегеніміз не, оған қандай құралдар жатады?*
6. *Ертедегі неолиттік балық-аң аулау шаруашылығының сарқыншақ формаларына мысал келтіріңіз*

§10. Қоғамдық қатынастардағы өзгерістер

1. *Ертедегі аналық-рулық қауымдағы қоғамдық қатынастар*
2. *Ру, ру бірлестіктері және тайпа, оны басқару жүйелері*
3. *Неке және отбасы*
4. *Рухани мәдениет*

Қоғамдық қатынастар: Этнография саласы ертедегі аналық-рулық қауымды зерттеумен тұңғыш шұғылданғанда, бұл осы уақытқа қарай географиялық және әсіресе тарихи ортаның өзгеруімен, көршілес қоғамдардың еуропалық отарлаудың т.б. ықпалымен барлық жерде түп-негізінен өзгеріске ұшырады.

Әуел басқы ру формасын және түрін өзгертті. Бірақ ғылым ең бастысын қалпына келтіре алды; бұл туыстардың арасындағы қатынастарға тән тапжылмайтын ұжымдасушылық еді. Қоршау немесе айдап тығып аң аулау, бөгеттеп немесе аулармен балық ұстау, ұйымдасқан жинап-терушілік, үй-жай салып, қайықтар жасау — міне, осының бәрі рудың біріккен күш жігерін талап етті. Ал ортақ еңбек өндірістің құрал-жабдықтары мен өнімдеріне қауымдық меншікті тудырды.

Рудың ұжымдық меншігінде, ең алдымен, өндірістің басты құралы - жер. Бұл жағдайда оның шегіндегі барлық қолда бар аң аулау объектілері, балық шаруашылығы мен жинап-терушілік құралдар, үй мүліктерін жасау үшін шикі заттары т.б. бар территория болды. Жоғарыда сипатталған аңшылар мен балықшылар қоғамдарының бірде-бірі туған-туысқандардың барлық топтарының ортақ меншіктілігінен бөтен жерге меншіктіктің басқа формасын білмеді. Сондай-ақ аңшы адамдары мен балықшы бөгеттерін қайықтар мен ауларды, тұрғын үйлер мен оттарды рулық иемдену де кеңінен дәлелденіп отыр. Жеке адамдарға тек дара өздері ғана жасап шығарған еңбектің қол қарулары — найза, садақ, балта, тағы басқалар, сондай-ақ түрлі тұрмыстық заттар тиісті болды. Бірақ өндірістің бұл қарулары да, әдетте ұжымда және оның қажетін өтеу үшін пайдаланылды, сондықтан да бұларға жеке адамның меншіктігі рудың ұжымдық меншігі ішінде сіңіп кеткендей болатын еді. Австралиялықтарда, бушмендерде туған-туысқандарға тиісті заттарды сұрамай-ақ ала беруге рұқсат еткен және сонымен бірге олар жайында өздерінің меншігіндегідей қамқорлық жасау міндет етілген әдеттері мәлім.

Рулық қауым мүшелерінің жеке бас меншігі оның затқа деген қатынасы ғана, ал адамдардың арасындағы қоғамдық қатынастар ұжымдық рулық меншіктің тұтас үстемдігімен анықталатын. Осындай түрде ру тек коллективтік аң аулаудың немесе балық аулау өнімдерінің ғана емес, сондай-ақ қандай да болсын жеке-дара табыстың да жоғарғы иесі болды. Австралия аборигендерінде, бушмендерде және басқа да тұрпайы аңшы-балықшы тайпаларда атап көрсетілген қатысушылардың

арасында бөлу, мұнда тіпті ең олжалы аңшының өзі де басқа туған-туыстарынан көп алмайтындығы ең көне принцип екендігі байқалған. Оңтүстік Шығыс Австралияның тайпасында кенгуруды өлтірген адамның табысқа ешқандай ерекше құқығы болмады, әрі бөліскенде оған еттің ең жаман дерлік бөлігі тиетін. Осындай әдет-ғұрыптар Австралияның чепар, нарранг, нариньери, вотьобалтук, карамунди және басқаларында сипатталып жазылған XVIII ғасырдың аяғында бушмендерді бақылаған Дж. Барроу, оларда толық теңдік үстемдік етеді және топ мүшелерінің барлығының әрқайсының аңшылық табысынан үлес алуға құқығы болған, деп атап көрсетеді.

Рулық қауым мүшелерінің ұжымдық қызметі еңбекті қоғамдық бөлісудің қандай да болсын формаларын білмейтін кооперацияның жай түрі еді. Алайда, өндіріс дағдыларының бірте-бірте қиындай түсуі шаруашылықтың мамандануын талап етті. Сондықтан да алғашқы тұрмыстық адам табынында туған жынысы мен жасына қарай еңбекті табиғи бөлісу енді одан әрі дами түседі. Еркектер, көбінесе, аңшы, ал кейініректе балықшы әйелдер, көбінесе, жинап-теруші, әрі үй ошағын ұстап сақтаушы болады, балалар мен қарттар еңбекке қабілетті туған-туыстарына көмектеседі. Руда оның бүкіл қоғамдық өміріне терең із қалдырған жыныстық-жастық бөліс туады.

Ертедегі аналық-рулық қауымда негізгі жастық топтар балалардың, ересек ерлердің тобы болды. Қоғамның осындай топтарға бөлінуіне зор маңыз берілді, мұнда жастық жеке ерекше мәңызды болып саналады, бұдан өту инициация дейтін әйгілі салты салтанатты әдет түрде өтетін болды. *Инициация* (лат. *initiatio* — құпия жасау, арнау) — бозбала мен бойжеткеннің есейіп балиғатқа толуына байланысты дәстүрлі мәдениетте кеңінен тараған әмбебап әдет-ғұрып жүйесі. *Оның мақсаты* — жастарды отбасылық, қоғамдық және өндірістік өмірге дайындау. Бұл процесс түрлі тайпаларда өз әдет-ғұрыптарына байланысты түрлі деңгейде өтеді (сүндетке отырғызу, тісін қағып алу, тату жасау, т.б.). Бұның қайсібірінің салдары асқынып, ауыр өтетін кездері болған.

Түрлі тайпаларда инициация салты алуан түрлі болды, бірақ шынына келгенде олардың мәні дайым жас өспірімдерді шаруашылыққа, қауымның ересек мүшелерінің қоғамдық және идеологиялық өміріне тарту еді. Австралия аборигендерінде жас жігітті аңшылық және соғыстық қаруды игеруге үйретті, оның бойында төзімділікті, ұстамдылықты және тәртіпке баулыды, оны тайпаның әдет-ғұрпына, салтына және дін-нанымына қанықтырды. Инициацияланатындарды бірталай азапты процедуралар арқылы аштан ұстап жарақат салып, отпен таңба салып, шашын жұлып, тістерін сындырып т. б. жасап сынады. Бушмендер мен отты жерліктерде 13-14 жастағы жас өспірім балалар бір-екі жыл бойына кейбір тамақ түрлерінен бастартуға, ауыр жұмыс атқаруға, өз бойында шыдамдылық, жуастық және тәртіп тәрбиелеуге тиіс болған. Қыздарды инициациялау да оны ұжымының толық құнды және толық құқықты мүшесі қызметіне дайындаудан көрінетін инициацияның құранды бөліктерінің бірі, некелік тіршілікке даярлау еді: оларға осы әдет-ғұрыптарға байланыстыларды хабарлады және олардың жыныс мүшелеріне әр түрлі операциялар жасады т.б. Әсіресе, ерлерді сүндеттеу кеңінен тарайды, мұның жұқанасы иудаизмнің және исламның уағыздарында осы уақытқа дейін сақталып келеді.

Көбіне оларды өзгеше оқшаулауға әкеп соғатын ересек әйелдер мен ерлерді топқа бөлу жеткілікті айқын болды. Кейбір тайпаларда ерлер мен әйелдер тұрақтарда жеке мекен-жай болып жайғасты, түрлі астар даярлады, өздерінің құпия әдет-ғұрыптары мен сенімдері, кейде, тіпті, өздерінің құпия «тілдері» болды. Ерлердің еңбек қаруы, ерлердің меншігі, әйелдердікі-әйелдердің меншігі болып саналады.

Ертедегі аналық-рулық қауымда табиғи-жыныстық, жастық бөлулердің болуы мұнда үстемдік және бағыныштылық қатынастар жасамады. Ерлер мен әйелдер әр түрлі бірақ бірдей дәрежеде еңбек іс-әрекетінің қоғамдық пайдалы сфераларында бірдей дәрежеде мамандандырылды. Атап айтқанда аналық бағыттағы, рудың өзінің аналық ұйымымен бірге, рулық құрылыс дамуының ең ертедегі кезінде-ақ, әйелдерге өте

жоғары қоғамдық жағдай жасаған қауымның өміріндегі әйел еңбегінің көрнектірөлін ерекше атап көрсеткен жөн. Австралия аборигендерінің әйелдері тіпті отарлану жағдайынан кейінде де, дәстүрлі тіршілік салтының салтының бұзылуы өзінде болған толық құқықтылығының көптеген қалдықтарын ұзақ уақыт ұстады.

Олар мүліктік және мұрагерлік құқықтарға ие болды. Қоғамдық әселелерді талқылап, қоғамдық рәсімдерді жасауға қатынасы отыру ерлердің көне әдеті болып саналды, әрі ағылшын этнографтары Файсон мен Хауиттің сөздеріне карағанда, қоғамдық пікірге едәуір ықпал етті. Әйелдердің жоғарғы қоғамдық жағдайының бұдан да гөрі айқын сарқыншақтарын XVIII ғасырдың бірінші жартысында Сибирьге бірінші академиялық экспедицияға қатынасқан Стеллер мен Крашенинников ительмендерден атап керсетеді. Аңшылар мен балықшылардың жеке тайпаларында, мәселен, Мексика жағалауларындағы Тимбурон көлінде үндістердің сери тайпасында әйел рудың басы болған, ал ер адам-көсем тек соғыста жетекшілік жасау үшін ғана сайланатын тәртіп сақталған. Кейбір зерттеушілер (А.М.Золотарев, М.О.Косвен) бұзылмаған аналық ру жағдайларында мұндай тәртіп барлық жерде болуға тиіс деп болжамдайды.

Қандай да болсын артықшылығы, үстемдігі бар жастық категориялар болған жоқ. Рас, кейбір зерттеушілер, қарттардың - тәжірибе сақтаушылар мен қауым жетекшілерінің ықпалды жіктері айқын бөлініп көрінген Австралия аборигендерінің этнография деректеріне сүйеніп, ертедегі рулық қауымның өзінде-ақ геронтократия (*Геронтократия* - [грек, *geron* - қария, *kratos* - билік] - тура мағынасында «қариялар билігі», билік қарттардың қолында болатын басқару принципі) дейтіннің болғанын жобалайды. Бірақ бұл жағдайда австралиятану фактілері шынайы алғашқы тұрмыстыққа жанаса қоймайтындай. Алғашқы тұрмыс адамы өзгеше теңдесі жоқ табиғи қатал ортадағылары, әрі палеоантропология деректері көрсетіп отырғандай қырық жасқа дейін сирек өмір сүрген. Ертедегі рулық қоғамда еңбек қабілетінен айырылып қартайған

туған-туыстарды өлтіру («ерікті өлім») әдет-ғұрыптары сан алуан тайпаларда кейін де сақталған сарқыншақтар әрекет етті, деп болжауға болады. Олардан, сол сияқты бағуға келмейтін қалжыраған, ауру жас балалардан құтылатын болған. Алғашқы тұрмыстық рулық қауым тең адамдар қауымы болды, бірақ тіршілік ету жолындағы қатаң күрес жағдайларында бұл тек адамдар өндіріс ұжымының толық қанды мүшелері ғана бола алатын еді.

Ру, ру бірлестіктері және тайпа, оны басқару жүйелері: Дуальдық ұйымның тууымен аморфты адам табынының орнына анық бейнеленген және тұрақты рулық қауым келді. Сонымен бірге алғашқы тұрмыстық қоғам неғұрлым күрделі құрылымға ие болды: екі дуальдық-экзогамдық ру жаңа әлеуметтік қауымдың - тайпаның өркенін құрады.

Алғашқы тайпалар біртұтас болған жоқ. Бұларға енген рулық қауымдардың арасындағы байланыс өзара некелесу, әрі мүмкін, кейбір эпизодтық кәсіптермен — аңшылық қамажаулармен, некелік және басқа рәсімдерімен шектелген болса керек. Бірақ байланыстар бірте-бірте нығайып, күрделене түседі. Өзара некелермен ұсталған байланыстар неғұрлым тұрақты шаруашылық ынтымағын, мәдени құнды заттар алмасуды, өзара тілдік ықпалды тудырды. Бұл процесс археологиялық тұрғыдан байқалады: мезолит уақытына қарай тұрақтар тобын біріктіретін және рулық қауымдардың неғұрлым кең ұжымдарға – тайпаларға бірте-бірте шоғырлануын көрсететін мәдениеттің локальды варианттары туады. Алайда, этнографиялық деректер көрсетіп отырғандай тайпалар, әлі де болса, негізінен алғанда, этникалық қауымдықтар тек шамалы дәрежеде әлеуметтік қауымдықтар ғана болып қала берді. Басқа сөзбен айтқанда тайпалардың өз аты, өз территориясы, өз диалекті, өзінің мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері болды, бірақ оларда әлі тайпалық өзін-өзі билеу, кеңес, көсем және басқа да дамыған тайпалық құрылыс белгілері жоқ еді. Рулық-тайпалық ұйымдардың ерте кезеңі үшін шамалы, бірақ бірте-бірте өсіп

отырған тайпалардың рөлі мен өте үлкен басымдық алған ру рөлі тән болып келеді.

Ру алғашқы тұрмыстық қауымдық демократия принциптері негізінде басқарылды. Оның жоғарғы органы шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық өмірдің негізгі мәселелерін ынтымақтаса отырып шешетін, барлық ересек туған-туыстардың жиналысы. Мұнда, табиғи түрде кемелденген, ақыл тоқтатқан, араларынан басшылар сайланған тәжірибелі адамдар – ерлер мен әйелдер ерекше беделге ие болды. Басшылар туған-туысқандардың өндірістік қызметіне басшылық етті. Қоғамдық салт-саналарды жасады, дау-таластарды жөнге алды, әскери соқтығыс кездерінде көсемдік етті. Олардың өкімет билігі жеке басының беделіне негізделгеніне қарамастан, құрмет тұту туған-туыстарының олардың көрнекті қасиеттеріне, тәжірибелеріне, біліміне негізделгенімен бұл толық нақтылы өкімет билігі еді.

Басшылар болса, рулық нормаларды, яғни туған-туыстардың мінез-құлықтарының міндетті түрде қоғамдық тұрғыдан сақталатын ережелерін сақтаушы және ардақтаушы болды. Бұл нормалар — өзара көмек, өзара қорғаныс, экзогамия т.б. ережелер ұжымның өмірлік маңызды мүдделеріне сай келді, әдетте бұл мүлтіксіз сақталатын еді. Бұдан басқа ұрпақтан-ұрпаққа сақталып қолданыла отырып, олар әдеттік күшке ие болды, салт-ғұрыптарға айналды. Дегенмен туған туысқандардың арасындағы қарым-қатынастарда зоологиялық ерекшеленушіліктің қалдықтары көрінетін де, рулық тұрмыс-тіршілік нормалары бұзылатын. Бұл қоғамдық ықпал ету шараларын иландыруды ғана емес, сондай-ақ мәжбүрлеуді қолдануды керек етті. Елеулі теріс қылықтарға түрлі жазалар ұрып соғу, мүгедектеу, ал аса ауыр жағдайларда тіпті өлім жазасы немесе осыған тең болған рудан қуып жіберу қолданылды. Мәселен, Австралия аборигендеріндегі ведда, сеноев руларында экзогамия ережелерін бұзған адам, туған-туыстарын тастап кетуге немесе өлуге тиіс болған. Рулық қауымды өкімет билігін ұйымдастыру принципіне келгенде таптық мәжбүр етудің кейініректе туған аппаратынан, ал рулық

нормалар - заңға айналдырылған үстем таптың еркі - құқықтардан айырымдалды.

Неке және отбасы: Алғашқы тұрмыстық қоғамда дуальдық ұйымның пайда болуымен қатар, неке мен отбасы, яғни жыныстар арасындағы қатынастарды және олардың ұрпаққа қатысын реттейтін ерекше қоғамдық институттар туды.

Алғашқы жыныстық промискуйтеттен тікелей дамыған некенің адамзат тарихындағы алғашқы формасы, дуальды-рулық топтық неке болса керек, мұнда бір рудың барлық мүшелерінің басқа белгілі бір рудың барлық мүшелерімен некелесуге ерікті болған. Сонымен некелесудің бұл көне формасында, біріншіден, туған-туыстармен некелесуге тыйым салынды, екіншіден, екі белгілі бір рулардың өзара некелесу талаптары (бағытталған экзогамия немесе эпигамия дейтіндер) және үшінші, зайыптық ортақтық талабы болды.

Дуальды-экзогамдық топтық некенің түрі өзгерген калдықтары Батыс Виктория австралиялықтарынан жақсы қадағаланған. Олардың тайпалары екі фратрияға — Ақ және Қара какадуға бөлінген. Бұлардың әр-қайсысының ішінде жыныстық қатынастарға қатаң тыйым салынған. Сонымен бірге бір фратрия ерлері екінші фратрия әйелдерінің күйеулері және керісінше болып саналады. Екі экзогамдық өзара некелесу фратрияға — алғашқы рулардың дериваттарына бөліну - бұлардың көпшілігі екі емес, төрт немесе сегіз некелесу таптық неғұрлым күрделі жүйені жасап үлгіргеніне қарамастан, басқа да австралиялық тайпаларда табылып отыр.

Топтық некеде зайыптық қарым-қатынастар, табиғи түрде кездейсоқ, оқтын-оқтын қысқа уақыттық болуға тиіс еді. Малакки семанттарында ХІХ ғасырда тұрмыста болған осындай тәртіптердің айқын сарқыншақтарын Миклухо-Маклай сипаттап жазды. «Бойжеткен қыз бір ермен бірнеше күн немесе бірнеше апталап тұрып, өз еркімен және ерінің келісімімен басқаға кете барады, тағы да мұнымен тек біраз қысқа немесе ұзағырақ уақыт қана тұра алады. Осылай етіп ол топтағы барлық ерлерді аралап шығады. Осыдан кейін барып өзінің бірінші зайыбына оралады, бірақ онда қалып қоймайды, жағдай мен тілегіне қарай жаңа

уақытша жұптасуды тоқтатпайды». Осындай оқтындықпен, жағдай мен тілегіне қарай, ерлер де өз әйелдерімен қатынас жасады. Бұл жағдайларда зайыптар тіпті бірге де тұрмаған, некелік жұптықты тек жеке кездесулер мен өзара келіп-кету түрінде жүзеге асырып, өз туған-туыстарымен әр рудың қауымдарында тұра берген. Мұндай некелік мекендесуге дислокальды деген ат тағылған. Этнография бұларды бірнеше тайпалардан мәселен, серилер мен Жаңа Гвинеяның папуастарының жекелеген топтарынан кездестірген. Басқа халықтарда дислокальды мекен-жай қалдықтары болып алғашқы бала туғанша бірге тұрмайтын әдеттері жатады. Ақырында, дислокальды мекен-жай туралы алыстағы естеліктер ерлер мен әйелдердің, бөлек ірге тепкендігі жайындағы мифтерде сақталып қалған (Страбонның самниттері, Палладий үнділері, кейбір Ирланд сагтарының кельттері, Марко Поло Аравия теңізі аралшылары және басқалар), сондай-ақ жеке тұрған амазонка-әйелдер туралы аңыздарда да кеңінен таралған болса керек.

Тек некелік қана емес, сондай-ақ отбасылық қатынастарда да топтық болды, бір рудың әйелі тапқан бала бүкіл рудың баласына айналды. Әрине, адамдар ол кезде де өздерінің ең жақын қандас туысқандарын ғана білді, алайда, биологиялық жеке-даралық емес, әлеуметтік топтық туыстық та есепке алынды. Бұл тәртіп дүние жүзінің барлық өз дамуында артта қалған халықтарында дерлік түрлі варианттарда сақталған классификациялық немесе классификаторлық дейтінде бейнеленеді. Классификациялық жүйе жеке, дара туыстарды емес, олардың топтарын, немесе «таптарын» айырады. Мәселен, австралиялық абориген «ана» деп тек өзінің туған анасын ғана емес, оның некелік табының барлық әйелдерін, ал «күйеуім» деп тек өзінің шын мәніндегі күйеуін ғана емес, оның некелік табының барлық ерлерін, сол сияқты «құлым» деп тек өзінің ұлын ғана емес өзінің некелес табы әйелдерінің барлық ұлдарын атаған. Туысқандықтың мұндай жүйесі мүшелері өз баласы мен қандай да болсын өз туыстарының баласы арасында айырмашылық жасалмайтын топтық отбасыда ғана туа алатын

еді. Осы көне тәртіп туралы ерекше бір естелік бушмендерде сақталған: жаңа туған баланы мұнда алғашқы кезде анасы емес, рудың басқа әйелдері емізетін болған.

Жыныс қатынастарының бастапқы бей-берекеттігімен салыстырғанда алға қарай жасалған ірі қадам бола отырып, мұндай неке қалайда, әлі де болса жыныстар арасында қатынастарды реттеудің өте жетілдірілмеген формасы болып қала берді. Экзогамия жыныстық қатынастарды ру шегінен шығарды, бірақ бір рулық топқа жататын ерлердің немесе әйелдердің жаңа басқа ру мүшелерінің арасындағы қызғаныш негізінде бәсекелесу, соқтығысу үшін орын қалдырды. Сондықтан да қоғам ішінде некелік шенберді сыға түсуге бағытталған жаңа тежеулер үсті-үстіне қалыптаса бастады. Сірә, күйеу баласы мен қайын енесінің немесе келіні мен қайнағасының арасында жуыспау салты түрінде кең тарап отырған осы уақытқа дейін сарқыншағы ішінара сақталған түрлі жастық категория адамдары арасында некелесуге тыйым салу осылай туса керек. Өзара некелес екі рудың барлық мүшелерін қамтыған әуел басқы топтық неке осы рулардың бір ұрпағына — кросс-кузендік — (тоғыспалы) екінші туыстық неке дейтінге жататын адамдар арасында ғана топтық некеге дейін бірте-бірте таралды. Себебі ол некенің мұндай формасында еркектер өз аналарының інісінің қызына, немесе осы жағдайда өз әкесінің қарындастарының қызына, яғни өзінің екінші туыстық (немере) қарындастарына үйленді. Туысқандықтың бұл белгілерінің бәрі таза классификациялық екені түсінікті, ал іс жүзінде немерелер ғана емес, сондай-ақ шөберелер, неменелер, тағы басқалар, бауырлар мен қарындастар некелесе берген. Мұнда, экзогамия бұзылмаған: туыстығы ана жағынан есептеліп, түрлі руларға жата отырып, жалпы алғанда туыстар болып саналмаған.

Бұдан арғы жерде некелік шеңбер топтың кросс-кузендік некені тежеу есебінен тарыла түседі. Көптеген тайпалардың салттарында әуелі тоғыспалы немерелердің, содан кейін тоғыспалы шөберелердің және сондайлардың, бауырлардың және қарындастардың араларында некелесуді тыюдың дәйекті процесін қадағалауға болады. Неліктен тыйым салулар жүйесі

барған сайын күрделене түсті, топтық некені іс-жүзінде жүзеге асыру барған сайын қиындай берді, жеке қосақтардың эпизодты бірге тұруының эпизодтығы бұрынғыдан азая берді. Австралиялықтардың және басқа да неғұрлым артта қалған аңшы-балықшы тайпалардың этнография материалдары ертедегі рулық қауым дәуірінің аяғына қарай-ақ қос немесе синдиасмикалық неке бірте-бірте қалыптасты деп санауға мүмкіндік береді.

Қос некеде тек белгілі бір қос кросс-кузендер қосылып қана қойғанымен ол баянсыз, оңай ажырайтын және біршама ұзаққа бармайтын болып қала берді. Оның «қосаңтығының» өзі де әрі-сәрі еді, ол әлі де болса топтың некелік қатынастардың әр түрлі қалдықтарымен ұзақ қоян-қолтықтасып жатты. Қос некеге түскен зайыптардың «негізгілерімен» қатар жиі «қосымша» әйелдері мен ерлері болды (австралиялықтарда және басқаларда пираунгару мен пиррауру салттары және басқаларында). Көптеген халықтарда полиандрия көп күйеулілік салты, сорорат – бірнеше қарындастармен бір мезетте некелесу, ал бұдан арғы дамуда — өлген әйелінің сіңлісіне, әрі левирата өлген бауырының әйеліне үйлену салттары белгілі болды. «Арылушы гетеризм» деп аталатын кеңінен таралды, бұл тәртіп бойынша бойжеткен қыз қосақталып некелесу алдында өзінің потенциалды ерлеріне кезекпе кезек берілуге тиіс, әрі қонақжай гетеризм - өздері басқа руға барғанда өздерінің потенциалды әйелдеріне ерлік құқығы болған, ал бұдан арғы дамуда — үй иесінің әйеліне, немесе қызына қонақтың құқығы болған. Ақырында, қосақ некеге некелесуге дейінгі және некеден тыс жыныс байланыстарына деген шыдамдылық, ал кейде көтермелеу қатынасы жалпы алғанда ұзақ қосарланады.

Алайда қосақ некенің басты айырым белгісі оның тұрақсыздығы емес еді, бұған негізделген қосақ отбасы ру құрамында бөлініп шыққан экономикалық ұя болып құралмады. Топтың отбасыдағы сияқты ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі болмады, бірігіп шаруашылық жүргізбеді, балалар тек аналар мен оның руына ғана тиісті болды, қосақ отбасы өмір сүруінің

бастапқы кезінде некенің дислокальдылығы сақталғандығы мүмкін-ді.

Сонымен неке мен отбасы дамуының жалпы заңдылығы мынада еді. Іштерінде жыныстар арасында некелік байланыстың ортақтығы үстемдік еткен, әрі әуел баста бүкіл тайпаны қамтыған шеңбер үздіксіз тарыла берді. Бұл тарылу туыстардың арасындағы некелік бәсеке қатынастарын барған сайын жоя түсті және сонымен бірге оқшауланған ру ішілік бірлік өлшем ретінде жанұяның тууына әкеп соқпады. Топтық та, әрі оның орнын басқан қосақ неке де рулық қауымның экономикалық мүдделеріне сай келді, оның ішкі тұтастығының етене көрінісі болды.

Рухани мәдениет: Сапиентация процесінің аяқталуы мен рулық құрылыстың тууы тек әлеуметтік қана емес, сондай-ақ алғашқы тұрмыстық адамзаттың дамуына да жол ашты. Ертедегі аналық-рулық қауым дәуірі рухани мәдениеттің, ең алдымен, тиімді білім бастамалары мен өнердің дамуында елеулі табыстармен көзге түсті.

Алғашқы тұрмыс адамының білім көзі оның еңбек қызметі болды, мұның барысында тәжірибе жинақталды, құбылыстың себептері мен салдары салыстырылды, байқаулар жинақталып жүйеге келтірілді. Тіршілік жағдайлары, ең алдымен, айналадағы табиғат туралы білім қорын жинауды талап еткені табиғи дүние еді. Австралия аборигендерінің, бушмендердің және т.б. мысалында ертедегі рулық қауым мүшелері өз отанының ерекшелігі мен байлығы туралы мәліметтерді, география, ботаника, зоология, минералогия, метеорология және басқа да табиғаттану білімдері салаларындағы нақтылы мәліметтерді аумақты етіп жинады. Өзінің тіршілік етуін қолдау үшін, олар өзінің азықтық территориясын, шөптердің зиянды да пайдалы қасиеттерін, жануарлардың жүріп-тұру жолдары мен мінез-қылықтарын түрлі минералдардың ерекшеліктерін, іс үшін ағаштар мен басқа да материалдардың түрлерін жете білуге, із кесуге, ауа райын болжауға және жер-жерді бағдарлай білуге тиіс болды. Жер-жерді бағдарлауға аспан жұлдыздарын білу байланысты еді; осы

заманғы зерттеушілердің бірі жердің жасанды серігін ұшыру туралы алғашқы хабарды жаңа «жұлдыздың» пайда болғанына көңіл аударған бушмендерден алғанын баяндайды.

Медицина, фармакология, токсикология сияқты білімнің практикалық салалары да едәуір дамуға ие болды. Адам сынған жерлерді, буын таюларды және жараларды емдеудің, ауру тістерді алып тастаудың және басқа да күрделі емес хирургиялық операциялардың, жылан шаққанды, ісіп жарылған жерлерді, суық тигенді, басқа да сырқаттарды емдеудің ең қарапайым тиімді әдістерін білді. Мезолиттен бастап кейбір остеологиялық материалдар дан айқын қадағаланатын бас сүйекті трепанациялау мен зақымданған қол-аяқты ампутациялау белгілі болды. Алғашқы тұрмыстық медицинада физикалық та (массаж, суық және ыстық компрестер, су моншасы, қан алу), сондай-ақ өсімдік, мал және минерал текті дәрі-дәрмек дарулары кеңінен қолданылды. Бұл жөнінде атап айтқанда, Австралия аборигендерінің халықтық медицинасы біршама жақсы зерттелгені дәлел болады. Олар сүйек сынғанда құрсау салуды, ерлік торы, күл, игуан майлары көмегімен, аққан қанды тоқтатуды, жылан шаққанда қанды сорып алып, жараны күйдіріп тастауды суық тисе монша буымен емдеуді, іш ауруларды — үпілмәлік майымен, эвкалипт смоласымен, орхидей баданасымен, тері ауруларын — саз балшық басып, несеппен жуып-шайып т. б. жасап емдей білді.

Жинақталып қорытылған, абстракты ұғымдар анағұрлым өлшеусіз шектеулі болып қала берді. Отты жерліктер мен австралияның аборигендерінде тек қана үш, ал бушмендерде төрт қана сандық мөрлердің таңбалары болды: бірден үш-төртке дейін, «бес» деу үшін «үш және екі» дейтін, оннан асатын барлық сандар «көп» деген ұғыммен берілетін. Көптеген зерттеушілер тұрпайы халықта р жалпы санды емес, тек белгілі бір заттардың санын ғана көз алдыға келтіретінін атап көрсетеді. Басқаша айтқанда «екі», «үш», «бес» тағы басқалар емес, екі қол немесе аяқ, үш бадана немесе кесек ет, бес саусақ немесе найза, тағы басқалар болған.

Есептеу нақтылы өмірлік талаптан туып, алғашқы тұрмыс адамдарының тек тіршілік практикасында ұзақ өмір сүрді. Осыған байланысты ең қарапайым арифметикалық амал — қосу мен алу неғұрлым күрделі бөлу мен көбейтудің алдында болыпты-мыс деген кең тараған ұғым, сірә, қате екендігін атап көрсету қызық нәрсе. Өткен ғасырдың аяқ кезінде-ақ неміс этнографы Карл Штейнненнің көрсеткеніндей, туыстарымен табыстарды бөлуге байланысты бөлудің түп-тамыры өте ертеде туған, әрі, тіпті арифметикалық операциялардың ең көнесі болуы ықтимал. Есептен де гөрі анағұрлым ертеректегі бастапқы күйде қашықтықты өлшеу мен уақытты санау болды. Үлкен аралықтар шамамен жол күндерімен, кішілері жебенің немесе найзаның ұшуымен, одан да кішірегі нақтылы заттардың ұзындығымен, көбінесе адам денесінің түрлі бөліктерімен; табан, шынтақ, саусақ, тырнақпен өлшенді. Осыдан келіп көптеген тілдерде көне заманғы ұзындық өлшеулерінің сақталған аттарының сарқыншақтары: орыстарда шынтақ пен өкше, ағылшындарда фут, немісте элле т.б. бар. Уақыт не аспан денелерінің жағдайымен (күн, ай), не табиғат-шаруашылық маусымдарымен (жаңбыр жауу кезі, құс жұмыртқаларын жинау маусымы) байланысты тек салыстырмалы үлкен аралықпен ұзақ есептелді.

Австралия аборигендерінде сурет жазудың пиктографияның бастамалары, яғни есте сақтау немесе ойды жеткізу үшін тұрпайы бейнелерді салу пайда болғанымен жазу-сызудың мүлде болмағаны түсінікті. Пиктографияда пайдалы білімдер саласы рухани мәдениеттің басқа саласымен — мәдениетпен ұштасып келеді, мұның сан алуан түрлері рулық қауым дамуының өте ертедегі кезеңдерінде кеңінен байқалады.

Алғашқы тұрмыстық өнер де генетикалық жағынан адамның еңбек қызметімен байланысты. Бұл қауымның ұжымдық тәжірибесін бейнеледі де күрделі, эстетикалық өткелдік формада оның бекуіне, жетіле түсуіне, ұрпаққа берілуіне жол ашты. Осыдан келіп, алғашқы тұрмыстық

графиканың, мүсіннің, фольклордың, музыканың, бидің ертедегі образдарының тамаша нақтылығы мен шынайылығы шығады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Алғашқы тұрмыстың адам табынындағы жынысы мен жасына қарай еңбекті табиғи бөлісу*
- 2. Инициация салты дегенді қалай түсінесіз?*
- 3. Қос неке, қосақ неке деген ұғымдар нені білдіреді, мысал келтіріңіз*
- 4. Ертедегі аналық-рулық қауымдағы рухани мәдениетке тоқталыңыз*

§11. Егінші-малшылардың дамыған рулық қауымы

- 1. Неолиттік және энеолиттік уақыттың негізгі техникалық жетістіктері*
- 2. Кетпендік егінші малшылардың шаруашылығы мен материалдық мәдениеті*

Неолиттік және энеолиттік уақыттың негізгі техникалық жетістіктері: Неолит көп мыңдаған жылдық тас ғасырының жоғарғы да ақырғы сатысы болды. Неолиттік уақыт, ең алдымен, еңбектің тас қаруларының жасалу техникасын едәуір жақсартумен сипатталды. Бұл жаңа техниканың ең айқын сипаты тегістеу немесе жылтырату тәсілімен, сондай-ақ тасты егеп тесу арқылы тас құралдарды түпкілікті өңдеу болып табылады. Бұл неолиттік уақыт адамына бұрынғыға қарағанда зор табыс пен тасқа ойғандай форма беруге мүмкіндік туғызды. Құрал тастардың сан алуан түрінен, соның ішінде шақпақтан қат-қабаттыларын және ұсақ түйінділерінен гөрі жұмсағынан құралдар жасалды, бірақ шақпақ тас та, сондай-ақ нефрит немесе жадейт сияқты қатты жыныстарда жаңа әдістермен өңделетін болды. Алайда, тасты тегістеп жылтырату процесі еңбекті көп керек етті және құралдардың өндірістік сапасын

біршама жақсартты. Сондықтан да көпшілік жағдайларда қару жылтыратып тегістелінеді, әрі шақпақ тас бұрынғысынша индустрияда басым болды. Опыру, сындыру және сылу арқылы тасты өңдеудің екі тәсілдері кеңінен қолданылды, мұнда қыспа ретушь техникасы гүлдену шегіне жетті.

Тастың жоғарғы сапалы сорттарын алу үшін адамдар оны жер астынан қазып алуға көшті. Неолитте осы заманғы Англия, Франция және Еуропаның кейбір басқа аймақтарының территорияларында мәлім болған шақпақтас шахталары пайда болды. Шақпақ тас қаруларының орасан үлкен құралдары да сақталған, бұлардан жасалған бұйымдар өндірілген жерінен өте алысқа тарады.

Жаңа құралдарды ағаш өңдеу үшін де пайдалана бастады. Неолитке, әсіресе, балталар тән болып келеді. Ағаштарды шабу үшін неғұрлым неолиттік балта ору егіншілігінде орман учаскелерін шауып тастауды, ал кейініректе кадалық және басқа құрылыстар үшін діндерді өңдеу, жеке ағаш қайықтарды ойып жасау және басқа жұмыстарды жеңілдетті. Тастан жинап-теруші, ал кейініректе егіншілікпен байланысты көптеген құралдар жасалды. Бұлар: қазғыш таяқша үшін ортасында тесігі бар аумақтық диск түріндегі салмақтықтар, келсаптар, келілер, дән ұнтақтағыштар, кетпендер, орақтар еді. Сондай-ақ кетпендер де сүйек пен мүйізден, ал орақтар үшкір тілетін шақпақ ішпегі бар мүйізден жасалды. Шақпақ ұштықтары лист тәрізді ал кейінірек үшбұрышты формалы болып келетін садақ пен жебелерде едәуір жетілдіріле түсті.

Неолит дәуірінің ең маңызды жаңадан еңгізілген дүниелерінің бірі қыштарды ойлап табу болды. Мұның неолитке тән сипат болып келетіні соншама, тіпті оны басқаша алып қыш ғасыры деп те атайды.

Неолит дәуірінде аңшылықтан мал өсіруге, терімшіліктен егіншілікке көшу орын ала бастады. Шаруашылықтың жаңа түрлерінің шығуы адам баласын осы салаларға қатысты жаңа еңбек құралдарын (дәнүккіш, келі, келсап, кетпен, т.б.) жасауға, оның сипатын сапа жағынан жетілдіруге итермеледі. Бұрынғыдай тастан және сүйектен

жасалған құралдар кеңінен пайдаланылды және қыш ыдыстар кеңінен тарады. Қыш ыдыстардың шығуы дәнді дақылдарды сақтауға, пайдалануға көп мүмкіндік берді. Мәдени-шаруашылық белгілері жөнінен неолит мәдениеттері екі топқа бөлінеді: 1) егіншілік пен малшылық; 2) аңшылық пен балық аулау. Соңғы топтағылар табиғаттан дайын өнімді алып пайдаланса, алдыңғы топтағылар өнімді тікелей өндіру арқылы алды. Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды. Тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылғанын Еуразиядағы неолит заманына жататын көптеген археологиялық мәдениеттер де айғақтайды. Кейінгі неолитте жіп иіру мен тоқымашылық шықты. Егіншілік дамыған аймақтарда ежелгі мемлекеттер қалыптаса бастады. Микролиттік индустрия кеңінен өрістеді. Микролиттер жебе ұштары мен қыстырма құралдар жасауға жұмсалды: сүйек немесе ағаш саптың ұзына бойындағы қуыстарға ондаған ұсақ микролиттер тау балауызы, қара май, битум арқылы бекітілді. Мұндай құралдар әсіресе тері өңдеуге, егін оруға пайдаланылды. Халық саны артып, қоғамда демографиялық ахуал жақсара түсті. Қатынас құралдары дамыды. Адамдардың отырықшылыққа көшкенін көлемі әр түрлі баспаналар да айғақтайды. Баспаналардың бүкіл ұжымға не жеке отбасына арнап салынуы адамдардың қауым болып өмір сүргендігін аңғартады. Этнологиялық мағлұматтар неолиттік тайпаларда аналық-рулық құрылыс үстем болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ мәдени-тұрмыстық жаңалықтар адамның дүниеге деген көзқарастарын түбірімен өзгертті. Табиғат күштеріне, анаға табыну орын алды. Бұған неолит заманындағы өнерден хабар беретін тасқа түскен бедерлер, әйелдердің мүсіндері дәлел болады. Неолитте адамзат өмірінде болған өзгерістерді саралай келе, Г.Чайльд осы дәуірге қатысты «неолиттік төңкеріс» терминін енгізді. Қазақстан аумағынан, негізінен алғанда Солтүстік Қазақстаннан әзірше неолиттік бірнеше қабір табылды. Қабірлердің бірде-біреуінің жер бетінде сыртқы белгілері жоқ. Барлық молаларда сүйектермен бірге жебелердің табылуы бабаларымыздың аң аулаумен айналысып

кана қоймай, соғыс жанжалдарына жиі түсіп тұрғанын да көрсетеді.

Қабірлерде керамика өте аз, ал кейбіреулерінде ол мүлде жоқ. Железинка ауылы жанындағы қабір бойынша (Пеньки тұрағынан 100 шақырым) неолит дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы мейлінше толық пікір айтуға болады. Мола, сірә, рулық ұйымдағы ерекше дәрежелі әйелдікі болса керек. Сәндік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғұрпы осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өртелмеген; денесінің қалған мүрдесі өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген; ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ кертпешелермен сәнделген, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш аңдардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мейлінше сәнделген киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған ұштары) және балшықтан жасалған, құты тәріздес, түбі домалақ, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі топайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс ежелгі адамдардың ұғымынша өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген.

Кетпендік егінші малшылардың шаруашылығы мен материалдық мәдениеті: Бадарий мәдениетінің мекен-жайлары жадағай жоталардың төбелерінде орналасқан, тұрақ-мекені саз балшықпен сыланған шарбақтармен тұрғызылған, сондай-ақ матылар пана-тосқауыл қызметін атқарған. Шаруашылығы негізі тұрпайы егіншілікпен және мал шаруашылығымен ұштастырылған мал шаруашылығы болды. Жерді тас кетпендермен өңдеді. Бадарийліктер Ніл тасқынынан кейін жағада қалған тұнба ылғал лайға топырақты алдын ала өңдеп баптамай-ақ тұқым себуі де ықтимал. Негізгі қарулары тастан, ағаш пен сүйектен жасалды, бірақ тұрақтарынан жеке мыс бұйымдар да табылып отыр.

Қызыл және қара түсті сан алуан саздан жасалған ыдыстар кейде оюланып, өрнек салынып, әшекейленген. Ыдыстардың бір

бөлігі тастан жасалған. Піл сүйегінен ұсақ ыдыстар, қасықтар, әшекейлер жасалды. Осы кезге қарай басқа елдермен де байланыс жүзеге асырылды, бұлардан бадарийліктер өз бұйымдары үшін шикі заттардың сан алуан түрлерін алып тұрды. Жеке тайпалардың арасындағы байланыс қайықтар арқылы жүзеге асырылды. Неолиттік егіншілік мекен-жайлар бадарийліктіктермен ұқсас болды. Сондай-ақ осындай мекен-жайлар фаюм қазан шұңқырынан және Ніл аңғарының батыс бөлігінен де табылып отыр.

Б.э.д IV мыңжылдыққа Египетте «додиналық» деген жалпы атпен белгілі энеолиттік мәдениеттің гүлденуіне де жатады. Шақпақ тас өңдеу ретушь өнерінің тамаша шарықтаған дәрежесіне жетеді. Қызыл фонға ақ сырмен оюланған немесе (кейінгі) ақ фонға қызыл сырмен оюланған қыштар әсем болып келеді. Мыстан жасалған алуан түрлі қарулар – жалпақ балталар, үшбұрышты және астаушалы қанжарлар, лист тәрізді пышақтар, инелер мен басқа да заттар бар. Бұл кезде материалдық мәдениет өлшеусіз өсе түсіп байиды.

Қытайдың ертедегі неолиті митролиттер мен салмалы сүйек және ағаш қаруларын қолданумен көзге түсті. Кейініректе шет-шеттері жұмырланып тегістелген ірі тас қарулар пайда болды. Аң аулап, балық ұстаумен қатар, әсіресе, Маньчжурияның оңтүстік аудандарында және одан әрі оңтүстікке қарай тіршілік ету құралдарын тары егіп, иттер мен шошқаларды өсіру берді. Жерге аздап дөңгелектетілген немесе тік бұрышты, бірақ жұмырланған бұрышты үйлер (саз балшықпен майланған шарбақтар) ағаш тіреулерге тірелген тіреулер болып келетін. Тоқыма (кендір тоқыманы еске түсіретін) оюлары бар саз сүр жапсырма ыдыстар кеңінен таралды.

Қытайдың кейінгі неолиті мен энеолиті (III мыңжылдық және II мыңжылдық басы б.э.д) **яншао мен луншан** егіншілік дақылдарымен көзге түседі. Яншао (Хуанхэ өзенінің бойындағы деревня бойынша аталған) негізінен алғанда Гансу және Хэнань провинцияларында тарлаған (б.э.д. 2700-1700 жылдармен шамаланды) басқа да ертедегі егіншілік мәдениеті қыштарымен ұқсас оймышталған қыштармен сипатталады.

Яншао мәдениетінің тайпалары тастан жасалған құралдарды пайдаланды, тек б.э.д. III мың жылдықтың аяғында ғана оларға мысты өңдеу мәлім болған еді. Халықтың негізгі қаракеті егіншілік (күріш егу) болды, азырақ дәрежеде аң аулаумен, балық шаруашылығымен және мал шаруашылығымен де шұғылданды.

Луншан мәдениетінің тайпалары (Яншаодан шығысқа таманғы аудандарда таралған, яншаоның замандастары болғанымен, әлі металлды білмейтін еді. Луншандар жан-жаған саз балшық қабырғалармен қоршаған (биіктігі 5м, үстінде шарбағы бар-ды) бекіністі мекен-жайлар салды. Еңбек құралдары мен қаруларды тастан, қауашақтардан және сүйектен жасап шығарды. Мейлінше сан алуан қыш ыдысты (оның бір бөлігі қара түсті) шебер жалтыратып өңдеді. Дин деп аталатын үш сирақты ыдыстар бұған мысал болып келеді. Археологтар яншао мен луншан мәдениеті тайпаларының қосылуынан алғашқы қытай мемлекетін құрған тайпалар з дамуын бастады деп жобалайды.

Жапонияда сөзсіз палеолит немесе мезолитке жататын олжалар осы уақытқа дейін табылған жоқ. Жапон аралдарына континенттен алғашқы адамдар б.э.д.V мың жылдықтан ерте мекендемеген болса керек.

Жапониядағы ерте неолит осы заманның әшекейленген саз ыдыстары бар «жіптік» ою делінетін **ДзEMON археологиялық мәдениетінен** бой көрсетеді (әдетте сүйір түпті немесе цилиндрлі келеді). Осы аталған ыдыстардан басқа мекен-жайлардан тас балталар, обсидианды үшкір ұштықтар, қырғыштар, теңіз моллюскаларының шоғырлары табылды. Бұл кезде мекендеушілер аң аулаумен, балық ұстаумен, өсімдік тамақтарымен, теңіз моллюскаларын жинап-терумен шұғылданды. Олар сол заманға сай қарапайым трапеция тәрізді немесе дөңгелек жер кепелерде тұрды. Адамдардың ең бір негізгі үй жануары ит болды. Алғашқы қоғам адамдары егін шаруашылығымен шұғылдануды қолға ала бастады. Сөйтіп осы мәдениет дамуының кейініректегі кезеңдерінде тарыны егіп өсіруді кәсіпке айналдыра бастады.

Б.э.д. III-II ғасырлардан б.э. III-V ғасырына дейін өмір сүрген **Яей энеолиттік мәдениеті** (Токиоға жақын тұрақ бойынша аталған) анағұрлым дамыған экономикасымен көзге түседі. Бұл жапон аралдарына металмен таныстықты және күріш пен бұршақ тұқымдарды егіп өсіруді әкелген материктен (Қытайдан немесе Кореядан) келгендердің ықпалымен келуі мүмкін. Алдымен қола қарулар мен айналар әкелінді, сонан соң бұларды сол жерде жасай бастады. Қыш ыдыстар құмған тез жасалып шығарылды. Егіншілердің деревнясы кейде қада-діңгектердің үстіндегі жер бетіндегі құрылыстардан тұратын болды. Бұл мәдениет дамуының ең кейінгі кезінде темір де пайда болды.

Б.э.д. IV-III мыңжылдықтарда Үнді-Қытай ну тоғайларында үңгірлерді мекен еткен аңшылардың, балықшылардың және жинап-терушілердің тайпалары тұрды. Бұл уақытқа тән археологиялық мәдениеті – **бакшон мәдениеті** (Вьетнамдағы провинцияның аты бойынша). Бұл мәдениеттің мекен-жайларында тас қарулармен және қышпен қатар, сүйектен және перламутра қауашықтарынан жасалған қарулар табылды. Оларды нашар пайдаланғанымен, тас қаруларды мұнтаздап, тегістеу тәсілдері бакшон мәдениетінің иелеріне белгілі болды. Сондай-ақ, жиналған жабайы күріштің дәндерін уатуға арналған көптеген келілер табылды. Бакшон мәдениетінің иелері дәндерді де егіп өсірген болуы да ықтимал. Бұл мәдениет Оңтүстік-Шығыс Азияның (Үнді-Қытай, Индонезия, Филиппиннің) едәуір бөлігінде таралған. Индонезияның көптеген ұсақ аралдарында микролиттік индустрия, ұсақ ұстаралар, садақтан аңшылардың қарулары болған пластиналар табылған.

Үндістанның үлкен бөлігін микролиттік құралдарды пайдаланған аңшылар мен балықшылардың аз дамыған тайпалары мекендеген. Бұл кезде жер бетіндегі ең қарапайым үйлер салынғанына қарамастан үңгірлерде көптеген тұрақтар табылды. **Белужистан** мен **Синнхте** (Инда өзенінің оң жақ жағалауында) ертедегі егіншілік мәдениеті пайда болды. Ең көне мекен-жайлар уақытша тұрғызылды, ал олардың тұрғандары жартылай көшпелі малшылар болды. Бұл мекен-

жайларда қыштар әлі де аз еді. Кейініректе, әрі әсіресе, мысты пайдаланудың басталуымен геометриялық ою-өрнектері бар оймышталған қыш пайда болды. Б.э.д. III мыңжылдықтың бірінші жартысында инда аңғарын игеру басталды. Сипатталып жазылған мәдениеттер хараппа цивилизациясының дамуы алдында болды, мұның гүлденуі қола ғасырына тамыр жаяды.

Европадағы неолиттік мәдениеттің дамуы Жерорта теңізі мен Таяу Шығыс мәдениетінің күшті ықпалымен өтті, осы жерден ең маңызды өсімдіктер мен үй жануарларының кейбір түрлері Европаға енсе керек. Осы арадан Европадағы алғашқы металл да пайда болған деген жорамал бар.

Европадағы неолиттің басталуы б.э.д. V мыңжылдыққа жатады. Осы уақытпен Криттегі ертедегі неолит қабаттары шамаланады, бұлар үшін енді тегістейтін тас құралдардың және саз балшықтан жасалған ыдыстардың болуы тән болып келеді, бірақ әлі де болса егіншілік қарекетінің ешқандай белгілері жоқ. Ұқсас, бірақ біраз неғұрлым кейінгі уақытқа жататын (IV мыңжылдықтар б.э.д.) мекен-жайлар Фессалиядағы Балқан түбегінде, Македонияда және Дунай бассейні елдерінде ашылған.

Солтүстік Франциядағы Кампини тұрағы бойынша аталған **кампини мәдениеті** Батыс Европаға тән неолит дәуірінің мәдениеті болып табылады. Бұл мәдениетті жасаған халық тасты тегістеп-жалтыратуды жаңа ғана игерген және ең қарапайым сазбалшық ыдыстарды ғана жасап шығара білген болатын. Кампинийліктер бұғыларды, жабайы жылқылар мен өгіздерді аулап, сондай-ақ балық шаруашылығымен шұғылданды. Кейбір тұрақтардан, сірә, жабайы өскен астықтардың дәнін уатуға арналған дән уатқыштардың қалдықтары табылды. Бірақ, енді егіншіліктің тууы да мүмкін еді. Кампиниде табылған қыш ыдыстар сынықтарының бетінде арпа дәнінің іздері табылған. Ботаникалық отаны алдыңғы Азия мен Солтүстік-Шығыс Африка болып табылатын арпаның жабайы күйінде Францияның солтүстігіне қоныс аударуы екі талай еді. Сірә, оны мұнда егіліп жүрген өсімдік ретінде адам әкелсе керек. Кампинийліктердің негізгі үй жануары ит болған.

Олар тайыздау дөңгелек келген (диаметрі 5-6 метрге дейін) жартылай жер кепелерде тұрған. Бұл мекен-жайлардың тұрғындарының тұрмысы жартылай отырықшы еді. Бұлар маусымдарға қарай аңшылық жайларға немесе балық аулау орындарына көшіп баратын-ды.

Португалиядан Прибалтикаға дейінгі Европалық жағалық алқаптары үшін бұрын сипатталып та өткен кьекекенмеддинг Эртебелле осы типке тән ескерткіш болып саналады, бұл қалыңдығы 2 метр, ені 20 метр, ұзындығы 150 метрге дейін қалдықтар қабаты (ұлулары басым) болып келеді. Жануарлар мен балықтардың ұлу қабықтары мен сүйектері арасынан бірнеше мың шақпақ құралдар мен солтүстік Европада ең көне қалың қабырғалы саз-балшық ыдыстар табылған. Тастарды өндегенде тегістеп-жылтырату әлі қолданылмаған болатын.

Орта және Оңтүстік Европада ең ерте егіншілік орталықтары төменгі Дунай мен Днестр бойларында V мыңжылдықтың аяғында және IV мыңжылдықтың бірінші жартысында құнарлы жерлерде пайда болады. Мұнда жерді өңдеу құралы кетпен болды, бұл – тасты, сүйекті немесе мүйіз ұштамаларды байлаған үлкен таяқ болатын. Европаның бұл аудандарының халқы берік отырықшылыққа көшкен де еді, әрі айналадағы учаскелерді баптап өндеп жүздеген жылдар бойы бір орында қала берді. Ғасырлар бойына бүлінгеннен кейін үнемі қайтадан қалпына келтіріліп отырған саз балшықтан немесе тастан салынған үйлерден құралған неолиттік деревнялар, өз бойында кейінгі неолиттердегі мыс ғасыры мекен-жайларының қалдықтарын сақтаған «тельдерден» - Таяу Шығыс төбелерінен айырмашылығы аз «тұрғын төбелер» түрінде қалың қат-қабаттар берді. Биіктігі бірнеше метрге жететін мұндай төбелер Болгарияда, Югославияда, Румынияда және КСРО территориясында (Молдавияда) белгілі болып отыр.

Орта Европада дамыған неолитте линиялық-ленталық өрнектермен безендірілген қыш тән болып келетін егіншілік **дунай мәдениеті** болды. Бұл мәдениет Дунайдан батысқа және солтүстікке қарай тосапты облыстарда таралды да, Венгриядан Солтүстік Германияға дейін және Галициядан Бельгияға дейін

өте бір сарынды болды. Дунай мәдениетінің шаруашылық негізінде кетпеннің көмегімен өңделетін шағын учаскелерде арпа, мүмкін, бұршақ, ас бұршақ, чечевица мен кендір өндіру болды. Малды шағын мөлшерде ұстады. Аң аулаумен шұғылданбады. Бұл мәдениеттің толып жатқан мекен-жайларының бірде-бірінде адамдарының ұзақ тұрғындардың іздері жоқ. Бұл кетпендік егіншілік техникасы тұрпайлығының салдары еді. Дунай мәдениетінің адамдары ауыл-аймақ айналасындағы учаскелерді қожырап, тозғанға дейін жеткізіп, олар бұрынғыға таяу жаңа орынға қоныс ауыстырды. Бұл кездегі адамдардың мекен-жайы тік бұрышты құрылыстар болды, бұларды бес қатар дінгектермен тіреді, әрі кейде ұзындығы 27 метр және ені 6 метрге жетіп тұрды. Үйлердің айналасында шаруашылық жайлары: кілеттер мен қоймалар орналасты. Бүтіндей алғанда жабайы аңдардан қорғану үшін адамдар өздерінің отыратын мекен-жайларын орлар мен және шарбақтармен қоршады. Еңбек құралдардың барлығы шақпақ тастан және сүйектен жасалды. Олардың ыдыстары жарты шар тәрізді формалар да болды. Дунай мәдениетіндегі үлкен үйлерде, этнографияға белгілі және Гвинея мен Американың егіншілік тайпалары сияқты рулық топтар немесе қауымдар мекен еткен болса керек.

Дунай мәдениетінің кейінгі мекен-жайларында (б.э.д.ІІІ мыңжылдықтың екінші жартысында) шаруашылықта аңшылықтың өсе түсуіне байланысты жәймен мал шаруашылығы да пайда бола бастағанын қадағалап шығуға болады. Мыстан жасалған құралдар жасала бастады. Ыдыстардың түбі жайпақ бола бастап, олардың өрнектелуі күрделілене түскен. Бұрынғы үлкен үйлердің орнына оқшауланған үйлері тұруы үшін бейімделген дара ошақты тұрақ-жайлар пайда болды. Мекен-жайлар енді тек орманды аудандарда ғана емес, дөңес үстірттерде жиі орналасады.

Шаруашылықтың дамуына байланысты кейбір формальді элементтері жағынан **ленталы қыш мәдениетін** Украинада, Молдавия мен солтүстік Румынияда тараған және трипольелік деген атпен мәлім (Киевтен 50км Триполье селосындағы бірінші

жұрт бойынша) **оймышты мәдениет** өте жақын келеді. Трипольелік поселке айнала дөңгелене орналасқан, ортасында алаңы бар ондаған үйлерден тұрады. Саз-балшықты немесе көбіне шыбықтардан тоқып, балшықпен майлаған үйлер бірнеше бөлмелерден тұрды, бұлардың бір бөлігі тұруға арналды, ал қалғандары қор заттарын қоятын кілеттер еді. Әрбір бөлмеде пеш, астық сақтайтын ірі ыдыстар, дән уатқыштар болды; бөлменің түкпірінде үстіне әйел құдайлардың мүсіндері жайғастырылып қойылған, саз-қыш құрбандық тұрды. Әрбір үйде бірнеше семья қосағы мекендесе керек. Поселкенің өзі болса, туысқан семьялардың бірлестігі болған. Трипольеліктердің негізгі қарекеті қосалқы, мал шаруашылықты кетпендік егіншілік болды. Триполье мәдениеті дамуының кейінгі кезеңдерінде мал шаруашылығының рөлі арта түседі.

Трипольеліктерден шығысқа қарай Днепр мен Уралдың арасындағы дала кеңістіктерінде б.э.д. III мыңжылдықта құрысқан және қызыл түске боялған босаға – уықтары бар қорғандарды қалдырған тайпалар тұрды. Осы көне қорғандардың үйінділерінің астынан жай қазба шұңқырларда жерленгендер табылады. Көне шұңқырлы қорғандар олжаларға тапшы, мыс қарулары сирек болған. Құрысқан кереге-уықты неғұрлым кейінгі жерленгендер (б.э.д. III мыңжылдықтың аяғы) үйінді түріндегі молалы қорғандарда жүргізілді. Үйінді түріндегі жерлеуді қалдырған тайпалар мал шаруашылығымен және егіншілікпен шұғылданды және мыс металлургиясымен айналыса білді. Сірә, осылар батысқа қанат жайып, триполье тайпаларымен соқтығысқан, оларды ығыстырып, Польшаға, Словения мен басқа да елдерге енген болса керек. Өйткені мал шаруашылығының қажеті үлкен кеңістік жерге ірге тебуді керек етті.

Б.э.д. III мыңжылдықтарға тез дамуына ежелгі шығыс мәдени орталықтарымен тікелей байланысы және мұнда мыс өндірісінің ерте пайда болуына жол ашқан Кавказдың ең көне егіншілік жайлары жатады.

Неолит пен энеолиттегі Францияның, Англияның территориясында және Пиреней түбегінде тастың үлкен

кесектерінен мегалитикалық құрылыстар тұрғызған егіншілік – мал шаруашылығының тайпалары тұрды. Бұл менгирлер (сірә, рудың немесе тайпаның көрнекті мүшелеріне ескерткіш ретінде тұрғызылған жеке тұрғын тастар), дольмендер (рулық жерлеулер) және кромлехтер (тастардан айналдыра қойған рулық-тайпалық әулиеліктер) дейтіндер еді. Бұл құрылыстардың толып жатқан саны мен олар тұрғызылған тастар салмағының өте үлкендігі, сөз жоқ, еңбек кооперациясы туралы көрсетеді – мұндай құрылыстар бүкіл тайпалардың күшімен ғана жасала алатын еді.

Ашық жатқан мекен-жайлармен қатар неолиттің аяғында Францияда, Германияда және Англияда бекіністерінің жеткілікті күрделі жүйесі және концентрациялық жолдары мен орлары бар зәулім қалалар пайда болды.

Солтүстік Европада Оңтүстік-Батыс Швеция, Оңтүстік-Шығыс Норвегия, Дания мен Солтүстік Германия территориясында III мың жылдықтың орта шенінде жалпы алғанда Батыс Европаның осындай мәдениетін жақын еске түсіретін мегалиттер құрылысшыларының егіншілік-мал шаруашылығы мәдениеті қалыптасады.

Швейцария мен соған көршілес Альпі таулары төңірегінде облыстарында неолит пен ертедегі қола ғасырында қада тіректі құрылыстар таралды. Бұларды мекендеушілер аң аулаумен, балық шаруашылығымен шұғылданады, бірақ көбінесе мал өсіріп, егіншілік кәсібімен де айналысты.

Тірек-қадалық құрылыстарды мынадай етіп тұрғызды: көлдердің түбіне олардың ұшы су бетінен шығып тұратындай етіліп қада тіректер қағылды. Сонан соң қада тіректердің ұштары көлденең салынған уықтармен жалғастырылып қосылды, бұлардың үстіне еден төселді. Еденнің үстіне қамыс, саз топырақ пен қына салынды да, осының бәрі тапталып тығыздалды. Осылай етіліп алынған алаңға сырғауылдардан немесе саз балшықпен майланған шарбақтардан мекен-жай тұрғызылды.

Қада-тіректі құрылыстарда адамзат тарихында тұңғыш рет ағаш мебель: орындықтар, үстелдер мен сандықтар пайда

болды; бұлардан көптеген мөлшерде тас және балталар, кашаулар мен таңғыштар табылып отырды. Ағаш, балшық топырақтар мен шымтезектердің концервілейтін әрекетінің арқасында көптеген еңбек қарулары мен тұрмыс заттары: ыдыстар, қайықтар, садақтар т.б сақталған. Үй жануарларының бес түрі-сиыр, қой, ешкі, жылқы және ит белгілі болған. Арпа, тары және бидай негізгі астық дақылдары болды. Жерді кетпендермен өңдеді. Астықты шақпақ орақтармен орды. Тірек-қада мекен-жайларда кендірден және жүннен жасалған сан алуан бұйымдар: жіптер, баулар, арқандар, басқұрлар, маталар мен тоқыма заттар табылды. Сондай-ақ тоқыма өндірісінің қарулары да табылып отыр. Жекелеген олжалар Европаның басқа аймақтарымен дамыған айырбастардың болғанын дәлелдейді.

Қада-тіректі құрылыстар, бұларды құрушылар алғашқы тұрмыстық коллективтерге, қауымдарға, сірә, рулық ұйымға ұйымдасқанын көрсетеді. Қада-тіректік мекен жайларды жасап, оны қорғауға қажетті еңбекті ұйымдастыра алатын адамдар коллективінің ғана қолынан келетін еді. Қада-тіректі құрылыстар тек Альпі таулары маңы аймақтарында ғана емес, сондай-ақ Европаның солтүстігінде де Германиядан, Швецияға дейінгі жерлерде де белгілі болған. Осындай қоныстар КСРО-да, Вологда облысы мен Уралда және Макензи аңғарлары арқылы Солтүстік Американың оңтүстік-шығыс орманды аймақтарына келген қоныстанушылардың жаңа толқынының күшті ықпалымен дамыды деуге боларлық негіздер бар. Неолиттік орман мәдениетіне тән саймандарда тегістелген тас балталар мен сибирьдікіне мейлінше жақын келетін қыш құралдар бар екені белгілі болды. Бұл мәдениеттің иелері астық, темекі және асқабақ егіп өсірді. Оларда типі жағынан мезеттес қытайлардікіне жақын мыс бұйымдар пайда болады. Өте шағын өзгерістерімен бұл мәдениеттер біздің эрамыздың II мың жылдығына дейін өмір сүрді. Америка Құрама Штаттарының қазіргі территориясының оңтүстік-батысында неолиттік мәдениет б.э.-дың 700 жылдарында **пуэбло мәдениетінің** тууына тікелей алғышарт жасады. Б.э. дейінгі II мың

жылдықтарда Мексикаға Орталық және Оңтүстік Америкаға Солтүстіктен қоныстанушылар толқыны енеді. Бұлар байырғы халықпен араласып кетеді де, Колумбияға дейінгі Американың үнді цивилизациясында жоғарғы дамуға жеткен тіршіліктің жаңа формасын құрады. Тіршіліктің жаңа формасының негізіне, сайып келгенде, майсты егіп өсіру алынды. Орталық және Оңтүстік Америкаға Океаниядан басып енген малайя-полинезия текті мәдениет элементтерінің иелері бұл мәдениеттердің дамуында біраз із қалдырған болуы ықтимал. Көптеген американың және кеңес ғалымдары жобалап отырғандай неолит дәуірінде Азиядан басып енген монголоид тайпалары байырғы (бұрынырақта мезолит дәуірінде Ескі Дүниеден қоныс аударған) халықпен араласудың нәтижесінде көпшілігі осы уақытқа дейін сақталып отырған түрлі үнді тайпалары туды. Үндіс тайпалары арктикалық мәдениеттердің сарқыншақ топтарын сіңіріп жіберді немесе қиыр солтүстікке ығыстырды, бұлар кейініректе Азиядан қоныс аударған протезкимостармен араласып кетті. Бірақ американың арктикалық жағалауында жаңа эраның Беринг теңіздік межесімен шамаланатын көне мәдениетінен осы күнгі эскимостардың мәдениетіне дейінгі эскимос мәдениетінің даму кезеңдері, археологиялық деректер бойынша жақсы қадағаланады.

Неолит дәуірінде адам тіршілігінің жағдайлары жақсылық жаққа күрт өзгереді. Қоғамның өндіргіш күштері тезірек дами бастайды, бұл халықтың неғұрлым тез өсуіне жол ашады. Алайда, экстенсивтік шаруашылық әуел басқы мекендеген кейбір аймақтарда тамақ жетімсіздігіне әкеп соқты. Сарқылмаған жерлер мен тағы аңдарды іздеп, адамдар елі қалың аймақтардан жаңа, адам әлі игермеген орындарға қозғалды. Сондықтан да егіншіліктің дамуы мен отырықшылықтың өскеніне қарамастан қалайда мал шаруашылықты тайпалар энеолит дәуірінің аяғында көшіп қонумен шұғылданған.

Кетпендік егіншілікті және малшылық қоғамдарының сарқыншақ ілгілерін Мелонезия тайпаларында, Америка үндістерінде, Тропикалық Африка тайпаларында этнография ғылымы тіркеп отырды. Морган мен Энгельс заманына қарай

солтүстік америкaн үндiс ирокездерi дамуының осы сатысының маңдай алды өкiлi болып алған Мелонезия тайпалары жөнiндегi деректер ғылымда белгiлi болды.

Мелонезия аралшаларының адамдарының негiзгi әрекетi барлық жерде дерлiк түйнектi өсiмдiктердi (Ямс таро) және жемiс ағаштарын (какос және сак палмалары, астық ағаш, банан, пизангы) өсiру болды. Егiншiлiк от жағып тұратын кетпендi типтi болды. Орманның қолайлы учаскелерiн белгiлеп алып, ер адамдар бұталар мен ағаштарды балта мен шауып тастап, содан кейiн барып өртедi. Жуан ағаштардың бұтақтарын сыдырып шауып немесе қабықтарын күйдiрiп, тамырын кептiрдi. Күл мен тыңайтылған өртелiнген жер қазғышпен күректермен мұқият қопсытылды. Бұл жұмысты бақылаған Миклухо-Маклайдың сөзiне қарағанда, бiрнеше ер адамдар қатарынан тұра қалатын, жерге жер қазғышты терең қадап, содан кейiн бiр мезетте бiрақ сермеп, жердiң үлкен кесегiн көтерiп тастайтын көрiнедi. Аударылған топырақты күрекпен уатып, еркектердiң соңынан әйелдер ередi. Ақырында балалар қалған ұсақ кесектердi қолымен уататын болды. Барлық келесi жұмыстар-өсiмдiктердi отырғызу оларды күту, өнiмдерiн жинау әйелдердiң атқаруында болды. Мелонезилiктер үй жануарларын: шошқаларды, иттердi және тауықтарды өсiрiп, тамаққа пайдаланған. Жағалық тайпалардың шаруашылығында iлмектердiң шанышқылардың, верштердiң, аулардың, тоспалардың көмегiмен балық аулау және теңiз тасбақаларын ұстаудың үлкен маңызы сақталды. Аралдық фауналардың тапшылығынан құрғақтағы аң аулау (негiзiнен жабайы шошқалар мен құстарды) едәуiр аз рөл атқарды. Жебелi садақтар, найзалар (найзашылықпен бiрге) полица, параша, кейде жауынгерлiк аңшылық балта, сонымен бiрге тегiстелген тастар қауашақтардан, сүйектен, шошқаның сойдақ тiсiнен, тасбақа қабығынан, ағаштан жасалған.

Бiр жұрттан екiншiсiне өздерiнiң тұрақ мекенiн үнеми көшiрiп жүрген ең артта қалған байнинг тайпаларын қоспағанда Мелонезия аралдарының тұрғындары көбiне бамбуктан немесе басқа материалдардан тоқылған қабырғалы және төбелерi жапырақтармен жабылған тiк бұрышты бағаналы үйiрлерде

отырықшы болып тұрды. Үй мүліктері көбінесе матылармен және ағаштан, бамбуктан, асқабақтан, какос жаңғағының қабығынан, қауашақтардан т.б. жасалған ыдыстар мен шектелетін. Қыштық саздың тапшылығынан қыштарды жасап шығару кейбір аралдарда ғана оны отқа күйдіріп, қалыпқа құю немесе жапсырмалау жолымен жүзеге асырылды. Адамдар тамақты отқа қақтады, жер шұңқырларында бұқтырып пісірді, қайнатты. Тропикалық климат жағдайларындағы киім мейлінше тапшы болды. Жыныс мүшелерін бүркемелейтін, фаллокрипта немесе ер адамдардың саны үстемдігі таңғыш әйелдерде алжапқыш немесе қысқа юбка болатын. Кей жерлерде жаңбырдан қорғану үшін, үлкен қол шатыр тәрізді бас жапқыш киетін. Киімдер шөптен, жапырақтардан, матыдан, сондай-ақ «тапылар-жұмсартылған табанды ағаш қабығынан жасалды». Үй мүліктерін, киімдерді жасау, тамақтарды әзірлеу, едәуір дәрежеде үй салу - міне осының бәрі негізінен әйелдердің әрекеті болды.

Сондай-ақ ирокездер кетпендік, шапқы-оттық егіншілікпен айналысты. Олар өсірген басты дақыл майс (жүгері) болды. Мұның танабын радиусы ондаған километрге дейін жететін ирокез қоныстары қоршап жататын. Бұршақтармен асқабақтарды, жер алмұрттарын, күнбағысты, зығырды, темекіні отырғызудың қосалқы маңызы болды. Мұнда да егістікке арнап орман ағаштарын аршу ер адамның ісі болды. Барлық қалған егіншілік жұмыстарын әйелдердің қаракеті болып табылды. Егіншіліктің ең маңызды қарулары балта мен жер қазғыш болды, мұны ХҮІІ ғасырдың аяғына қарай нағыз кетпен ауыстырды. Иттерді қоспағанда ирокездер үй жануарларын білмеді. Отарланған кезге дейінгі Солтүстік Американың фаунасында қандай да болсын үй жануарларын қолға үйрету мүмкін болмады.

Ирокездердің өмірінде шаруашылық қызметінің егіншілікке дейінгі түрлері де елеулі орын ала берді. Әйелдер барлық мүмкін боларлық жидектерді, қозы құйрықтарды, жаңғақтарды, желуттарды, жас бұтақтарды, жеуге жарайтын тамырлар мен түйнектерді, құс жұмыртқаларын, шаян-

шегірткелерді т.б. жинап терді. Көлдердің жағаларында жабайы күріштерді жинау ормандарда сірне мен қант қайнататын үйенкі шырынын алу жүзеге асырылды. Ер адамдар көктем мен жазда балық аулады, күз бен қыста бұғы, марал, аю, күзең, құндыз, қоян және қайтқан құстарды аулады.

Ирокездердің техникалық жағынан жабдықталуы енді энолиттік сипат алған еді. Өндіріс қарулары - балталар, кетпеннің жұмыс істейтін бөліктері, балғалар, найзалардың ұштықтары мен жебелер, балық аулау қармақтары және басқалар көптеген жағдайларда, әлі де болса, тастан, сүйектен немесе мүйізден жасалатын. Бірақ еуропалық отарлау кезіне қарай тұрмыста, суықтай соққылау әдісімен самородтық мыстан жасалған қарулар да қолданылды. Әйелдер кәсіпшілігі де едәуір дами түсті: тамақ пісіру үшін саздан құмған илеп шығарады, нан пісіру үшін ыдыстар, темекі тартатын қорқор жасалды: астықты үгіту үшін келілер, табақтар, қасықтар, тағы сондайлар ағаштан ойылды, жөкенің қабықтарынан астаулар, латоктар, майысты сақтау үшін ұзын цилиндрлік ыдыстар жасалды: өсімдік талшықтарынан себеттер, матылар жасалынды, белдіктермен тартпалар тоқыды. Киім тігуге қолданылған аң терілер өте шебер өңделді. Киім тігу, отарлау кезіне дейін-ақ дифференцияланған, бірақ әлі де болса тігістік емес еді. Ер адамдар мен әйелдер жазда замшы, ал қыста тері плашпен толықтыра түсірілетін сандарының үстіне бұғы немесе замыштардан байлам тақты: байпақтармен макасиндер аяқ киім болды: ер адамдарда қауырсындар тағылған таңғыштар мен құлақшындар бас киім ретінде болды.

Морган әбден сипаттап жазған ирокездердің тұрақ-мекені - «ұзын үйлер» өте-мөте қызықты еді. Бұл ағаш қабықтарының үлкен кесектері қапталған бағаналармен сырықтардан қаңқалары бар созылыңқы тік бұрышты құрылыстар болатын. Үйдің ішінде қабырғаларды бойлай үш қатар сәкілер жасалатын: маталар мен терілер төселген біріншісінден ұйықтайтын: екіншісінде үй мүліктерін ұстайтын, үшіншісінде бастырылмаған майыстың запастарын сақтайтын. Қабықтармен жасалған қоршаулармен бөлінген жеке зайып

қосақтардың үйлері, орталық өтпе есіктің үйдің бүкіл ұзына бойына созылған жағына қарайтын, мұнда әрбір төрт бөлмеге арналған бір-бірден ошақ орналасатын. Тамақ пісіру үшін ортақ қазан үстіне асылатын. Осы ошақтардың санына қарай үйдің ұзындығы анықталатын әдетте бір үйде 5-7 ошақ болып ал оның ұзындығы 10-15 метірге жететін, бірақ бұдан екі есе үлкен көлемдегі үйлерде болған. Үйге жақын жерде кілттермен майыстың жер асты қоймаларын орналастыратын. Ирокез елді мекені бірнеше ондаған ұзын үйлерден тұратын да, шарбақпен қоршалып тасталатын болған.

Меланезийліктерде де, ирокездерде де аса маңызды еңбек процестері коллективтік болды. Шақпақ-оттық егіншілік кезінде, әсіресе ормандарды шапқылағанда қауымның ұйымдасқан күш-жігері қажет болды. Үйіріп аң аулау, тоғандап, немесе аулармен балық аулау сияқты өндірістік қызмет түрлерінде бірігіп әрекет жасау қажет болып қала берді. Меланезийліктер үлкен қайықтарды, ирокездер өздерінің ұзын үйлерін коллектив болып жасады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Неолит кезеңінің басты техникалық жетістіктеріне тоқталыңыз*
- 2. Мәдени-шаруашылық белгілері жөнінен неолит мәдениеттері неше топқа бөлінеді?*
- 3. Бадарий мәдениетінің ерекшеліктерін атаңыз*
- 4. Луншан мәдениетінің тайпаларының мәдени жетістіктеріне тоқталыңыз*
- 5. Мелонезия аралшаларының адамдарының негізгі әрекеттеріне тоқталыңыз*
- 6. Ирокездердің өмірінде шаруашылық қызметінің егіншілікке дейінгі түрлерін атаңыз*
- 7. Ирокездердің техникалық жағынан жабдықталуына тоқталыңыз*

§12. Жоғарғы дамыған балықшылар мен аңшылардың шаруашылығы және материалдық мәдениеті

1. *Неолит дәуіріндегі аңшылық-балықшылық шаруашылықтың дамуы*
2. *Неолит дәуіріндегі қоғамдық қатынастар*
3. *Рулық-тайпалық ұйым және өкімет ұйымы*
4. *Неке және семьялық қатынастар*
5. *Рухани мәдениет*

Неолит дәуіріндегі аңшылық-балықшылық шаруашылықтың дамуы: Неолиттік эканомиканың дамуы аңшылық пен балық шаруашылығын одан әрі жетілдірудің жолымен алға басты. Эйкумендердің кейбір облыстарының табиғат жағдайлары мұнда егіншілік пен мал шаруашылығының тууына бөгет жасады. Атап айтқанда, Евразияның солтүстігі мен Америкада істің жайы осылай болды.

Шығыс Европаның солтүстігі мен Солтүстік Азияда б.э.-ға дейінгі IV мың жылдықтың өзінде-ақ Қиыр Солтүстіктің Сибирь мен Қиыр Шығыстың бірқатар халықтары үшін кәдуілгі болып қала берген аңшылық-балықшылық мәдениеті қалыптасты.

Бұл облыстарда неолитке тән ерекшелік - ойық немесе тіс ізді және тарақша штамты ою өрнектері бар қыш болып табылды. Солтүстікте бұл қыш мейлінше кейінгі уақытқа - б.э.-ға дейінгі I мың жылдықтың басына дейін сақталады. Волга-Ока өзен аралығындағы б.э.-ға дейінгі III мың жылдық деп шамаланатын уақыт деңгейінде қыш үстінде ойын- тарақша өрнектері бар өте көне тұрақтар зерттелді.

Ақ теңіздің және Ладога мен Онега көлдері жағаларында Приуралье мен Зауральеде, Лена бассейнінде, Прибайкальде, Камшаткада, Сахалин мен Куриль аралдарында өте кеңінен көрінетін ойық-тарақты қышы бар мәдениет ескерткіштері сол уақытқа және неғұрлым кейінгі уақытқа жатады. Бұл қандай да болсын егіншіліктің немесе мал шаруашылығының белгілері жоқ орманды аңшы-балықшы халықтың неолиттік ескерткіштері еді. Кейбір ұқсастық элементтеріне қарамасан бұл мәдениеттер, қалайда өзара қыштарының, формалары, қарулар мен үй мүліктерінің кейбір ерекшеліктері жағынан айқын

ажыратылады. Европада тіпті егіншілік пен мал шаруашылығы оңтүстіктен солтүстікке өзінің ақырғы шегіне дейін тараған кезде, егінші-малшы және аңшы-балықшы тайпалардың арасындағы шекара қоңыржай және полярлық аймақтардың арасындағы шекаралармен сай келетіндігін атап көрсеткен жөн. Поляр маңы Европасында сарқыншақ мезолит немесе оны атап жүрген арктикалық палеолит б.э.дың I мың жылдықтарына дейін сақталалы. Б.э. ға дейінгі III-II мың жылдықтарда Скандинавияның солтүстігінде жартастарды (петроглифтер) толып жатқан бейне-суреттер қалдырған неолиттік аңшылар мен балықшылардың тайпалары тұрған КСРО территориясында тас бетіндегі бейне суреттер Ақ теңіз бен Онега көлінің жағаларында мәлім болып отыр.

Дүние жүзінің картасында неолит дәуірінде жоғарыда аталған евразиялықтан басқа иелері егіншілік пен мал шаруашылығын білмеген көптеген басқа аңшы-балықшылардың мәдениетін көрсетуге болады. Мәселен, кәзіргі Түркімен мен Тәжікстанның оңтүстік аудандарындағы ертедегі егіншілік мәдениетімен қатар, б.э ға дейінгі IV мың жылдықтарда өмір сүрген Приаральедегі орта азиялық **келтеминар мәдениеті** бізге осыны дәлелдейді.

Кейінгі палеолиттік типтегі жоғары мамандандырылған аңшылық және балықшылық шаруашылық, таяудағы өткен шақта Ескі және Жаңа дүниені субарктикалық алқабының көптеген тайпаларында сақталған. Мәселен, осындай шаруашылықты Канада тайгасының алгонкин тайпаларымен Солтүстік Американың солтүстік-батыс жағалауының үндістері жүргізді. Канаданың алгонкин тайпалары европалық отарлауға дейін бір бөлігі балық аулап, екінші бөлігі: карип, бұлан, аю, қой, қоян, құс аулап өмір сүрді. Аң аулау үшін немесе сүйек ұштықтары бар жебелермен найзалармен қатар барлық мүмкін боларлық кейде тіпті күрделі аулағыштарды кеңінен пайдаланды.

Теңіздегі және өзен сағаларындағы дамыған балық аулау негізгі кәсібі болған Солтүстік Американың солтүстік батыс-жағалауы үндістерінің (глинкиттер, хайда, синшян және

басқалар) шаруашылығы басқаша ұйымдастырылды. ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда солтүстік-батыс үндістер тегістелген тастан, сүйектен, мүйізден және қауашақтардан жасалған қаруларды пайдаланды және сол кезде оларда мыс та белгілі болды. Бірақ оның өндірістік маңызы мүлде дерлік болмады. Балық шаруашылығының техникасы мамандандырушылардың жоғарғы дәрежесімен көзге түсті. Аулаудың түрлі жағдайлары мен балықтың алуан түрлеріне арналған ерекше шанышқылар, ілмектер, аулар, тоспалар болды; самырсындардан үңгілеп жасалған қайықтардың бірнеше типтері қолданылды. Теңіздік және құрылықтық аң аулау, сондай-ақ жидек, жеміс, тамырлар, су балдырларын, моллюскаларды жинау қосалқы рөл атқарады. Үй жануарларынан аң аулауға пайдаланылған ит қана белгілі болды; иттің жүні де іске асты. Еркектер мен әйелдердің арасында еңбектің айқын бөлісі болды. Балық, аң аулау, кәсіпшілік қаруларын жасап шығару, үй-жайды тұрғызу еркектердің ісі болды; жинап-терушілік, барлық кәсіпшілік табыстарын мол етіп баптап, дайындау, өру, току; киімдерді жасап шығару-әйелдердің кәсібі болды. Бүтіндей алғанда солтүстік-батыс үндістері арнаулы балық шаруашылығын дамытудың біршама жоғары дәрежесіне жеткендігі сондайлық, біз төменде көретініміздей, оларда рулық құрылыс ыдырап, ертеректегі таптық қоғамды құру үшін алғы шарттар қалыптасты.

Неолит дәуіріндегі қоғамдық қатынастар: Иемденуші шаруашылықтан өндірілетін шаруашылыққа көшуден көрінетін өндіргіш күштердің өсуі, рулық құрылыстың одан әрі дамуына жол ашты. Аңшылар мен балықшылардың ертедегі аналық-рулық қауымы келді.

Қоғамның экономикалық негізін бұрынғысынша жерге рулық меншік құрады. Егістік жер мен бау-бақша, аңшылық, балықшылық және жинап теретін жерлер, бір жағдайларда тура руға тиісті болды, ал екіншісінде, тайпаға тиісті деп саналды, бірақ бұған кіретін жеке руларға бекітіліп берілді. Өндірістің басқа құрал-жабдықтары коллективтің де, жеке меншіктің де иелігінде болды, алайда соңғы жағдайда

оның иесі өлгеннен кейін, иелік рудың ішінде қалуға тиіс болды. Меншіктік қатынастар мен бұларға негізделген қоғамдық қатынастар, негізінен алғанда өндірістік коллективті нығайта түскен табиғи қандас-туыстық байланыстармен сай келе берді.

Тіршілік ету құрал-жабдықтарымен біршама қамтамасыз етіліп, тұрғын халықтың өсуі салдарынан рулық қауымдар ана тарапынан аналық үйлік қауым, немесе аналық семья дейтін ең жақын туыстардың ірі коллективтеріне жиі бөлінді. Ирокездерде бұл үйлік қауымдар-«овачирлер» бір «ұзын үйде" тұрған бірнеше ондаған, ал кейде жүзден астам туыстар саналатын. Овачирлердің мүшелері өздеріне бөлініп берілген рулық жерді бірігіп пайдаланады және ортақ шаруашылық жүргізді,тұтыну да бірлескен болды. Морганың сөзіне қарағанда ауланған аң мен егіншілік өнімдері ортақ пайдалануға берілді және барлық азық-түліктер ортақ қорға салынды. Мұндай қауымдар кейбір басқа тайпаларда-солтүстік-батыс үндістерде, Канаданың алгонкиндерінде де белгілі болған. Ру құрамынан олардың бөлініп шығуының рулық бірлікті ақсатпауының маңызы болды. Олар өзара тек қоғамдық және идеологиялық жағынан ғана емес, сондай-ақ тығыз шаруашылық топтарымен де байланысты болып қала берді. Қажет болған жағдайда рулық қауым тұтас өндірістік коллектив ретінде шықты. Мәселен, Меланезия мен ирокездердің кейбір тайпаларында орманды шауып куйдіру, әдетте туған-туыстардың біріккен күштерімен, ал тек кейінгі егіншілік операциялары ғана-жекеленген үй ішілік қауымдар күшімен-атқарылады.

Рулық құрлыстың дамуымен әйелдердің шаруашылық және қоғамдық рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Көптеген мөлшерде тамақ қорларын, оларды сақтау үшін ыдыстарды, отынды, тағы басқаларды дайындауды талап еткен берік отырықшылықтың арнайы әйелдер жүргізіп отырған үй шаруашылығының маңызын елеулі арттыра түсті. Сондай-ақ көбіне өндірістің әйелдер саласын құрған кетпендік егіншіліктің таралуы да осы бағытта жүрді. «Әйелдерсіз,- деді ирокездер миссионерлік реляциялардың бірінің авторына,-біз мүсәпірлік

тіршілік еткен болар едік, өйткені біздің елімізде нақ әйелдер астық пен овощты сеуіп, отырғызады, өсіріп шығарды және ерлер мен балаларға ас даярлайды». Әйелдердің шаруашылық рөлінің артуы, әдеттегідей демесек те, жиі аналық-локальды мекен-жайға көшуді тудырды, бұл өз кезегінде, рулық қауымда оның ықпалы күшеюінің ірі факторы болды. Шынына келгенде, аналық локальдылықтың орнауымен бауырлары мен ұлдары енді көбіне өз әйелдерінің мекен жайы тұрған нақ сол әйелдер руға тиісті өндірістің негізгі қару-жарақтарының, нақтылы коллективтік меншіктің иелері болып, рулық мекен-жайлардың шынайы билеушісі болды. Осы жағдайларда әйелдер тек ерлер мен бірдей ғана емес, сондай-ақ басымдық, үстемдікке ие болған жағдай қалыптаса бастады. Барлық әйелдер немесе олардың көпшілігі сол бір руға жататын болып, ал ер адамдар әр руларға тиісті болып отырғанда коммунистік үй шаруашылығы,-деп атап көрсетті Энгельс,-ашылуы Бахофеннің үшінші сіңірген еңбегін құрайтын алғашқы тұрмыстық дәуірде барлық жерге тараған әйел үстемдігінің нақтылы негізі бола алды».

Ирокез овачирінде бүкіл өкімет билігі ересек әйел-аналардың кеңесіне тиісті болды, бұлар өздерінің араларынан ауыл шаруашылық және үй жұмыстарын, қорларды сақтап, бөлуді, мереке-мейрамдар өткізуді, тағы басқаларды жүргізетін тәжірбиеліде қадірменді билеп-төстеушілерді сайлады. Овачирге тиістілердің барлығына көбінесе әйелдер билік жүргізді. Әйелдердің үстемдігі,-деп жазды XVII ғасырдың бірінші жартысында ирокездер мен олардың көршілері гурондар туралы француз миссионері Лафито,-толық нақтылы негізге сүйенген. Олардың қолында шынайы өкімет билігі: жер, танап және бүкіл өнім түгелдей бар. Керсінше, ерлері мүлде оқушауланған да тежелген, олардың балалары өздеріне бөтен, үйді тек әйелдер ғана билейді. Ұқсас тәртіптердің қалдықтары Меланзияның кейбір обылыстарында, мәселен Добу аралында сипаттап жазылған, мұнда да аналық-жергілікті мекен-жай жағдайларында әйелдер бірден-бір меншік иелері және бүкіл рулық жердің әміршісі болып саналады.

Рулық-тайпалық ұйым және өкімет ұйымы: Рулық құрлыстың дамуы рулық-тайпалық ұйымдардың одан әрі жетіле түсуіменен дәлелденеді. Мұның кәдуілгі үлгісін Морган зерттеген сенек ирокездерінің ұйымынан көруге болады. Мұнда сегіз ру бірігіп бір тайпа құрайтын екі фратрияға топтасты.

Ру, фратрия және тайпа төмендегідей негізгі белгілермен сипатталады. Ру ең алдымен жоғарыда атап көрсетілген ортақ меншіктік қатынастармен, өзара мұрагерлікпен және өзара көмекпен біріккен әйел бағытындағы қандас туыстардың коллективті болды. Ру мүшелері біріне-бірі қандай да болсын көмек көрсетуге, бірін-бірі қорғауға, атап айтқанда, қандық кек қайтаруға немесе төгілген қан үшін материалдық құн төлеуге қатысуға тиіс болды. Рудың белгілі бір әдетте тотемдік, өз аты болды. Мұнымен, әлбетте, тұған-туыстардың жеке өз бастарының есімдері байланысты еді. Мәселен, Қаршыға руында тұған балалар, ауада Шарықтаған қаршығаның Сала құлаш қанаты, Ақ көз құс тағы басқадай есімдер алды. Рудың, бұл жағдайларда аналық үй-күйлік қауымдар-овачирлердің бірі қабылдаған басқа рулардың немесе бөгде тайпалардың мүшелерін ұл етуге провасы болды. Ру өмірінің елеулі шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық мәселелерін кеңес шешті, бұған оның барлық ересек мүшелелері енетін еді. Рудың өзінің ақсақалы-«сахемы» және соғыс кезінде көсемдік ететін, бастайтын бір немесе бірнеше көсемдері болды. Әрбір руда басқа рулардан жеке өз зират қорықтары болды. Ақырында, рудың ең маңызды белгісі туыстық экзогамия салты болып қала берді.

Фратрия айтылып өткендей, әуел басқы ру болды, бұл ұлғайып өсу процесінде бірнеше ана жағының руларына бөлініп кетті. Алайда, бұл әуел басқа ру ыдырай отырып, бұрынғы бірлігінің қалдықтарын жоғалтпады. Сенектерде тек кейіректе жеке рулардың экзогамиясы ауыстырған фратриялық экзогамия туралы естеліктер сақталған. Өз фратриясының руларын «туыстық», қарама-қарсы фратрия руларын «немерелік» деп санады. Ішкі тайпалық өмірде бір фратрияның мүшелері бірін-бірі қолдап, егер бұл қажет болса, басқа фратрияның

мүшелшеріне қарсы дайым ынтымақтастырып шығатын болды. Мәселен, тайпа ішінде кісі өлтірілгенде, жаңа ақсақалдарды немесе әскери көсемдерін сайлау жөнінде пікір бірлігі болмағанда, топтық қоғамдасып ойлау үшін партиялар құрастырылғанда т.б.істің жайы осындай болды. Бір фратрия руларының сахемдері мен көсемдері жеке өздерінің кеңестеріне жинала алатын, ал тайпа кеңесінде біріге отырып әрекет етті. Фратриялардың арнаулы ерекше салт-саналық және ерекше табынатын ғұрыпты өздерінің діни-бақсы туыстығы болды.

Бірақ фратрия туысқан руларының өзін-өзі басқаруының қандай да болсын тұрақты ұйымы болмады. Мұндай ұйым тайпа болатын. Австриялықтардың немесе отты жерліктердің рухтық тайпаларына қарама-қарсы ирокез тайпасының тек өзі аты, территориясы, диалекті, әрі атап айтқанда діни ұғымдарында көрінген белгілі бір мәдени-тұрмыстық ортақтығы ғана болып қойған жоқ, сондай-ақ тайпаға кірген барлық рулардың сахемдері мен әскери көсемдерінен тұратын тайпалық кеңесі де болды. Кеңестің міндеттері тайпаның ортақ мүдделерін қорғау болды. Оның рулық ақсақалдар мен көсемдердің сайлауын бекіту правосы болды, қажет болғанда тіпті рудың тілегіне қарсы алмастыра алды. Ол ру аралық жанжалдарды жарастырып және басқа тайпалармен қатнастырды ретке салып отырды. Елшіліктерді қабылдап, жөнелтті, соғыс жариялап, бітім жасады, одақтар құрды және ірі әскери жорықтары кезінде жеке отрядтардың қимылдарын үйлестіріп отырды. Кеңес аса маңызды істерді ғана шешіп отырды, әрі жиі жинала бермейтін болған. Оның мәжілістері арасындағы аралықта тайпа жалпы басшылықтан айрылып қала берді. Содықтан да кейбір ирокез тайпаларында сахемдердің бірі кеңестің тұрақты өкілі саналып, басшы етіліп сайланды. Алайда бұл жоғарғы басшының өкілдігі шамалы еді, оның шешімдері кейінде тайпа кеңесінде бекітілуге тиісті болды.

Өкіметтің барлық ұйымы бұрынғысынша, алғашқы демократия негіздерінде болатын. Тайпаның әрбір ересек мүшесінің рулық кеңесте де, сондай-ақ тайпалық кеңесте де өз

пікірін еркін айтуға мүмкіндігі болды. Ақсақалдар мен әскери көсемдері өз қызметін тек сайлану құқығы бойынша және өздерінің әрекеті тайпаластарының мүдделеріне сай ғана атқара берді. Жұрттың барлығымен қатар олар қоғамдық өндіріске қатынасты, басқалардан қандай да болсын сыйлықтарды талап ете алмады, немесе өзіне жұмыс істегізе алмады. Егер ақсақал немесе көсем лайықсыз қылық жасаса туған-туыстары оған ақыл, кеңес айтатын, егер бұл көмектесе алмаса, оны орнынан алатын.

Осы демократиялық рулық-тайпалық өзін-өзі басқару әйелдерге тиісті болатын. Олар тек аналық үйлік қауымда билеп төстеуші болып қана қойған жоқ, сондай-ақ бұдан ертедегі уақытта - рулардың билеп-төстеушісі болды. Гурондардың әрбір руын төрт әйел және бір ер адам басқарғаны мәлім, сондай-ақ мұнда тайпа кеңесінің бестен төрті әйелдерден тұрды. Ру басшылары - әйелдер ирокездердің оңтүстік кершілері натчаларда да байқалады. Ирокездердің өздерінде бұл тәртіп сақталмады, бірақ әйелдер басқару істерінде орасан зор ықпалмен пайдалана берді. Әйелдер,—деп жазды Морганға миссионер Райт,—кланда және барлық жерде ірі күш болды. Олар бұл керек болғанда, өздерінің айтуынша көсемнің «мүйізін сындырып», оны кәдуілгі әскер қатарына түсіруді ойлап жатпады. Көсемді әуел басқы сайлау да дәл осындай дайым солардың қолында болды.

Тайпа- дамыған рулық қауым кезінің ең кең әлеуметтік ұясы болды. Рас, XVI ғасырдағы ирокездер тайпа одақтарына біріккен де болатын, бірақ бұл жағдайлар олардың қоғамдық ұйымдарының кейбір басқа сипаттары сияқты алғашқы тұрмыстық қауымдық құрылыстың ыдырай бастауының нышаны еді. Алғашқы тұрмыстық қауым құрылысы ыдырауының кемеліне келген шағында экономикалық және қоғамдық өмірде басты рөлі руға тиісті болды, ал рудың шегінен шыққандары тайпаларда шешілді. Рулар және оларды біріктірген тайпалар алғашқы тұрмыстық адамзатқа табиғатпен қатал кү-ресте өзінің тіршілік етуін сақтауға мүмкіндік берген, тығыз топтасқан демократиялық жолмен өзін-өзі билейтін

коллективтер болды. Рулық құрылыстың күші де осында еді, бірақ оның тарихи шектелгендігі де осында болды. Коллективті топтастыра отырып, рулық-тайпалық ұйым осы коллективтен сыртқары тұрғандардың бәрін заңнан тыс қойды.

Неке және семьялық қатынастар: Аналық рудың дамуы, сірә, семья мен некенің сипатында принципті өзгерістерді тудырмаса керек. Рас аналық-локальды мекен-жай жағдайларында қосақ семья бір ай шаруашылығына бірікті, бірақ бұл өндірістік ұя бола алмады. Экономикалық және қоғамдық мәнде бүкіл аналық үйлік қауым семья болып табылды. Қосақ семья өз шаруашылығын жүргізбеді және рулықтан бөлек, екі зайыпқа ортақ меншігі болмады. Егер күйеуі әйелінің мүлкіне нұқсан келтіретін болса, ол оның туған-туыстарымен есеп айырысуға тиіс болды. Ерлер көбіне жеке өзінің қауымымен шаруашылық байланысын үзбеді және «екі үйге» жұмыс істеді. Егер, балалар тіпті өз әкесін біле тұрса да іс жүзінде, оған бөгде адам болып қала берді. Аналық үйлік қауым болып тұрған кейбір тайпаларда, мәселен, Добу аралындағы меланезийліктерде жалпы қос семья ерекше термин болған жоқ: «семья» ұғымына тек ана тарапынан ғана келетін туыстар кіретін.

Қосақ неке, бұрынғы кездегідей екі жақтың кез-келгенінің қалауы бойынша оңай ажыраса алатын және топтық некелік қатынастардың қалдықтарымен толықтырылатын. Ирокездер мен гурондарда XVIII ғасырдың өзінде де әйелдердің «қосымша» күйеуі, ерлердің «қосымша» әйелі бола алатын. Бұдан басқа гурондарда әйел ретінде аңшыларға еріп жүрген ерекше «аңшылық қыздар» болған. Тлинкиттер мен олардың көршілері алеуттерде, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс миссионері және этнографы Вениаминовтың сөзіне қарағанда, әйелдердің екі күйеуі болуға, олардың біреуі бас, ал екіншісі көмекші, яғни орыстар атап кеткендей жартысы (половинщикі) болуға рұқсат етілген». Меланезияның кейбір тайпаларында некелесуге дейінгі байланыс еркіндігі мен арылу гетеризмінің салты сақталған.

Қоғамдық өмірдегі сияқты дамыған аналық рулық қауымның семьялық тұрмысына ерлерден әйелдердің белгілі артықшылық сипаты тән болған. Әйелінің төркін-жұрағаты күйеуге, үнемі жол беріп отыруға тура келген. Бұл көне замандағы жаңа Гвинея ликийліктерінде, папуастарында, алгонкиндерінде орын алғандай жиі некелесу жөніндегі инициатива әйелдердің қолында болған. Ұл туудан қыз туу артық саналған аналық-рулық қоғамдар да белгілі болған.

Рухани мәдениет: Алғашқы тұрмыстық адамның өндірістік қызметінің күрделенілуімен бірге оның тиісінше білімдерінің қоры арта түсті. Шаруашылықтың жаңа саласы — егіншілікті игерудің процесінде жиналып қорланған білімдер көрнекі келеді. Жаңа Ирландияның меланезиліктері ямстың 10 түрін, астық ағашының 14 түрін, бананның 52 түрін, тароның 220 түрін егіп өсіре білген. Ирокездер майстың 11 түрін өсірген; оларға белгілі бір тамырлар мен шөптерден жасалған қайнатынды да, оларды сулау жолымен тұқымдардың өнгіштігін арттыру сияқты агротехникалық тәсілдер де мәлім болған.

Кейінгі неолиттік адамзат білімнің басқа салалары да елерліктей табыстарға жетті. Мал шаруашылығының пайда болуымен селекция - ең пайдалы мал тұқымдарын қолдан іріктеп алу саласындағы білімдер өзінен-өзі қорланып жинала бастады. Математикалық білімдердің дамуы алғашқы есептік тетіктердің — әуелі сабан байламдарының немесе тас үйінділерінің, сонан соң түйінделген немесе оларға қауашақтар тесіліп өткізілген ерекше биркалардың немесе шнурлардың пайда болуына әкеп соқты. Мұндай тетіктер Американың, Африка мен Океанияның көптеген тайпаларында сипатталып жазылған; бұлар алғашқы тұрмыстық Европада да болған «калькуляция» сөзі латынша—*culculus* тастар сөзінен шыққан. Топографиялық және географиялық білімдердің дамуы алғашқы карталарды, қабыққа, ағашқа немесе теріге түсірілген маршрут белгілерін жасауға әкеп соқты. Пиктография одан әрі дами түсті, мұның көмегімен енді көбіне жеткілікті күрделі жазу-сызулар жасалды. Мұндай жазу-сызулар, атап айтқанда,

солтүстік американдық өндістерде Солтүстік Сибирь халық топтарында, Тропикалық Африка тайпаларында, меланезийліктерде, микронезийліктерде белгілі болған. Бүтін пиктографиялық хроникалар (шежірелер), мәселен, дүние жаралудан бастап елде Европа отаршылары пайда болғанға дейінгі өзінің барлық тарихи аңыздарын ағаш қабығында 184 суретпен бейнелеп көрсеткен үндіс-делаварлардың атақты «Валам олумы» («Қызыл жазбасы») болған. Кейбір тайпаларда есептік шнурлардан ойды формамен, түспен және түйіндердің жайғасуымен («түйіндік хат») немесе қауашақтар (солтүстік американдық өндістерінің «вампумы») арқылы беретін пиктографияның өзгеше эквиваленттері дамыды.

Кейінгі неолиттік және энеолиттік тайпалардың бейнелеу өнерінде, негізінен алғанда, бұрын басталған орындаудың шартты мәнеріне көшу тоқталмады. Бұл уақыттың туындылары әдейі қарапайымдай түсуге, бүтіннің орнына оның қайсы бір етене бөліктерін бейнелеуге, көбіне едәуір мөлшерде стильдеуге ұмтылуды көрсетеді. Бейнелеу өнерінде декоративтік бағыт, яғни тұрмыстағы барлық заттардың, әсіресе, киім-кешекті, қарулар мен үй мүліктерін көркем оймыштармен, кималармен, кестемен, аппликациямен, тағы басқалармен көркемдеу өте кеңінен тараған еді. Мәселен, ертедегі неолитте қыш, әдетте ешқандай безендірілмейді, КСРО-ның орманды алқабының кейінгі неолитінде ойық-тарақты таптармен, ал энеолиттік диқаншыларда мол-бай полихромдық оймыштармен өрнектеле басталды.

Палеолит дәуірінің шартты бейнелері мен неолит дәуірінің реалистік бейнелерінен бірсыпыра мәлім болып отыр, бірақ бүтіндей алғанда палеолиттің бейнелеу өнері реалистік, ал неолиттік - шартты болды. Адамның бейнелеу қызметінің стиліндегі бұл бет бұрысты немен түсіндіруге болады? Бір зерттеушілер, оны материалдардың өзгеруімен, мәселен, үңгір қабырғаларын оймыш-таудың орнына қыштарды безендірумен, екіншілері - абстракты ойлаудың дамуымен, үшіншілері - жер бетіндегі түп нұсқаға ұқсастықтан бейне-суреттерді әдейі аулақтатуды талап еткен діни ұғымдардың дамуымен

байланыстырады. Тағы да бір көзқарасқа сәйкес алғашқы тұрмыстық өнердегі прогресс, аңшылық шаруашылықтан егіншілік және мал шаруашылығына көшумен аңға деген ынтаның бәсеңдеуімен, ал адамға деген ынтаның жаңа ғана туа бастауымен байланысты еді. Бұл моменттердің бәрі өз рөлін атқара алатын еді, бірақ бүтіндей алғанда, мәселе әлі жеткілікті зерттелген жоқ және ашық қалып отыр.

Өнердің басқа түрлері де, атап айтқанда ауыз әдебиеті, би және музыкалық халық творчествосы дами берді, бұл жөнінде, мәселен, күрделіленген мембранды барабандар және резонаторлармен жабдықталған ішекті аспаптардың пайда болуы кепіл бола алады.

Дін де эволюцияланып күрделеніле түсті. Өзінің жеке және сыртқы табиғаты туралы білімдердің жинақталуына қарай алғашқы тұрмыстық адамзат табиғатпен өзіне теңдестіруді барған сайын азайта берді, өзіне беймәлім, жаратылыстан тыс болып келетін ізгі де жауыз күшке өзінің тәуелділігін барған сайын көбірек ұғатын болды. Осыған байланысты табиғат заттары мен құбылыстарын дуалистік бөлу туралы ескі ұғымдар ізгі де жауыз негіздердің мәңгі-бақилық күресі туралы ұғымдарға ұласып кетті. Жауыздық күштері өзіне қарсы тұрған ізгілік күштеріне мүләйімсуге тырысып, рудың тұрақты қорғаушысы және қорғаны ретінде оған бас ие бастады. Тотемизмнің мазмұны өзгерді: тотемдік «туыстар» мен «ата-тектер» дінге табынудың объектісіне айналды. Сонымен қабат рулық құрылыс пен анимизмнің дамуымен өзінің өлген ата-бабалары аруақтарының руға кемектесетіндігіне сенім туа бастады. Зооморфты ата-бабалары антропоморфтылармен ығыстырыла басталды; тотемизм сарқыншақтарда (мәселен, тотемдік атауларда және рулардың эмблемаларында), бірақ сенімдердің системасы ретінде емес, сақталып қала берді. Осы анимистік негізде барлық мүмкін болатын образдарда жануарлар мен өсімдік дүниесінің жер және аспан күштерінің рухында бейнеленіп, табиғатқа табыну қалыптаса бастады. Егіншіліктің пайда болуымен егіп өсірілетін өсімдіктердің және олардың өсіп шығуы байланысты болған табиғаттың, әсіресе,

күн мен жердің күштеріне табыну қалыптаса бастады. Ирокездер, мәселен, бұларды «үш апалы-сіңлілер», «біздің өміріміз», немесе «бізді асыраушылар» деп атап және оларды тиісті өсімдіктердің жапырағынан киім киген үш әйелдің образында ұғып, майстың, асқабақ пен бұршақтың рухтарын құрмет тұтқан. Күн әдетте ұрықтандыратын ер адамның негізі ретінде, жер—ұрықтанатын әйел ретінде әдетте ойлап ұғып келген, мұнда күннің игілікті ықпал етуінің циклділігі өліп және тіріліп тұратын шұрайлылық рухы туралы бұл жөніндегі ұғымды тудырған. Күн күшін нығайтудың, жер құнарын күшейтудің, жаңбыр жаудырудың, тағы сон-дайлардың магиялық практикасы қалыптаса бастады.

Өткен кездегі сатыдағыдай, дін әйелдердің көрнекті шаруашылық және қоғамдық рөлін бейнелеп, идеологиялық жағынан нығайта түсті. Үй иесі әйелдер мен ошақ басы күзетшісі аналық-рулық табыну одан әрі дами түсті; мүмкін неғұрлым дамыған халықтарда әйелдік арғы тек әже-эмбиелік табыну туа бастаған болуы керек. Табиғат рухтарының үлкен бөлігі және олардың ішінде, ең алдымен, жер-ана рухы әйел образында көрініп әйел есімдерімен аталды. Әйелдер көбіне басты күш, ал кейбір тайпаларда құпия білімдер мен магиялық күштердің төтенше таратушы иесі болып саналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Неолит дәуіріндегі аңшылық-балықшылық шаруашылықтарының даму ерекшеліктері*
- 2. Балық шаруашылығының техникасының жетілдірілуі*
- 3. Рулық құрлыстың дамуымен әйелдердің шаруашылық және қоғамдық рөлі*
- 4. Фратрия ұғымына сипаттама беріңіз*
- 5. Кейінгі неолиттік және энеолиттік тайпалардың рухани және мәдени жетістіктері*

ІҮ – ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЫДЫРАУЫ

§13. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы

1. *Металдың өндіріске енуі, оның шаруашылықтың дамуына әсері*

2. *Қола және алғашқы темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері*

3. *Еңбектің жыныстық, жастық бөліністері. Шаруашылық сапалары арасындағы айырмашылықтың тереңдеуі*

4. *Үлкен патриархалды отбасы. Патронимия*

5. *Айырбастың дамуы. Мүліктік жіктеліс*

6. *Жеке меншіктің шығуы мен таптардың пайда болуы*

Металдың өндіріске енуі, оның шаруашылықтың дамуына әсері: Алғашқы тұрмыстық қоғам ыдырауының ең маңызды өндірістік алғы шарты металдарды кеңінен пайдалануға көшу болды. Адамзат тарихы мүлде жаңа формаларға ие боларлықтай, металл қарулардың енгізілуінің соншама тамаша мәдени және әлеуметтік алға басушы өз салдары болды. Металдар ғасыры екі дәуірге: қола ғасырына және темір ғасырына бөлінеді.

Қола ғасыры дегеніміз адамзат тарихында қоладан жасалған еңбек қарулары кеңінен таралған және осы қаруды тастармен қатар немесе солардың орнына қолданған дәуір еді. Темір ғасыры дегеніміз темір металлургиясы мен темір қарулардың таралуымен сипатталатын уақыт болатын. Еңбектің темірден жасалған қарулары аса маңызды материал болып отырғандықтан, қазірде де осы заманғы дәуір де темір ғасырына енеді. Алғашқы тұрмыстық тарихтың археологиялық дәуірленуінде ертедегі темір ғасыры термині жиі қолданылады.

Қола дегеніміз - мыс пен қалайының, кейде алмастың, қорғасынның, мышьяқтың немесе мырыштың әр түрлі үлесте балқытылған қоспасы. Ең жақсы ара қатынас -90% мыс пен 10% қалайы. Қола қарулар мыс қаруынан тек қатты ғана емес, өткір де келеді, бірақта оларды құю оңайырақ, өйткені мысқа қарағанда (1083°) қола анағұрлым төменгі температурада (700—900°) балқиды. Алайда, мыс сияқты қола қарулар да тас

қаруларды түгелдей ығыстыра алмады. Бұған себеп, біріншіден, бірқатар жағдайларда, қоладан тастың жұмыстық сапалары жоғары болды, екіншіден, қару жасалатын тастар барлық жерде дерлік бар еді, ал қоланың, әсіресе, қалайы үшін шикізат көзі өте сирек еді.

Мыс және қалайы рудаларына бай аудандарды мекендеген тайпалар металл шығаруға маманданып, көршілес елдің халқын солармен жабдықтап қамтамасыз етіп отырды. Мыс Иранда, Кіші Азияда, Аравия мен Арменияда, қалайы Иран мен Аравияда болды. Еуропада ертедегі мыс кен орындары Испанияда, Францияда, Австралияда, Венгрия мен Англияда, ертедегі қалайы кен рудалары Испания мен Англияда ашылды. Сонымен қатар Қытайдың оңтүстігі мен Солтүстік Вьетнамда ашылғаны белгілі. ТМД территориясында қола ғасырының ірі металлургиялық орталықтары Кавказда, Уралда, Қазақстанда, Ертіс және Енисей маңы өлкелерінде мәлім еді.

Ең ертедегі металл қарулар өзінің формасы жағынан тас қаруларды бүтіндей қайталады. Тек адамзат бірте-бірте жаңа материалдың ең тиімді қасиеттерін пайдаланатын қару формаларын: балталарды, қашауларды, балғаларды, қайлаларды, кетпендерді, орақтарды, пышақтарды, қанжарларды, сапыларды, шапқыларды, найза ұштықтарын, жебелерді, тағы басқаларды жасап шығарды.

Қола ғасырының дәл шежірелік шеңберін көрсете қою қиын. Қола бәрінен бұрын б. з.-ға дейінгі III мың жылдықтың орта шенінде Оңтүстік Иран мен Месопотамияда белгілі болды. Египет пен Үндістанда ең көне қола қарулары б. з.-ға дейінгі II мың жылдықтың басына жатады, Қытайда қола біздің заманызға дейінгі XVIII ғасырда кеңінен қолданылды. Америкада біздің заманыздың I мың жылдығында ғана кеңінен қолдана басталды.

III және II мың жылдықтар межесінде қола индустриясы Кіші Азияда, Сирияда, Палестинада, Кипр мен Критте, ал II мың жылдық бойында - бүкіл Еуропа мен Азияда таралды. Еуропа елдерінің көпшілігі үшін қола ғасыры негізінен б. з.-ға

дейінгі II мың жылдықты қамтиды. Қола ғасырының ақыры, коланы темір ығыстырғанда келіп жетті.

Ерте темір ғасыры өзінің алдындағы археологиялық дәуірлермен салыстырғанда шежірелік жағынан өте қысқа. Темір дүние жүзінде ең көп таралған металл болғанына қарамастан, оны адам кешірек игерді, өйткені таза күйінде табиғатта мүлде кездеспейді және қиын өңделеді. Тіпті сонау көне заманда-ақ адамзатқа метеориттік темірлер белгілі болған, бұлардан жасалған б.з.-ға дейінгі IV мың жылдық басындағы Египеттегі молалардан жекелеген сәндік бұйымдар табылған. Жер текті темірден жасалған ұсақ заттар б. з.-ға до-йінгі III мың жылдықтың бірінші жартысындағы Египетте, Месопотамия мен Кіші Азияда кездеседі. Рудадан темір алудың ең көне тәсілі, шикізат соғу процесі тек б.з.-ға дейінгі II мың жылдықта ғана ашылды. Ең ықтимал бір болжамға сәйкес шикідей соғу процесін б.з.-ға дейінгі XV ғасырда Армения тауларында тұрған хеттамға бағынған тайпалар тұңғыш қолданды. Еуропада табылған жекелеген темір заттары Германия мен Италиядағы б.з.-ға дейінгі II мың жылдықтың аяғына жатады. II мың жылдықтан кейін Палестинада, Сирияда, Кіші Азия мен Грецияда, Үндістанда темір қару-жарақтарды жаппай жасау басталды. Осы уақытта темір өндірісін Шығыс Еуропа халықтары игерді. Орталық, Солтүстік және Батыс Африкада темір ғасырының басы б. з.-ға дейінгі I мың жылдыққа жатады. Б.з.-ға дейінгі VIII-VII ғасырларда темір қарулар Шығыс Еуропаның Оңтүстік далаларында Орта Азияда, Месопотамия мен Иранда, Еуропада, Альпіден Солтүстікке қарасты аймақтарда үстемдік ете бастады. Б.з.-ға дейінгі V ғасырда темір Еуропаның қиырдағы солтүстігі мен Қытайға енеді. Үнді-Қытай мен Индонезияда темір жаңа заманның межесінде таралады. Америкада, Австралия мен Тынық мұхитының көптеген аралдарында темір еуропалықтардың осы облыстарға келуімен бірге б. з.-дың II мың жылдықтарында ғана белгілі болды.

Салыстырып алғанда мыс тауып алудың сирек, қалайының одан да гөрі сирек көздерінен айырмашылығы темір рудалары, рас, көбінесе ең төменгі сорттары

барлық жерде дерлік ұшырайды, бірақ рудадан темір алу мыстан гөрі әлде қайда қиын. Темірді балқыту, яғни оны сұйық күйінде алу әрқашанда көне заман металлургияларының қолынан келе бермеді, өйткені бұл үшін өте жоғары температура (1528°) керек еді. Темірді шикі соғу процесінің көмегімен қамыр тәрізді күйде шығарды. Бұл сопло арқылы ұста көрігіне ауа үрленіп, арнаулы пештерде 1100-1350° температурада темір рудасы көміртегімен тотықсыздандырылды. Пештің түбінде криц – салмағы 1-ден 8 кг-ға дейін кеуктенген, қамыр тәрізді темір кесегі түзілетін, мұны тығыздау және ішінара одан шлақты сығып шығару үшін балғамен талай рет соққылау қажет еді. Крицтік темір жұмсақ болатын, бірақ сонау ежелгі заманда-ақ темір бұйымдарды шыңдау тәсілі немесе оларды цементациялау тәсілі (көміртектендіру) ашылған еді. Темірдің неғұрлым жоғары механикалық қасиеттері, сондай-ақ темір рудаларының жалпы қолдан келетіндігі мен жаңа металдың арзандығы оның қоланы, сондай-ақ қола ғасырында қару шығарудың аса маңызды материалы болып қала берген тасты тезінен ығыстыруды қамтамасыз етті.

Өндіріске металдың енуі шаруашылық қызметінің барлық саласын дамытуда, ең алдымен, егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуда төтенше рөл атқарады. Неолит пен энеолитте егіншіліктің өсуі тас индустриясының шектелуі техникалық мүмкіндіктерімен тежелді. Орман табанын тас балғамен тазалау қисапсыз күш-жігер жұмсап, орасан көп уақыт кетіруді талап етті. Қола балталар белгілі дәрежеде бұл процесті жеңілдетті де, егіншілік алқапты ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осы, сондай-ақ тозған ескі учаскелерді енді жақсылап өңдеудің қажеттігі, өз кезегінде егіншілік процесін жеңілдету туралы ойластыруға итермеледі, бұл сайып келгенде қола қаруларынан, күш көлік тартқан жырту қаруларына көшуге алып келді.

Бұл көшудің қалай болғандығы туралы мәселе осы уақытқа дейін ғылыми таластың нысаны болып қалып отыр. Сірә, бір жырту қарулары кетпендерден, басқалары темір күрекпен, кейбіреулері алғашқыда тырма ретінде пайдаланылған

бұтақ-бұтақ бөренеден шыққан болса керек, әуелгіде күш көлік жерді терең жырту үшін бөренені, ауыр кетпенді және басқаларды қосылып тартқан адамдардың өзі болды да, тек содан кейін ғана адам күшін өгіздің, аттың немесе есектің күші алмастырды, деп жобаланады. Ең көне заманғы жер жырту қаруларының эволюциясы да жеткілікті зерттелмей отыр. Бірақ бұл эволюция көбінесе географиялық жағдайларға тәуелді еді: оратын қаруларды тек жұмсақ топырақтарға ғана қолдануға болады, әрі мұнда олар өте ерте пайда бола алатын еді де, сызаттайтын және жыртатын қарулар қатты топырақ үшін жарамды болып, өзінің жеке эволюциясын басынан өткерді.

Қола дәуірінде жырту қарулары Азия мен Европаның көптеген елдерінде: Египетте, Қосөзенде, Қытайда, Солтүстік Италияда, Швейцарияда, Германияда, Данияда, Польшада қолданылды. Алайда, қоланың морттығы одан жыртатын қарулардың жұмыстық бөлігін жасап шығаруға мүмкіндік бермеді, бұл түгелдей ағаштан жасалған күйінде қала берді де, кетпендерді дерлік барлық жерде ығыстыра алмады. Темірдің пайда болуымен жағдай шұғыл өзгерді, бұдан орманды жерді аршу үшін тиімділігі жоғары балталарды ғана емес, сондай-ақ қарулардың мықты жұмыстың бөлігін де жасай бастады. Нақ ертедегі темір уақыты кетпендік егін шаруашылығынан жыртатын егін шарушылығына кеңінен көшу уақыты еді.

Қола және алғашқы темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері: Ең ежелгі мемлекеттердің территориясынан тыс қола ғасырының адамзат ынтымақтастықтары бізге көбінесе археологиялық мәдениеттердің аттары бойынша белгілі. Тек өте сирек жағдайда ғана қола ғасырының археологиялық мәдениеттерін жазба төркіндер бойынша белгілі тайпалармен және халықтармен байланыстыру немесе тіпті қандай да болсын мәдениеттің иесі қайсы тілдік топқа жататынын анықтау ғана қолдан келеді.

Балқан түбегінің (Македониядан оңтүстікке қарай), Кіші Азияның батыс жағалауының, Крит аралы мен Эгей теңізінің басқа да аралдарының елдерін атау қабылданғандай, Эгей дүниесі елдерінде қола мәдениеті ең жоғарғы гүлденуге жетті.

Эгей мәдениетінің археологиялық ескерткіштері Крит аралында және Пелопоннесе — Микендерде барлығынан көп ашылды. Сондықтан да бүкіл осы дүниені басқаша крит-микен дүниесі дейді. Бұл мәдениет дамуының ертедегі энеолиттік дәуірі б. з.-ға дейінгі IV-II мың жылдықтарға жатады. Қола ғасыры Критте б. з.-ға дейінгі 2200 жылдар шамасында басталды да, оның дамуы, сөзсіз, Таяу Шығыс өркениетінің күшті ықпалында өтті. Мұнда таптық қоғам мен мемлекеттің тууы осы уақытқа қарай орайласады. Матеріктік Грецияда бұл процесс болса б. з.-ға дейінгі XVIII-XVII ғасырларда басталды.

Дунай бассейнінің елдері қола ғасырының археологиялық мәдениеттері жергілікті энеолиттік, негізінен алғанда егіншілік мәдениеттің жалғасы болып келеді. Алайда, енді өзен сағасынан басқа құнарлылығы одан шамалы жерлер өңделе басталды. Аң аулау мен мал шаруашылығы үлкен шаруашылық маңызға ие болды. Мекен-жайларды тек аңғарларда ғана емес, сондай-ақ жота-төбелерге де сала бастады және оларды жиі бекіністермен орнықтырды.

Орта және жоғарғы Дунай бойы мен Чехословакияда және Висланың жоғарғы ағысы жағында тараған Баден мәдениеті неолит пен қола ғасырының өлі арасына (б. з.-ға дейінгі III мың жылдықтың аяғымен II мың жылдықтың басы) жатады.

Европадағы ертедегі қола ғасырының жеке мәдениеттерінен Прага маңындағы кең мола қорығы бойынша аталған унетицк мәдениетінің ерекше маңызы бар. Ол қазіргі Чехияны, Төменгі Австрияны, Силезияны және Тюрингияны, Саксонияны қамтитын еді. Оған бүкіл Орта Еуропа территориясын алып жатқан бірқатар ұқсас мүліктер жатты. Унетицк мәдениетін жасаған тайпалар Рудных Гор, Судет және Батыс Бескид бай кен орындарын пайдалана отырып, қола құю ісімен шұғылданды.

II мың жылдықтың екінші жартысында Дунай бойы тайпаларына тән мекен-жайлардың формалары жал мен орлар қоршаған және қада-діңгектерге тірелген өткелшелердің үстіндегі өзен аңғарларында салынған ағаш күркелерден тұратын поселкелер (террамалар дейтіндер)

болып келеді. Террамалар, сондай-ақ солтүстік Италияда, әсіресе, По өзенінің аңғарында таралған.

Б.з.б. II мың жылдықтың басында Солтүстік және Орталық Европада өздерінің ыдыстарын шиыршық жіп іздерімен безендірген (шиыршық қышы) және тамаша жалтыратылған жауынгер балталармен пайдаланған тайпалар таралған. Бұл тайпалардың көпшілігі үшін шаруашылықтың негізгі саласы мал шаруашылығы болған. Бұл тайпалар даму дәрежесі жағынан әлі де болса кейінгі неолит дәуірінде тұрғанына қарамастан шежірелік тұрғыдан олардың мәдениеті қола ғасырына енеді.

Осы кездегі Германияның, жоғарғы Австрияның, Голландияның, Данияның, Оңтүстік Скандинавияның территориясында қола ғасырында сипаты жағынан қорған қорық жерлеулеріне өте жеқын мәдениеті бар толып жатқан тайпалар мекендеді. Алуан түрлі қола бұйымдардың арасында шеті қатпарлы (сабын бекітуге арналған шеті қайырмалы) балталар, тайпалардың осы тобына ортақ болып табылады. Бұл тайпалардың негізгі қарекеті егіншілігі қосалқы мал шаруашылығы болды.

Қоңырау тәрізді кубоктар мәдениеті ескерткіштерінің таралуы б.з.б. II мыңж. басындағы Еуропа тарихында қызықты құбылыс болып саналады. Бұл мәдениет әуелгі баста Испанияда туады да төңкерілген қоңырау түріндегі, таракты батырма белдікшелермен безендірілген кәдуілгі шағын қыш ыдыстар бойынша аталып кеткен. Бұл ескерткіштерді қалдырған халықтар Батыс және Орталық Еуропадан Польшаға дейін, Закарпатье мен Венгриядан Британия мен Италияға дейін таралған.

Ертедегі қола ғасырында металлургияның маңызды орталығы Пиреней түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігі болды, мұнда Эль-Аргар мәдениеті өмір сүрді. Бұл егіншілік мәдениеті еді, бірақ кен ісі мен мегаллургия шаруашылықта үлкен роль атқарады және Эль-Аргар қола бұйымдары Солтүстік Италияға дейін жетіп, Пиреней түбегінен сырт жерде кеңінен таралады. Эль-Аргар мекен-жайлары төбенің үстіне салынып, тас

кабырғалармен қоршалды. Үйлер көп бөлмелі және тіпті екі қатарлы да болды.

Батыс Еуропаның қола ғасырындағы археологиялық мәдениет ескерткіштері бұл кезде азық-түлік ресурстарының едәуір молаюы (ең алдымен мал басының артуы есебінен) болды және қола өндірісі мен айырбас едәуір дамуға жетеді деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Еуразияның далалық аймақтарындағы қола ғасырының ең маңызды археологиялық мәдениеті Андронов мәдениеті (Андронов селосының маңындағы мекен-жай бойынша аталған) болды. Андронов тайпалары Қазақстан мен Оңтүстік Сібір территориясында тұрды. Бұл тұрпайы егіншілікпен де шұғылданған мал шаруашылықты тайпалар еді. Оларға малды қыста қолда ұстап бағу мәлім болатын. Андроновтық тұрғындары натуралды шаруашылық жүргізген қауымдар құрады және өздері еңбек қарулары мен үй мүлкінің заттарын жасап шығарды. Қола өндеумен үлкен табыстарға жеткен маман-құймашылар шұғылданды. Бұлардың кейбіреулері енді қауымнан бөлініп қалып, тапсырысқа жұмыс істейтін қыдырма шеберлерге айналуы да мүмкін. Қола құю ісінің дамуы тайпа аралық сауданың жандана түсуіне жол ашты. Жерлерінде металл кен орындары бар тайпалар мен қауымдар бұларды арнайы қазып шығарумен шұғылдана бастады. Өндіргіш күштердің едәуір өрлей түсуі, тайпалардың жоғарғы тобының қолдарында байлықтың қорланып жиналуына әкеп соқты. Б.з.б. II мың жылдықтың екінші жартысында андронов тайпалары Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанға дейінгі Оңтүстік бағытта ірге тебеді. Амударияның төменгі жағында тараған тазабагьяттік мәдениетіне жақын болды.

Үнділердегі қола ғасырында хараппа мәдениеті деп аталатын ертедегі құл иеленушілік қоғам мәдениеті туады (Пенджаб провинциясындағы елді пункт бойынша аталған). Хараппа мәдениетінің гүлденуі б.з.б. III мың ж. аяқ шеніне жатады.

I мың жылдықта Қытайда қола пайда болған кезде, мұнда алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап,

б.з.б. XVIII ғасырды Шань (Инь) мемлекетінің туумен аяқталған таптық, құл иеленушілік қоғамға бірте-бірте көшу болды.

Месопотамияда, Египетте, Үндіде, Греция мен Қытайда қалыптасқан ертедегі құлиленушілік өркениетінің халқы, басқа елдердің адамдарына қарағанда металл шығарып өндеуді ерте игерді. Құл иеленуші өркениеттерден солтүстікке қарай ертедегі темір ғасыры дәуірінде алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау сатысын бастан өткерген және таптық қоғам мемлекеттің тууы қарсаңында тұрған Европа мен Азияның алғашқы тұрмыстық тайпалары мекендеді.

Б.з.б. VII ғасырда қалыптасқан және б.з.б. V-IV ғасырда гүлденуге жеткен Еуразия даласындағы темір ғасырының ең дамыған мәдениеті скиф-сақ тайпаларына тиісті. Металлургия өндірісінің белгілері бірқатар скиф қалаларын қазып аршығанда табылып отыр. Темір жасау және ұсталық қол өнер кәсіпшілігінің ең көп мөлшердегі қалдықтары, сірә, көне Скифияның, арнаулы металлургиялық ауданының орталығы болған Никопольге жақын Каманск қаласында табылды. Темір қарулар скифтерде жер жырту егіншілігінің кеңінен тарап, сан алуан қол өнер кәсібінің дамуына жол ашты.

Қара теңіз маңы далаларындағы ерте темір ғасырының скиф дәуірінен кейінгі келесісі осы арада б.з.б. II ғасырдан бастап б.з. IV ғасырына дейін үстемдік еткен сармат мәдениеті болып табылады. Сармат тайпалары Солтүстік Қара теңіз маңында үстемдік етіп тұрғанда Солтүстік Қара теңіз маңы, Жоғарғы және Орта Днепр бойы және Днестр бойы батыс облыстарында тараған «жерленген алқап» мәдениеті (зарубинецк және чер-няхов) етек алады. Бұл мәдениеттер егіншілік тайпаларына - скиф кезінің орманды-далалық алқабының егіншілер ұрпағына тиісті еді.

Мыс пен қалайы көп болған оңтүстік Сібір мен Алтайда, темір басқа жерлерге қарағанда кейініректе, б.з.б. IV-III ғасырларда пайда болып тарады. Темір бұйымдар тағар (жоғарғы Енисей) және Май-эмир (Алтай) мәдениеттерінің ең кейінгі ескерткіштерінде ұшырайды.

Батыс Еуропада темір ғасыры әдетте екі дәуірге - гальштат (б.з.б. 900-503 жж.) және латен (б.з.б. 500 жж. - б.з. басы) дәуіріне бөлінеді. Батыс Европа темір ғасырының ертедегі кезінде аталған гальштат мәдениеті осы кездегі Австрияның, Югославияның, Чехословакияның бір бөлігінің шегінде таралды, мұнда оны көне заманғы иллирийліктер жасады, Оңтүстік Германия мен Францияның Рейн маңы департаменттерінде тарады, мұнда кельт тайпалары тұрды. Гальштат дәуірі үшін еңбектің қола, темір қарулары мен қару-жарақтарының болуы және қоланың бірте-бірте ығысуы тән болып келеді. Шаруашылық жағынан бұл дәуір егіншіліктің өсуімен, әлеуметтік жағынан рулық қатынастардың құлауымен сипатталады. V ғасырдан латен мәдениеті тарайды, мұның гүлденуі Римдіктер Галлияны жаулап алғанға дейін созылады (б.з.б. I ғ.). Латен мәдениетінің таралған ауданы — Рейннен батысқа қарайғы Атлантика мұхитына дейінгі, Дунайдың орта ағысының бойымен одан солтүстікке қарайғы жерлер. Латен мәдениеті кельттермен байланысты болды. Кельттер тайпаларының орталығы және алуан түрлі қол өнер кәсіпшілігінің шоғырланған жері болған үлкен бекіністі қалалары болды. Латен дәуірінде қола қарулар енді қайтып ұшыраспайды, бірақ Римді жаулап алулар кезінде Еуропада темір мейлінше кеңінен таралады. Жаңа заманның басында Рим жаулап алған аймақтарда Латен мәдениетін рим мәдениеті алмастырады.

Еуропаның солтүстігінде Оңтүстікке қарағанда темір 300 жылға дерлік кейін тарады. Ертедегі темір ғасырының аяғына қарайғы уақытқа Солтүстік теңіз, Рейн, Дунай мен Эльба аралығындағы территорияда, сондай-ақ Скандинавия түбегінің Оңтүстігінде мекендеген Герман тайпаларының мәдениеті, Пшевор мәдениеті деп аталған батыс славян, лужицк халқы ұрпақтарының мәдениеті жатады (б.з.б. III-II ғғ. - б.з. IV-V ғғ.). Пшевор тайпалары көне заманғы авторларға әуелі венедтер, ал кейініректе склавиндер деген атпен белгілі болған деп жобаланады.

Тіпті темірдің тарағанымен де алғашқы тұрмыстық қауымдық қатынастар ұзақ жойылмаған жер шары аймақтарының арасында Тропикалық Африканы атауға болады. Ең, жаңа деректер бойынша темір металлургиясы сірә, б.з.б. II мыңжылдықтан, сонау ертедегі ежелгі заманнан Африканың әр түрлі тайпаларына белгілі болған. Сөзсіз б.з.б. VI ғасырда-ақ темір Нубияда, Суданда, Ливияда даярланып шығарылған. Африканың кейбір тайпалары қола ғасырын аттап өтіп, тас ғасырынан темір ғасырына ауысады.

Еңбектің жыныстық, жастық бөліністері.
Шаруашылық сапалары арасындағы айырмашылықтың тереңдеуі: Қола мен темірді қолдану қолөнерлік қызметтің дамуына қуатты түрткі салды. Мұнда металлургияның өзінің бірінші дәрежелі маңызы болды. Металдан алуан түрлі еңбек қаруларын, үй мүлкін, әсемдік бұйымдарын, қару-жарақтарды жасады. Мәселен, атап айтқанда, қола ғасырының басталуымен қанжар мен жауынгерлік пәуеске пайда болды, қорғаныс сауыттары кең тарады. Темір болса, қол өнерлік бұйымдардың түр-түрін бұрынғыдан да кеңірек ұлғайта түсті де, ең бастысы қол өнерлік ісін ұйымдастыруда түбірінен төңкеріс жасады. Тас және сүйек қаруларды жасап шығару, өру мен тоқу ісі, қыш құю, тіпті қолаларды құйып шығару, міне осының бәрі қоғамның әрбір мүшесінің қолынан келетін процестер еді. Темір металлургиясы болса, ерекше құрылыстарды, күрделі дағдыларды, жалпы алғанда жоғары арнайы мамандықтарды талап етті. Алғашқы тұрмыстық заманда ұсталар барлық жерде халықтың ерекше жігін құрағаны этнографиялық тұрғыдан анықталып отыр. Кейде Тропикалық Африканың тайпаларының көпшілігіндегі сияқты олар құрметке бөленді, кейде берберлердегі, арабтардағы немесе кафирлердегі сияқты бұларды жек көрді, бірақ екі жағдайларда да бұларға соқыр сеніммен үрке қарады.

Басқа кәсіпшілік те күрделене түсті. Металл, әсіресе, айтып отырған теміріміз, ағашты, сүйекті, мүйізді, тасты, теріні өңдеу үшін жаңа қарулар берді. Қола дәуірінде тоқыма станокты ойлап табумен тоқыма ісі одан әрі дами түсті. Қыш

дөңгелектерінің ойлап табылуы қыш өндірісінің одан әрі дамуына жол ашты. Металлургия ғана емес, сондай-ақ кәсіпшілік қызметінің басқа түрлі де еңбек шығынық, шеберлікті, тәжірибені барған сайын көптеп керек етті. Қауымшылардың арасынан ерекше асқан шеберлер бөлініп шыға бастады. Адамзат тарихында екінші, еңбектің ірі қоғамдық бөлінісі — егіншіліктен кәсіпшілік бөліне бастады.

Ең көбірек қолайлы экологиялық аймақтарда (Месопотамия, Египет, Инд бассейні) алғашқы тұрмыстық қоғамның ыдырау процесі б.з.б. III-II мың жылдықтарға қарай аяқталды, қолайлылығы азырақ аймақтарда (Океанияның, Африка мен Американың кейбір азырақ аудандарында) осы уақытқа дейін түгелдей аяқталып біткен жоқ. Өзінің кең байтақ кеңістіктік және уақыттық ұзын-арнарлығында бұл процесс табиғат ортасының ерекшеліктерімен байланысты өзгешелігімен, қоғамның шаруашылық қызметінің бағытымен, бұрын қалыптасқан өркениеттің айналадағы алғашқы тұрмыстың тайпаларға ықпалымен, ең соңында процестің өзінің қарқындарымен ерекше болуы табиғи нәрсе еді. Бірақ алғашқы тұрмыстық қоғамның ыдырау варианттары қалайша өзгеше болғанымен, сайып келгенде, олар рулық ұйымдардың ыдырау формаларына сүйене отырып, патриархат және кейінгі матриархат деп атауға болатын екі негізгі вариантқа келіп тіреледі.

Жоғарыда сипатталған өндіргіш күштерінің жаңадан өрлеуі жыныстар арасында еңбек бөлісінің тәртібін түбірінен өзгертті. Кетпендік егіншілікке қарама-қарсы жыртытын егіншілік көбіне ер адамдар еңбегінің сферасына айналды. Сондай-ақ мал шаруашылығы да ер адамдардың ісі болды: кейбір халықтарда, мәселен, үнділік-тода мен оңтүстік африкалық зулустарда тіпті әйелдерге үй жануарларына жақын келуге тыйым салынды. Орасан зор қоғамдық маңызға ие болған металлургиялық өндіріс те ер адамдардың қарекеті болды. Бірақ, шаруашылық қызметінің бұрынғы бағыты сақталған жердің өзінде де олардың дами түсуі, мәселен, орман отағанда, кетпендік егіншіліктегі, мелиорацияда немесе ирригацияда ер

адам еңбегінің маңызын арттыра түсті. Әйелдердің еңбегі бірге-бірте үй шаруашылығының шеңберінде шектеле берді; мұнда да бұл өзінің ерекшелігінен айырыла бастады, өйткені үй шаруашылығының кейбір салалары, ең алдымен, қыш жасау мен тоқымашылық ісі қол өнер өндірісінің арнаулы салаларына айнала бастады.

Үлкен патриархалды отбасы. Патронимия:

Матриархаттан патриархатқа өту процесі рудың шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық өмірінің барлық жағын қамтыды. Бірақ ол, ең алдымен, жаңадан туған экономикалық ұяларға - жеке отбасылар мен отбасылық-некелік қатынастардың барлық жағына соқты.

Жеке отбасылардың күштерімен шаруашылықты жүргізу, олардың тұрақты, тұтасқан ұжымдарға айналуын талап етті. Осыған байланысты тұрақсыз қосақ некені ерлі-зайыптылардың мықты бірлестігі - моногамия ығыстыра бастады. Ер адамның шаруашылық рөлінің артуымен бірге некелік ірге алмасудың локальдылығын өзгертуді — ер адамның әйелге емес, әйелдің ер адамға келуін талап етті,— бұл матрилокальдық ірге алмасудан патрилокальдық ірге алмасуға көшуді және некелесудің жаңа формаларының дамуын тудырды. Бұрын, аналық рулық қауым дәуірінде ер адам қосақ некеге түсе отырып, қалыңдық пен оның туғандарына шамалы сыйлықтар тартумен тынатын. Енді ол әйелді өз қолына алатын болды, сондықтан да оның бағасын қайтаруға, оның еңбектік күшін сатып алуға тиіс болды. Сатып алу некесі осылай туды, мұнда күйеудің отбасы қалыңдыққа алым төледі (славяндарда — вено, түркілерде қалың мал т. б.). Қалай да қосалқы болып, кеңінен таралмағанына карамастан, аналық-рулық құрылыс жағдайларында неке қиысудың неғұрлым кәдуілгі, әрі басқа, өте сирек формасы - әйелдерді зорлап иелену, оны ұрлап әкету (алып қашып әкету) болды.

Патрилокальдылықтың тууы матрилокальдық дәстүрлерімен қатты күрес үстінде өтті және өзіне тән ымырашылық формалардың пайда болуымен қосарланды,

бұлардың көпшілігі қатып-семген сарқыншақтар түрінде ұзақ сақталды.

Бұл өтпелі дәуір салттарының ерекше кешені матрилокальдылық патрилокальдылықпен ауысқанда, әдетте біраз уақыт әлі де, туыстықты ана жағынан есептеумен байланысты болды. Бұл кезде әйел ерінің отбасы мен руына келіп ірге тепкенде, оның балалары сол руға жатпайтын және белгілі жас мөлшеріне жеткенде шешесінің отбасы мен руына қайтып оралатын. Мұнда олардың ең жақын нақтылы туысы анасының бауыры болатын, оның баласы осындай тәртіп бойынша өзінің анасының аға-інісіне барады. Жиені нағашы ағасының үйінде тұрады. Соның шаруашылығында жұмыс істейді, оның өсиет ұстаздығына құлақ асады. Отбасы, немесе ең жоқ дегенде, оның қабілетті бөлігі соншама туғандары мен олардың балаларынан емес, нағашы ағалары мен олардың жиендерінен тұратын еді. Бүкіл осы тәртіп, сондай-ақ оның осы қалпында ұзаққа сақталып келген сарқыншақтары (көбіне жиендер мен оның нағашы ағасының арасындағы ерекше жақындық туралы ұғым) авункулат деген атқа ие болды.

Өз шаруашылығын жүргізетін жеке отбасылардың пайда болуы рулық меншіктен жекеленіп бөлінген, окшауланған отбасылық меншіктің пайда болуымен қосарланды. Бұл меншіктікті ер адам өз балаларына беруге тырысты. Бірақ руды аналық жақтан сонау мен мұралану мұндай мүмкіндікті жоққа шығарды, ал авункулат жағдайларында дамыған ымырашылдық салт-нағашы ағалардан жиендердің мұралануы-авункулаттың бүкіл жүйесі сияқты жеке отбасының тұтас болуына жол ашпады. Ол қарама-қайшылық ана бағытынан әке бағытына көшумен аяқталатын ескі тәртіптерді түбірінен өзгерту жолымен ғана шешіле алатын. Ескі тәртіп жаңаға қатты қарсылық көрсетті, бірақ қоғамның экономикалық ұясы ретінде жеке отбасының нығая түсуіне қарай туыстық пен мұралануды ана жағынан санауды әке жағынан санау бірте-бірте ығыстырды. Матриархаттың патриархатқа айналуы, Энгельстің сөзімен айтқанда, адамзат басынан өткен ең радикалды революциялардың бірі болды. Табиғи түрде мінез-құлқы мен

санасында дәстүр күші ерекше көрініп отырған алғашқы тұрмыстық адамға, бұл айналу онша оңайға түсе қойған жоқ.

Бірақ патриархаттың болуы тек дәстүр шеңберінде ғана жүре алмады: ерте ме, кеш пе, бұл неғұрлым тура да қатал форманы қабылдауға тиіс болды. Жоғарыда айтылғандай, ертедегі рулық қауымның өзінде-ақ жыныстардың белгілі бір оқшаулануы, соның ішінде олардың тұрақтардағы өзара оқшаулануы туады. Дамыған рулық қауымдардың отырықшы поселкелерінде тамақ ішетін, ұйықтайтын, инициация дәмін тататын, рудың үйленбеген жастары жұмыс істейтін, ер адамдардың арнаулы үйлері болған. Бұдан да гөрі кейініректе матриархатқа қарсы күрестің барысында ер адамдардың үйлері осылардың негізінде ер адамдардың немесе құпиялық одағы дейтін ұйымдық орталықтарына айналды. Ер адамдар одақтары Меланезия мен Батыс Африка тайпаларында жақсы сақталған, Микронезия мен Америка тайпаларын да белгілі, Азия мен Европаның бірқатар көне және осы заманғы халықтардың сарқыншақтарынан қадағалауға болады. Бұл олардан матриархаттан патриархатқа өту дәуірінің жан-жақтық дерлік таралған қоғамдық институтын көруге мүмкіндік береді. Одақтың өз басшысы, өзінің жиыны мен той-томалағы, жыр жырланып, би биленіп қосарланатын өздерінің рух-билеп-төстеушілері мен діни рәсімдері, кейде тіпті өзінің ерекше «тілі» де болды. Мұның бәрі әйелдерден және бейхабарлардан құпия ұсталды, бірақ құпия, әрине, салыстырмалы түрде ғана болатын, өйткені одақ қадам басқан сайын өзін көрсетіп, тіпті аналық-рулық құрылыстың тірегін бүлдіруге бағытталған өзінің қызметін баса көрсеткен.

Кей жерлерде ер адамдар одақтарына қарама-қарсы оларға азды-көпті ұқсас келеін әйелдер одақтары құрылды. Алайда олар дәуірдің экономикалық тенденциясына қарсы тура алмады да, әдетте қандай да болсын билейтіндей қоғамдық ықпалға ие бола алмады.

Матриархаттың орнына келген патриархат күрделі де қарама-қайшы қоғамдық формада болды. Сырттай, ол көп жағынан рулық құрылысты еске түсірді, іс жүзіне келгенде оның ыдырау

формасы болды. Бұл, алдымен, патриархалдық руға әуел бастан-ақ өзінің өмір сүру фактісінің жалғыз өзімен рулық қоғамның негізін бұлдірген, экономикалық жағынан дербес отбасылар қарсы тұрғандығынан көрінді.

Мұндай отбасының алғашқы формасы, сондай-ақ үлкен отбасы, отбасылық, үлкен отбасылық немесе үй-жайлық қауым деп аталған патриархалдық отбасы болды. Бұл әке тарапынан ең жақын туыстардың бірнеше, әдетте үш-төрт ұрпақтарынан – олардың балаларын, немерелері мен шөберелерін және отбасының барлық ересек ер адамдар мен әйелдерді қоса алғанда бір немесе бірнеше бауырлардан тұратын. Сондай-ақ отбасы құрамына құлдар да кіретін. Патриархалдық отбасыға 200, тіпті 300-ден адам кірген жағдайлар мәлім. Отбасы мүшелері жерді, мал мен басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын ынтымақтасып биледі, шаруашылықты бірігіп жүргізді және жалпы қордан тамақтанып, киім киіп, өндіргендерін ынтымақтаса отырып тұғынды. Отбасыны «ақсақал», ал әйел бөлігін «бәйбіше», әдетте ақсақалдың әйелі басқарды. Көбіне олар шынында да жас жағынан үлкен болды, бірақ олардың қаусауы немесе жарамсыздығы жағдайларында отбасы басқа біреуін сайлай алатын еді. «Ақсақал» мен «бәйбіше» отбасының жеке мүшелері арасында шаруашылық жұмыстарын бөлді және бұлардың орындалуына басшылық етті, қорлардың жұмсалыуына әмір етті, тәртіп пен адамгершілік жағын бақылап қадағалады, отбасылық жеке бір кісіге табынуды басқарып мадақтады. Отбасының аса маңызды істері, мәселен, мүліктерді аулақтату немесе сатып алу, әйел алу немесе күйеуге беру барлық ересек ер адамдар мен әйелдерден тұратын жалпы кеңесте шешілді. Сонымен бұл рудан оқшауланғанымен, одан өзінің құрамы мен сапалық айырмашылығы бар, бірақ өз ішінде әлі де алғашқы тұрмыстық қауымдық ұжымдылықты сақтаған ұя болды.

Өсіп ұлғая келіп, патриархалдық отбасы жақын туысқандығымен байланысты басқа патриархалдық отбасыларға бөлінді, әдетте, олар жеке поселке немесе елді-мекен жеке кварталын құрап, көршілес болып тура берді, әрі жерді бірігіп билеуді, мәселен, шабындықтарды немесе отбасы араларында

оқтын-оқтын бөлісіп отыратын жыртатын жерді сақтады. Олар шаруашылық жағынан өзара көмегімен, қоғамдың ынтымағымен, ортақ ата-бабаларының атына саятын ерекше атауымен бірігетін. 1931 ж. кеңес этнографы М.О.Косвен тұңғыш жақсы зерттеген мұндай топтар патронимия деп аталды. Ол таптық қоғам капитализм дәуіріне дейін сақталды. Патронимия белгілі бір шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық бірліктегі негізгі бір атадан (рудан) өрбіген адамдар тобы болып есептелінді.

Өзінің тегін бір атадан бастайтын патриархалдық отбасылар мен патронимияның барлық мүшелері патриархалдық руды құрады. Бұған да ішкі ортақтықтың белгілі бір сипаттары тән болды. Руға патронимиялар мен отбасылар арасында қайта бөлінетін немесе бөлініп қойылған жерге жоғары меншіктік тиісті болатын, тура мұрагері жоқ болып қалған жағдайда мал-мүлікті туысқандары мұрланды. Әдетте, ру экзогендік болып қала берді, бірақ бірқатар халықтарда (бантудың бір бөлігі, арабтар, мадагаскардың мальгаштары) патриархатқа көшу экзогамияны бұзды, ал патриархалдық отбасы мен патронимия ішінде мүліктерді сақтап қалуға тырысу, тіпті кері тәртіпті — әке жағынан немере және шөбере бауырлар мен қарындастар арасында некелесу түріндегі рулық эндогамияны тудырды (ортокузендік некелер дейтіндерді). Қоғамдық жағынан ру мүшелері өзара көмек көрсету, өз ара жауапкершілік және қорғау міндеттілігімен, идеологиялық жағынан-ата-баба ру басыларына, ендігі жерде тотемикалық емес, антропоморфтық ортақ жеке адамға табынумен, жалпы діни рәсімдерімен т.б. байланысты еді.

Патриархаттың орнауы әйелдердің отбасылық және қоғамдық жағдайының бірте-бірте нашарлауымен қосарланды. Бұған атап айтқанда, сатып алу некесінің дамуы мүмкіндік жасады. Егерде әуелгі некелік алым біраз дәрежеде, әлі де болса қалыңдықтың туған-туыстарына берілетін дәстүрлі сыйлықтарды еске салса, енді бұдан арғы жерде алым көлемі артты да әйелге кәдуілгі сату-сатып алу заты ретінде қарай бастады. Бой жеткен қыз, өзін сатып алған отбасыға: өз еріне,

«ақсақалға», «бәйбішеге» сөзсіз бағынуға тиіс болды. Егер әйел төркін-жұртына қайтып оралғысы келсе, оның туыстары алымды қайтып беруге тиісті болды; сондықтан да айырылысу әйел үшін іс жүзінде мүмкін болмады. Тіпті күйеуі өлгеннен кейін де ол сатып алған отбасыда қала берді. Леврит салты орнықты, бұл салт бойынша, жесір әйел өлген адамның туыстарының біріне күйеуге шығуға тиіс болды. Әйелдердің мүліктік және мұрагерлік құқықтарының қымтырылуы, көптеген халықтарда оның меншігінің жалғыз қалыңдық мүлкіне ғана келіп тірелуіне әкеп соқты: айырылысу жағдайында әкеден қалған өзінің балаларына деген оның құқықтары да шектелді. Мұралық етудің патриархалдық тәртібі әкелік фактінің даусыздығын талап ете отырып, некелік моральдің жаңа ережелерін тудырды. Ауқатты адамдар қосалқы әйелдерді алды, кей жерлерде некенің жанама түрі ретінде көп әйелділік туды. Мұның бәрі әйелдердің тұрмыс жағдайына әсерін тигізбей қала алмады, әйелдерге ер адамдардан кейін тамақ ішуді, оларға жол беруді т.б. таңған бірқатар арнайы патриархалдық салттар пайда болды. Отбасылық сферадан кейін әйелдің тең құқықсыздығы қоғамдық өмір мен идеология саласына тарады. Әйелдер азды көпті дәрежеде қауымдық жиындарға, сот істеріне, діни табыну істеріне қатынасудан шеттетілді, көптеген патриархалдық рулар әйелге лас тіршілік иесі ретінде қарады.

Айырбастың дамуы. Мүліктік жіктеліс: Еңбекті қоғамдық бөлісу айырбастың шуғымен қосарланды. Алғашқы тұрмыстың айырбас ретіндегі өздерінің табиғат ортаның арнаулы байлықтарымен, мәселен, қауашақтар және бояу-сырмен бағалы ағаштардан және тастардан жасалған бұйымдармен айырбас табиғи түрде ертедегі рулық құрылыс гүлденген дәуірде туды. Алайда, мұндай алмасулар азды-көпті оқтын-оқтын болып тұрды: еңбектің қоғамдық бөлісінің тууымен бұл тұрақты сипатқа ие болды. Диканшылар малшылардан ет, сүт өнімдерін, тері, жүн, әсіресе, тасымал күш құралы ретінде қажет болған жұмыс малын алып отырды. Өз тарапынан малшылар егіншілік өнімдерін, металл, қыш және

басқа да бұйымдарды қажет етті. Қауым араларында тұрақты айырбастың дамуы, тіпті жаңа қоғамдық институттардың ең алдымен бөгделерге — олардың өмірі мен мүлкін қорғауды кепілдік еткен қонақжайлық институтының тууына әкеп соқты, Егіншілік пен кәсіпшіліктің бөлінуімен айырбас бұрынғыдан да гөрі көптеп дами түсті, әрі ең бастысы тек қауымдар шекараларында ғана емес, сондай-ақ олардың ішінде де тұрақты жүргізіле бастады. Өнімнің бір бөлігі тікелей айырбастау үшін, яғни тауар ретінде шығарыла басталды. Жұртшылық арасында айырбасталатын заттардың тепе-теңдігі туралы ұғым бірте-бірте қалыптасты, құн және айырбас қаржысы өлшемі туды. Мұндай құралдар — матаның, жүннің белгілі бір көлемдегі және сападағы кесегі. Сирек кездесетін ұлу қауашақтары (Гана мемлекетінің осы заманғы ақша бірлік өлшемі «седи» ашанти тілінде «ұлу қауашақ» деген ұғымды береді) тағы басқалар бола алатын. Алайда, бұл көбінесе мал болады, мал атынан бірқатар елдердің көне тілдерінде ақшаның аты шығады (санскритск «рупиа», латынша «пекуния», көне орысша «скот»), ал содан кейін металл құйма, пластинка, шыбық немесе сан алуан дайын бұйымдар түрінде ақша шығады. Мәселен, аса маңызды сауда жолдарының бойында шоғырланған «қазыналардың», немесе дұрысырағы айырбасқа арналған және ұсталар немесе шеберлер жерге тыққан материалдар мен бұйымдардың қоймалары құрамына қарағанда, Еуропаның қола ғасырында айырбастың көп таралған жабдығы қару мен қоладан жасалған әшекейлер болған.

Айырбастың дамуымен қатынас құралдары жетілдіріле түсті. Дөңгелекті пәуескелер тарай түседі, жолдар салына басталды, ескекті де желкенді кемелер пайда болды. Б. з.-ға дейінгі II мың жылдықтың ортасынан жегетін көлік ретінде жылқы пайдаланыла бастады.

Өндіргіш күштерін дамытуда қоғамдық еңбек бөлісі орай қуатты секіріс бола отырып, өз кезегінде еңбек қызметінің өнімділігін одан әрі арттырудың шешуші факторы болды. Егіншілікте, мал шаруашылығында, кәсіпшілікте мамандану қарулар мен дағдыларды жетілдіре түсуге жол ашты, өндірілген

өнімдердің мөлшерін арттырып, сапаларын жақсартты. Адам еңбегі тіршілік етуге қажеттіден гөрі көп өнім бере бастады, яғни өнім тұңғыш рет қажетті және қосымша өнімге бөлінді. Сонымен бір адам басқа адамның өндірген артық өнімін иемдену үшін, яғни қанаушылық қатынас үшін экономикалық жағдайлар туды. Сондықтан да, Энгельс атап көрсеткендей, енді «еңбек өнімділігін арттырумен бірге алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлісі, ал демек өндірістік қызмет сферасын кеңейтумен де байлықты жиынтықтап алғанда, сол кездегі тарихи жағдайларда өзінен-өзі қажеттілікпен құлдықты тудырады. Алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлісінен екі тапқа — мырзалар мен құлдарға, қанаушылар мен қаналушыларға қоғамның алғашқы ірі бөлінуі пайда болды». Сонымен бірге байлық пен құлдар үшін тонаушылық соғыстарды дамытуға жағдай туды.

Еңбек өнімділігінің өсуі өндіріс процесін жеке-даралауға әкеп соқты, жеке бас иемденуінің көзі ретінде, жеке-дара еңбек мүмкіндігін жасады. Адам өзінің табиғатпен күресінде техникалық мүмкіндігі неғұрлым жоғары болған сайын, ол неғұрлым көп өндіре алған сайын, туған-туысқандармен біріккен қызметтің қажеттігі соғұрлым аз болды. Бұл рулық қауымның ұжымдық шаруашылығы мен ұжымдық меншігін жекелеген отбасылардың жеке шаруашылығына және жеке меншігіне айналдырды және сонымен бірге осы арқылы ру ішінде мүліктік жағынан теңсіздіктің дамуына жағдай жасады.

Жеке шаруашылық пен жеке меншіктің тууы инициатива мен пайдакүнемдікті өрістетіп, еңбек өнімділігі мен одан арғы бөлінісін өсіруге, товар өндірісі мен айырбастың дамуына итермелеуші болған прогрессивті тарихи процесс болды. Алайда, сөзсіз өзара көмек көрсететін, рулық меншікті бірігіп пайдаланатын және өндірілген өнімді тең қамтамасыз ететіндей бөлісетін өзінің салт-саналарымен рулық қауым бұл процеске қарсылық керсетті. Рулық өндірістік қатынастар өздерін басып озған өндіргіш күштеріне барған сайын көптеп сай келе бермеді. Сондықтан да рулық қауымның өкімет билігі жойылуға тиіс болды. Еңбек парцеллизациясының дамып отырған жағдайында экономикалық жағынан мықты отбасылар

ерекшеленіп, өз туған-туыстарынан бөлінуге тырысты. Рудың жаппай делокализациясы рулық байланыстардың территориялық байланыстарға көшуі, рулық қауымның көршілік қауымға айналуы басталды.

Жеке меншіктің шығуы мен таптардың пайда болуы:

Рулық қоғамның ыдырау формалары қандай да болсын дәуірдің негізгі мазмұны жеке меншіктің, таптың және мемлекеттің тууы болып қала берді.

Буржуазиялық ғылымда адамзаттың өз табиғатына топ болып келген, таптық қоғамның осы институттарының «табиғи» тегінің теориясы кеңінен тарап отыр. Мұндай көзқарасты жақтаушылар жеке қаруларға, киімдерге, әшекейлерге ру қауымы мүшелерінің жеке бас меншігін жеке меншіктік деп, ал мемлекеттік өкіметті - рулық өзін-өзі басқару органдарында немесе патриархалдық теорияға сәйкес семья басшыларының билеп-төстеуінде деп қарастырды. Сонымен бұл теория жеке меншіктік таптар мен мемлекет алғашқы тұрмыстық қоғам ыдырағанда ғана туды, демек уақыт жағынан тарихи шарттасқан, шектелген сипаты болады деген марксистік қағидаға қарсы шығады. Сондай-ақ «күштеу теориясы да» бар, мұны жақтаушылар (австриялық право тарихшысы Л.Гумплович, К.Каутский, Г.Кунов, Р. Люксембург) таптар мен мемлекет үстемдік етуші тап құрап, өз үстемдігін нығайту үшін мемлекеттік өкімет құрған бір тайпалардың екінші тайпаларды жаулап алуларынан туды деп санайды. Бұл теория да дұрыс емес, өйткені таптар мен мемлекеттің қалыптасу процесінің негізіне, ең алдымен ішкі элеуметтік-экономикалық факторлар алынған, ал жаулап алулар сияқты сыртқы факторлар бұл процесті жеделдете түсетін ғана еді.

Еңбек өнімділігінің өсуі өндірістің жеке даралануы мен артық өнімнің пайда болуына жол ашты. Сөйтіп бір адамның өндірген артық өнімін екінші адамның иеленуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар өсіп отырған өнімділік пен еңбектің қоғамдық бөлінісі айырбас үшін арнаулы өнім шығаруды мүмкін етті, товар өндірісі тұрақты айырбас пен бөгделеу практикасын жасады. Еркін бөгделенетін жеке меншіктік осылай туа бастады, бұл

мандай алды рулық құрылыс дәуірінің жеке бас меншігінен, ең алдымен, қанау қатынастарына жол ашатындығы арқылы көзге түсетін, «мұның негізінде,- деп жазды.

Алғашқы тұрмыстық үнді қауымдарының барлық мүшелері өздері үшін қажетті бүкіл өнімді ынтымақтаса отырып жасап шығарды. Жеке меншіктік те мүмкін емес еді. Қауымға еңбек бөлінісі еніп оның мүшелері әрқайсысы жеке қандай да болсын бір өлшемді өндіруімен және оны рынокта сатумен шұғылданған кезде, товар өндірушілердің осы материалдық оқшаулануының көрінісі ретінде жеке меншіктік институт пайда болды.

Кейбір тамақ өнімдері мен қолөнер бұйымдары металдар өндіріс құрал – саймандары мен қарулары өнімдерінің артықтарын, ал мал шаруашылығымен айналысқан халықтарда жеке семьялардың ең алдымен малды көбейтіп жинауы жеке меншіктің бастамасын жасады. Жеке меншіктің ең ертедегі түріне төменде сөз етілетін құлдар жатты. Артыққор заттары бар адамдар оларды натуралды формада емес жалпы қабылданған эквиваленттерді заттың ақша түрінде қор етіп көбіне қазынаға айналған формада жинауға тырысуы табиғи нәрсе еді.

Этнографиялық деректер байлықты жинау, ең алдымен рулық және тайпалық көсемдердің семьяларында болғанын дәлелдеді.

Көсемдер қауымның байлығын өзі иемдене бастаудан бұрын жарлық ету аса маңызды қосымша тұтқа болды. Осының пайдаланған көсемдер өзінің ықпалын күшейтіп өз байлықтарын молайта түсті. Мысалы, Ванкувер аралындағы квакиютль көсемдерінің жеке бір өз басының қазынасы 4 үлкен қайықтан, 4 құлдан, 40 теңіз құндызының терісінен, 120 жөкеден тоқыған жабындылардан тұратын; 2- шісі 4 үлкен қайық, 6 құл, 60 тері көрпе және 250 үлкен тоқыған жабындылардан болатын.

Жеке меншіктіктің орнығуы рулық коллективизм дәстүрлерімен қатты күрес үстінде өтті. Жеке семьялардың өздеріне керексіз артық өнімдерді жинап қорлауы неғұрлым мүлкті, неғұрлым мүліксіздермен бөлісуге тура келетін алғашқы тұрмыстық құрылыстың рухының егер ол өзінің

артықшылығынан айырылғысы келмесе думан той жасап, туыстарына сый-құрмет көрсетуге тапшылық көргендерге көмектесуге тиіс болды. Көптеген халықтарда өлген адамды әсіресе көсемді жерлегенде оның байлықтары құртылды, қоса жерленді, қатысқандарға үлестірілді, әрі тек бір бөлігі ғана өзінің мұрагерлеріне берілді.

Егер жеке меншіктің қалыптасу үрдісін семьялық дамумен салыстыратын болсақ, онда мұның ішінде үш кезенді бөліп алуға болады:

- Бірінші кезеңде, ру ішінде сыртқы дүние тұрғысынан алғанда жеке, бірақ семьялық қауымның өз тұрғысынан алғанда коллективтің үлкен семья меншігінің бөлінуі;

- Екінші кезеңде, елді үлкен семьялық коллектив тұрғысынан алғанда да оқшаулана түскен үлкен семья басшыларының жекеленген меншіктерінің бөлінуі;

- Үшінші кезеңде, жеке меншіктік қатынастардың ұзақ уақытқа негізгі иесі болып алған шағын семьялардың меншіктерінің бөлінуі.

Басы артық өнімнің пайда болуы соғыстардың дамуына жол ашты. Тайпа аралық соғыстар әрине бұрында да болып тұрған. Көбінесе соғыстар тайпалық шекаралардың бұзылуынан болатын. Қоғамда байлық пен баюға құмарлық пайда болысымен жағдай өзгерді. Соғыс енді тек тонау үшін ғана жүргізіліп, оңай баюға мүмкіндік берді. Ф.Энгельстің сөзімен айтқанда бұл тұрақты кәсіпшілік болып қалыптасты. Жеңгендер құнды болып келетіндердің бәрін - қазынаны, қару-жарақты, малды, құлдарды, сондай-ақ жақсы жайылымдар мен кәсіпшілік жайларды тартып алып отырды.

Тайпалардың немесе тайпалар одағының әскери күшін барлық соғысуға қабілетті ерлер мен бүкіл қаруланған халық құрады. Морганды іле-шала Маркс пен Энгельс «әскери демократиясы» деп атаған өкіметтің арнаулы ұйымы туады. Алғашқы тұрмыстық қоғамның ыдырау дәуірінде демократиялық мекемелер: халық жиналысы, ақсақалдар кеңесі, тайпалық көсемдер сақталған. Әскери демократия жүйесі тонаушылық жорықтардың жүзеге асуына жол берді. Қоғам көсемдері іс

жүзіндегі теңдік деген ұғымды білмеді. Тек оның жақындары мен жасақтары тоналғаннан кейін өзіне көп, әрі ең жақсы бөлігін ала бастады. Мәселен, XVIII ғасырдың орта шенінде әскери демократия жүйесі қалыптаса бастаған әлеуметтерде табысты бөліскенде көсем мен артықшылыққа ие болған жауынгерлер барлық тұтқындарды өздері алатын болған. Ал сонымен бірге қалғандары қолына түскен қару-жарақтар мен үй мүлкі заттарының өзіне тиген үлесімен ғана ризашылық ететін болды. Сонымен азды-көпті нышан білдіретін әскери демократия жүйесі рулық құрылыстан таптық қоғамға өтуді бастан кешіретін дүние жүзінің барлық халықтарына тән болып келді. Байлықтың пайда болуымен қатар, тонаушылық соғыстар көбейді, жеке меншіктің дамуымен таптар мен мемлекеттің тууына жол ашылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы кезеңіндегі металл қаруларының пайда болуының маңыздылығы*
- 2. Мыс пен қоланың пайда болуы және оның айырмашылықтары*
- 3. Қола ғасырының мәдениеті мен археологиялық ескерткіштері*
- 4. Темір ғасырының пайда болуы және оның табиғи маңыздылығы*
- 5. Алғаш рудадан темірді алу қайсы елдерде кездескен?*
- 6. Үлкен патриархалды отбасы дегенді қалай түсінесіз?*
- 7. Айырбастың дамуындағы алғышарттар*
- 8. Жеке меншіктің пайда болуының алғышарттары*

§14. Алғашқы қауымдық қоғамның коэволюциясы және өркениет негіздері.

- 1. Алғашқы қауымдық периферия мен оның өркениетпен байланыстарының түрлері*
- 2. Діни эволюция*

Бұдан 5 мың жыл бұрын алдымен ертедегі, кейіннен орта ғасырлық өркениет қалыптаса бастады. Біздің эрамызға дейінгі 4 мыңыншы жылдардың соңында Египет пен Месопотамияда, 3 мыңыншы жылдардың орта кезінде – Индияда, 2 мыңыншы жылдарда – Эгей теңізі бассейнінде, Кіші Азияда, Оңтүстік Арабстанда, Қытайда, 1 мыңыншы жылы және біздің эрамыздағы 1 мыңыншы жылда – Көне Әлемнің көп бөлігінде, Орталық және Оңтүстік Америкада таптар қалыптаса бастады. Алғашқы өркениеттің пайда болуы адамзаттың алғашқы қауымдық тарихының соңы және таптар тарихының басы болды. Бірақ тарих тұрғысынан қарағанда таптардың түзілу кезеңінен өтпеген жекелеген елдер мен халықтар үшін бұл өркениетке дейінгі кезеңнің соңы мен өркениет тарихының басы болып саналады. Олар тұрақты таптар түзілу кезеңінен өтіп кеткен елдер мен халықтар да алғашқы қауымдық құрылымның қалдықтарынан толық арылған жоқ. Сондықтан өркениет кезеңіне тән құндылықтарды екі түрлі аспектіде қарастыру қажет: біріншіден, таптық қоғамның біртіндеп жіңішкеріп отыратын перифериясы ретінде, екіншіден, осы қоғамның өз құрылымдары.

Алғашқы қауымдық периферия мен оның өркениетпен байланыстарының түрлері: Феодалдық мемлекеттердің көпшілігі қалыптасқан біздің эрамыздың 1 мыңыншы жылдарының екінші жартысына дейін алғашқы қауымдық периферия өзінің көлемі жағынан ертедегі өркениет ошақтарынан әлдеқайда үлкен болды. Содан кейін де ол бірталай жерді алып тұрды. Көне әлемде оған адам аяғы баспаған биік таулы және шөл далалы аймақтарды қоспағанның өзінде Арктика, Субарктика және Евразияның тропиктік орманды аймағы жатты. Жаңа әлемдегі Мезоамерика мен Анд тауларының кейбір ерте қоспағанда осы көне әлемге қарады.

Европалық колонияландыру уақытына дейін бұл аймақта таптық қоғамның қалыптасуы қарқынды жүріп жатқанымен, тек европалықтардан кейін ғана ол қоғам толығымен орнады.

Алғашқы қоғамдық қауымдық құрылымның бір бөлігінің адамзат қоғамында осыншама ұзақ уақыт, екінші бөлігінің өркениет сатысына өткеннен кейін сақталуы бүкіл әлемдік тарихи үрдістің әртектілігіне байланысты болды.

Өркениет және оның алғашқы қауымдық перифериясы оның әртүрлі түрлері мен түрлі байланыстардың түзілуіне әкеп соғатын, сол сияқты әлем тарихының бірін-бірі ауыстыратын баспалдақтары арқылы бөлінеді өркениет орталықтарны карағанда орналасуына байланысты.

Алғашқы қауымдық периферия жақын және алыс болып бөлінді. Жақын периферия жылдамырақ, алыс периферия жай дамыды, нәтижесінде дамыған және артта қалған перифериялар пайда болды. Таптық қоғамға қатынасты орнына сәйкес алғашқы қауымдық периферия сыртқы (өркениет ареалынан тыс орналасқан) және ішкі (осы ареал шектеріндегі) болып бөлінді. Бірақ жақын периферия әскери күш арқылы көрші таптық қоғамды өзіне бағындырды. Бұндай жағдайда екінші реттік алғашқы қауымдық периферия қалыптасып, олар жаулап алушылар таптық қоғамға өткенге дейін сақталды. Бұндай жағдай тарихта варварлық жаулап алудың салдары ретінде жиі кездесті.

Өркениет пен қазіргі заманғы алғашқы қауымдық қоғамдар арасындағы байланыстар түрліше: бір не екі жақты, тікелей не қосымша, бейбіт және әскери сипатта болды.

Жақын перифериямен арада ал қосымша байланысты жақын периферия арқылы алыс перифериямен қатынас барысында пайда болды. Бейбіт байланыстардың ішінде негізгі түрлері—алмасу саудасы, миграция және инфильтрация арқылы, сол сияқты көпшілік және элитарлық, әскери байланыстардан - әскери тонаушылық және жаулап алу, т.б. түрлері болды. Ең кең таралғаны – шаруашылық байланыстар. Олар арқылы еңбекті қоғамдық бөлу және кейбір жағдайда жаңа шаруашылық - мәдениет типтері мен тип тармақтары түзілді. Мысалы, Оңтүстік - батыс Азияда б.э.д. 1 мыңыншы жылда керуен саудаларының қажеттері көшпелі түйекештер тап түзілу үрдісінің алдында тұрған шаруашылық - мәдени тип

тармағының бедуин тайпаларының арасында таралуына жағдай жасады. Шаруашылық байланыстар арқылы барлық аса маңызды техникалық және технологиялық жетістіктер: керамика өндірісі және металлургия, желкенді, т.б. көлік түрлері, т.б. таратылды.

Өркениеттік шаруашылық байланыстар алғашқы қауымдық қоғамдар экономикасының дамуына мүмкіндік жасады. Мысалы, Эгей теңізі бассейніндегі тайпалар басында Таяу Шығыстағы қола күйө өндірісіне шикізат жеткізушілер ретінде енген болса, кейіннен өздері Орталық Европа тайпаларын шикізат жеткізушілерге айналдырған археологиялық зерттеулер арқылы анықталған.

Қоғамдық құрылымның салыстырмалы автономиялылығына байланысты рухани-идеологиялық байланыстар саласында біршама мүмкіндіктер ашылды. Бұны мифология мен діни мысалдардан көруге болады. Египеттік Күн ладьясының бейнесі Күннің айналымы туралы мифтің көрінісі екендігі баршаға болды және ол Закавказье, Оңтүстік Швеция, Карелия мен көптеген сібір өзендері сағаларынан табылған. Бұл мифологиялық мәліметтің кең таралуы Евразияның үлкен территорияға таралғандығын дәлелдейді. Орта ғасырда бұндай бүкіл әлемдік дін түрлері, - христиан, ислам, буддизм, индуизм, т.б. өркениеттің жақын және алыс алғашқы қауымдық перифериясына таралды, және олар қоғамдық және отбасылық тұрмысқа әсерін тигізді.

Ертедегі таптық қоғамдар бір - бірімен үнемі өзара қақтығыста болды. Алғашқы қауымдық қоғамдар өздерінің билік орындарын қорғау мақсатында ертедегі өркениеттерді жаулап алып отырды. Мысалы, б.э.д. 2 мыңыншы жылдары энеолитикалық тайпалар Үндістанның харапп өркениетінің Гуджерат тармағын, ал 1 мыңыншы жылдың ортасында чичимектердің аң аулаумен айналысатын тайпалар Мезоамериканың Толтек өркениетін жаулап алған.

Ертедегі Жерорта теңізіндегі өркениеттер арасындағы алғашқы қауымдық қоғамдар арасындағы қарым - қатынастың маңызы екі жақ үшін бұрынғыдан да арта түсті. Греция мен Рим

үшін алғашқы қауымдық периферия құлдардың шығу көзі болды. Грек пен Римнің колониялық экспансиялары алғашқы қауымдар жерінде өндірістің ертедегі әдістерін дамытты. Нәтижесінде, алғашқы қауымдық периферияны пайдалану ертедегі өркениеттің сақталып қалуына жағдай жасайтын негізгі факторлардың бірі болды. Жақын периферияның тайпалары бір жағынан жыртқыштардың экспансиясына ұшыраса, екінші жағынан оның көрінуіне стимул болды және осының нәтижесінде алғашқы қауымдық қоғамдар құлаған Рим империясының орнында қалған феодализмнің әсер етуші факторы болды.

Орта ғасырға қарай өркениет ареалы кеңейіп, шығысқа қарағанда батыста ұлғая түсті. Батыс Европада алғашқы қауымдық перифериялар XI ғасырға дейін солтүстікте тек нормандар, ал оңтүстікте кейбір горлық қоғамдар болды. Ал бұл кезде Шығыс Европа, Азия мен Африкада, сол сияқты Америкада таптық қоғамдар өздерінің ішкі және сыртқы алғашқы қауымдық перифериясын түгелдей қамтып, түрік, монғол, араб, т.б. тарапынан варварлық жаулап алушылықтарға ұшырады.

Орта ғасырда ашылған Ұлы географиялық жаңалықтар және олардан соңғы батыс европа елдерінің колониялық экспансиясы алғашқы қауымдық периферияда көбінесе жоюшылық сипат алды. Оның себебі, батыс европа елдерінің колониялары олардан мұхит, теңіздер арқылы бөлініп, орталық пен перифериядағы халықтың бір-бірімен байланысын шектеді.

Таптық және алғашқы қауымдық қоғамның қатынастарының асимметриялық сипаты капитализм кезінде ең жоғарғы шегіне жетті. Басқа кезеңдердің барлығына қарағанда капитализмнің қуаты өте күшті болды.

Колониялық әлемнің біршама бөлігін құрайтын алғашқы қауымдық периферия бастапқы кездегі капиталдың жинақталуында және өнеркәсіптің капиталистік жолмен дамуында маңызды рөл атқарды. Дегенмен, алғашқы қауымдық периферия үшін европалықтардың колонияландыру саясатының зардаптары да аз болмады. Осының нәтижесінде алғашқы

қауымдық қоғамның орасан зор бөлігі Жер бетінен түгелімен жойылып кетті деуге болады. Мысалы, тасманиялықтар түгелдей, Австралияның теңіз жағалауларында орналасқан тайпалары, бушмендер, Вест-Индия мен Орталық Аргентина тайпалары, Оңтүстік Шығыс Бразилияның 30 шақты тайпалары түгелге, ал АҚШ индей халқының 2/3 бөлігі жойылып кетті.

XV ғасырдан бастап, Маркстің сөзімен айтқанда, америкалық колониялар үшін қажетті құлдардың қорығына айналған Африкада тек қана құлдар саудасының әсерінен кейбір ғалымдардың есептеуі бойынша 100 млн адам қырылып кеткен.

Алғашқы қауымдық құрылымда тіршілік еткен халықтың екінші бөлігі құл иеленушілік және капиталистік эксплуатацияға ұшырады. Бұл үрдістердің өту жағдайлары түрліше болды. Жергілікті халықты жерлерінен қуып тастап, резерват, резервация (АҚШ), хоумдендтерге (ЮАР мен Намибия), т.б. бөліп тастады. Бірақ бұның нәтижесінде олардың барлығы таптық қоғамдардың құрылымына кіріп, онда шаруалар мен ауыл пролетариатының топтарын құрды.

Дегенмен, алғашқы қауымдық қоғамға капиталистік колонияландырудың тек зиянды әсері болды деу қате болар еді. Капитализмнің әсер ету аймағындағы алғашқы қауымдық қоғамдар шаруашылық, әлеуметтік-саяси және мәдени жағынан қарқынды дами бастады. Еуропалық колонияларда өнеркәсіп пайда болып, жұмысшы таптары мен интеллигенция өкілдері, саяси партиялар құрылып, техникалық өркениеттің жетістіктері кең тарала бастады.

Колониялық жағдайда бұндай даму өте жай жүрді. Колонизаторлар көп жағдайда тайпалық құрылым мен көсемдік билік сияқты трайболизмнің салт-дәстүрлерін өздерінің әкімшілік қызметінде пайдалану үшін барынша сақтап қалуға тырысты. Басқарудың бұндай тікелей емес, қосымша жүйесі көптеген британ және нидерланд колонияларында кең таралды.

Діни эволюция: Адамдардың дамуының белгілі бір кезеңінде діннің шығуы міндетті болды. Діни эволюциясының алғашқы кезеңінде оның түбірі күнделікті тіршіліктегі адамдардың табиғат алдындағы дәрменсіздігі түрінде көрінді.

Ол табиғаттың аса қорқынышты құбылыстары – найзағай, жер сілкінулері, вулкан атқылаулары, т.б. алдындағы дәрменсіздік емес, алғашқы адамның табиғатқа әсер ететін құралдары да, немесе оқиғалардың барысын анықтайтын білімі де болмады. Оның іс-әрекетінің барысы мен қорытындысы оның жеке өзіне емес, объективті жағдайлардың барысына байланысты болды. Бұндай жағдайда адам табиғат алдында әлсіз болды, оның тәжірибелік іс-әрекеті де еркін болған жоқ.

Адамның барлық іс-әрекеті екіге бөлінеді: біріншісі – іс-әрекеттің қорытындысы адамның тікелей өзіне байланысты еркін практикалық іс-әрекет, екіншісі – еркін емес, тәуелді іс-әрекет.

Іс-әрекеттің бұл екі түрі арасындағы айырмашылық тек салыстырмалы түрде ғана, олардың арасында өтпелі кезеңнің барлық баспалдақтары бар, дегенмен, ол шынайы түрде сақталады.

Адамның іс-әрекетінің барысында оған және адамның барлық өміріне әсер ететін белгісіз бір күш айқын сезілді. Сондықтан қалыптасып келе жатқан адам өзіне әсер етуші осы күштің құдіретін және бұл күш алдындағы өзінің әлсіздігін сезінуі қажет болды. Алайда бұл тез арада байқала қойған жоқ. Бұндай түйсік сезімнің дамуының белгілі бір деңгейінде қалыптасты. Бірақ, ең маңыздысы, адамның өз іс-әрекетінің белгілі бір саладағы дәрменсіздігін түсіну олардың құрал-жабдық жасау саласындағы дәрменсіздігін түсінуісіз мүмкін емес.

Адам өзінің күші мен тіршіліктің белгілі саласының белгілі бір құбылыстарының құдіретін айқын сезінгенде ғана өзінің басқа саладағы әлсіздігін түсіне алады. Ол сол басқа салада өзінің құдіреті жетпейтін белгісіз басқаша бір күштердің бар екенін мойындайды. Осылайша дін пайда болады.

Дін адамның табиғи не әлеуметтік құбылыстардың себептері жөніндегі ойлары әсерінен емес, адамдардың табиғат күштері алдындағы әлсіздігінің нәтижесінде және қоршаған орта туралы қажетті білімнің жоқтығынан келіп туды.

Рухани өмірде ерекше орын алған табиғат құбылыстарының шығу тегін түсіндіретін қасиетті *мифтер* болды. Мифологияның табиғаты туралы түрлі пікірлер бар: мифология фольклордың жанры ретінде ғана емес, сонымен бірге алғашқы “ғылым” немесе “философия” деп те түсіндіріледі. Бірақ мифтер сырт қарағанда фантастикалық ертегілерге ұқсайды. Айырмашылығы, ертегілерге сенбейміз, ал мифтерге сенеміз.

Әдетте мифология шындық емес, мифологиялық уақыттар деп аталатын түсініктерді қарастырады. Бұл адамдардың ата-тегінің өмір сүрген уақыты, батырлар және де басқа мифологиялық тұлғалар туралы болды. Бірақ баяндалуда белгілі бір реттілік болмады, ал фактілердің барлығы дерлік фантастикалық болды.

Алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың діни дүние танымының негізгі ерекшелігі, олар өздерін қоршаған табиғи ортадан бөлген жоқ. Өндірістік аумақ, оның жануарлары, өсімдіктері мен минералдық байлықтары, оған әсер ететін табиғи күштер мен осында тіршілік ететін адамдардың топтары –барлығы біртұтас болып қабылданды. Сондықтан табиғатқа адамға тән қасиеттер, ал адамға табиғат қасиеттері тән деп түсінді.

Бұл діни түсініктердің барлық алғашқы түрлерінде - фетишизм, тотемизм, анимизм және магияда ерекше көрініс тапты.

Фетишизм – кейбір жансыз денелердің ерекше құдіретті күштеріне сену, мысалы, үңгірлер, тастар, ағаштар, белгілі бір еңбек құралдары мен тұрмысқа қажетті заттар, т.б. Фетишистік түсініктер - жансыз денелерді жанды дүние ретінде қабылдау. Мысалы, адамдарды өлімнен сақтап қалушы үңгір немесе ашаршылықта адамдар жемісін қорек еткен ағаш, аң аулағанда қолданылған садақ т.б. – фетиш болып саналды.

Тотемизм Австралия аборигендерінде толық сақталған – тотем болып табылатын белгілі бір жануар не өсімдік түрлері, немесе басқа да заттар мен табиғат құбылыстары аборигендер арасында тығыз байланыс бар екендігіне сену. Туыстың аты

оның өзінің тотемінің, мысалы, кенгуру не пияздың атымен аталып, олар өз тотемімен қандас туыспыз деп есептеді. Тотемге сиынған жоқ, бірақ оны басқалардың «әкесі» не «ағасы», т.б. деп санады. Тотемі бір туыстарға өз тотемін өлтіруге, не оған зияндық жасауға не оны тамаққа пайдалануға тиым салынады. Әрбір туыстың өзінің қасиетті орталығы болды, онда тотемдік әдет-ғұрыптар сақталып, олармен байланысты салт-дәстүрлер орындалды. Жалпы алғанда, тотемизм туыстың табиғи ортамен байланысының идеологиялық көрінісі, бейнесі болды.

Анимизм – белгілі бір денелер бойында болатын ерекше құдіретті күш иелеріне сену.

Анимистикалық сенімдер табиғатқа жан бітірумен байланысты болды. Олардың бастамалары алғашқы қауымдық қоғам кезеңінде-ақ: тасманиялықтарда, австралиялықтарда, отты жерліктерде және басқаларда қайтыс болған адамдардың жаны, шайтандар мен аруақтар туралы түсініктер болды.

Магия немесе сиқыршылық - адамдардың басқа адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, тіпті табиғат құбылыстарына әсер ету қабілетіне сену. Бақыланып отырған құбылыстардың өзара байланыстарының шын мәнін түсінбей, кездейсоқ сәйкестіктерді дұрыс түсінбей, кей адамдар сөз және белгілі бір әрекеттер арқылы басқа адамдарға көмектесуге не керісінше зиян етуге болады деп сенді. Магия: «ақ» (қорғаушы) және «қара» (жамандық жасаушы) болып бөлінді. Магияның басқа да систематикасы әсер ету объектісіне байланысты: өндірістік, махаббат, емдік, т.б. магия болып бөлінді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, магия дін бола қоймаған, өйткені адамнан күшті құдірет иесін емес, адамның мүмкіндіктерін дәріптейді. Бірақ фетишизм, тотемизм мен анимизмде табиғаттан тыс құдірет қауымдық қоғам кезеңінде-ақ: тасманиялықтарда, австралиялықтарда, отты жерліктерде және басқаларда қайтыс болған адамдардың жаны, шайтандар мен аруақтар туралы түсініктер болды.

Ертедегі жер иеленушілік қоғамда Аспан еркек пен Жер әйелдің арасындағы неке туралы қарсы жағымсыз күштерді бағындыруға тырысты.

Егін шаруашылығының пайда болуына байланысты өсірілетін өсімдіктер мен олардың өсіуіне тікелей әсер ететін Күн мен Жердің күші деген ұғым қалыптасты. Мысалы, ирокездер маис, бұршақ және асқабақ «үш апалы-сіңлілер», «біздің өмір» не «бізді асыраушылар» деп олардың рухына табынды. Ирокездердің алты мейрамдарының төртеуі егін шаруашылығына байланысты болды: жаңа жыл, егін себу, көк дән және өнім жинау. Күн – күш иесі, Жер топырақ құнарлылығын көтереді, жаңбыр шақырады, т.б. магиялық ұғымдар кең тарады. Осы сияқты мал шаруашылығында да ұғымдар қалыптасты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Ертедегі өркениеттің пайда болуы.*
2. *Алғашқы қауымдық перифериялардың типтері мен олардың дамуы.*
3. *Адамзат дамуында діннің атқаратын рөлі*
4. *Тотемизм, фетишизм, анимизм ұғымдарының мағынасына сипаттама беріңіз.*

§15. Қазіргі заманғы дүниедегі алғашқы қауымдық құрылыстың қалдықтары

1. *Қоғамда алғашқы тұрмыстық қауымдық құрылыс қалдықтары. Қалдық құрылымдар мен жалпылықтар*
2. *Нормалар қалдықтары мен түсініктер*
3. *Қазіргі кездегі алғашқы қоғамның белгілерінің сақталуы*
4. *Этностар эволюциясы*

Қоғамда алғашқы тұрмыстық қауымдық құрылыс қалдықтары. Қалдық құрылымдар мен жалпылықтар: Алғашқы қауымның қалдықтары алғашқы қауымдық құрылымның жойылуына байланысты таптық пайда болған қоғамдарда, яғни ертедегі шығыс және феодалдық қоғамдарда көбірек сақталып қалғаны түсінікті. Антикалық қоғамдарда

алғашқы қауым қалдықтары оларға қарағанда төмендеу дәрежеде сақталып, капиталистік қоғамда ешқандай белгісі қалған жоқ. Осыған сәйкес, алғашқы қауымның қалдықтары дамудың капиталистік жолынан өтпеген халықтарға тән болды. Алғашқы қауымның қалдықтары таптар түзілу кезеңдерінің құрылымы, нормалары мен түсініктері болып саналады. Осылардың көбі одан әрі трансформацияланды.

Ең ірі қалдық құрылымдар мен жалпылықтар тайпалар мен олардың бірлестіктерінің реликтілері. Мұндай тайпалар мен тайпа аралық жалпылықтар таптық қоғамдарда олардың қалдық не реликтілік сипатына байланысты «екінші реттік» деп аталады. Олар көптеген өте ертедегі, орта ғасырлық және қазіргі заманғы елдер құрамында, яғни ертедегі антикалық элиндер мен италияндықтардан бастап бүгінгі күнгі қазақ не түркмендерге дейінгі халықтардың құрамында болды.

Кейбір жағдайларда бұндай құрылымдар мен жалпылықтар тайпа не тайпаға дейінгі ерекшеліктердің әлеуметтенуі нәтижесінде касталық жүйелер негізінде бірігуі арқылы сақталып қалды, бұндай жағдай, мысалы, Үндістан немесе Оңтүстік Аравияда орын алды. Алайда олардың бұдан да ұзағырақ сақталуы таулы аймақтың егінші, малшылары немесе таптар мен мемлекеттер баяу қалыптасқан аймақтардағы көшпенді не жартылай көшпенді малшылардың шаруашылық - мәдени түрлеріне жататын халықтарға тән болды.

Қарастырылып отырған қалдық құбылыстар екі түрлі формада сақталды: бірінші түрі курд, пуштун, афган тайпалары мен халықтарына, араб бедуиндеріне тән болып, осыған сәйкес этникалық тайпалардың жалпылықтары билік және әлеуметтік-экономикалық өмірдің құрылымы сақталады. Екінші түрі бұдан әлдеқайда көп халықтарға тән (тек қана бұрынғы Кенестер Одағындағы – оңтүстік сібір халықтары, қазақ, қырғыз, түркмен, ноғай, адыгейлер) болып, этникалық тайпалық жалпылықтардың қалдықтары атауларында ғана сақталды.

Бірінші түрде қоғамда қалыптасқан таптар түзілу кезеңінің салт-дәстүрлері сақталғаны байқалады. Ал екінші түр біріншіден сәл ғана өзгерген модификациясы болып, қоғамның

таптарға бөлініп, мемлекеттің пайда болуының аз ғана уақыт ішінде қалыптасқанын көрсетеді.

Нормалар қалдықтары мен түсініктер: Нормалар - топтар мен қоғамға енген, мәдениетте қалаулы әрі лайықты деп саналатын әлеуметтану ережелері. Көптеген нормалардың сарқыншақтары неке және отбасылық өмірде сақталып қалды. Әсіресе әйелдердің рөлін патриархалдық кеміту және қалыңмалға сату сияқты нормалар кеңінен таралды. Әйелдерді қалыңмалға сату арқылы неке ертедегі және орта ғасырдағы қоғамдарда пайда болып, кейінгі кезеңдерге дейін сақталып келді (қытайлықтар, Индияның төменгі касталары). Дегенмен, кейбір қоғамдарда, әсіресе исламдық қоғамдарда бұл рәсімді қалыңдықты жай ғана алып-сату түрінде емес белгілі бір тәртіппен реттеуге тырысты. Қалыңдықтың туыстарына төленетін ақы жесір қалуы немесе ажырасуы мүмкін болған жағдайда әйелдің күнкөруі үшін оның өзіне берілді. Бұдан басқа да қалыңдықтың туыстарына да «ана сүті үшін», “тәрбиелегені үшін», т.с.с. түрлі ақылар төленді.

Капитализмге дейінгі таптық қоғамдардың барлығына тән норма – бір отбасы мүшелерінің барлығы бір ғана кісіге бағынышты болды. Мысалы, ертедегі Римде отбасыны басшысы арқылы басқаруы. Бірақ басқа қоғамдарда, реформаға дейінгі кезеңдегі Ресейде де патриархалдық қатынастар кең таралды. Отбасыдағы басқа мүшелердің арасындағы статустарына байланысты қатынастар еркектер мен әйелдер, ағалы-інілілер, апалы-сіңілілер арасында әлі де сақталып қалды. Сол сияқты патриархалды этикет сақталып, тіпті әрі қарай дами түсті.

Алғашқы қауымдық құрылымның қалдықтары қоғамдық сананың түрлерінде – құқық, мораль, дінде байқалады. Қарама-қайшылыққа толы христиан догматикасында байларды қаралау мен кедейлерді мазактау туралы көптеген идеялар болды. Ислам дінінде барлық адамдар құдай алдында бірдей жауаптылығы, және жарлылардың пайдасына бағытталған салық пен пайдакүнемдікті қаралаған уағыздар пайда болды.

Таптық қоғамның діндерінде алғашқы қауымдық түсініктер мен ритуалдардың тікелей қалдықтары көптеп

кездеседі. Олардың ішіндегі көпшілікке ең танымалы – иудаистердегі ерлердің инициациясы мен мұсылмандардағы ер балаларды сүндетке отырғызу, сол сияқты ертедегі Үндістанның ведистік дінінде жасөспірімдерге қасиетті жіп байлау сияқты рәсімдер кеңінен таралған. Сонымен қатар тазарту арқылы жүргізілетін инициацияларға христиан дініндегі сумен шоқыну да жатады. Ертедегі грек, римдіктер мен басқа да халықтардың политеистік дндерінде осы кезге дейін ата-тектерінің отбасылық - туыстық әдет-ғұрпы сақталған. Ертедегі Қытайда басқа діндермен бірге кездесетін шаманизмнің сарқыншақтары осы кездегі буддизм-ламаизмде бар.

Қазіргі заманғы діндердің ең жоғары дамыған түрі - христиан дінінде – жын-шайтанды қуу, адамдарды жамандықтан сақтайтын періштелер туралы, әртүрлі жақсылық ниетке бағытталған магиялық іс-әрекеттер, т.б. сияқты шаманизмнің қалдықтары әлі де сақталған.

Қазіргі кездегі алғашқы қоғамның белгілерінің сақталуы: Таптық қоғамдардағы алғашқы қауымның қалдықтары осы кезге дейін сақталып, түрлі даулы сұрақтарды туғызып отыр. Көптеген халықтардың тұрмысында сақталып қалған алғашқы қауымның қалыңмал, көп әйел алушылық, т.б. сияқты қалдықтары түрліше түсіндіріледі. Дамудың капиталистік жолын өтпеген халықтарда бұл құбылыстарды этникалық мәдениеттің негізгі бөлігі болып саналатын халықтық әдет-ғұрып деп қабылдайды.

Алғашқы тұрмыстың қауымдық қатынастардың қалдықтары ертедегі таптық қоғамдарда бәрінен күштірек көрінгені өзінен-өзі түсінікті. Бұл ең көне ертедегі құл иеленушілік мемлекетке де, сондай-ақ кейінгі тұрған ертедегі феодалдық мемлекетке тиісті жағдай еді. Бұлардың барлығына көршілік қауымдарды — отырықшыларда жерлік және жерлік-сулық, көшпелі-малшыларда ауылдық қауымдарды сақтау тән болды.

Сондай-ақ оларға құлдық немесе шаруа еңбегін қанаудың тұрпайы, жартылай патриархалдық формасы да тән болып келе. Маңдай алды антик қоғамдардан айырмасы сол, көне шығыс құл

иеленушілік қоғамның өзгешелігі қауымдық меншіктің біршама тұрақтығы мен құл иеленудің жетілмегендігі еді, бұл тіпті ерекше соған тән, кейде «ази-аттық» дейтін өндіріс туралы таластың туына акеп соқты. Феодалдық дәуірде «жаба-йылық» жауап алулармен жандана түскен көршілік қауым белгілі бір түрде дамудың сан алуан кезеңдерінде кідірістеді, кейде мәселен, Ресейде капитализм дәуіріне дейін өмір сүрді. Құл иеленушілік те, феодалдықта қоғамда шағын семья мен үлкен семья да ұзақ сақталды таптық ортада оның өмір суруінің маңдай алды үлгісі көне римдік болып келеді. Патриархалдық рулық байланыстардың қалдық формасы үлкен семьяның сегментациясы нәтижесінде туған жеке көршілік қауымның ішінде бөлініп шыққан патронимия болды. Көптеген халықтарда (армяндарда, грузиндерде, молдавандарда, украиндықтарда, болгарларда, арабтарда және басқаларда) патронимия кейінгі орта ғасырларға дейін, ал сарқыншақтарда — капиталистік дәуірде де болып келді.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы тұсындағы көптеген халықтарында трайболизм құбылыстары да кездесті. Трайбализм терминнің өзі, рушылдық – қоғамдық жікке бөлінушілікті тудыратын этнос ішіндегі ру-тайпалар мен жеке адамдар бойындағы тайпалық, рулық сезім, құбылыс деген мағынаны білдіреді. Трайбализм негізінен билікке таласушылықты, сепаратизмді қоздыратын құбылыс ретінде саяси мәдениеті төмен, демократиялық институттары нашар дамыған елдерге (Азия, Африка елдері, т.б.) тән болып келген. Дегенмен трайболизмнің кейбір белгілері, әсіресе территориялық-тайпалық бәсекелестік бұрынғы Кеңес Одағы халықтарында да сақталған. Трайболизмнің түп-тамырымен жойылуы қиындау, ал кейбір халықтарда ол соңғы кезде қайта жаңғыра бастады.

Жаңа кезең басындағы алғашқы қауымдық қоғамдардың жағдайы туралы мәселе екінші дүние жүзілік соғыстан соң империализмнің колониялық жүйесі құлағаннан кейін, артта қалған көптеген елдер жеке өз алдарына бөлініп шыққаннан бастап аса маңызды болды. Олардың кейбірінде ішкі алғашқы

қауымдық периферия әлі күнге дейін сақталуда, дегенмен дәл қазіргі таңда олардың саны өте аз.

Алғашқы қауымдық тайпалардың тіршілік ету ареалдарының ең ірісі – қазіргі заманғы техниканың да күші жетпейтін Оңтүстік Америка ормандары, негізінен, Бразилия сельвасы. Шамамен есептегенде, бразилиялық үнділіктердің 1/5 бөлігі үнділік емес халықтармен тұрақты қатынаспай, өздерінің қарапайым шаруашылықтарын жүргізіп, алғашқы қауымдық мәдениеттерін сақтап қалды, тіпті кейбіреулері соңғы кезге дейін тастан жасалған құралдарын пайдаланады.

Алғашқы қауымдық қоғамның басқа ареалдары біршама аз болса да, бірқатар елдерде сақталуда. 1960 жылдары Филиппин аралы Минданаоның таулы ормандарының бірінде сол кезге дейін белгісіз болған тасадай тайпасы табылды. Тайпаны зерттеуші этнографтар олардың тастан және бамбуктен жасалған құралдарды пайдаланғанын анықтады. Сол кездері Папуа - Жаңа Гвинеядағы Сепик және Мэй өзендері бассейндерінде таскөмір дәуірінде өмір сүрген бірнеше папуасс тайпалары табылды. Осы кезде Намибия территориясының оңтүстік африкалық Калахари шөлінде тіршілік еткен бушмендерді зерттеу басталды: олар көршілес тайпалардан алған темірден жасалған пышақ, т.б. құралдарды пайдаланған, ал жалпы алғанда, олардың мәдениеті мезолиттегі аңшылық сипатта болған.

Этностар эволюциясы: Жоғарыда тоқталып өкендей, адамзат баласы үш нәсілге: ақ (европоид), сары (монголоид) және қара (негроид) нәсілдерге бөлінеді. Алайда көптеген антрополог-ғалымдардың пікірінше нәсілдер саны бұдан әлдеқайда көп, 20 дан асады деген болжаулар айтады. Олардың ішінде көбірек қарастырылатын – австролоидтық, американоидтық және койсан нәсілдері (готтентоттар мен Африканың оңтүстігіндегі бушмендер).

Нәсілдерге бөліну Жердің антропогендік жабынының мозайкасындағы бірінші деңгей болып табылады. Ғылымда нәсілдік айырмашылықтар адам организмдерінің табиғи-

климаттық жағдайларға бейімделу реакциялары ретінде пайда болғаны дәлелденген.

Адам биологиялық түр ретінде біреу ғана. Бұны әртүрлі нәсілдерге жататын адамдар арасындағы некелерден балалардың туылуы дәлелдейді. Адамдар арасындағы нәсілдік, ұлттық, тілдік, мәдени, мінез-құлықтық айырмашылықтар табиғи болып табылады. Осы белгілер бойынша қоғамдық бірлестіктердің басты түсінігі этнос болып саналатын *этнология* ғылымы зерттейді. *Этнос* дегеніміз – гуманитарлық (мәдени) белгісімен басқаша мінез-құлық (табиғи) белгілері бойынша бөлінетін адамдар бірлестігі.

Айта кететін бір жай, барлық халықтар мен ұлттар генетикалық тұрғыдан алғанда «таза» болмайтындығы. Ұлттардың бір-бірімен араласу коэффициенті үнемі ұлғаю үстінде. Генетиктердің жорамалдары бойынша, 40 ұрпақтан кезеңінен кейін барлық ұлттар араласып кетеді (әдетте, адамдардың бір ұрпағының кезеңі 25 жылға тең деп есептеледі).

Адам түсі қара және сары нәсілдерге тән меланин гендерінің әсерінен бірте-бірте қарайып, көздері қысыңқыланады. Бұл гендер доминантты гендер болғандықтан және ақ нәсілдерге қарағанда қара, сары нәсілдердің сан жағынан артықшылығына байланысты олар көбейіп, европалық фенотиптер өздеріне тән ерекшеліктерін жоғалтады.

Ұлттардың араласуы кезінде (және де фенотиптердің көп түрлілігіне байланысты), гомозиготалық қасиет (зигота – екі гаметаның қосылуынан түзілген клетка; гамета – ер немесе әйел жыныс клеткаларының тақ хромосомалары жиынтығынан құралған жыныс клеткасы, біршама азайып, нәтижесінде тұқым қуалайтын аурулар азаяды, адамдардың денсаулығы жақсарады. Сонымен, ұлттардың араласуы – адам баласының тіршілігі үшін өте қажет. Екінші жағынан, ұлттардың араласуы және энтропияның бүкіл планетарлық масштабта ұлғаю үрдісі, яғни Жердегі барлық материя түрлері, оның ішінде адамды да қамтитын қоршаған орта объектілерінің сипаттамаларының орташалануына әкеп соқты. Бұл дұрыс па, бұрыс па, ол өз

алдына жеке мәселе, барлығымызға мәлім бір ғана нәрсе – табиғат тепе-теңдікті қаламайды, бірақ соған жетуге тырысады.

Белгілі этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы Л.Н.Гумилев этнология – жаратылыс туралы ғылым деген пікір айтты. Сонымен қатар этногенез бен биосфера арасындағы біте қайнасқан заңдылықтарды орнықтыра дәлелдеу үшін ол табиғи қоршаған ортаның этнос тағдырына әсер-ықпалын ашып көрсетуге тырысты. Жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өзінің этнологиялық тұжырымдарына тұғыр етіп, 1974 жылы география бойынша «Этногенез және Жердің биосферасы» деген тақырыпта екінші докторлық диссертациясын қорғайды.

Гумилевтің ғылыми ізденістерінің шыңы болып табылатын «Этногенез және Жердің биосферасы» («Этногенез и биосфера Земли») атты еңбегінде халықтардың қалай жаралып, қалай сейілетініне, сондай-ақ оған табиғат пен космостың аса тегеурінді әсер-ықпалына бүкіл-әлемдік ауқымда тарихи шолу жасайды. Тарихи шолуын айғақ-дәлел ретінде көлденең тарта отырып, этнология туралы бұрынғы көзқарастардан түбегейлі айырмашылығы бар ой-тұжырымдар жасайды.

Егер австриялық ғалым, психоанализ ілімінің негізін қалаушы З.Фрейд, индивидтер әрекеттерін психикалық энергия әсерінен деп түсіндірсе, Л.Н.Гумилев әлеуметтік дамуды Күн энергиясының әсерінен деп түсіндіреді.

Алғаш рет Ғарыш пен Күннің Жерде жүріп жататын үрдістеріне, ең алдымен, тіршілік үрдістеріне әсерін орыс ғалымы А.Л.Чижевский түсіндіріп берді. Ол астрономия, биология және тарих ғылымдары бойынша түрлі ғылыми зерттеулер жүргізе отырып, Күннің белсенділігінің Жердегі биологиялық және әлеуметтік үрдістерге тікелей әсер ететінін анықтады. Бұл жөнінде оның «Тарихи үрдістердің физикалық факторлары», «Күн сәулелері желдерінің Жердегі жаңғырығы» деген еңбектері дәлел бола алады.

А.Л.Чижевскийдің Күннің Жердегі үрдістерге әсері туралы айтылған ойлары мен қорытындылары тек біраз жыл

өткен соң ғана тәжірибе жүзінде дәлелденді. Оның көптеген идеялары да космос және биология ғылымдары саласында біраз уақыт өткен соң қолданылды. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда Жерде жүретін құбылыстар мен үрдістердің Күн және Аймен байланысты болатындығы анықталды.

Күн белсенділігінің жоғары кезеңінде атмосфераның ағыны қарқындап, ортаның ылғалдылығы артып, фитомасса ұлғайып, микроорганизмдер мен вирустардың белсенділігі артқанына байланысты, адам организмінде жүрек, қан-тамыр, онкологиялық, нерв жүйесі аурулары көбейеді.

Адамдарға қатысты өзара байланыс анық байқалады: тік жүру – 1 жас, сөз сөйлеу, өз бетінше тамақтану 2-2,5 жас, оқып үйрену – 5,5-6 жас, жыныстық жетілу – 11 жас, еркектердің ең жоғарғы жыныстық белсенділігі мен әйелдердің өсімталдық қабілеті – 22 жас, еркектердің ең жоғарғы творчестволық белсенділігі мен әйелдердің жыныстық белсенділігі – 33 жас, әйелдердің көпшілігінде климакс пен еркектердің көпшілігінің жыныстық белсенділігінің тоқтауы – 55 жас.

Дамудың әрбір фазасы Күн циклінің белгілі бір кезеңімен сәйкес келеді. Л.Н.Гумилев «Этногенез және Жер биосферасы» атты еңбегінде этногенез (халықтың пайда болуы) проблемалары Күн әсері мен географиялық ортаға тікелей тәуелді деп көрсетті. Географиялық орта Жер биосферасының бір бөлігі болып, Күн жүйесінің құрамына – галактикаға кіреді.

Этностардың даму фазалары (эволюциясы) бар, яғни олар пайда болады, дамиды, жетіледі, ескіреді, жойылады. Ал, этностардың арасындағы айырмашылықтар қандай?

Орыстар, украиндар мен белорустар, қазақтар, өзбектер мен татарлар, немістер, француздар мен ағылшындар, және т.б. арасындағы ерекшелік - тілдік-қоғамдық (лингвистикалық-элеуметтік) айырмашылық. Бірақ бір ұлтқа жататын адамдардың басқа ұлттар арасында тұрып, осы ұлт тілінде сөйлей тұра, өз ұлтына тән ерекшеліктерін сақтап қалатыны да көп.

Сонымен, бір ұлт екінші ұлттардан қалай ажыратылады? Л.Н.Гумилевтің түсінігі бойынша, мінез-құлықтың стереотипі арқылы. Мінез-құлықтың стереотипі

тіршілік ететін белгілі бір ландшафтқа байланысты қалыптасады. Этностардың бұдан ары қарай дамуы энергиясы күшті, өз мақсаттарына жету үшін ерекше адамдар - пассионарилерге байланысты екендігі анықталады.

Л.Н.Гумилевтің пікірінше, пассионарилердің белсенділігі мен іс-әрекеті бойынша халықтар өміріндегі негізгі тарихи оқиғалар өтеді. Пассионарилердің өздерінің іс-әрекеті, белсенділігі, ландшафтпен, тарихи уақыт және Күн белсенділігінің әсерімен, тіпті ғарыштық факторлармен тығыз байланысты.

Күннің белсенділігі пассионарлық соғылысқа әкеледі. Ол жөнінде Л.Н.Гумилев төмендегі гипотезаны ұсынады. Күн белсенділігі ұлғайғанда, ионосфераның қорғаныш қабілеті төмендеп, Күн энергиясы сәулелер түрінде бөлініп, Жер бетінің барлық бөліктеріне таралады. Егер сол кезде электромагниттік толқындар жиілігі Жер бетінің сол бөлігіндегі организмдердің нерв жүйесінің сәйкес толқындарымен бірдей болса, онда бұл организмдер қозу күйіне ұшырайды. Бұндай күйдегі организмдер барлық биологиялық объектілерге тән өзін-өзі қорғау сезімінен айрылып, кез келген бір идея жолында өздерін өлімге қиюға дейін барады. Бұның дәлелі дельфиндер мен киттердің жаппай жағаға шығып қалуы, шегірткелердің қаптап мұхиттарды ұшып өтуі, т.б.

Осылайша, пассионарлық соғылыс пайда болады. Оның нәтижесінде біршама энергияға бай тұлғалар пайда болып, олар басқаларды соңынан ерте отырып, этносты қалыптастырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Таптық қоғам кезіндегі алғашқы қоғамның қалдықтары*
2. *Адамзат дамуында адамдардың нәсілдерге бөлінуі*
3. *Этнос ұғымына сипаттама беріңіз*
4. *Л.Н.Гумилевтің «Этногенез және Жер биосферасы» атты еңбегінің тарихи маңыздылығы.*

СӨЖ-ге арналған баяндамалардың тақырыптары

1. Алғашқы тұрмыс тарихының пайда болуын жазған ғалымдар.

2. Алғашқы қауымдық құрылыс туралы шетелдік ғалымдар еңбектері
3. Алғашқы адамдар және олардың дамуы
4. Алғашқы қауым адамдарының топқа бірігу себебі.
5. Ойлау мен сөздің шығуы
6. Алғашқы қауым кезеңіндегі діни наным-сенім
7. Тас өңдеу техникасы саласындағы жетістіктер
8. Қару жасау үшін алғашқы тұрмыстық қоғам адамының қолданған басты құралы.
9. Геродоттың алғашқы тұрмыстық қоғам туралы жазған пікірі.
10. Еуропада этнографиялық білімдердің қорланып жиналудағы нағыз төңкеріс болған ғасыр.
11. Алғашқы тұрмыс туралы ғылымның дамуына ынта қою төмендеген ғасыр.
12. Адамзат қоғамының қалыптасуы. Матриархат.
13. Алғашқы тұрмыстық қоғам туралы кеңес ғалымдарының тұжырымдары
14. Ф.Энгельстің маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі идеясының тарихи маңыздылығы..
15. Адамзат қоғамы қалыптасуының теориялық мәселелері.
16. Ежелгі гоминидтер және олардың еңбек құралдары мен тіршілігі.
17. Горемдік семья: құрылымы, даму нәтижесі
18. Ойлау мен сөйлеудің шығуы мен дамуы
19. Идеологиялық ұғымдардың өркендеуі.
20. Эйкумендердің ұлғаюы себебі
21. Америкадан табылған ең көне құралдар
22. Ориньяк мәдениетінің шаруашылығы.
23. Салютрей мәдениетінің шаруашылығы.
24. Неке және отбасы.
25. Ру тайпаларын басқару жүйесі.
26. Дамыған рулық қауым тұсындағы рухани мәдениет
27. Үлкен патриархалды отбасы: даму ерекшеліктері
28. Патриархалды ру мен патронимияның ыдырауы.

29. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы. Металдың өндіріске енуі және оның дамуы
30. Жеке меншіктің пайда болуы мен даму. Бақару жүйесіндегі өзгерістер
31. Алғашқы қауым ыдырау сатысындағы мүліктік және әлеуметтік жіктелістер
32. Тайпалар мен тайпалық одақтардың құрылу алғышарттары.
33. Қола және алғашқы темір дәуірлерінің археологиялық мәдениеті
34. Тайпа одақтарының ыдырауы және халықтардың қалыптаса бастауы.
35. Мыс пен қоланы өндірісте қолдану.
36. Өндіріске темір еңбек құралдарының енуі мен даму ерекшеліктері
37. Әскери топтардың құрылуы және олардың қауымдағы орны.
38. Алғашқы қауымдық қоғам мәдениетінің тарих ғылымындағы алатын орны
39. Қауым ішіндегі қанаушылық және тәуелділік формалары
40. Қоғамның этнотілдік жағдайы, ғылыми білім негіздерінің қалыптасуы

Қорытынды бақылауға арналған сұрақтар

1. Алғашқы қоғам тарихы, оның міндеті мен маңызы және әдістемелік негіздері
2. «Тарихқа дейінгі археология» және алғашқы қауымдық қоғам түсініктері
3. Алғашқы қоғам тарихын қамтитын кезеңдері мен дәуірленуі
4. Алғашқы қоғам тарихы- жалпы тарихтың алғашқы кезеңі
5. Алғашқы қоғам тарихын Л.С.Морганның дәуірлеуі
6. Деректер ұғымы.Алғашқы қоғам тарихын деректерінің түрлері, олардың ерекшеліктері және оларды зерттеу тәсілдері
7. Этнологиялық деректер
8. Археологиялық деректер

9. Лингвистикалық деректер
10. Антропологиялық дәуірлеу
11. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының XVIII ғ. зерттелуі
12. Алғашқы қауымдық қоғам мәдениетінің маңызы.
13. XX ғ. алғашқы қауымдық қоғам тарихының зерттелуі мен дамуы
14. Бүгінгі таңдағы алғашқы қауымдық қоғам тарихы мәселесіндегі пікір таластар
15. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының қалыптасуының алғы шарттары
16. Антропогенездің эволюциялық жүйесі, даму сатысы мен екі секіру теориясы
17. Гоминидтердің алғашқы түрі
18. Адамның алғаш қалыптасқан жері туралы мәселе: моногенизм, полигенизм және полицентризм теориялары
19. Төменгі және орта палеолиттік гоминидтердің еңбек құралдары мен тіршілігі
20. Өндірістік қызметтің қалыптаса бастауы және оның алғашқы сипаты
21. Алғашқы тұрмыс табынындағы жыныстық қатынастар
22. Алғашқы тұрмыс табынындағы ойлау мен сөздің шығуы
23. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының тарихнамасы
24. Ежелгі дүние және орта ғасырлардағы алғашқы қауым туралы ұғым
25. «Шебер адам». Питекантроп. Синантроп
26. Архантроптар мен палеоантроптардың мәдениеті мен қоғамы. Палеоантроптардың қалыптасуы, таралуы, еңбек құралдары
27. Алғашқы тұрмыстық қоғам дамуындағы аңшылықтың орны
28. Еңбектің алғашқы жыныстық бөлінісі
29. Бейнелеу өнері мен магия жайлы алғашқы түсініктер
30. Жоғары палеолиттік еңбек құралдары және қалыптасып келе жатқан адамдардың тіршілігі
31. Адамзат қоғамы қалыптасуының дәуірлеу мәселесі
32. Биологиялық эволюция факторлары. Палеолит. Мезолит. Неолит

33. Неолиттік революция және оның маңызы
34. Гетерогенді қауым. Әкелер өктемдігінің артуы
35. Садақ пен жебенің пайда болуы.
36. Антропогенез процесінің аяқталуы және адамның осы заманғы түрінің қалыптасуы
37. Тас өңдеу техникасы саласындағы жетістіктер, өндіргіш күштердің дамуы
38. Рулық құрылыстың қалыптасуы
39. Нәсілдер: ұқсастықтар мен айырмашылықтары
40. Аналық және әкелік рулардың даму ерекшеліктері
41. Ру, ру бірлестіктері және тайпа
42. Ру-тайпалық басқару жүйелері
43. Неке және отбасы: жастық және жыныстық бөліну
44. Дамыған ру-тайпалық ұйымдарының пайда болуының алғы шарттары
45. Неолит кезеңіндегі жетістіктер. Еңбек құралдарын жетілдіру
46. Көшпенділер өмірі. Көшпенділер өркениетінің түрлері мен орналасқан аймақтары
47. Жануарларды қолға үйрету. Мал бағудың ерекшеліктері
48. Теселі егіншілік пен кетпенді егіншіліктің даму ерекшеліктері
49. Малшы-егінші тайпалардың даму ерекшеліктері
50. Аңшы және балықшы қауымдардың дамыған топтары
51. Діни сенімдердің шығуы және алғашқы діннің формалары
52. Жоғарғы палеолит және мезолитте өндіргіш күштердің өрлеуі
53. Әуел басқы ойкумендердің ұлғаюы. Халықтың орналасуы және көбеюі
54. Рухани мәдениет, неке және отбасы мәселелері
55. Ерте рулық қауымның шаруашылығы және материалдық мәдениеті
56. Ерте алғашқы қауым. Дамыған алғашқы қауым
57. Адамдардың жер шарына тарала қоныстануы
58. Алғашқы адамдардың шаруашылығы, қоғамдық қатынастары, басқару жүйелері
59. Балық пен аң аулаушылардың шаруашылығы

60. Кейінгі палеоантроптар қауымындағы жыныстар арасындағы қарым-қатынас
61. Мәдени шаруашылық типтердің қалыптасуы. Әлеуметтік-экономикалық қарым- қатынастар
62. Дамыған алғашқы қауым кезіндегі басқару жүйелері
63. Екінші малшылардың, жоғары дамыған аңшылардың, балықшылар мен терімшілердің кейінгі рулық қауымы
64. Еңбектің қоғамдық бөлінісі. Әлеуметтік ұйым және оның негізгі принциптері
65. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауының алғы шарттары.
66. Металдың өндіріске енуі,оның шаруашылықтың дамуына әсері.
67. Қола және алғашқы темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері.
68. Еңбектің жыныстық, жастық бөліністері.
69. Үй ішілік кәсіпшілік пен қолөнердің дамуы. Айырбастың дамуы.
70. Қосымша өнімдердің пайда болуы және жеке меншіктің шығуы.
71. Үлкен патриархалды отбасы. Патронимия.
72. Жеке меншіктің пайда болуы мен дамуы.
73. Патриархалды ру мен патронимияның ыдырауы.
74. Тайпалар мен тайпа одақтары, олардың арасындағы қатынастар.
75. Алғашқы қауым ыдырау сатысындағы мемлекеттің пайда болуы.
76. Әскери демократия және әскери-иерархиялық құрылымдар.
77. Тонаушылық соғыстар. Әскери топтардың құрылуы және олардың қоғамдағы орны.
78. Тайпа одақтарының ыдырауы және халықтардың қалыптаса бастауы.
79. Тілдік топтардың құрылуы, даму ерекшеліктері
80. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырау сатысындағы мәдени жетістіктер.
81. Жазу-сызудың қалыптасуы.
82. Ақыл-ой және дене еңбектерінің бөлінуі

83. Абыздар. Діни түсініктердің дамуы.
84. Қоғамның этнотілдік жағдайы. Тілдік топтардың құрылуы
85. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырау сатысындағы неке және семья формалары.
87. Алғашқы тұрмыстық қоғам ыдырау дәуіріндегі ілім-білімдер.
88. Таптық қоғамдағы алғашқы тұрмыстық құрылыс қалдықтары.
89. Алғашқы тұрмыстық қоғамдағы діни-сенімдердің пайда болуы.
90. Діни-сенімдердің шығуы және алғашқы діннің формалары.

СӨЖЖ-ге арналған тапсырмалар
1-ашық тапсырма
Алғашқы адамдар және олардың дамуы

Археологияның соңғы жаңалықтарына сүйенсек, адам баласы бұдан 2 млн. жыл бұрын пайда болған. Жер бетіндегі ең алғашқы адам қалдықтары Кениядағы (Шығыс Африка) Олдувей шатқалынан табылды. Бұл ежелгі адамды зерттеушілер оның тұрпатына және жағынан табылған тас құралдарға қарап оны «епті адам» деп атады. Оны калиаргон әдісі мен белгіленген ең жоғарғы жасы 1 млн. 750 мың жыл. «Епті адамның» миының көлемін (652 см^2) адам тәрізді маймылдардың миынан біраз үлкендеу. Оған табан сүйектерінің доғаланып келуі дәлел. Бұл адам төрт аяқпен емес, екі аяқпен жүрген. Адамзаттың келесі даму кезеңіндегі жандарды ғалымдар «тік жүретін адам» деп атайды. Олардың ғылымға белгілі өкілдері питекантроп пен синантроп деп аталады. Олар бұдан 1 млн.-дай жыл бұрын өмір сүрген. Бірінші питекантроп 1891 жылы Ява аралынан табылады. Содан бері 100 жылдың ішінде Еуропа мен Азиядан, Шығыс және Солтүстік Африкадан осыған ұқсас 10 адмның қалдығы қазылып алынды. Епті адаммен салыстырғанда питекантроптың ми қуысының көлемі үлкейді (950 см^3), бас және жақ сүйектері кішірейеді, аяғы ұзарып, қолы қысқара бастаған. Тік жүретін адамдардың екінші бір түрі синантроп

бірінші рет 1927 жылы Пекиннің маңындағы Чжо-коу-дянь үңгірінен табылған. Қазіргі уақытта бізге 50-ге жуық адам қаңқасының қалдығы мәлім.

Сұрақтары:

1. Жер бетіндегі ең алғашқы адам қалдықтары қай жерден табылған?
2. Алғашқы адамды табылған тас құралдарына қарап қандай адам деп аталады?
3. «Епті адамның» миының көлемі.
4. «Тік жүретін» адамның өкілдері
5. Бірінші питекантроп қай жерден табылды.

Жауаптары:

1. Кениядағы Олдувей шатқалынан
2. «Епті адам»
3. 652 см²
4. Питекантроп пен синантроп
5. 1891 жылы Ява аралынан

2-ашық тапсырма

Алғашқы қауымдық құрылыс туралы шетелдік ғалымдар еңбектері

Морган (Morgan) Льюис Генри –американ этнографы, археологы, алғашқы қауымдық қоғамды зерттеуші тарихшы, прогресшіл қоғам қайраткері. Мамандығы юрист. Морганның бұдан кейінгі еңбектерінде «Ирокездер лигасы» деп аталатын алғашқы үлкен еңбегі бүгінге дейін бұл тайпалар жөніндегі аса құнды зерттеу болып табылады. Морган бұдан кейінгі еңбектері арқылы, олардың негізгісі «Ежелгі қоғам немесе адамзат прогресі тағылықтан варварлық арқылы цивилизацияға өтуі жөніндегі зерттеуі» көбінесе адамзаттың дамуы бірлігін дәлелдейтін, алғашқы қауымдық қоғамды зертеуші тарихшы ретінде танылды. Оның ілімінде алғашқы қауымдық қоғамның универсалды тарихи негізгі ұйытқысы ретінде ру туралы тұжырым басты орын алды. Морган алғашқы қауымдық құрылыс тарихын

тағылық және варварлық дәуірлерге, ал олардың әрқайсысын тағы үш топқа бөліп, ғылыми зерттеулердің мәліметтері Морганның кейбір тұжырымдарын анықтай түсуді қажет етеді. Алғашқы тұмыстық шаруашылық дамуының комплексті сипаттамасына негізделген неғұрлым жетілдірілген дәуірлеуді 1870 жылы көрнекті американ этнографы Льюис Морган жасады.

Демокрит (Demokrit)- б.з.б. 460 жылы ежелгі грек философы, материалисі, атомизмнің алғашқы өркілдерінің бірі. Демокрит ілімі дегеніміз жан-жақты дамып, қалыптасқан антика материализмі, сондықтан да В.И. Ленин философия тарихтағы материалистік бағыттағы Демокрит жолы деп атады. К.Маркс Демокрит гректің ішінен шыққан тұңғыш энциклопедиялық білімі бар адам болған дейді. Демокрит атомистік ілімінің философия ғылымының тарихында маңызы зор болады. Демокрит жер бетіндегі алғашқы адамдар жайылымға шығып, көшіп жүріп, олар жердің аса мол табиғи азықтарын және кездейсоқ ағаш жемістерін қорек етіп, тағылық және оңаша өмір сүрді деп есептеді. Өздеріне тамақ табу, жауын-шашын мен аңдардан тасалану қажеттігі адамдарды табиғатпен күресудің тәсілдерін іздеуге мәжбүр етті.

Демокриттің жолын қуушы көне римдік философ және ақын **Лукреций Кар** «Заттар поэмасында» тағылық күйден отты, киім-кешекті, баспананы ойлап тапқанға дейінгі ең көне адамзат дамуының көрінісін суреттеп жазды. Ол сол кезде таралып кеткен адамдарды құдайдың жаратқаны туралы, жер бетіндегі адам өмірі осыдан басталады –мыс деген «алтын ғасыр жайын» мысқылдап күлді. Ол үш кезеңге, яғни ғасырға: тас, мыс (кола), темір деп бөлуді ұсынған.

Француз миссионері **Жозеф Франсуа Лафито** Америка жергілікті халықтарының этнографиялық мағлұматтарына қарап осы пікірді дәлелдеуге тырысқандардың бірі болды. Ол ирокездер мен гурондардың тұрмысын ұзақ бойы тікелей бақылады. «Алғашқы тұрмыс заманының әдет-

ғұрыптары мен салыстырғандағы америка адамдарының әдет-ғұрыптары» деген кітабы онда үрдістердің өмірі туралы көптеген бағалы деректері болғандықтан, сондай-ақ кейінде алғашқы тұрмыстық қоғам туралы ғылымда үлкен рөл атқарған. Лафито ирокездер мен гурондардың қоғамдық құрылысына ұқсас болуға тиісті, тағы адамдардың әдет-ғұрыптары антик авторлар да бар, көптеген дүниелерді оңай ұғып, түсіндіруге мүмкіндік береді, деген пікір айтты.


3-ашық тапсырма
Ойлау мен сөздің шығуы

<i>Тақырыбы</i>	<i>Тест сұрақтары</i>	<i>Жауабы</i>	<i>1 жеңіл 2 орта 3 қиын 4 ауыр</i>
Дыбыс сигналдарының тууы	Шимпанзе нің эмоция мен организм күйін білдіретін түрлі дыбысы қанша	A) жиырмадан асады B) отыз C) елу шақты D) 10-ға жуық E) 100	1
	Маймылдардың эффективті сигналдарымен қатар, эмоционалды бейтарап, тыныш күйдегі дыбыстарды қандай атпен шығарады	A) дыбысталу B) өмірлік шулар C) ысқыру түрінде D) дыбыс шығармайды E) дұрыс жауабы жоқ	2
Ғалымдар	Қай ғалым нақ	A) Ч.Дарвин	2

зерттеулері	осы шуылдар, дыбысты сөздің дамыған базасы болды, деп сынайды?	В) К.Ю.Томсен С) В.В.Бунак D) Н.Я.Марр E) П.П.Ефименко	
Көне заман адамдарының түр сипаты	Көне заман гоминидтерін сипаттап, жазғанда, миының аумағы жағынан кімдерге ұқсады?	A) неандертальдыққа B) синантропқа C) питекантропқа D) епті адамға E) кроманьондыққа	2
Көне гоминидтердің бас сүйектерін зерттеу	Көне гоминидтердің маңдай жағы қандай болып келеді?	A) тарлау B) жалпақ C) шығыңқы D) кеңдеу E) бәрі дұрыс	2
Ғалымдар жайлы	В.В.Бунак қай елдің ғалымы, антропологы?	A) Америка B) Қазақстан C) Кенес антропологы D) Франция E) Қытай	2

4-ашық тапсырма

Сөзжұмбақ



1. Патриархат адамзат қоғамында пайда болған ол ежелгі қарым-қатынас теориясында кеңінен таралған деген көзқарасын жақтаған ғалым
2. Эволюциялық мектептің көрнекті өкілі, оның негізін қалаушы ағымын Э.Тайлордың алғашқы тұрмыс мәдениеті жайлы еңбегі
3. География, тарих, тіл білімі саласында дамып келе жатқан жаңа ғылым
4. Батыс Еуропа, Египет, Үндістанда миоцен және плиоцен кабаттарынан табылған адам тәрізді маймылдардың бірі (дриопитек)
5. Жыныстық көбею гаметаның пішініне, көлеміне, қозғалысына қарай бөлінуі
6. Әлеуметтік жағдай және мәдениеттің өзгеруімен орайлас адамдардың өз ұрпағын жалғастыруға деген табиғи құштарлығы (неке қатынасы)
7. Алғашқы тұрмыс адам табынына биологиялық және әлеуметтік бастау күрестерінің негізгі бағыттарының бірі бала тудыру болды. Әрі күшті еркегі басқарған 10-20 особьтардан тұратын семьялар қалай аталды? (горемдік)
8. Рулық құрылыс ыдырап, таптық қоғамға өту кезеңіндегі қоғамдық құрылым формаларының бірі (матриархат)
9. Тарих ғылымының бір саласы, алғашқы қауымнан ежелгі заманнан, орта ғасырдан қалған заттай ескерткіштерді зерттеу арқылы адам қоғамының өткендігін, тарихын анықтайтын сала (археология)
10. Кеңес археологы А.Л.Окладников неандертальдық еркек баланың қалдықтарын қандай үңгірден тапқан? (Тесік-Тас)

5-ашық тапсырма

Алғашқы қауым кезеңіндегі діни наным-сенім	Жауаптары
<p>Алғашқы діни формасының бірі-тотемизм болып табылады. Тотемизм-адам мен табиғат арасындағы жақындастық. Тотемизм аңшылық, терімшілік сатысында пайда болды. Тотемизмнің пайда болуы рулық құрылыстың шығу қарсаңына жатқызылады. Бұл кезде адамдардың негізгі кәсіпшілігі-аңшылық болды. Сондықтан рулар көбінесе жануарлардың атын алды. Тотем жануардың атын таңдап алудың материалдық себептері де болды, сол жердегі аңдармен көбінесе байланысты болды. Мысалы, Австралияда кенгуру өз территориясында көп мекен еткеніне қарап, сол кездегі адамдар тобы кенгуру атын алған. Тотемдік жануар пір тұтымды. Оны өлтірмеді, етін де жемеді. Бұны әдет-ғұрып тойларда ғана сойып, етін жеген. Қазіргі діндерде осы кезге дейін кездесетін жүйеге айналған тыйым салу осылай пайда болды. Мысалы, христиандар ораза ұстағанда, мал өнімдерінен жасалған тағамдарды жемейді. Бірте-бірте тотем жануарлардың жүрегін, бауырын т.б. органдарын тамаққа қосуға тыйым салынған. Тотемдік топтар тотем</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тотемизм дегеніміз-адам мен табиғат арасындағы жақындастық. «От-отем» оның тегі деген алпонкин сөзінен шыққан. 2. Тотемизм кезінде адамдардың нешізгі кәсіпшілігі аңшылық болды. 3. Тотемизм аңшылық, терімшілік сатысында пайда болды. Тотемизмнің пайда болуы рулық құрылыстың шығу қарсаңына жатқызылған. 4. Тотем жануардың атын таңдап алудың материалдық себептері де болды, сол жердегі аңдармен көбінесе байланысты болды. Мысалы, Австралияда кенгуру өз территориясында

<p>жануарларды көбейту үшін бұларды жаппай қыруға тыйым салды. Бұған арнап думан өткізіп, адамдар тотем жануарлардың терісін жамылып, соларға еліктеді. Солтүстік Америка үндістерінің тотемистік нанымы толық суреттеліп, жазылды.</p> <p>Туындаған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тотемизм дегеніміз не? 2. Тотемизм кезеңінде адамдардың басты кәсібі 3. Тотемизм қай кезде пайда болды? 4. Австралиялықтарда тотемдік жануар болып не есептелді ? 5. Қай халықтың тотемистік нанымы толық зерттелді? 	<p>көп мекен еткеніне қарап, сол кездегі адамдар тобы кенгуру атын алған.</p> <p>5. Қазіргі діндерде осы кезге дейін кездесетін жүйеге айналған тыйым салу осылай пайда болды. Мысалы, христиандар ораза ұстағанда, мал өнімдерінен жасалған тағамдарды жемейді.</p>
---	--

7-ашық тапсырма

1. Аршып алынған материалдарды зерттеп қарағанда, олардың Евразия мен Африканың шелль, ашелль кезеңінің көне ескерткіштеріне ұқсайтыны байқалады.
2. Ашелль индустриасы неандерталь типті адамның сүйек қалдықтарымен табылған ашелль саймандарының шелльдікінің мәдениетінен айырмашылығы шағын, әсемірек және неғұрлым дұрыс геометриялық формаға ие болған.
3. Шелль палеолит дәуірінің келесі археологиялық мәдениеті, шелль алғаш рет Франциядағы Шелль қаласында табылған.
4. Ашелль мәдениетінің шапқыларының басы үшкір, екі жүзді, сыртқы пішіні сопақ немесе бадам тәріздес.
5. Шелль мәдениетінің- көне тас қарулары ұштарында ойындылары бар тесілген малта тастар болды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Шелль, ашелль мәдениеттерінің ұқсастығы ?
2. Шелль, ашелль мәдениеттерінің айырмашылықтары?
3. Шелль мәдениетінің пайда болуы ?
4. Ашелль мәдениетінің құралдары ?
5. Шелль мәдениетінің құралдары ?

***БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ
АРНАЛҒАН ТЕСТ
СҰРАҚТАРЫ***

1 . Еңбек құралдарын жасаудың нуклеуістік әдісі қай дәуірде кең тарады?

- A) Мустьер дәуірі
- B) Қола дәуірі
- C) Неолит дәуірі
- D) Мезолит дәуірі
- E) Темір дәуірі

2. Кейінгі палеолит қай кезеңді қамтиды?

- A) 35-30 мың –12-10 мың жыл бұрынғы

B) Б.з.б. 15 мың –5 мың жыл

C) Б.з.б. 10 мың –б.з.б. 5 мың жыл аралығы.

D) 50-40 мың жыл бұрынғы

E) 10-2 мың жыл бұрынғы.

3 . Ерте палеолит дәуірінде тас құралдар жасау тәсілі қалай аталды?

- A) Жарып түсіру техникасы
- B) Нуклеуістік тәсіл
- C) Ретушьтік тәсіл
- D) Жылтырата тегістеу
- E) Қаптау тәсілі.

4 . Рулық қауым кезінде меншіктің қай түрі қалыптасқан?

- A) Ортақ меншік
- B) Жеке меншік
- C) Мемлекеттік меншік
- D) Ақсүйектер меншігі
- E) Меншік болмаған

5 . «Қытай адамы» қалай аталады?

- A) Синантроп
- B) Неандертальдық
- C) Австралопитек
- D) Кроманьондық
- E) Питекантроп

6 . Кейінгі палеолит дәуірінде күрделі діни сенімнің болғандығын неден көруге болады?

- A) Мәйітке қызыл бояу жағу
- B) Мәйітті өртеу
- C) Мәйіттің аяғын бүгіп, бір қырымен жатқызу
- D) Еңбек құралдарын бірге көму
- E) Діни сенім болған жоқ.

7 . Адам баласы жер бетінде қашан пайда болды?

- A) Б.з.б. 2 млн. жыл
- B) Б.з.б. 1 млн. жыл
- C) Б.з.б. 3 млн. жыл
- D) Б.з.б. 4 млн. жыл

E) Б.з.б. 5 млн. жыл

8 Тас ғасыры қай кезеңмен аяқталды?

- A) Неолит
- B) Палеолит
- C) Қола
- D) Мустьер
- E) Мезолит

9 . Алғашқы еңбек құралдарының атауы

- A) Чоппер
- B) Болас
- C) Нуклеус
- D) Гарпун
- E) Ретушь

10. Мустьер дәуірінің хронологиясы

- A) Б.з.б. 140 мың –40 мың ж.
- B) Б.з.б. 2 мың –800 мың ж.
- C) Б.з.б. 800 мың –140 мың ж.
- D) Б.з.б. 40 мың –10 мың ж.
- E) Б.з.б. 10 мың –5 мың ж.

11. Гоминид терминінің мәні

- A) Гоминидтерге дейінгі адам
- B) Приматтар отряды
- C) Тік жүретін адам
- D) Шебер адам
- E) Саналы адам

12 . Неандерталец қай жерден табылды

- A) Германия
- B) Қытайда
- C) Олдувай шатқалынан
- D) Африка
- E) Еуропада

13 . Хомо сапинес терминінің мәні

- A) Саналы адам
- B) Приматтар отряды
- C) Тік жүретін адам
- D) Гоминидтерге дейінгі адам
- E) Шебер адам

14 . Презинджантроп қай жерден табылды.

- A) Африкада
- B) Еуропада
- C) Қытайда
- D) Азияда
- E) Олдувай шатқалынан

15. Ежелгі палеолит неше мәдениетке бөлінеді

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

16. Ашель уақытының ескерткіштері қайдан табылған.

- A) Орталық Қазақстан
- B) Солтүстік Қазақстан
- C) Оңтүстік Қазақстан
- D) Батыс Қазақстан
- E) Шығыс Қазақстан

17. Алғашқы тұрмыстық қоғам адамының қару жасау үшін қолданған басты материалы

- A) Тас
- B) Ағаш
- C) Сүйек
- D) Балшық
- E) Темір

18. Тас ғасыры нешеге бөлінді?

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

19. Льюис Генри Морган алғашқы тұрмыстық тарихты нешеге бөлді?

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

20. Питекантроп қай жерден табылды.

- A) Ява аралы
- B) Қытай

- С) Германия
- Д) Америка
- Е) Германия

21. Адам және жануарлар патшалығының системасын кім енгізді.

- А) Линней
- В) Энгельс
- С) Дарвин
- Д) Морган
- Е) Маркс

22. Ерте плистоцин дәуірінің адамы қайдан табылды

- А) Солтүстік Африкадан
- В) Оңтүстік Азиядан
- С) Шығыс Африка
- Д) Орталық Азия
- Е) Орталық Африка

23. Шель және Ашель тұрағынан қай жануардың сүйегі табылды.

- А) Піл
- В) Арыстан
- С) Бұғы
- Д) Мүйіз тұмсық
- Е) Мамонт

24. Алғашқы қандас туыстық семьясының шығуы және оның алғашқы формалары туралы атап өткен.

- А) Морган

- В) Линней
- С) Дарвин
- Д) Энгельс
- Е) Маркс

25. Қазақстан территориясындағы ежелгі тас дәуірінің ең бірінші тұрағы

- А) Тәңірқазған
- В) Арыстанды
- С) Бөріқазған
- Д) Құдай көл
- Е) Обалысай

26. Ең көне және көне заман адамдары қандай екі салаға бөлінді

- А) Терімшілік, аңшылық
- В) Аңшылық, егіншілік
- С) Мал шаруашылығы, егіншілік
- Д) Егіншілік, терімшілік
- Е) Аңшылық, мал шаруашылығы

27. Хомо Сапиенс нешінші мың жылдықта табылды.

- А) 40-30 мың жыл
- В) 500-400 мың жыл
- С) 140-40 мың жыл
- Д) 30-20 мың жыл
- Е) 150-120 мың жыл

28. Евразияда қандай адам табылды.

- A) Синантроп
- B) Зинжантроп
- C) Питекантроп
- D) Атлантроп
- E) Презинджантроп

29. Қазақстанда ашельдік ескерткіштер қай қаладан табылған

- A) Жезқазған
- B) Қарағанды
- C) Атырау
- D) Алматы
- E) Орал

30. Адамның қоғамдық ұйымы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті.

- A) Полеолит
- B) Мезолит
- C) Неолит
- D) Қола
- E) Темір

31. Ежелгі палеолит құрал сайман неше топқа бөлінеді

- A) 4
- B) 3
- C) 2
- D) 5
- E) 6

32. Зинжантроптың жасы

- A) 1,5
- B) 0,5
- C) 2,5

- D) 3,5
- E) 4,5

33. Гарпундар қай мәдениеттің құралы

- A) Мадлен
- B) Салютри
- C) Ориньяк
- D) Ашель
- E) Андронов

34. Явадағы Сола өзеніне ерте плейтоцендік шөгінділер ашылған және олар нешінші жылы тұжырымға ие болды.

- A) 1890-1891
- B) 1888-1889
- C) 1892-1893
- D) 1894-1895
- E) 1896-1897

35. Таулы аудандарда алғашқы тұрмыстық адамы аң аулауда қайсы жануарды аулау басым болған.

- A) Тауешкі, бұғы
- B) Арыстан, жолбарыс
- C) Ешкі, қой
- D) Бұғы, сиыр, жылқы
- E) Жылқы, қабан, аю, бұғы

36. Палеолит, мезолит, неолит қай ғасырға жатады.

- A) Тас

- В) Қола
С) Ағаш
D) Темір
E) Мыс.
37. Ертедегі аналық рулық қауымдық шектерде иемденуші іс әрекетті неше дәйекті кезеңге бөлді.
A) 2
B) 3
C) 4
D) 5
E) 6
38. Ең тамаша мадлен құралы
A) Гарпун
B) Найза
C) Қырғыш
D) Бумеранг
E) Шапқы
39. Алғашқы қауым адамдарының топқа бірігу себебі
A) Бірлесіп қорғану және аң аулау
B) Егін егу
C) Аң аулау
D) Терімшілік
E) Еңбек құрал жасау
40. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихтың қай кезеңін қамтиды.
A) Адам пайда болғаннан таптық қоғам
B) Адам пайда болғаннан рулық қауым
C) Адам пайда болғаннан тас ғасыры
D) Адам пайда болғаннан қола дәуірі
E) Рулық қауым қола дәуірі
41. Алғашқы қауымдық кезеңді коммунистік қоғам деп атаған кім
A) Ленин
B) Морган
C) Энгельс
D) Дарвин
E) Маркс
42. Жер бетіндегі ең алғашқы адам қалдықтары қай жерден табылды.
A) Шығыс Африка
B) Солтүстік Африка
C) Оңтүстік Африка
D) Батыс Африка
E) Африка
43. Ява аралынан табылған қаңқа қалай аталады.
A) Питекантроп
B) Синантроп
C) Зинджантроп
D) Неандерталь
E) Кроманьон

44. Кромоньондық адам қай дәуірден табылды

- A) Кейінгі палеолит
- B) Орта ғасыр
- C) Ерте палеолит
- D) Мезолит
- E) Неолит

45. Синантроптың миының көлемі қанша

- A) 800-1200 см³
- B) 700-1100 см³
- C) 500-600 см³
- D) 900-950 см³
- E) 700-800 см³

46. Ориняк мәдениеті Францияның қай бөлігінен табылды

- A) Оңтүстік батыс
- B) Шығыс
- C) Батыс
- D) Солтүстік шығыс
- E) Оңтүстік

47. Салютри дәуірінде қандай құралдың тәсілі туды

- A) Қыспа ретушь
- B) Найзалар
- C) Қырғыштар
- D) Шапқы

E) Сүйектен жасалған құрал.

48. Европада этнографиялық білімнің қорланып жиналуындағы нағыз төңкеріс нешінші ғасырда басталды.

- A) XV
- B) XI
- C) XII
- D) XIV
- E) X

49. Алғашқы тұрмыс тарихының пайда болуын жазған ғалымдар

- A) К.Маркс, Ф.Энгельс
- B) Фергюсон, Джеймс Кук
- C) И.Форстер, М.Герг
- D) Дарвин, Морган.
- E) Линней, Ионнан

50. Ертедегі адамдарға дейінгі маймылды қалай атаған

- A) Гоминид
- B) Синантроп
- C) Питекантроп
- D) Дриопитек
- E) Зинджантроп

ГЛОССАРИЙ

Аборигендер – (лат. *aborigine* - әуел бастан, бұрыннан) - ел аумағында қазіргі тұрғындарынан бұрын өмір сүретін,

түпкілікті байырғы, ежелгі, іргелі халқы (мысалы, АҚШ пен Канададағыүнді тайпалары, Австралиядағы австралиялықтар және т.б.). Кейде аборигендерді автохтондар (грек, *autos* - өзі, *chton* - жер) деп те атайды.

Авункулат- (лат. *avunkulus*) жиендер мен оның нағашы ағасының арасындағы ерекше жақындық туралы ұғым

Австралопитек- «аустралис» (лат)-оңтүстік, «питекос» (гр)-маймыл.

Антропогенез – «антропос» - адам (гр) және «генезис» - пайда болу; Антропогенез – адамдардың шығу тегін зерттейтін антропологияның бір бөлімі.

Антропология – адамның биологиялық жақтарын зерттейтін ғылым.

Антропометрия – адамның денелік өлшемін зерттейтін антропологияның бір саласы.

Антроморфизм – адамда болатын қасиеттерді затта, табиғат құбылысында, хайуанатта бар деп түсінетін алғашқы адамдардың ойлауы.

Анимизм- адамдардың, жануарлардың өміріне, заттар мен қоршаған дүниенің құбылыстарына ықпал ететін міс аруақтарға рухтарға сену.

Архантроп – көне адам.

Археология- «архайос» (гр) - көне, «логос» (гр) - ғылым.

Антропосоциогенез – (антропос – адам, лат. Социатос- қоғам және генезис- пайда болу) – адам мен адамзат қоғамының қатар пайда болуы.

Генетика — бүкіл тірі ағзаларға тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының бір саласы. Ағзалардың тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігі туралы ғылымды генетика деп атайды (грекше “генетікос” — шығу тегіне тән).

Генеологиялық топтау – бір тілмен туыстық қатынастарын зерттеп топтастырады.

Геронтократия – (грек,geron - қария, kratos- билік) - тура мағынасында «қариялар билігі», билік қарттардың қолында болатын басқару принципі) дейтіннің болғанын жобалайды.

Гипотеза –(грек сөзі «болжам») ойлау мен ғылыми білімнің даму формасы.

Гоминидтер – (лат. Homo-адам) – тұқымдастар және адам тектес тұқымдастар.

Гомининдер – (лат. Homo-адам) – адам тұқымдастар.

Гомо примингенус (лат) – алғашқы адам.

Гомо сапинес (лат. Homo сапиенс)- саналы адам.

Гомо хабилис (лат. Homo хабилис) – шебер адам.

Гомо эректус (лат) – түзуленген, тік жүретін адам.

Деректеме – адамдардың өткен өмірі туралы жазба деректер.

Дриопитектер (гр. Дрис – ағаш және питекос - маймыл) – адамтектес маймылдар қазындысы.

Идеография (гр. Идеа-идея және графо - жазу)- жазудың түрі, таңбалар тұтас сөз ұғымын береді.

Иеороглифтер (гр. Хиерос –қасиетті және глифо-кейіп, ою салу) – (тасқа қасиетті таңбаны ойып салу) – гректердің египет идеграфиясына берген атауы.

Инициация (лат. *initiatio* — құпия жасау, арнау) — бозбала мен бойжеткеннің есейіп балиғатқа толуына байланысты дәстүрлі мәдениетте кеңінен тараған әмбебап әдет-ғұрып жүйесі.

Логография (гр. Логос – сөз, графо-жазамын) – жазу түрі, таңбалар сөздің тұтас ұғымын береді.

Мәдениет - этнографиялық зерттейтін проблемалардың бірі ол латтынның «егу, өңдеу,баптау» деген сөзінен шыққан.

Материалдық мәдениет- Адамдардың физикалық еңбек етуінің нәтижесінде жасалған бұйымдарды заттай мәдениет дейміз. Оған әр түрлі еңбе кқұралдар, тұрған үйлер, киімдер.т.б.

Магия- алғашқы дін формаларының бірі, ол көптеген түсініксіз сиқырлық құбылыстарды жұмбақ күштердің әсеріне жатқызуға негізделген.

Маздеизм – отқа табынушылар діні.

Моногамия (грек. моно – жалғыз, бірыңғай + gamos – неке) — бір некелілік, неке мен отбасының тарихи қалыптасқан түрі.

Ежелгі замандағы жұп некеліліктен пайда болған. **Неонтроп** (гр. Неос -жаңа)- қазіргі адам түрі.

Нормалар - топтар мен қоғамға енген, мәдениетте қалаулы әрі лайықты деп саналатын әлеуметтану ережелері.

Овачира- ирокездерде билікті әйелдер жүргізген үй.

Ономастика (гр.онома-есім) – жеке есімдерді зерттейді.

Палеоантроп (гр. Патайос-көне) – көне адам.

Палеоантропология – қазылып алынған адамдарды зерттейді.

Палеонтология – қазылып алынған организмдерді зерттейді.

Парантроп (гр. Пара-маңайы, ұқсас) – адамтекес маймыл қазындысы (австралопитекке ұқсас).

Патронимия (грек. *patronymia*— әкесінің есімімен атау, *pater* — әке және *онума* — есім) — қоғамдық ұйымдардың патриархалдық-рулық құрылысқа тән бір түрі.

Петроглиф (гр. Петра – тас және глифе – ою, өрнек) – жаңатасқа болмашы тереңдетіле бейнеленген ою.

Пиктография (лат. Пиктура –суреттер көрінісі және гр. Графо-жазу)- (жабайы және қарапайым түрдегі суретті жазу). Негізінен еске сақтуға арналған жабайы суретті жазу.

Плезнантроп – адамтекес маймыл қазындысы, австралопитекке жақын.

Полиандрия (грек., *poli* және *andros* — ер, еркек) — көп күйеулілік, бір әйелдің бірнеше ері болуы. Полиандрия топты некенің сирек кездесетін сарқыншағы. Алеуттер мен эскимостардың кейбір топтарының арасында XIX ғ-ға дейін сақталып келді.

Полигамия- көп әйел алу еркі.

Популяция (гр. Популус-халық) – адамдар тобы, өз ішінде неке қиылады.

Ру- қаны бір, туыстық байланыстармен топтасқан алғашқы қауым алғашқы экономикалық қатынасының барысында қалыптасқан адамдар бірлестігінің түрі.

Ру –ру, тұқым –алғашқы тұрмыстық қоғамдағы ұжымдық қауым.

Рухани мәдениет- адамның ақыл- ой еңбегінің жемістерін рухани мәдениетке жатады. Оған дін, діни сезімдер, әдебиет,

музыка, ғылыми, философия мораль, тіл, тарих математика, физика т.б жатады.

Социогенез (лат. Сосиктас-қоғам) – адамзат қоғамының пайда болу процесі.

Сорорат (лат.sorog-апалы-сіңлілі)- ер адамның бірге туған немесе немере апалы- сіңлілі бірнеше қызға некелесудің ескі салты.

Тайпа- алғашқы қауымдық құрылысқа тән адамдар бірлігінің формасы.

Топонимия (гр. Топос-жер және онома-есім) –ономастика бөлімі, географиялық атауларды зертейді.

Племя – тайпа –рулық бірлестік.

Тотем («от-отем»-одживбе-үнділер тілінің сөзі –мағынасы «оның ру және тұқымы») –жануарлардың кез-келген түрін, өсімдіктерді, оданда тереңірек заттарды және табиғат құбылысын қаны бір туыс деп санау, кейінірек –арғы ата деп тану.

Трибализ (лат. Трибус-тайпа) –тайпалық тұрғыда басқалардан жіктелу, бөліну.

Тотемизм- алғашқы қауымдық қоғам дінінің ерте кезгі формаларының бірі. Адамдар тобының белгілі бір жануарлар, өсімдіктер, заттар және құбылыстармен ортақ тектестігіне және қандас туыстастығына нану.

Фетишизм – (португал. Фетишо – тұмар, бой тұмар) – жансыз заттардың ерекше қасиеттеріне деген сенім.

Шаманизм (эвенкі сөзі -өз-өзінен шыққан) –белгілі адамдардың аса қуанышты немесе желігін, шабыттану күйінде рухпен қатынасуына деген сенім.

Эикумендер - гр. Ойкео-мекендеуші, тұршы. Жер шарының бөліктеріне таралып мекендеушілер

Экзогамия (лат. *exo* – сыртқы, тыс және *gamos* – неке) – туыстас (ағайындас) отбасылар арасында немесе жақын жерлестер арасында (сирек те болса) некелесуге тыйым салу. Бұл алғашқы қауымдық құрылыс кезінде болып, барлық халықтар арасында кең тараған.

Эндогамия (гр. *endon* – ішкі және *gamos* – неке) – тайпаның ішінде, оған кіретін ру мүшелерінің арасында некелесу ғұрпы.

Этногенез – халықтардың арғы шығу тегін зерттейді.

Этнология –(гр. Айтия –себеп) –себепті түсіндіру, пайда болуын түсіндіру.

Этнография –этникалық деректер жинаумен айналысады. Далалық жұмыс мәліметтері мен жазбаларының қордалануы.

Этнос – гуманитарлық (мәдени) белгісімен басқаша мінез-құлық (табиғи) белгілері бойынша бөлінетін адамдар бірлестігі.

Этноним –(гр. Этнос –халық және онома –елім) –термин (халықтың атауын білдіреді).

Ұсынылатын әдебиет тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Алексеев В. П. Першиц А. И. История первобытного общества. Издание шестое. М.: АСТ: Астрель, 2007.- 350с.
2. История первобытного общества: методические указания для бакалавров по направлению «история». / сост.: Р.С. Багаутдинов. Самара: Самарский университет, 2013
3. Алексеев В. П. Историческая антропология. М., 1979
4. Алексеев В. П. История первобытного общества. Общие вопросы. Проблемы антропосоциогенеза. М., 1983
5. Алексеев В. П. История первобытного общества. Эпоха первобытной родовой общины. М.,1986
6. Алексеев В. П. История первобытного общества. Эпоха классового образования. М., 1988
7. Алексеев В. П., Першиц А. И. История первобытного общества: Учеб. для вузов по спец. «История». — М.: Высшая школа, 1990. — 352 с
8. Семенов Ю. И. Происхождение брака и семьи. М., 1985

9. Столяр А. Д. Происхождение изобразительного искусства. М., 1985
10. Мартынов Г.Е. Археология-М., 2000. -416 с.

Қосымша әдебиеттер:

11. Художественная культура первобытного общества. Хрестоматия / сост. И.А. Химик. СПб., 1994
12. Эдуард Бернетт Тэйлор. Миф и обряд в первобытной культуре. Смоленск, 2000
13. Майкл Кремо, Ричард Томпсон. Неизвестная история человечества. М., 1999
14. Всемирная история. Т. I. Каменный век. Москва-Астана. , 2002
15. Всемирная история. Т. I. Бронзовый век. Москва-Астана., 2002
16. Мерперт Н. Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. М., 1981
17. Всемирная история в 24-х томах, Век железа /А.Н.Бадак и др. Минск, М., 2000
18. Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін. I Т. А., 2000
19. Иллюстративная история Казахстана. От эпохи палеолита до монгольского нашествия. Т I. Алматы, 2001
20. Оспанов С.И. Арғытектану негіздері.Тәңірлік пен жаратуштралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. Алматы, 2009.
21. Актуальные проблемы исторической науки Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. Алматы, 2009
22. Настерова О.А. История и теория мировой культуры. М., 2000


Интернет ресурстары:

1. <http://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=1&id=352>


2. <http://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=1&id=353>
3. <http://sachok.kz/referat/show/424>

Қосымша суреттер:

№1. Адам эволюциясы




№2 Алғашқы тастан жасалған қарапайым еңбек құралдары




№3. Төменгі палеолит рубиласы



№4. Солтүстік Франциядан табылған шелль және ашелль дәуірінің еңбек құралдары



№5. Homo heidelbergensis (төменгі палеолит)




№6. Африкалық австролопитек әйелінің бас сүйек қанқасы (ОңтүстікАфрика)



№7. Архантроптар

№8. Палеоантроптар



№9 Синантроп. «Пекин адамы»



№10. Синантроп бас қаңқасының қайта өңделуі. Ф. Вейденрейх жұмысы. Муляж. Гипс.



№11 Питекантроп



МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ.....3

I ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚОҒАМ ТАРИХЫНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

§1. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының кезеңдері мен мәні.....	6
§2. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының тарихнамасы.....	10
§3. Алғашқы тұрмыс тарихы ғылымының зерттелуі.....	16
§ 4. Алғашқы қауымдық қоғам тарихының деректері.....	17

II ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫС ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ

АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.....	20
-----------------------	----

§ 5. Адамның пайда болуы туралы ұғымдар мен тұжырымдар.....	20
§ 6. Ең көне заманғы гоминидтер мен олардың еңбек қызметтері.....	29
§ 7 Алғашқы тұрмыстық адамдар табыны.....	33

III ТАРАУ АЛҒАШҚЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ГҮЛДЕНУІ:

РУЛЫҚ ҚАУЫМ.....	38
---------------------	----

§8. Антропогенез процесінің аяқталуы және рулық құрылыстың тууы.....	38
§9. Аңшылар мен балық аулаушылардың ертедегі рулық қауымы.....	45
§10. Қоғамдық қатынастардағы өзгерістер.....	50
§11. Екінші-малшылардың дамыған рулық қауымы.....	57
§12. Жоғарғы дамыған балықшылар мен аңшылардың шаруашылығы және	

материалдық мәдениеті.....	65
ІҮ – ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БЫДЫРАУЫ.....	72
§13. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы.....	72
§14. Алғашқы қауымдық қоғамның коэволюциясы және өркениет негіздері.....	84
§15. Қазіргі заманғы дүниедегі алғашқы қауымдық құрылыстың қалдықтары.....	88
СӨЖ-ге арналған баяндамалардың тақырыптары.....	93
Емтиханға арналған сұрақтар.....	94
СӨЖЖ-ге арналған тапсырмалар.....	96
Білімін тексеруге арналған тест сұрақтары.....	101
ГЛОССАРИЙ.....	113
Ұсынылатын әдебиет тізімі.....	116
Қосымша суреттер.....	117

